

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ: ЗЕРТТЕУЛЕР, ҚҰЖАТТАР

Ер намысы - Ел намысы









ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БҒАЛЫМ-ҒЫЛЫМ МЕН ЖАҒАЛЫМ
МІНІСТІРЛІГІ

Ер
НАМЫСЫ-

ӘЛ
НАМЫСЫ

Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков
жайындағы жинақ



Алматы
“Жалын баспасы” ЖШС
1998

ББК
Е 64

**Қазақстан Республикасы Ақпарат
және қоғамдық келісім министрілігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр.**

Е64 Ер намысы – ел намысы: Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков жайындағы жинақ. – Құраст. М. Уақтегі. – Алматы: "Жалын баспасы" ЖШС, 1998. – 176 бет.

ISBN 5 – 610 – 01411 – 5

Бұл жинаққа Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтің өмірі мен оның Желтоқсан оқиғасына қатысты іс-әрекеттері жайындағы жазылымдар топтастырылды. Қайраттың кластас достары, ұстаздары мен туыстары, жерлестері, таныстары, еліміздің атаулы ақын-жазушылары, депутаттар Халық қаһарманы жайындағы өз пікірлерін ортаға салады.

Жинаққа Қайраттың өз шығармалары да енді.

Е 4702250204-12 9-98
408/05/98

ББК 84(5 Қаз)

ISBN 5-610-01411-5

© Құрастырған Мәкен Уақтегі, 1998 жыл
© Көркемдеу. "Жалын баспасы", 1998 жыл

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ**

**Қ.Н. Рысқұлбековке жоғары
ерекшелік белгісі – “Халық
Қаһарманы” атағын беру туралы**

1986-жылғы Желтоқсан
оқиғалары кезінде
Республиканың бостандығы мен
тәуелсіздігі жолында көрсеткен
азаматтық ерлігі үшін Алматы
сәулет-құрылыс институтының
бұрынғы студенті Қайрат
Ноғайбайұлы Рысқұлбековке
(марқұм) жоғары ерекшелік
белгісі – “Халық Қаһарманы”
атағы беріліп, айрықша
ерекшелік белгісі – Алтын
Жұлдыз тапсырылсын.

**Қазақстан Республикасының
Президенті Н. НАЗАРБАЕВ.**

Алматы, 1996-жылғы
желтоқсанның 9-ы.

ҚҰРАСТЫРУШЫДАН

Қазақ халқы ел болғалы не бір қиыншылықтарды басынан өткергені баршамызға аян. Сонау жоңғар басқыншылығы кездерінен бастап, Кеңес үкіметі орнағаннан кейін де, жергілікті халық өкілдерінің шекелері шылқ етіп, жағдайлары жақсарып кете қоймағаны тарихи ақиқат.

Ақтабан шұбырындыда еліміздің ел болып қалуы үшін аянбай күрескен батырларымызды екі-үш ғасыр өткен соң ғана, жариялылықтың арқасында еске алып, еңбектерін елеп ескеріп жатқан жоқпыз ба?!

Кенесары, Наурызбайлардың да орыстардың отарлау саясатына қарсы күрескендерін Президентіміз Н.Ә.Назарбаев “Әділеттің ақ жолы” кітабында баса атап өтті. Соған дейін осының орайы келді ме?..

Совет өкіметі жылдарында да Голощекиннің әпербақан саясатымен жасалған зұлмат ашаршылық кезеңінде қаншама қаңдастарымыз қырылғаны қырылып, аман қалғандары шыбын жанның қамы үшін беттері ауған жақтарына бытырап кетті. Қасіретті халқымыздың қамын жей, қабырғалары қайысқан Тұрар Рысқұлов, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов т.б. ардақты да айбарлы ағаларымыз “халық жаулары” атанып, зұлымдықтың құрбандарына айналды. Олардың есімдерін тек 50-60 жыл өткен соң ғана ауызға ала бастадық.

1986-жылы Алматыда болып өткен әйгілі Желтоқсан оқиғасы да халқымыз үшін қайғылы да қаралы күндер болып саналғанымен, тарихымыздың, шежіресіне алтын әріптерімен жазылады.

Кеңестік империяның жандайшап жарамсақтары сол Желтоқсан оқиғасын кінәлап, қаншама қара күйе жағуға тырысқанымен, оның даңқы төрткүл дүниені шарлады.

Сол қасіретті Желтоқсанның бас қаһарманы ғана емес, ауыртпалығын арқалаған бас құрбаны, он екіде бір гүлі ашыл-

май қыршыннан қиылған Қайрат Рысқұлбековтің есімін бүгінде кім білмейді?!

Ардақты Мұхтар Шаханов ағамыздың Швецияның Стокгольм, Усала (1990-жыл, қараша), Англияның Глазго, Данди (1991-жыл, қаңтар) университеттерінде оқыған лекциясында:

–...Ал Қайрат Рысқұлбековтің өліміне ерекше тоқталған жөн. Жүрегінен намыс алауы лапылдаған осы жігіт тірі тұрғанда сөз жоқ өз халқының айбарлы ақыны, үлкен қоғам қайраткері болар еді. Оның түрмеде отырып жазған өлеңдері, ой толғамдары, күнделігі, үйіне жолдаған хаттары қазір менің қолымда.

Қ. Рысқұлбековке жасақшы С.А. Савицкийді өлтірді деген айып тағылды. Бірақ куәлер Савицкий өлтірілген уақытта Рысқұлбековтің қаланың басқа шетінде жүргенін айтты. Заң орындары ол куәлердің түсініктерін назарға алғысы келмеген.

Рысқұлбековке “кісі өлтірді” деген ауыр айыптың тағылуына бірден-бір себепкер болған жігіт (әзірге атын айтпаймын) қазір мүлде жаңа түсінік беріп отыр. Ол жігіт өзін бір заң қызметкерінің аяусыз ұрып-соғып Қайрат жөнінде теріс мәлімет беруге мәжбүр еткенін жазды. Кезінде жоғарыдан Савицкийді өлтірген адамды тез арада табу керек деген жарлық түскен. Айқын дәлелі болмаса да, заң орындары Рысқұлбековті осы қасіретке байлаған.

Кейіннен Қазақ ССР Прокурорының арнайы жарлығы бойынша С.А.Савицкийді өлтірген адамды, яғни Қ. Рысқұлбековті тапқаны үшін право қорғау жүйесінің 5 қызметкеріне наградлар мен көтермелеу сыйлықтары берілген. Рысқұлбековтің өлім жазасына кесілуі сол кезде әлем интеллигенциясының заңды ашу-ызасын тудырды.

Чехословакияның, Польшаның, Венгриянының, АҚШ-тың, т.б. елдердің қоғам қайраткерлері, ақын жазушылары, ғалымдары, СОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы М.С. Горбачев пен ССРО Жоғарғы Советі Президиумының бұрынғы төрағасы А.А. Громыконың атына арнайы хат жолдап, қарсылық білдірді. Бірақ бұл толқулардан Совет жұртшылығы, әсіресе Желтоқсан қасіретін бастан кешірген қазақ Республикасы мүлде бейхабар жатты” – деп әділ бағасын берген болатын. (Жалын №1. 1991-жыл).

Міне, осындайда 1991-жылғы Мәскеудегі тамыз оқиғасында қайтыс болған ресейлік үш жігітке бірден-ақ Батыр атақтарын беріп, олардың туыстарына тағайындалған мемлекеттік қамқорлықты да ұмытпау қажет. Содан са-

бақ алып, жас мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен бостандығын армандап, аңсап алаңға шыққандарына ғана жазықты болып қоймай, қасық қандары төгілген алғашқы қарлығаштар: Қайрат, Ләззәт, Ербол, Сәбирадай жас боздақтардың рухтарына қандай құрмет пен қошамет көрсетсек те еш артықтығы жоқ шығар. Желтоқсан қаһармандарының есімдері Қазақстанның түпкір-түпкіріндегі елді мекендердегі саябақ, көшелерге, мектептерге беріліп жатыр. Ақындар айтысы, түрлі дәрежедегі спорттық жарыстар, тағы басқа игі шаралар өткізіліп келеді.

Сонымен бірге “Алматы 1986. Желтоқсан” жинақтары, Қайрат Рысқұлбеков жайлы “Еменнің иір бұтағы”, Коммунар Табейдің “Мұзда жанған алау” және “Қайсар рухты қазақ”, Тоқтар Бейісқұловтің “Желтоқсан ызғары” атты кітаптары дүниеге келді. Сөз жоқ, осылардың қатарында “Желтоқсан құрбандарын жоқтау” жинағы да қалың оқырмандардың көңілінен шықты деп ойлаймын.

“Еменнің иір бұтағы” – Қайрат туралы тұңғыш жинақ. Әрине, ел алдында еңбегі бар, жасаған ерлігі мол жандар, мейлі ол өлі болсын я тірі болсын айрықша құрметтеледі. Өн-жырға арқау болады. Қайрат Рысқұлбеков солардың санатынан.

1998 жылы 21 мамырда Қайраттың қайтыс болғанына он жыл толды. Қолыңыздағы мына жинақта Қайратқа байланысты тың дәлелдер, пікірлер жинақталды.

ӘЛЕМДІК САЯСАТТЫ ӨЗГЕРТКЕН КӨТЕРІЛІС

Адамзаттың сан ғасырлық тарихын парақтар болсақ, дүниедегі қырғи-қабақ соғыстар негізінен астамшыл ұлттардың “өз өмір сүру кеңістігінің іргесін кеңейту” сылтауымен өзге елдің жеріне көз алартуынан туындайтынын көреміз. Қанша “саналы” дегенімізбен, жыртқыш аңдар ара қатынасындағы – күштінің әлсізді жеуі сияқты табиғат заңы адамзатқа да тән. Осындай мәңгілік күресте күші басымы әлсізін жаулап, жер байлығын тонаған, азаматын құл еткен. Басқыншылар өз үстемдігін баянды, мәңгі ету мақсатында жеңілген халықтарды түрлі тәсілмен қырғандарға ұшыратып санын азайтып, тілінен, дінінен, мәдениет, салт-дәстүрінен айырып, ассимиляцияға ұшыратып, ұлт ретінде жер бетінен мүлде жоқ етуге күш салған. Бірақ бай рухани қаруы бар, ұлттық тамыры терең, халық уақыт өте келе есін жиып, ауызбірлігін күшейтіп, отаршылдыққа қарсы күреске шық-

қан, тәуелсіздігіне қол жеткізген. Дүниеде өзгеріске ұшырамайтын еш нәрсе болмайды. Бұл құбылыс адамзат қоғамына да тән. Заманында жарты әлемді жаулап ірі империя болған елдердің барлығы да түбінде іріп, ыдырап сабасына түскеніне тарихта мысалдар жеткілікті. Осы құбылыстарды зерттей келе 1975-жылы жазып, жұртшылыққа астыртын таратқан “Ұлт мәселесінің тарихи шешімі” атты мақаламда: “Ұлттардың тәуелсіздік үшін күресі, бостандық идеясы ешқашанда ескіріп, өлмейді. Қайта ғасырлар өткен сайын өркениеттің дамуы барысында күшейе түспек. Сондықтан отардағы ұлттардың тәуелсіздігін түбі алатындығы, жеке ұлттық мемлекет болатындығы ешқандайда “утопия” емес. Енді бірнеше жылдардан кейін Россия отарындағы Қазақстан, Өзбекстан, Украина, Грузия т.б. елдердің тәуелсіз ұлттық мемлекет болатындығы адамзат тарихының заңына сай, талассыз нәрсе”, – деген едім. Бірақ өзгеге өктемдік ету кеселін негізгі саясатына айналдырған Ресей-КСРО-ның отаршыл үкіметі осынау тарих талай дәлелдеген ақиқатты мойындағысы келмеді. Өзге елдерді отарлауын тоқтатпақ түгіл мұздай қаруланып, дүниежүзіне соғыс қауіпін төндіргені үшін “зұлымдық империясы” атанған КСРО-ның ыдырауы мүмкін-ау деп ойлаушылар мүлде аз болса, түбінде бір ыдыраған кезде де оған себепкер дәл қазақ халқы, Қазақстан болады деген ой тіпті тәжірибесі мол шетел зерттеу мемлекеттерінің де қаперіне кірмепті. Бұл жайында АҚШ-тың Джорджия штатындағы мемлекеттік университетінің профессоры С. Сейбол өз баяндамасында: “Ондаған жыл бойы Кеңес үкіметі ұлт мәселесінің шешілгендігі туралы айтып келді. Кей жағдайда бұл шындық сияқты әсер қалдыратын. Кеңестік ұлт саясатының жемісінің жарқын дәлелі ретінде үкімет Қазақстанды атайтын. Алматыдағы дүрбелең туралы алғашқы алып-қашпа хабарлар Батысқа жеткенше, көпшілігіміз бұған сеніңкіремедік. Неге Алматыда? Неге Қазақстан?! Зерттеушілер мұндай шерулердің Ригада немесе Бакуде, тіпті Ташкентте болуы мүмкін деп есептегенімен, дәл Алматыда болады деп мүлде ойламаған еді... Желтоқсан оқиғасы күллі ғылыми әлемді Орталық Азияға жаңаша қарауға мәжбүр етті. Қазір біздің университеттерде қазақ, өзбек, тіпті ұйғыр тілдерін оқыту, осы өлкенің тарихы мен мәдениетін оқыту басталды”, – дейді.

Рас, отаршылдардың қазақты түрлі геноцидтерге ұдайы ұшыратып қырып, шетелдерге бастырып, жерімізге келімсектерді қаптатып өзімізді өз отанымызда азшылыққа айналдырып ассимиляциялауы, осы сорақы қылмыстың сая-

сатын “Кеңестік ұлт саясатының жеңісі” деп дәріптеуі шетел зерттеушілерінде қазақ халқы бас көтере алмастай боп жойылды, сөйтіп Америкадағы үндістердей “мәселесі шешілді” деген пікір тудырған болар. Бірақ әлгі “мекемелері” қазақтың қандай халық екенін терең зерттемеген сияқты. Олар ең болмаса Ресейдің Қазақстанды жаулауы 200 жылға созылғанда, ал бүкіл Орта Азияны 5-6-ақ жылда жаулауы неліктен деп те ойланбаған. ХХ-ғасырдың басында Ресейдегі реформаларды пайдаланып қазақ зиялылары халқымыздың кейбір мәселелерін көтергенде, отаршыл үкіметтің: “Бұл халықтан Атилла, Бейбарыс, Шыңғысхан, Батухан, Ақсақ Темір, Қарасай, Бөгенбай, Қабанбай т.б. жиһангерлер мен жауынгерлер шыққан. Сондықтан осы аса қауіпті халықтың еңсесін көтеруге мүлде болмайды”, – дегенін, қазаққа күллі геноцидтердің осы саясатпен жүргізілгенін, ал әлгіндей ұлыларды тудырған халықтың бодандыққа төзбей, түбі бір көтерілерін де әлгі зерттеушілер ескермеген. Ал отаршылдардың 20-30-жылдарда Түркістанда жүргізген геноциді туралы жазып, бүкіл Еуропаға әшкере еткен, 1941-жылы Түркістан легионын құрып КСРО-ға қарсы күрескен адам да қазақтан шыққан Мұстапа Шоқайұлы еді. Бергісі, “Жүз ұлтты Қазақстан интернационализм апогеясына жетті”, – деп ұрандатқан тоқыраудың тоқмейіл жылдарының өзінде де “Оян, қазақ! Оян, елім!”, “Одақ па, әлде отар ма”, деп патшалық Ресей мен КСРО үкіметінің отаршылдық саясатының бір екенін дәлелдеп мақала, үндеулер жазып таратып сол үшін сотталып, 1977-жылы Хельсинкидегі саяси тұтқындар тізіміне енген адам да қазақ емес пе еді? (Ол адам осы мақаланың авторы – Хасен Қожа – Ахмет). Ендеше осы фактілерді зерделеп, қазақ халқы туралы объективті тұжырым жасай алмаған “зерттеу мекемелерінің” деңгейі жайлы не ойлауға болады?!

Жеңіліске ұшырағандарға жеңгендердің төрелік айтатыны белгілі ғой. Алғашында “Алматы оқиғасы” делініп, тек он жылдан соң ғана “көтеріліс” деуге аузымыз барғанымен, біз әлі ресми түрде өз тарихымызды бағалай алмай келеміз. Желтоқсан көтерілісінің КСРО-да болған өзге бас көтерулерден ерекшелігі – Теміртау, Днепропетровскідегідей жергілікті әкімшіліктің әлеуметтік мәселелерді шешпеуінен, Шымкент, Ташкенттегідей жеке адамдар арасындағы жанжалдың ұшығуынан өршіген емес, Орталық отаршыл үкіметтің жүргізіп келген ұлт саясатына мыңдаған адамдардың саналы түрде қарсы шығуында. Тек Алматының өзінде үш күнге созылған көтеріліс болса, желтоқсанның 19-ы күні

Жезқазған, Талдықорған, Көкшетау, Қарағанды, Павлодар қалаларында, Шамалған, Сарөзек поселкелерінде, 20-желтоқсан күні Арқалық, Қарағанды, Ақмола қалаларында, 21-інде Жамбыл қаласында, 22-желтоқсанда Өскеменде халық көшелерге наразылық шеруіне шыққан. Дәл осы күндері Қазақстанның әр жерлерінде – Семей, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Шымкент, Жамбыл қалаларында, Целиноград облысының Қорғалжын, Қарағанды облысының Шахан поселкелерінде, Алматы облысының Шелек селосында, Шығыс Қазақстандағы Лениногорск қаласында, Талдықорған облысының Сарқан, Панфилов, Сарыөзек қалаларында, Қызылағаш селосында, Ақтөбе облысындағы Алға қаласында үкіметке қарсы баскөтерулерге шақырған үнпарақтар мен қабырғаларға жазған жазулар табылған. Алматыда 17-19- желтоқсан күндері 8500 адам тұтқындалса, ал Қазақстанның облыс орталықтарында және басқа да елді мекендерінде болған жиын, шерулерге қатысқаны үшін 281 адам тұтқынға алынды. Көтерілісті басу үшін КСРО-ның әр тарапынан жедел әкелінген әскерлердің санынан-ақ Желтоқсан көтерілісінің КСРО-да бұрын болып көрмеген бас көтеру екенін білуге болады.

Қазақстанда 1986-жылы болған Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың қаншама қауіп-қатерге бас тіккенін түсіну үшін сол кезеңдегі КСРО мемлекетіндегі саяси ахуалды еске түсіргеніміз дұрыс. Әрине, қазірде халықтың митингіге шығуы, үкімет орындарына талаптар қоюы (тіпті, кейбірде оларды сотқа тартуы) ешкімді таңғалдырмайды. Ол туралы газеттерде жазылып, теледидардан да көрсетіп жатады. Ал 1986- жылдары КСРО -да азаматтар өз қалауымен митингіге шықпақ түгіл аңдаусызда айтып қалған саяси әзіл, анекдоты әр мекемелердегі қаптаған тыңшылар арқылы әп-сәтте МҚК-ге белгілі болып, сол үшін жауапқа тартатын. Митингілер тек үкіметтің өзінің ұйымдастыруымен 7-қараша, 1-мамыр сияқты үкімет саясатын насихаттайтын мейрам күндері ғана өткізілетін және азаматтар мұндай митингілерге қатысуға міндетті болатын. КСРО-ның барлық азаматтары тек бір пікірге – ленинизм идеясына, Коммунистік партияның Орталық комитетінің айтқанына табынуға міндетті болған. Ал бұл саясатпен келіспейтіндігі байқалып қалған адам “бөтен ойлы – диссидент” “антисоветшіл” атанып, саяси қылмыскер ретінде жазаланатын. “Кеңестер елінде КОКП саясатына қарсы адам жоқ. Ондайлар тек аурулар”, –деп, үкімет саясатын сынаған адамдарды жыңдыханаларға тығып, өмір бойы “емдейтін” /Мұның барлығын мен 70-жылдары өз ба-

сымнан өткізгендіктен жақсы білемін./ Ондаған жыл бойы саяси репрессияларға ұшыратып, “қазармалық социализм” жасай отырып, үкімет өз уысындағы бүкіл бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қуыршақ шығармашылық одақтар арқылы “кеңестік бақытты өмірді” мадақтап, халықтың санасын улады. Ал Кеңес азаматтары туып, ес білгеннен бастап өле-өлгенше үкіметтің жазалаушы ГПУ-НКВД-КГБ деген мекемесінің назарына ілініп қалмауды ойлап, қалтыраумен өмір кешетін. Ядролық соғыс қаупін тудыруымен дүниежүзін үрейде ұстаған, “Зұлымдық империясы” атанған КСРО-да қалыптастырылған осындай тоталитарлық “бір пікірлілік” кезде қазақ азаматтарының Орталық үкіметтің шешіміне қарсы наразылық білдіріп шеруге шығып өз талаптарын қоюы-ұлт намысы үшін бастарын қатерге тігу.

Кейбір жазғыштарымыз Желтоқсанда көтерілген халықтың талабын бұрмалап, халық: Қазақ болмаса да Қазақстанның проблемаларын білетін өзіміздің адам бірінші басшы болсын деп талап қойды”, -деген өтірік ойлап тауыпты. Сондай-ақ: “Аңқау да албырт қазақ жастары қайта құру саясаты жариялаған демократия, жариялылық дегенге алданып алаңға шықты”, “1985-жылғы сәуір лебі жебеген жастар ойланбастан, ештеңеден қауіптенбестен демонстрация жасады”, -деп, көтеріліске шыққан азаматтардың жанкешті ерлігін аңқаулыққа, алданғандыққа балап, сол кезеңдегі саяси ахуалды бұрмалап түсіндіруге тырысады. Олай деп, меніңше, өздері алаңның маңына да бармаған, көтерілген халықтың рухын сезінбеген адамдар ғана айтып жаза алады. Ал шын мәнісінде, Желтоқсан көтерілісіне дейін тоталитарлық әкімшіл-әміршіл жүйе мызғымастан тұрған Қазақстанға қайта құру саясатының тек “маскүнемдікпен күрес” науқаны мен “жеделдету” туралы ұранынан өзге ештеңесі естілмеген де болатын. Тіпті, егер халық Горбачевтің жариялаған қайта құруына сеніп қана көшелерге шыққан болса, әскерилердің алғашқы соққысынан кейін-ақ демократияның жоқ екенін көріп, “алданыппыз” деп, санын бір соғып тарап кетпес пе еді бүкіл Қазақстанда алты күн бойы көтерілісті жалғастырмай?!

Әлі де саяси мәселелерді білектің күшімен шешуге тура келетін заманда халық көтерілістері кезінде талай азаматтардың шейіт болатындығы қашаннан белгілі. Бірақ тарихи оқиға кезінде төгілген әр тамшы қан, көрген азап бекер кетпей, сол қоғамға, халықтың болашақтағы өміріне белгілі бір нәтиже, жеміс әкелуші еді. Ендеше Желтоқсан көтерілісі туралы зерттеулеріміз “тоқырауға” ұшырамас үшін әуел бас-

та-ақ оны біржақты зерттей: көтеріліске шыққан халық мақсатының орындалған я орындалмағандығын, осы көтеріліс қазақ халқына не берді, нені бере алмады, егер тиісті жемісін бере алмаса, оған қандай күштер тосқауыл жасады? Ұлт намысы, демократия үшін көтеріліп қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың мақсаты орындалып, бүгінде Қазақстанда қазақ халқының беделі өсті ме, халқымыз отаршылдық кесірінен жоғалтқан өр мінезін /ұлттық менталитетін/, тілі мен дінін, дәстүр-салтын, т.б. қалпына келтіре алды ма әлде төгілген қан, тер бәрі зая кетті ме? Әкімшіл-әміршіл бюрократиялық жүйені жойып демократиялық қоғам орната алдық па жоқ әлде сол жүйе атын ғана өзгертіп, әлі де мызғымастан сақталып қалды ма? – деген бағыттарда да саяси зерттеулер жүргізу қажет.

Байқап отырсақ, қаншама жыл бойы Желтоқсан көтерілісі тек біржақты -көтеріліске шыққан азаматтардың қақыларының қалай бұзылғаны /көтерілістің салдары/ туралы ғана айтылып, зерттелген екен де, ал оның болу себебі жайында үстірт қана айтылып, халқымызға әкелген нәтижесіне байланысты мүлде дерлік ештеңе айтылмай келеді. Көтерілістің болу себебі – Ресей тарапынан ғасырлар бойы бүкіл қазақ халқының қақысының бұзылып келгенін ашып айтуға, сол бұзылған, жоғалтқанымызды қалпына келтіру жайлы сөз етуге әлі күнге дейін үкіметтің батылы бармай, оны “әкімшіл-әміршіл жүйенің халық пікірімен санаспағандығы” деген жалпылама сөзбен алмастырды /нақ бір сол көтеріліс отар Қазақстанда емес, Ресейдің бір қаласында болғандай-ақ/. Желтоқсан көтерілісіне байланысты жарияланған түрлі комиссиялардың да, үкіметтің ресми құжаттарында да “Ресей отаршылдығы”, “тәуелсіздік үшін”, “ұлт-азаттығы үшін” деген бірде-бір сөз кездестіре алмайсыз, бұл туралы тек кейбір жорналшылар ғана айтып, жазып келеді.

Әрине адам қақысының бұзылғандығы туралы айту қажет. Бірақ сол адам қақысын бұзған үкімет қызметкерлеріне еш шара қолданылмаса, бұзылған қақылар қалпына келтірілмесе, ол туралы айтқаннан не пайда?! Көтерілістен кейінгі он шақты жыл бойына сол кездері халыққа істеген қиянаты, заңды бұзғаны үшін бірде-бір шенеуніктің қызметтен шығарылғанын я болмаса жауапқа тартылғанын естіген емеспіз. Ал сол кездері қолы қанға малыңғандардың кейбіреуі бірнеше жылдан соң өзге, төменірек қызметке (әдетте ондайлардың мансабы өсіріледі) ауыстырылып жатса, оның себебі әлгінің халыққа істеген қиянатына байла-

нысты емес, сарайдағы “майлы жіліктерді” бөлісу барысындағы өзара кикілжіңнен болғанын білеміз.

Әрине, халықтың өзінде бірлік, табандылық болғанда қандай лауазымдағы қызметкер болмасын істеген қиянаты, заңсыз әрекеті үшін жазасын алған болар еді. Бірақ басында Желтоқсанның ақиқатын ашамын деп тәп-тәуір белсенділік танытқан көптеген азаматтардың батырлықтары “Қашқан жауға қатын ер” дегендей, құйрығын да ұстатпай Мәскеу асып кеткендердің артынан балағаттап, тас атудан әрі аспай, ал сол отаршылдармен бірлесе жүріп халқына сан қиянаттар жасаған, әлі де басшылық қызметте отырған өз “ішімізден шыққан шұбарларымыз” туралы айтуға жүректері дауаламай жым болған. Колбинді Мәскеу жібергенімен, оны Алматыда өткен 18 минуттық Пленумда Қазақстанға елбасы етіп бірауыздан “ләппай” деп тағайындаған өзіміз сеніп келген елабаларының “үлесін” аса дабыра қылмағандары үшін, сол “құқық қорғағыш батырларымыздың” кейбіреуі қазір тәуір қызметке де ие болған. Халыққа қиянат жасағандар қызметтерінде тапжылмай қала берсе, қоғамымыздың түзелмейтіні туралы, көтеріліске байланысты өзге де мәселелерді әр қырынан зерттеп айтудай-ақ айтып келеміз. Бірақ амал не !?.. 1991-жылғы 12-желтоқсандағы президенттің Жарлығында: ...”милиция мен жасақшының өміріне залал келтіргендер ақталмасын” дегеніне сәйкес бірнеше азамат әлі күнге ақталмай отыр. Олар негізінен телерадио қызметкерлері Савицкий мен Ведель деген “жасақшылардың” ісіне байланысты сотталған жігіттер. 1994-жылы “Халық кеңесі” газетінде жарияланған “Тәртіп сақшылары ма әлде бұзақылар ма?”–деген мақалада Желтоқсан көтерілісінен кейін болған менің сотымда куә болған Қазақ теледидарының режиссері Мусалимовтің: “теле-радио қызметкерлеріне ешкім де далада кезекшілік жасаңдар деп нұсқау берген жоқ”,–деп, менің сотталуыма себепкер болғанын, оның сөзіне сәйкес Савицкий мен Ведельдің де алаңға өз беттерінше, қазақтарды сабап қолының қышуын қандыру үшін ғана шыққандығын дәлелдеп берген болатынмын. Соған қарамастан: “Жасақшылардың өміріне залал келтірді”,– деп сотталған жігіттер әлі ақталмай отыр.

Жалпы, көптеген өркениетті елдерде халық толқулары су тасқыны, жер сілкінісі сияқты табиғат апараттарына теңестіріліп, ондай кездерде болған жағдайлар үшін ешкімді ауыр жазаға кеспейді.

Өйткені халық толқуы кезінде кімнің не істегенін нақты

біліп, дәлелдеу мүмкін емес. Сондықтан тек жорамалмен кінәлап соттағандықтан, Желтоқсан көтерілісіне байланысты жазаланғандар түгелге жуық ақталып отыр. Ал осылай тек жорамалмен “жаппай тәртіпсіздік кезінде ауыр қылмыс істеді” деп, адамды өлім жазасына кесу – үкімет тарапынан қасақана өмірін қию екендігіне Қайрат Рысқұлбековтің тағдыры нақты дәлел.

Әрине, 1986 жылы Желтоқсанда оянған халық белсенділігін дамыту мәселесіне көңілім толмағанымен, ол көтеріліс қазақ халқына мүлде оң өзгеріс әкелмеді деуден аулақпын. Бүгінде азаматтар өз пікірін, талабын үкіметке қабылдата алатындай жеңістерге жете қоймағанмен, ең болмаса өз ойын ошақ басында, көшеде еркін айта алатындай жағдайда тоталитарлық қоғамның өзгеріске ұшырағаны анық. Бұрынғыдай ол үшін МҚК жауапқа тартпайды. Осыдан 10 жыл бұрын саясат туралы жиналып, пікір алмасу мүмкін емес еді. Бұл да болса Желтоқсан көтерілісінің жемісі. Қазір де қазақ тілінің күнделікті өмірде қолданылуы шамалы, қазақ өнері әлі де жат ел өнерінің астында көміліп қалғанымен, өз жерімізде ешкім бізге бұрынғыдай: “Неге қазақша сөйлейсің?” – деп тиісіп, қорлау тиылған сияқты. Ал ұлттық қақыңның бұзылуы, меніңше, азаматтық қақыңның бұзылғанынан әлдеқайда ауыр нәрсе. Өйткені ұлтыңды кемсіту деген тек мені өзімді ғана емес бүкіл халқымды, өткендей ата-бабаларымызды, олар жасап кеткен күллі рухани қазынамызды, тарихымызды кемсіту; болашақ ұрпағымызды кемсіту, сөйтіп ұлт, халық ретінде жер бетінен жоюға әрекет жасау. Ал мұндайға төзіп уақытша мағынасыз күйбең кешкенше тәуелсіздік жолында шейіт болған артық деп есептеймін...

Сондай-ақ Желтоқсан көтерілісіне дейінгі кезді еске алсақ, ондаған жылға созылған екі жүйе арасындағы қырғи-қабақ соғыс жағдайына байланысты бүкіл әлем ядролық соғыс қаупі алдында тұрған еді. Қазір, міне, ондай үрейден арылған сияқтымыз. Бүкіл дүниежүзілік саясатқа оң ықпал еткен Желтоқсан көтерілісінің адамзат тарихындағы өзге оқиғалармен салыстырғандағы осы ерекшелігін, маңызын, өкінішке орай, өзгелер сезінгенмен, өзіміз тиісінше бағалай алмай келеміз.

Иә, 1986-жылғы Желтоқсан көтерілісіне байланысты халық көкейінде тұрған түрлі сауал әлі де жеткілікті. Бүгінгі күнге дейін бұл туралы айтылған ой, қойылған талаптардың үкімет тарапынан орындалғанынан орындалмағаны көп болып шаршатқанымен, желтоқсандықтардың жаралы жүрегін

халықтың ыстық ықыласы әрдайым жылытып келеді. 1991-жылы күзде Алматыдағы Жібек жолы көшесінде киіз үйлер тігіп үш ай ереуілдегендегі “Желтоқсан” ұйымының қойған талаптарының бірі Қайрат Рысқұлбеков пен Ербол Сыпатаевқа “Халық батыры” атағын бергізу еді. Шүкір, халқымыздың қолдауымен тілектеріміз бірте-бірте орындалуда. Шейіт болған батыр ініме ескерткіш ретінде мен де Қайраттың өлеңіне музыка жазып “Түрмеден хат” деген ән шығарған едім. Оны “Тозақта туған толғаулар” атты телехабарда, радиодан әнші Құрманғазы Дінасыл орындап жүр. Қайраттың өзі арамыздан кетсе де, оның өнегелі өмірі, ісі талай адамдарды толқытып, толғандырып, тәрбиелеп отырғанына осы кітапқа енген естелік мақалалардан-ақ көруге болады.

Сан ғасырға созылған қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің соңғы нүктесіндей болған 1986-жылғы Желтоқсан көтерілісі қаһармандарының ісін жұртшылыққа насихаттау бүгінде қол жеткен мемлекеттік тәуелсіздігімізді қорғайтын отаншыл азаматтар қатарының өсуіне игі ықпал етеді деп білемін. Сондықтан осы кітапты құрастырған азаматтарға, шығаруға тәуекел еткен “Жалын баспасына” алғысымды айтып, “Алланың нұры жаусын!” – деймін.

**Хасен қажы Қожа-Ахмет, саяси күрескер.
Қазақстанның азаматтық “Азат” қозғалысының төрағасы.**

АЛМАТЫДАН ХАБАР

Алматы. 18 декабрь. (ТАСС). Кеше кешкісін және бүгін күндіз Алматыда ұлтшыл элементтер арандатып салған оқушы жастар тобы көшелерге шығып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жуырда болған пленумының шешіміне наразылық білдірді. Бұл жағдайды бұзақылар, арамтамақтар және қоғамға жат басқа да адамдар пайдаланып, право тәртібінің өкілдері жөнінде правоға қарсы әрекеттер жасады, сондай-ақ бір азық-түлік магазинін, жекеменшік автомобильдерді өртеді, қала азаматтарына қарсы намысты қорлайтын әрекеттер жасады.

Заводтарда, фабрикаларда, жоғарғы оқу орындарында, басқа да еңбек коллективтерінде болып өткен жиналыстар, сондай-ақ қала мен ауданның партия және комсомол активтері Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті пленумының шешімін мақұлдады және оқушы жастар тобының ешқандай негізсіз іс-әрекеттерін айыптап, бұзақыларға батыл шаралар қолданылуын, қалада толық тәртіп орнатылуын жақтады. Осы бағытта қолданылып жатқан іс-қимылдарды еңбекшілер қолдауда. Олар совет және партия органдарының жүргізіп жатқан шараларына белсене қатысуда. Барлық кәсіпорындар, мекемелер, оқу орындары, магазиндер, тұрмыстық қызмет, қала транспорты қалыпты жұмыс істеуде.

“Лениншіл жас”. 20.12.86 ж.

СООБЩЕНИЕ ИЗ АЛМА-АТЫ

Алма-Ата, 19. (ТАСС). 17 декабря вечером и вчера днем в Алма-Ате группа учащейся молодежи, подстрекаемая националистическими элементами, вышла на улицы, высказы-

вая неодобрение решения состоявшегося на днях пленума ЦК Компартии Казахстана. Сложившейся ситуацией воспользовались хулиганствующие, паразитические и другие антиобщественные лица, допустив противоправные действия в отношении представителей правопорядка, а также учинив поджоги продовольственного магазина, личных автомобилей, оскорбительные действия против граждан города.

Прошедшие собрания на заводах, фабриках, в вузах, в других трудовых коллективах, а также партийные и комсомольские активы города и районов, одобряя решения пленума ЦК КП Казахстана, осудили ничем не обоснованные действия группы учащихся и высказались за принятия решительных мер к хулиганам и восстановление полного порядка в городе. Принимаемые действия в этом направлении поддерживаются трудящимися. Они активно участвуют в мероприятиях, проводимых советскими и партийными органами. Все предприятия, учреждения, учебные заведения, магазины, служба быта, городской транспорт работают нормально.

“Правда”, 20.12.86.

ҚАЙРАТТЫҢ ҚЫСҚА ҒҰМЫРНАМАСЫ

ҚАЙРАТ ӨСКЕН АУЫЛДА

1. Қайрат кім еді?

Қайрат Рысқұлбеков 1966-жылы 13-наурызда Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Бірлік ауылында малшы әулетінде дүниеге келді. Қайрат 1973-1981 жылдары Шу ауданындағы Төле би ауылына орналасқан Сәду Шәкіров атындағы мектеп-интернатта оқып сегіз жылдық білім алды. Мектепте сабақты жақсы үлгеріп, кластан класқа емтихансыз көшіп отырды. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, мектептің бастауыш комсомол ұйымының хатшысы болды.

Ал 1981-1983 жылдары Бірліктегі бұрынғы Киров атындағы орта мектепте оқып, он жылдықты бітірген соң, әскер қатарына шақырылғанға дейін әкесі Ноғайбайға жәрдемші-малшы болып, Көктерек товарлы-сүт фермасында жұмыс істеді.

1984-1986 жылдары Амур өлкесі Белогор қаласында әскери міндетін абыроймен өтеді. Әскери-саяси қызметтердің үздігі ретінде бірнеше мақтау қағаздарымен марапатталып, әскери бөлімше командирлері ата-анасына алғыс айтқан құрмет қағаздарын жіберді. 1986-жылы мамырда әскери борышын өтеп ауылға келіп, тамыз айында әскери бөлімшенің жолдамасымен Алматы сәулет-құрылыс институтына келіп сынақтан сүрінбей өтіп, оқуға түсті. 1986-жылы 16-желтоқсанда Қазақстанның бас тізгіні қайдағы біреуге тапсырылуына бейбіт наразылық білдірген жастар мен студенттерге қосылып, Орталық алаңға шығып, шеруге қатысты.

Бірақ екі жүзді, қанішерлер қарулы күшпен құр қол жиналған жеткіншектерді аяусыз ұрып-соғып, алаңды қыпқызыл қанға бояды. Ит қосып, өрт сөндіргіш машиналармен су шашып, жығылған, мертліккен жандарды қала сыртына әкетіп жатты.

Қазақ қыздарын шашынан сүйреп, айуандықпен тепкілеп,

кейбіреулерін, тіпті, қаныпезерлікпен көк мұзға отырғызуға дейін барды.

Міне, осылай оспадар-озбырлыққа шыдамаған, ана қауымын пір тұтып сыйлап өскен ер-намысты жігіттер қыздарға араша түсіп “бұзық” атаңды. Араша түскендердің бел ортасында жүргендердің бірі Қайрат еді.

Қайрат рухына байланысты өткізіліп жүрген шаралардан қалыспай, ақ ниетті тілегімен құран, дұғаларын аруағына бағыштаумен жүрген ауыл молдасы Абас Смайылов ақсақал былай дейді:

– Біз 1977- жылдары “Көктерек” совхозының Көлтабан бөлімшесіне көшіп келген едік. Қайраттың ата-анасы бізбен көрші тұратын. Бала-шағалары көп еді. Анасы Дәметкен сауыншы болатын да, әкесі Ноғайбай көбіне бақташылық жұмыстар атқарды. Менің кіші қызым Раушанкүлмен жастары шамалас болғандықтан ба, Қайрат біздің үйге жиі келіп тұратын. Сол кездері-ақ үлкенді-кішілі бауырлары кір-қожа-лақ болып жүргенде, не бары он жастағы Қайрат мұнтаздай таза да, әдемі де, сүйкімді қалпынан таймайтын. Басқа балаларға қарағанда өзгеше де бөлек жаралғанын сонда-ақ байқаған болатынмын. Және де балғын жастығына қарамастан үлкен адамдарша байыпты сөйлей алатындығына қызығатынбыз. Әйелім Резван да іші тарта жақсы көріп, ол келгенде әрдайым тәттілері мен бауырсақтарын ұсынатын...

Қайратты Төле би ауылындағы С. Шәкіров атындағы мектеп-интернатта оқытқан ұстазы Александра Михайловна Поласкалина былай дейді:

– Қайрат өте тәртіпті, үлгілі оқушы еді. Өзім оны ерекше жақсы көретінмін. Мектептегі комсомол ұйымының хатшылығына ұсынған мен болатынмын. Қаралы Желтоқсан оқиғасынан кейін Қайрат ұсталыпты деген хабарды естігенде, оның “бұзық әрекеттерге барғанына” менің жүрегім сенген жоқ. Қайраттың ақ екендігін қызметтес әріптестеріме талай рет айттым да...

(1991-жылы қараша айында Қайраттың әкесі Ноғайбай Рысқұлбековпен бірге қатысқан мектеп-интернаттың ұстаздары мен шәкірттерінің кездесу жиынында айтылған әңгімеден).

Қайраттың кластас құрбысы Сәлима Исаева:

– 3-сыныптан 8 жылдықты бітіргенше Шу ауданы, Төле би ауылындағы С. Шәкіров атындағы мектеп-интернатта Қайратпен бірге оқыдым. Бұл оқу орны негізінен Мойынқұм мен Шу ауданы малшыларының балаларына арналған еді. Сол кезде бірге оқыған кластас құрбыларымның ішінде

Қайрат ерекше дараланатын. Мен келгенде ол 3-сыныптың командирі екен. Алғашында байқағаным Қайрат бұзықтау бала болып көрінді. Жүре келе ол бұзық емес, келеңсіз жайларға шыдамай жаны күйзелсе, бар ойын кімге болса да ашық та батыл айта салатын жан екендігін көрсетті. Өжет те қайсар болатын. Бізбен Қадиша деген қыз оқыған еді. Сол қыз шашын тарамай, сабалақ-сабалақ болып, бет-аузының кірін де жумай сабаққа келе беретін. “Іздегенге сұраған” демекші, мен де тазалық тексергіш-санитарка болып сайланған едім.

– Әй, сені де санитарка дейді ғой, неғып ана Қадишаның шашын таратып, қолының күсін жуғызбайсың?– деп, менің де жанымды шығаратын.

Ол кезде мұғалімнің бетіне қарап сөйлеуге жүрексінетінбіз. Ал Қайрат болса, класс жетекшінің өзіне де қаймықпай:

– Тәтей, ана Қадишаның түріне қараңызшы, “таза жүр” деп, айтпасаңыз, соның қолының кірінен жиіркеніп, тамақты да дұрыс іше алмаймыз,– деп тіке айтатын. . .

Қайраттың қызықты қылықтарының бірі: кей балалар екілік алғандарында дәптерлерін, күнделіктерін жыртып, лақтырып жіберетін. Сол оқушылардың туыстары келгенде, Қайрат жаңағылардан бұрын алдынан шығып, олардың іс-әрекеттерін бұрынырақ жеткізетін. Өрине, тәртіп бұзғандар өкпелейтін. Бірақ Қайрат олардың да өкпелерін тез тарқататын. Оның тағы бір қасиеті – қолында барын бөліп беретін жомарттығы мен ақ көңілдігі. Бір жағынан, Қайрат адам баласына, әсіресе жапа шеге, зәбір көргендерге жаны ашып, қолынан келген жәрдемін аямайтын. Өзім кішкентайымнан әкемнің туған апайының қолында өскенмін. Ол кісінің қайтыс болғанына көп уақыт бола қойған жоқ еді. Мектеп-интернаттың басшылары бір күні оқушыларға киім үлестіре бастағанда, маған пальто мен етік тиді. Сонда мұғалімдер мені шешесі жоқ деп, мүсіркеп беріп отырған шығар деп, көңілім әбден құлази мұңайып қалдым. Бұл б-сынапта болатын. Сол кезде Қайрат менің қасыма келіп:

– Сәлима сен бұған ренжіме, бұл киімдерді түсіне білсең, ата-анаңа көмек ретінде беріп отыр ғой,–деп жұбатқаны әлі есімнен кетер емес.

Сондай-ақ, Қайрат замандастарымен хат жазысып тұрғанды да ұнататын. Тіптен Кореяның, Германияның, Монғолияның пионерлерінен жиі-жиі хат алып тұратын.

Қайрат 1-сынаптан бастап бірге оқыған Гүләйім Құттыбековамен жыр шумақтарын жарыса жазысатын да, бірге

талқыласатын. Қайрат болса, өз шығармаларын көбіне көпшілікке көрсетуге ұялатын. Ал Гүләйім керісінше, жазған өлеңдерін түрлі жиындарда да, жайшылықта да оқып беретін...

Сегіз жылдықты тамамдаған соң, мен – Мойынқұмға, Қайрат туған ауылы Бірліктегі орта мектепке орналасқаннан кейін де хабарласып жүрдік. 1984-жылы Қайрат Армия қатарына шақырылғанда, “қыздардың жолы жіңішкелігінен” аттап кете алмай, қоштасып шығарып сала алмадық. 1986-жылы мамырда Азаматтық борышын өтеп, ауылға оралғанын, кешікпей өз күшімен Алматыдағы сәулет-құрылыс институтына оқуға қабылданғанын естігенмін. Шындығын айтқанымда, сонау балғын шақтардан бастап-ақ Қайрат пен Гүләйім бір-бірін ұнататын. Гүләйім Қарағандыдағы жоғарғы оқу орнында оқып жүргенде де Қайратпен хат алысып, хабарласып тұрған еді. Кейінгі хабаршарларды тек Гүләйім арқылы біліп жүрдім.

1986-жылғы Алматыдағы Желтоқсан оқиғасына қатынасып, “Қайрат адам өлтіріпті” дегенде, жағамызды ұстап, өз құлағымызға өзіміз сенбей, есеңгіреп қалдық... Ал Қайрат қайтыс болды дегенде, бәріміз дерлік қан жылап, қасіретті қайғыға ұрындық.

Әсіресе қаралы қаза Гүләйімнің жас жүрегін жаралап, өте ауыр дертке ұрынған халде қалды... Сондай қайғылы халде күйзеле жүрген шағында Қайраттың рухына мынадай өлең шығарыпты:

– Ұзын да емес, қысқа да емес, ортамын,
Жүрегі жоқ адамдардан қорқамын.
Қанды қақпан қармағына іліккен,
Қайрат құрбым, торқа болсын топырағың!

Ерлігіңе қуанам да сүйінем,
Қайрат құрбым, рухыңа мен иілем.
Бәйшешектің солғанына аһ ұрсам,
Әділ жанның қазасына күйінем.

Жыр шашатын жүрегің де тілінді,
Есімің де ел аузына ілінді.
Тіршілікте елеусіз боп жүрдің де,
Көз жұмған соң, кім екенің білінді..

Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектептің ұстазы Ажар Әбжапарқызы Кененбаева:

– Қайрат бұл мектепте 9-10 кластарда оқыды. 2 жылғы класс жетекшілігімде оның мінезінің қыр-сырын толық білдім

деп айта алмаймын. Бірақ Қайраттың мінезі салмақты, әр нәрсеге байыппен қарайтынын байқап едім.

Гитарада ойнайтын, өлең де шығаратын. Суретті де жақсы салатын. Парталас құрбыларының арасында сыйлы, беделді болды. Өзіне тапсырылып, міндеттелген қоғамдық жұмыстарды дер кезінде орындайтын. Мереке күндеріне орай шығарылатын газеттерді әсемдеп, сурет салып, өз өлеңдерін қоса жариялайтын. Спортпен шұғылдануды ұнататын. Сондықтан орта бойлы, денесі шымыр сомдалып, иықтылау болды. Ауданаралық дәрежедегі футбол жарыстарында әрдайым озат ойыншылар қатарында көзге түсетін. Көп балалы от басында тәрбиеленгендіктен бе, Қайрат көпшіл, шыншыл, әділ еді...

1987-жылдың көктеміне қарай болу керек, әкесі Ноғайбай аға біздің мектепке келіп: “Ажар, сен 2 жыл Қайратты оқыттың ғой, оның қандай екенін білетін шығарсың. Мінездеме қажет болып тұр”, - деген еді. Жоғарғыдай мағынада үлгілі қасиеттерін көрсете жазып, мектептің сол кездегі директоры Тәжібай Сүйімбековке мөр бастыруға әкелгенімде, онымен танысқаннан кейін: “Мектептің атынан мұндай мақтау құжат жіберуге болмайды”, - деп жыртып тастады. Тәжекең де жоғарғылардан жалтақтаған шығар. Ноғайбай ағай мұңая күйзеліп, екі иығы салбырап шығып кетті...

Шіркін, Қайрат егер тірі болғанда, қазақтың аяулы азаматы болып өсер еді...

Мен 1980-жылдары “Көктерек” совхозында сүт таситын машинаны жүргізетінмін. Сол кездерде Қайрат Шу ауданы Төле би ауылындағы мектеп-интернатта оқитын. Жексенбі күндері ауылға келгенде, Таудағы ата-анасына көбіне менің автокөлігіммен қатынайтын. Бүгін есімде қалғаны: Қайрат анау-мынау тентек балаларға қосылмай, жеке дара жүргенді ұнататын. Мінезі сабырлы да салмақты еді. Жастайынан әскер қатарына шақырылғанша, бақташы әкесі мен сауыншы анасына әрдайым қолғабыс жәрдемін көрсетіп, еңбекке араласатынын жиі байқайтынмын.

Қайрат қайтыс болған соң, 1988-жылы жазға салым, жылжымалы моншамен таудағы малшыларға барып қалғанымда, анасы Дәметкенге көңіл айта отырып:

– Алланың жазуы осы шығар, көп мұңая бермеңіз. Ұзамай шындық орнау керек. Колбин кеткен соң көрерсіз әлі, Қайраттарды ақтап, оларға батыр атақтарын береді, - деген болатынмын. Құдайдың өзі аузыма салды ма, ерекше бір рухани күш айтқызғандай халде едім...

Қайраттың ауылдағы құрбысы Айнаш Омарова:

– Өзіміз құралқы жастар бұрынырақтарда аңда-санда мереке күндерін ойын-сауық ретінде бір үйге жиналып атап өтетінбіз. Біз сол тамашаларға Қайрат қатынасса ғана баратынбыз. Ол кештің еш жанжалсыз, қызықты-тартымды өтуіне ықпал ететін. Қайрат ішімдікке жоламайтын, жеңіл-желпі қызып алған ер балалардан қорғай жүріп, қыздардың барлығын дерлік үйді-үйлеріне өзі-ақ ерінбей-жалықпай жеткізіп салатын...

Көп балалы ана Келімжанова Маржангүл:

– Қайрат Киров атындағы орта мектепте егіз ұл-қызым Асқар, Гаухармен бірге оқып еді. Біздің үйге жиі келіп тұратын және өте кішіпейіл, бауырмашыл болатын. Мені ылғи “мама” деп атайтын. Отбасымызға соңғы рет 1986-жылы 10-желтоқсанда келіп Асқарды әскерге шығарып салды. Көп ұзамай-ақ жаңа жылда Қайратты ұстап алып кетті деп естідік те, таңқалдық. “4000 сом берсе, түрмеден шығарып алуға болады екен”, – деген хабарды ести сала, өзімен бірге оқыған ұл-қыздарды, жора-жолдастарымен ақылдастыра отырып, ақша жинай бастадық. Шамасы келгендері 100 сомнан, арты 50 сомнан берді. Қаражат жинауға Тұмақбаев Амангелді, Тұмақбаева Алтын, Құлбаев Берік, Шілдебаев Нұрлыбай, Бояубаев Сатай, Әйтішев Жұмақан, Тұрынбаева Гүләйім, т.б. белсене көмектесті. Бүгін де Жамбыл облыстық ауруханада тіс дәрігері болып қызмет істейтін қызым Гаухар қаржы жинаса, Армия қатарындағы Асқардың орнына өзім 100 сом қостым. Қайраттың құрбы-жолдастары Талжігітов Мейірхан – жүргізуші, Алматыда ҚАЗ. МУ-де оқитын Исадыков Нұрлан және Арғымбекова Жасұландар жиналған қаражатты Алматыға апарып, Қайратқа жолыға алмай, анасы Дәметкенге табыстаған.

Сол 40 шақты жора– жиналған ақшаны алып баратын балаларға, қаржы бергендердің тізімін ақ қағазға қызыл бояумен жазып, терезеден Қайраттың өзіне көрсетіндер деп едім, ол ойым іске аспады.

Жас боздақтың өміріне араша түсе алмағанымыздың өкініші есіме түссе, осы күнге дейін өзегім өртенеді.

Ғ. Насыров (ол кезде студент):

– Марқұм Қайрат Рысқұлбековтің алаңда жиналғандарға: “Жігіттер, үш күнге шыдадық. Үш күн ішінде біздің дауысымыз Біріккен Ұлттар Ұйымына жетеді!” деген жан дауысы әлі күнге дейін құлағымнан кетпейді.

“Атамекен” газетінен 12 -желтоқсан 1991-жыл.

Қайраттың анасы Дәметкен Асанбаева:

– Қайраттың мінезінің қандай екендігін туған анасы мен

тұрмақ, жора-жолдастары және ұстаздармен қатар бүкіл ауылымыздың халқы бес саусақтай біледі. Басқа ұл-қыздарымнан ерекшелігі: ол ақ жарқын да ақ пейілді, ешкімнің көңілі қалмаса екен деп өскен ұл еді. Оның үстіне өз замандастарының арасында үлгілі де қадірлі болатын.

Жоғарғыдай мінездемелер мен деректерді ой сарабына салып таразылағанда, мәртебелі мырзалар мен олардың жағымпаз жандайпаштарының Қасіретті Желтоқсан оқиғасының бар ауыртпалықтары мен “бәле-жаласын” он екіде бір гүлі ашылмаған қыршын Қайратқа арқалатып, оны қаралап қана қоймай, өміріне қастандық жасауын ойласақ, жан түршігеді.

1987-жылы 21– мамырда Қайраттың қайтыс болғанын “Америка дауысы” Радиохабарламасынан естіген белгілі құсбегі Жапар Сатылғанов қапалана отырып, “Қайрат қайтыс болғанда” атты өлеңін дүниеге келтіреді. Бірақ жалтақ сарашылардың арқасында бұл шығарма кезінде жарық көрмеген еді. Ол мынау:

Қайрат қайтыс болғанда
Көңілім бүгін жаралы,
Естігем суық хабарды.
Қайратынан айырылған
Мойынқұм мынау қаралы.

Қазақты ел деп санамай,
Асылды қинап баладай.
Шашынан сүйреп арудың,
Қызығын ұрлап әр үйдің.

Мылтық, сойыл асынған,
Жендеттерге басынған,
Сақтауға қазақ елдігін
Демократия теңдігін
Қорғағандар құр қолмен
От жүректің басы дер,
Әділет туын көтере алмай,
Арманда кетті-ау асыл ер!!!

Білемін, Қайрат, қазаңа
Ненің себеп болғанын.
Колбин келіп қазаққа,
Үстінен түскен олжаның.

Ел сенген үлкен ағалар,
Аузынан кетіп бірлігі.

Әлі есімде өсекші,
Сол пленум тірлігі.

Желтоқсан жайлы газетте,
Әлімжанов не деді?
Сұлтановқа қаһарын
Әуелбеков төгеді.

Ұшқалы тұрған Колбинді
Камалиденов демеді.
Сойылшы болып Колбинге,
Меңдібаев кеп еді.

Содан соң-ақ қудалау,
Қазақ жұртын сыйламау,
Ашықтан ашық басталды,
Талайға тұзақ тасталды.
Нашақор деп аяусыз,
Жазалай берді жастарды.
Қазақтың ойлап намысын,
Көтерген жүктің ауырын,
Сол қаралы күндердің,
Құрбаны-ай болдың, бауырым!!!

О, ағайын, ауызда
Бірлік болса, өшпейміз!
Ел үшін өткен ерлерді,
Біз ұмытсақ, өспейміз!

Желтоқсаннан кек алмай,
Жендеттерін кешпейміз.
Ауыр сәтте дозақтан,
Жаныңды жеген азаптан
Құтқарып тірі алмаған,
Батылы мен билігін,
Құлдық оты шармаған,
Артында қалған аһ ұрып,
Мына көрген көздерді
Қайратжан, бейбақ біздерді,
Айналайын, кеш дейміз!..

(әні бар)

2. Қайрат Рысқұлбеков атындағы қор қалай құрылды?

1990-жылы жүргізушілік жұмыстан біржолата қол үзіп, қоғамдық жұмысқа ауысуыма тура келді. Оған аудандық “Қазақ тілі” қоғамы Басқармасының төрағасы Сейіткерім Қожаназаров пен “Көктерек” совхозының бұрынғы деректірі Балтабек Таубалдиевтің қолдауымен шаруашылықтағы бастауыш “Қазақ тілі” қоғамдық ұйымының төрағалығына сайлануым себеп болды.

Сәкеңмен ақылдаса келе облыс көлемінде ең алғашқылардың қатарында Бірлік ауылында “Ақсақалдар кеңесін құрдық” 6 мың халқы бар Бірліктегі жергілікті жұрт өкілдері мен күрді ағайындары арасындағы келеңсіз жанжалды бейбіт жолмен таратуға ықпал етіп қана қоймай, “Ақсақалдар кеңесі” көптеген ұлағатты шаралар атқара бастады...

“Ақсақалдар кеңесін” ұйымдастырушы еңбегімді еледі ме, көпшілік мені бір ауыздан хатшылыққа сайлаған болатын. Оқта-текте Кеңестің отырыс-мәжілістерін өткізіп тұратынбыз. С. Қожаназаровпен пікірлесе, ақылдаса келе, Алматыдағы әйгілі Желтоқсан оқиғасының құрбаны Қайрат Рысқұлбековтің алдымен бір көшеге, кейіннен мектепке бергізуді мақсат тұттық. Ыңғайы келгенде осы ойларымызды ақсақалдарға да, ауыл тұрғындарына да түсіндіре жүрдік.

1990-жылы желтоқсан айындағы Мәжілістің соңына қарай, осы пікірді тағы да қозғап едім, ауылдық кеңестің төрағасы Ермұрат Асанбаев: “Асықпай ойластырайық”, – деді, ал жұмысшы-совхоз кооперациясының басшысы Төрехан Оңалбеков: “Сен құрып алмай жүрсің бе? Қайрат мәселесін неге қозғайсың? Бір күні басыңнан айырылып қалғаныңды білмей қаласың ғой”, – деп, мені ойландырмақ болды. Сонда амалсыздан:

– Бас өзімдікі емес пе, сіздің неңіз кетеді? Маған жаныңыз ашымай-ақ қойсын, – деп айтуыма тура келді.

Алматыдан “Желтоқсан” қоғамдық ұйымының өкілдері Бек Сүлейменов, Нұрлыхан Ескендіров сынды жігіттер ат арылта келіп, Бірлік орталау, Киров орта мектептерінің ұстаз-оқушыларымен, ауылдастарымен кездесулер өткізіп, Желтоқсан оқиғасы жайлы түсінік жұмыстарын жүргізуге әрекеттенді. Әрине, бұл кездерде Қайраттың жерлестері салғырт та марғау, қалың ұйқыда еді. Оларды шырт ұйқыдан ояту оңайға түспеді...

Ақырында, ұмытпасам, 1991-жылы ақпан айында болу керек, “Ана тілі” газетінде “Жетісай қаласындағы сая-

баққа Қайрат Рысқұлбековтің есімі берілді” деген атпен шағын мақала жарық көрді. Сол мақаланы алып, Коминтерн ауылдық Кеңесінің төрағасы Ермұрат Асанбаевқа бардым. Ерекең тағы да “ойластырамыз” деп салғырттау жауап берді. Әкімшіл-әміршіл жүйенің ықпалымен “Жоғарыдағы мәртебелі” мырзаларға жалтақтап, ертең қалай болып қалар дегендей сыңай аңғартты.

Көп ұзамай “Көктерек” совхозына тағайындалған деректір Үміткүл Бекбаев өзіне мені шақырып: “Наурыз мерекесіне байланысты ұлттық киімдер тіктіруге Алматыға барып келсеңіз қайтеді”, –деп өтінді. Жас деректірдің ұлтжандылығына ризалық танытып, бірден келістім.

Бірақ астанада іздеген киімдерім табылмай әрі жолым болмай, сасқанымнан Республикалық “Қазақ тілі” қоғам басқармасына ат басын бұруыма тура келді. Өмірзақ Айтпаев, Эрнест Төреханов мырзалар Оңтүстік Қазақстан облысы Жетісай қаласындағы “Салтанат” киім тігетін кооперативте дайын ұлттық киімдер болу керек дегенді айтып жөн сілтеді.

Жетісайға ерекше қуанышпен аттаңдым. Өйткені онда Қайраттың саябағы бар ғой! Негізгі жұмысым біткен соң, аудандық “Қазақ тілі” қоғамы Басқармасының төрағасы Әлібек Мейірбекұлымен кездескенімде, ол да айрықша шаттықпен қарсы алып, Қажымұқан стадионымен іргелес орналасқан Қайрат атындағы саябақты аралатты. Қажымұқан атамызға да, жас боздақ Қайратқа да мәдени- тәрбиелі мәні бар ошақ есімдерін қандай айтыс-тартысты қиыншылықтармен бергізгендерін жан-жақты айтып береді...

Ауылға келген соң аудандық “Мойынқұм таңы” газетінде “Жетісайлықтармен жүздескенде” деген мақалам жарық көрді.

1991-жылы Наурыз мерекесі күндері жақындап қалған еді. Қайраттың бұрынғы ұстазы Сейіткерім Қожаназаровпен Қ. Рысқұлбеков атындағы қорды қалай ашсақ деген ниетімді жан-жақты да, кеңінен ойластыруға талқыладық.

Нәтижесінде, көршілес Бірлік, Биназар, Жасұлан ауылдары тұрғындарының бас қосқан 22-наурыз күні Ұлы тойда арнайы сөз алып, Қайрат Рысқұлбеков атындағы қорды ашудағы мақсатымыз бен бағдарламамызды толықтыра айтып беріп, игі бастаманы халықтық қолдауға шақырдым.

Әрине ол кездерде Желтоқсан оқиғасы десе, Қайраттың аты аталса, кей лауазым иелері әлі де үре, тосырқай қарайтын... Дегенмен де, шама-шарқынша қаржы аударып, қолдаған ақ-жүрек азаматтар табылып, көңілімізді едәуір серпілтіп тастады.

Той тарқаған соң, кешкісін Сейіткерім Қожаназаров

екеуіміз Қайраттың ата-анасы мен туыстарына соғып, Қордың ашылғандығы туралы ескерттік. Қайрат атындағы қорды ашу әуелі оның рухына байланысты атқарылатын игі шараларды ұйымдастыруға белсене ат салысу үшін қажет екендігін түсіндік. Анасы Дәметкен шын көңілімен ризашылық сезімін білдірді.

Көп кешікпей, Сәкең Қайрат Рысқұлбековтің Семейдегі мәйітін алу, жерлеу, басына ескерткіш орнату және оның есімін мәңгі есте қалдыру шараларын қолға алу үшін қор ашуға аудан орталығына арнайы барып қайтты. Сан салалы жұмыстың ішінде жас ақындар айтысын, түрлі спорттық жұмыстар, т.б. игі істер өткізіп тұру мақсаты да бар еді. Міне, осы міндеттерді саралай келе халық депутаттары аудандық кеңесі атқару комитеті мынандай қарар қабылдады:

1. Аудандық коммерциялық агроөнеркәсіп банкісіне (Т. Мұстапаевқа) Қайрат Рысқұлбеков атына жеке дербес есеп шот ашылсын.

2. Мойынқұм аудандық ішкі істер бөлімі Қайрат Рысқұлбеков атындағы қорға, Қазақстан Республикасының Гербілі мөріне, бұрыштық штампына рұқсаты берілсін.

Халық депутаттары аудандық Кеңесі Атқару Комитетінің
Төрағасы Қолы. Ә. ӘЙТІШЕВ.

Халық депутаттары аудандық Атқару Комитетінің
Хатшысы Қолы. Қ. ІҢКӨРБЕКОВ.

№124 1 сәуір. 1991 жыл.

Бұл ретте Халық депутаттары Мойынқұм аудандық Кеңесі Атқару Комитетінің төрағасы марқұм Әскербек Әйтішевтің де (жол апатынан қайтыс болды) азаматтық танытып, еш дау-дамайсыз бірден келіскенін айта кеткенімнің әбестігі жоқ шығар. Сол уақыттарда көптеген лауазым иелерінің екі жүзді, жалтақ іс әрекеттеріне қарасақ, Әсекеңнің бұл қамқорлық көмегі атап өтерліктей ерлікке пара пар еді. Ә. Әйтішев кейіннен де игі істің барысында ақ жүрек, дархан жан екендігін анық дәлелдеді.

Қор ашылып, жұмысы қолға алынысымен мерзімдік басылымдарда көптеген материалдар басылды. Олар мыналар:

1. Қайраттың қоры ашылуда. “Алматы ақшамы”. 15.05.1991-жыл.

2. Қорға 2700 сом “Мойынқұм таңы”.

3. Училищеліктер 741 сом аударды. “Мойынқұм таңы”. 3.03.1992-жыл.

4. Қыршын жастың құрметіне “Алматы ақшамы” 20.05.1992-жыл.
5. Өз отбасынан 1000 сом “Мойынқұм таңы”. 21.03.1992-жыл.
6. Қорға – 300000. 19.02.1993-жыл.
7. Қайрат қорын қолдаңыздар “Азия” 1993-ақпан.
8. Спасибо за поддержку “Знамя труда”. 16.02.1993-жыл.

Мәкен Уақтегі.

“ЫЛҒИ СЕНІ ІЗДЕП ЖҮРЕМ...”

... Бүгін тағы да сені түсімде көрдім. Сол баяғы жап-жас, күлімсіреп қараған, аңқылдаған ақжарқын қалпың... Екеуіміз тағы да сол күндердегідей ұзақ әңгімелестік. Көз алдымыздан өткен күндер жыртылған парақтай ұшып жатты, ұшып жатты...

... Қапырық, қараңғы КПЗ-ының тар камерасы, күн сәулесі өлімсірей түскен торлы терезе, тілгілеген төрт қабырға, сонда тағдырдың дәм-тұзын бірге тартқан мазасыз күндер біртіндеп ұзап бара жатса да, бірдеңе ұмыт қалғандай, артыма жалтақ-жалтақ қарайтын болдым. Тіпті, кейде сол бір күндердің жүрекке қатты батыра салған терең жарасының орны шым... етіп ауырып, олардың бәрін ұмыттырмай келеді. Менің мынау кішкене жүрегім дүрсілдей соғып тұрғанда, сол бір арыма тиісе, жер-жебіріме жете қорлаған сөздерді қалай ұмытамын? Қалай ұмытылар екеуіміздің тар қапаста бір жапырақ қара нан мен ыстық суды бөліскен күндеріміз, түнімен дөңбекшіп, жамбасқа батқан сүр еденде өткізген түндеріміз.

Қайрат! Екеуіміз айрылысар соңғы күні тергеуге кетіп бара жатып, артыңа қараған бейкүнә жанарың, мына ыңырсыған қатыгез дүниеден шындық тілеген күнәсіз көзқарасың менің санамда мәңгілікке орын алыпты. Сол күннен соң мен сені көре алмадым. Бір көрсем деп тіледім. Сені асау сезімдердің аптығын басқан түрмелерден, көңілдерді күйзелткен колониялардан іздей бердім, іздей бердім... Сөйтіп, содан бері сені іздеумен келеді екенмін. Тіпті, сол маусым айындағы газет сөзіне сенбедім, сенгім де келмеді. Сен біздің жанымызда жүргендейсің, Қайрат! Неге үндемейсің? Алғашқы сол қатал, қатыгез, әділетсіз шешімді оқығанда, төбемнен жай түскендей есеңгіреп қалып, қолым-

дағы газетті мыжғылай беріппін... Аз ғана күн бірге болсақта, туған інімдей бауыр басып кеткен сені оңдай жамандыққа қимадым. Дәл сол сәтте өз өксігіме өзім тұншығып тұрып, сенің тұнығыңды лайлаған, аппақ жүрегіңе қара күйе жағып, өміріңе қол сұққан қайырымсыз, тасжүрек жандарға қарғыс айттым. Дәл сол сәттен бастап мен мына жыртқыш заманда шындық бар екеніне сенуден қалдым.

Есінде ме? Сол бір Желтоқсанның 16-сы күні бүкіл қазақ халқының жаңды жерін кенеттен басталған пленум шешімі қамшымен осып– осып өткені. Үлкендер тағы қамшыға мойынсұнып, жауырындарын төседі. Ал жастардың енді мұндай қорлыққа шыдағысы келмеді. Өз ойын айтуға, шындығына жетуге алаңға келмеді ме? Сонда кім түсінді, кім тыңдады бізді? Қайта “халықты қорғайтын” армиясын төккен жоқ па? Ақ қар, көк мұзда тастай су шашып, қыздарымызды ұрып, итке талатқаны да намысқа тимей ме? Ұясынан құлап түскен балапандай жаутаңдап, алақандай Алматының көшелерінде көмек сұрап, сергелдеңге түспедік пе? Сол күні шындық іздеп, сергелдеңге түскен жастардың бір бөлігі Жазушылар одағына барғанда, екінші қабаттағы терезеден егіле жылап тұрған орта жастағы қазақ әйелін байқағаным бар. Бүкіл жан-дүниесімен бізді түсінген ананың көз жасы, дәл сонда ұясына жылжыған сұр жыланнан қорқып, безілдей шырылдаған бозторғайды көз алдыма әкелгендей болды. Бірақ оның қорғансыз шырылы өкімет құлағына жетуші ме еді? Тіпті, үміттенген үлкендеріміздің өздері іштей аласұрғанымен, жетпіс жылдай әбден сіңген жалтақтық желкеден тұтқыртып, тұрғызбай қойған жоқ па? Кейбір “белсенділер” көзге түсіп қалу үшін, бізді “ұлтшыл”, “бұзақы”, “нашақор” атандырып жібергендері де рас, сол сөз әрбір қадамымызға шөгірдей қадалған жоқ па? Осындай кезеңде алдына жан салмай “аттаңдаған” кейбір ағаларға шынымен-ақ ашынасың ғой. Ана отырған “жылы орындары” халықтың қасіретінен артық болғаны да!

Содан кейін “алаңға шыққан бұзықтарды” жаппай аулау басталды емес пе? Бұл сорақылық фашистердің коммунистерді құдалауынан асып түспесе, кем түспеген сияқты. Мені сенен сәл ертерек, желтоқсанның 24-інде-ақ жұмыстан желкелеп әкетті. Ары қарай өмірі естімеген, арнамысқа тиіскен қорқаулар, қолыңды шырқырата кескен кісеңдер, шындыққа сенбеген қатыгез адамдар... Екеуміздің бір-бірімізді жұбата, көңлімізді көтеруге тырысқан сөздердің, күніміз бен түніміз бірдей қап-қараңғы түнектеріміз – бәрі қазіргідей жадымда. Тіпті соттағы: “кім

шақырды сендерді? Тып-тыныш ұйықтап жатқан қаланы дүрліктіріп...”, - деген ызалы дауыс құлағымда әлі ызындап жүр. Сол “тып-тыныш қалада” қазақтардың бәрін бүгін санасак, 22-ақ процент болатыны, қазақ жастарының баспана іздеп, “жетім бұрышты” жағалап жүргенін оқымайды дейсің бе? Өздеріңнің “мәңгүрттеніп бара жатқаны, жергілікті қазақ жастарының қазақшаға мүлдем мақұрымдығы да сол “тыныштықтың” арқасы шығар. Сонда қарулы солдаттардың күзетуімен темір торлы қорапта келе жатып, торлы терезеден аппақ қарға бөленген түнгі Алматыға, мұң-мұқтажы жоқ адамдарға қарап, шындығы жоқ мына өмірден қатты түңілдім. Соттағы: “...айыпталушы Аймаханов Құттыбек Әуелбекұлы бес жыл бас бостандығыңнан айрылып, өтеу мерзімі қатаң тәртіпті еңбекпен түзеу колониясына жіберілсін”, - деген қатал дауыс жүрегіме мәңгі қатып қалғандай.

Сөйтіп, кеше ғана арманға толы ойларым быт-шыт болып, темір торда бұлқынды да қалды. Міне, солай жағаға толқын лақтырған балықтай ешкімге керексіз болып қалдық. Онсыз да жаралы жүректі жаралай береді... Тіпті, Жамбылға тиіскенде: “Сен бе Совет өкіметіне қол көтерген? Сендер түгіл 100 есе күшті немістерің де тас талқан болған. Маған ерік берсе, қабырғаға көзіңді бақырайтып қойып атып тастар едім”, - деп кіжіне айқайлаған совет офицерін көрдік қой. Сол қазір кездесе, көзіме тура қарай алар ма екен? Мықты деген Одағының қабырғасы шытынап жатқан жоқ па?

Қайрат, бүгін сен тағы түсіме кіріпсің. “Рысқұлбеков” деген ызғарлы дауысқа дір еткендей, орныңнан ақырын тұрдың. Темір есікке жете қараған жүзіңнен шаршағандықты, салқындықты көрдім. Тағдырдың қатты ағынына қарсы жүзіп келе жатсаң да, бір сәт миығыңа күлкі үйіліп, “әлі талай кездесеміз” дедің де, иегіңді көтеріп қалдың. Қара есік сенің бейнеңді мәңгілікке жұтқандай. Бірақ күні бүгінге дейін күлімсіреп шыға келетіндей жан жағыма елегзи, іздей қараймын...

Содан бері төрт жылдан астам уақыт өтіпті. Өмір өтіп, заман өзгеріп жатыр. екеуміз сыз камерада армандаған күндеріміз ақырында шуағын шашып, қатып қалған бойымызды жылытпақшы болды. Бірақ тура бүгіндері сенің қасымызда жоқтығың есіме түссе, бұла сезімдерім өткенге қарай сүйрелей жөнеледі. Сол бір күндері қатыгез тағдырдың қақпанына түскен “желтоқсандықтар” түгелдей дерлік темір тұғырды талқандап, еркіндікте, ашық аспан астында еркін самғап жүр. Лайым қанаттары талмасын дейік! Тек өзіңмен

бірге сотталған, жазаңның ауырын алған Түгелбай Тәшенов қана темір торда сарылып, бір жақсылықтың келерін дәмепіп, тағатсыздана күтуде. Осы жақында өткен желтоқсанның төрт жылдығында, сол баяғы алаңда, сол оқиғаға қатысушылар, “желтоқсандықтар” өз қолымызбен тақтаны ілдік. Өмір осылай өзгеретінін сол кезде ойладық па? Ертеңінде сол бір халқымызға алғаш рет дем берген қаралы күнге арналған қаралы жиын болды. Рас, онда да Бакудегі қаралы күнге жиналғандай қарақұрым халық болмады. Тек онда жүрегінде намыс оты бар, халқымыздың қайғысына қабырғасы қайысып, желтоқсан оқиғасына қатысушыларға бір сәт бас иіп, тағзым ету үшін саналы азаматтар бас құрады. Сол күні кешке күндізгі болған жиыннан бұрынғы желтоқсан оқиғасын ой тізбегінен өткізіп, троллейбуста ойланып келе жатқанда, кенеттен шыққан бір топ қазақ жастарының маңсаңдау дауыстары ойларымды шашыратып жіберді. Бәрі біз секілді жас. Орысша өлеңдерді барқыратып, бүкіл троллейбусты басына көтерді. Мына дүниеде, өздерінің шуылдап жүрген Алматысында не болып жатқанынан мүлде бейхабар сияқты. Міне, елінің ертеңін көркейтер замандастарымыздың түрі. Тіпті былтырғы мамыр айында бостандыққа жау-таңдап көмек күтіп отырған бауырымызды шығарып алу үшін аштыққа отырғанда, бір қазақ жігітінің: “Қайдағы біреулер үшін өз өмірлерімен қоштасып, ақымақтар”, – деген кекесіні жүрекке бойлата ұрған пышақтан әрмен тиді. Оларға не дерсің? Халқына деген титтей сезім болса, осылай айтар ма еді? Кешегі анау Мәскеуде өзін өзі өртеген литвалықтың жан дүниесін түсіну қайда оларға? Өйткені олар өз еліне деген, өз халқына деген махаббат бар екенін сезбейтін де шығар. Олар үшін мұның бәрі құр ақымақтық. Өйтсе де: “біздің қазақтың басы өмірі бірікпейді. Болмайтын нәрсеге алаөкпе болып” дегендей, тып-тыныш “ұшып келер бақ құсын” күтіп жата береміз бе?

Сол кезде не бары 21 жаста едің-ау. Егер күні бүгінге дейін арамызда жүргенде, наурыздың 13-інде 25 жасқа толғаныңды атап өтер ме едік. Сонау ғұмыр қыршынынан қиылып түсті. Біреулер жері кеңіп қалғандай, отырған орнында қуаныштан қопаң-қопаң етіп қозғалып қойса, біреулер қайғыдан қан жұтып, зар иледі де қалды... Тыңдашы, ұзақ сергелеңнен кейін елге оралғанымды, Анаммен алғаш қауышқан сәтімді айтып берейін.

Ол күні менің ойымда ештеңе жоқ, алаңсыз жүргенмін. Кенеттен жеткен хабар жүрегімді бір тылсым күш лықсытып жібергендей болды. Өз құлағымға өзім сенбедім. Шынымен-ақ

бәрі де өте шыққаны ма? Шынымен-ақ менің екі жарым жылым мына қоршаудың ар жағында өткені ме? Бәрі де түс тәрізді. Бірақ сол сәтте менің бойымда қуаныштың бір түйірі де болған жоқ. Тура солай болуы керек сияқты болып көрінген. Жол-жәнекей де мен өзіме-өзім келе алмадым. Тіпті, Алматыда қарсы алған достарыммен де салқын амандастым. Артымда ұмыт қалған бірдеңе бардай ұйқылы-ояу хал кештім. Осы бір сананы жеген ойлардан ауылға барғанша құтыла алсамшы. Міне, мектеп пен үйдің арасын талай-талай тоздырған көшем... тозыңқырап, кішірейіп кеткендей. Міне, біздің үй, әне менің үш жыл бойы жете алмаған жан Анам. Менің үйді айналдыра қоршаған шарбақты ашқанымды да сезген жоқ. Бірдеңелерді іздеп, күйбеңдеп жүр. Менің жөткірінген даусымды естіді-ау ақыры, жалт қарады. Бірақ арамыз алшақ болғандықтан, онша тани да алмаған сияқты. Өзінше күбірлеп сөйлеп, бері қарай жүрді. Тек жақындағанда ғана: “Әй, бұның шашын алдырып тастағаны несі?” деген сөзін естіп күліп жібердім. Осы кезде таныды-ау, егіле келіп бас салды...

Қайрат! Өзіңмен сөйлесемін деп отырып, барлық ішкі мұңымды ақтарып салған сияқтымын. Қанша дегенмен бастан өткен соң, саған айтып отырмын. Ал сен болсаң, үндемейсің! Тура баяғы қалып: күлімсіреп қойып, ақырын тыңдап жатырсың. Тындасаң, тыңдай берші, тек енді қайтып менің көз алдымнан кете көрмеші!

Жан бауырым, Асыл інім Қайратым!

ШЫНДЫҒЫМНЫҢ ШЫЛДЫРЛАҒАН ШЫНЖЫРЫ...

Осы ғасырдың басында болған 1916-жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен кейін, кеңес үкіметі жылдарында-ақ бар қасіретке куә болған ұлы қазақ даласы, араға жетпіс жыл салып, 1986– жылы желтоқсан айында тағы бір рет дүр сілкінді. Сол бүкіл әлемге үлкен өзгеріс әкелген атақты Желтоқсан оқиғасы көптеген адамның көз жасын арқалап, тарих қойнауына кетіп барады. Ал біздер әлі күнге дейін соның шындығына түгел жетіп, ақ қарасын анықтай алмай келеміз. Иә, соңғы жылдары ол күндер туралы көп айтылып та жатыр. Бірақ одан ешқандай қорытынды шықпады. Әйтеуір, газет бетіне жазғанымызға мәз болып, Желтоқсан сөзін дүниеге жайған, кезінде қуғын-сүргіге ұшыраған ұлқыздарымызға ешқандай да көмек көрсете алмай, басылып

қалдық. Керісінше, соған тікелей қатысы барлар жазықсыздарды жазалап, Желтоқсанның ыстық қанына қолдары былғанған нағыз жазықтылар қайтадан бас көтеріп, сайран салып жүр. Өткеніміздің жоқтаушысы бола алмасақ, болашағымыз бізді кешірмесі сөзсіз. Тіпті, азаматтарымызды ақтай алмай, Түгелбай Тәшеновтей жазықсыз сотталған бауырымызды шығара алмай жатқанда, Желтоқсан оқиғасын ақтадық деуіміз, құр әншейін бос сөз. Басталмай жатып жайбарақаттыққа салынуымыз қайбір жетіскендік дейсің! Кезінде Бүкіл әлемге жар салып, тұтас бір халықты “ұлтшыл” деп байбаламдаған Мәскеудегі “басшылар” оны үн-түнсіз сыза салғаны жүрегімізді бір тіліп өтті. Өз қателігін дер кезінде мойнына алып, кешірім сұраудың өзі үлкен ерлік екен-ау! Сонда қазақ халқының алдында кешірім сұрауды да өздерін ар санағаны ма? Шынымен-ақ, біздің құлақ кесті құл болғанымыз ба? Сонда да намысы жоқ, жан-жағына жалтақтап жаман үйренген кейбір ағайындар орнынан қозғалар емес. Тіпті, “Алматы қаласындағы 1986-жылғы желтоқсанның 17-18-інде болған оқиғаларға байланысты жағдайларға түпкілікті баға беру жөніндегі комиссияның тұжырымдары мен ұсыныстары туралы” Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1990-жылы қыркүйектегі белгілі қаулысының өзі түкке аспай, әркімнің аяғының астында жатса, қалғанымызға не жорық? Заң дегенің орындалу үшін шықпай ма? Әлде тағы да қазақ халқын алдау ма? Сенген үкіметіміз жалпақ мөрін басып, бәрін біттіге санап жылы жауып қойса керек. Ал халық болса, жазықтылардың жазасын алып, жазықсыз зардап шегіп, қуғын-сүргінге ұшырағандардың әділетті түрде ақталуын күтіп “екі көздері төрт болуда”. Кезінде “ұлтшыл” атанған тұтас бір халық бұған көз жұмып қарамаса керек. “Тіріге тірі күнінде құрмет көрсете алмасақ, өлгенде тұрғызған алтын сарайымыздың құны көк тиын” демекші, бүгінгі күніміз үшін бүгін күресейік, ертең сол күндердің елесін қуып, тентіреп кетпейік. Тек осындай сәтте елдің арқа сүйер игі жақсылары шөпке түскен инедей, ізімқайым жоғалып кеткені бар.

Сол бір желтоқсан күндері кездейсоқ алаңда болып қалған таныс бір ағаңның мына бір сөздері есімнен кетпейді:

“... Мені ұстап алып, темір қорапқа кіргізгенде, Дауытов деген қазақ милиционер “қолға түскен” қаракөз қазақ қыздарының кеуделеріне, етегінің астына қолдарын тығып, мәз болып жатыр екен. Адам болып жаратылғалы мұндай айуандықты көрмеген мен: “ей, хайуан, тоқтатсаңшы!” – деп айқай салғанымда, жемтігін көрген қасқырдай, өзіме бас

салып, есімнен тандырып тастады”. Міне, құлақ естімеген мұндай сұмдықтың қаншасы әлі де іште айтылмай жатыр екен. Ал әлгі Дауытов сияқты ар-ожданнан ада болған арсыздарды қара жер қалай көтергеніне, қазір арамызда ұялмай-қызармай қалай жүргеніне миым жетпей-ақ қойды. Ал біздің осындай қандыбалақтардың қылмыстарын жасырып, әлі күнге үн-түнсіз жатуымыз олардың одан да бетер жауыздықтарға баруына үлкен себеп боларын неге түсінбейтінімізге таңым бар.

Осы жақында кино үйінде “Жарияланбаған демонстрацияның хроникасы” филімі өз тұсауын кесті. Сол филімді көріп отырып, тағы бір нәрсе көңілге көлеңке түсірді. Филімде сұрақтарға жауап берген көптеген қазақ азаматтары: “Қайтеміз, бұйрық солай берілді”, -деген жаттаңды сөздерін қайталай береді. Ау, сонда бұйрық болса, туған анасын атып тастар ма еді? Осындайда кейбір биік мінбелерден сөйлеген екінші бір ағайындар: “Ол кезде бүйттім, сол кезде сүйттім”, – деп өзінің “ерліктерін” мақтанышпен айтып, қанды оқиғадан енді бедел жинағысы келетіндері байқалады. Ұлтқа деген, халқына деген кішкене бір ыстық сезімі бар адамдар бұлай айтпаса керек.

Бүгін де Желтоқсан оқиғасы толығымен ақталды деп даурығып жүрміз. Ал дәл осы мезетте сол оқиғаға тікелей қатысы бар азаматымыз Түгелбай Тәшенов темір торда “өз жазасын” өтеп жатқаны қаперімізге де кірмейді. Кезінде қатыгездікпен, қаталдықпен жүргізілген үстірт айыптаудың салдарынан Қайрат Рысқұлбековпен бірге 15 жылға сотталған сол азаматымыздың бар өмірін ойран етіп, ата-анасын өксіткен қаралы күндердің ауыр жүгі бәріміздің мойнымызда екенін ұмытпайық! Желтоқсан оқиғасына дейін “Алматы отделстрой” тресінде балташы болып істеген Түгелбай – ешкімге қақ-соғы жоқ, өзімен өзі жүрген момын жігіт. Бәріміздің жүрегімізді шарпып, намысымызды қоздырған сол оқиға таза жүректі Түгелбайды да алаңға сүйрегені рас. Ол да бәріміз сияқты өзіміздің дәрменсіздігімізге, шарасыздығымызға ызалана жылаған еді. Енді келіп бүтіндей бір халық үшін жаламен кеткен “жалғызымызды” арашалай алмағанымыз бетімізде дақ болмай ма? Өзгелер өгесіткен бауырымызды өзіміз өзекке тепкеніміз бе? Сонау Қарақалпақстаннан жерім, елім деп келгенде, ата-бабасының туған топырағында тағдыр тәлкегіне түскені жанымызға батады-ақ.

“Көре-көре көсем боласың” дегендей, көре білгеніміз көп болса да, әлі күнге шындықтың бетіне тура қарай алмай келеміз. Әйтпесе, жоғарыда жазылған қаулыдай заңы-

мыз шығып жатса да, шын ақиқаттың қайда жатқанын іздеп сабылар ма едік? Осы жақында жол түсіп, “Желтоқсанның” құрбаны Қайрат Рысқұлбековтің ауылында болып қайттым. Қайраттай балапанын үлкен өмірге аттандырған ауыл, сол қасіретті көтере алмай, үнсіз мұңайып жоқтап жатқандай. Жап-жас болса да мына қатыгез өмірден өз бақытын таба алмай, рақымсыз адамдардың қанды қолынан құрбан болған жас Қайрат талай асыр салған көшесі де сол бір әділетсіздіктен басын көтере алмай, бұйығы хал кешіп, бізді көңілсіз қарсы алғандай. Өткенде Республикалық баспасөз беттерінен Қайраттың туған ауылындағы мектепке Қайрат есімін беру туралы мақаланы оқып, қуанып қалып едік. Алайда оның бәрі сөз жүзінде ғана болып шықты. Ауыл басшылары істі созбалап, сонау Алматыдан “рұқсат” күтіп отыр екен. Мектеп мұғалімдері мен оқушыларының талаптілектеріне жүрдім-бардым қарап келген ауылдық Кеңестің төрағасынан неге мектепке Қайрат есімін беруді кешеуілдетіп жатқанын сұрағанымызда: “Алдымен Рысқұлбеков ақталсын, әйтпесе, халық әлі қылмысы толық ақталмаған адамның атын қойды деп сөз шығарып, баланың есіміне дақ түсіреді”, – деп тартқыншақтап отыр. Міне, осылай бүкіл республика біліп, дүние жүзіне кеткен Қайрат есімінен өз жерлестері сезіктеніп отыр.

Иә, “қайта құрудың” алғашқы революциялық дүмпуі – Желтоқсан оқиғасы – күн өткен сайын бізден ұзап барады. Бірақ көз алдымызда сол күнгі жасты жанарлар, сұсты жүздер... Елес қуып сол баяғы алаңға қайта-қайта баратын болдым. Ештеңе өзгермеген. Биік үйдің бұрышында орнатылған ескерткіш тақта өзіне қарай шақырғандай болды. Кенет сол тақтадан жүздеген, мыңдаған адамның айқайлаған, шырқыраған, жылаған дауыстары естілгендей болды. Үнсіз тағы оқыдым.

“1986-жылғы 17-желтоқсанда осы алаңда әкімшілдік-өміршілдік жүйенің өктемдігіне қарсы демократиялық наразылық білдіру болды.

Бұл оқиға туралы естелік халықтарды бірлікке және ынтымаққа шақырсын!”

Біреулер тақтаның бетіне бояу шашып кетіпті. Сірә, Желтоқсан оқиғасының шындығын жасырғысы келетіндердің ісі болар. Бірақ бүкіл дүние жүзі танып, қолдаған, қазақ халқының Мәскеу отаршылығына қарсы көтеріп, империяның қабырғасын қақыратуға әрекеттенген Ұлы оқиғаны өз елімізде жасыру еш жүзеге аспайтынын түсінер уақыт жетті емес пе?!

(1962-жылы туған. Құттыбек Аймаханов Желтоқсан оқиғасына қатысқаны үшін 5 жылға сотталған. 1991-ж. толық ақталды. Құрылысшы).

МЕНИҢ ЖАНЫМ АМАНАТ

Эссе

Түрме! Түрме! О, құдайым, мен саған не жаздым! Мына сұрланған төрт қабырғаға еріксіз қамалып, еркіндігім тұсалып, даусым тұншығып, қанатым қайрылатындай! Тұзаққа ілінген сарауыз балапандай шыр-шыр етіп зар қағатындай! Дүниеге жаңа көз ашқан жас сәбидей өмірдің қадір қасиетін енді-енді ұғынып, аяғымды апыл-тапыл басып келе жатқанымда, алдымнан осындай алып тосқауыл кез келіп, қара дүлей саясаттың ықпалында қисынсыз жазаға ұшырап, арманға толы ғұмырымның сағаты келте қиылатындай!

Менің бар жазығым жүрегіме адамгершілігімді ту етіп, адамның ар-ожданына, ерік-жігеріне, құқына теңгерушілікпен қарап, өз білгендерінше билік құрып, үстемдік жүргізген әкімшіл топтың қанқұйлы әрекетіне қарсы наразылығымды білдіріп, теңдігімді сұрап, азаматтығымды қорғап, алаңға барғаным ба? Менің бар жазығым “Ана!” деп ардақтаған, әйел деп қастерлеген, әсемдігі мен сұлулығын жыр еткен, өмірге жаңадан гүл ашқан бейкүнә пәк бой жеткенді адам ғұрлы көрмей, тас әсфалттың үстімен шашынан ұстап сүйрелеген адам тектес хайуаннан арашалап, қорған болып, болысқандығым ба?

Бүкіл тіршілік пен табиғат, адамзат жаратылғалы бері адамның даму сатысы қандай дәрежеде екені белгілі. Мен мына жендетке қарап тұрып: “Адам әлі де болса аңдық құлықтан түгелдей арыла қоймапты-ау!” – деп іштей өкіндім. Ал көздеріне, әсіресе көздеріне қарағанда, мен өкінбек түгіл, шошындым. Төбе шашым тік тұрып, жан дүнием мұздап кетті. Мен өзінің мына қылығына титтей де болса қымсынбайтын, қайта, сүйрелеген сайын көздері шоқтай жанып, бейне жанына жағымды іспен айналысқандай ләззат алған қаныпезер жауызды көрдім. Тұла бойым түршігіп, дірілдеп, қалшылдап кетті. Тап қазір мен мына жанарды жаулап алған жауыздың отын өшіріп тастасам, ол бүкіл әлемге жайылып, адамзат атаулының бәрі дәл осындай қалыпқа айналып кетерліктей жанталаса қадам бастым. Бойымды алапат күш билеп, оның қайдан келгені белгісіз (бәлкім, санамды билеп

алған қорқыныш-үрейден болар), алып ұрып, алқымынан езгілей беріппін. Тек бір сәт, бір сәт ұясынан шығып кетердей, адырайған жанарға көзім түсіп кетіп, селк еттім. Үрейден ессізденіп, көр-ұқпандай қос нұқат бауыздаған қойдың жанарындай мәңгіріп, не үшін жазаланып жатқанын түсінбейтін есуастың назарындай, мағына-мәнсіз тесірейіп қалған. Кішкентайымнан адамды пір тұтып өскен мен мына мүсәпір сиқынан шошынып, состиып тұрып қалдым. Көкейімдегі бір асыл затымды жоғалтып алғандай, ішім удай ашып, құ медиен далада жалғыз қалған ботадай аңырап, әуре-сарсаңға түстім.

Міне, сонда ғана мен бізге мынандай мәңгүрттерді айдап салған олардан еш жақсылық күтуге болмайтынын түсіндім. Міне, сонда ғана мен олардың сөзіне еріп, теңдігін сұрап, көшеге шыққан мына адамдардың жас баладай алданғандарын біліп, ішім уылжып, жылап тұрдым.

Демократия мен теңдікті, жариялылықты әспеттеген олар өздерінің алғашқы қадамдарымен-ақ сол демократия мен теңдікке, жариялыққа қастандық жасағандарын сезді ме екен.

Себебі өзге халықтың ой-пікірін білмей, сол халықтың еркіне қатысты әрекетті ескерусіз жасау нағыз дүмшенің ісі немесе сол халықты менсінбеушілік болып табылмай ма?

Адамзат жаратылғалы бері оның тарихында мұндай қисынсыздық болды ма екен?! Бұл – тек басқыншы мен жаулап алушының басында болатын қанқұйлы саясат. Ал өзге халықтың көзін бояп, өз ырқында жүргізу нақ осы саясаттың туындысы болып шыға келмей ме?

Себебі ең ақыры алғашқы қауымдық кезеңнің өзінде де адамдар көсемін өз ортасынан сайлаған. Олар өз түсінігі бойынша “Өз ортаңнан шыққан адам сен сияқты, сені өзіндей түсініп, сенің өркендеу жолыңда жан сала қызмет қылады” деп білген.

Ал біз сонда олардан кембіз бе? Көзі ашылмаған, көркөкірек наданбыз ба? Өзін өзі басқара алмайтын сана-сезімі төмен жартыкеш жабайымыз ба? “Халық” деген атаудың ұғымына сай келмейтін шашырандымыз ба?

...Е, Халқым менің, тура осы сөзге келгенде, менің ойым меңірейген алып қабырғаға соғылғандай тоқырап қалады, себебі халықтың халықтығын айқындайтын – тілі мен салт-дәстүрі. Тілі мен салт-дәстүрі жоқ халық болашағы жоқ, мақсат-мұратсыз, ойы түнек, өзгенің жетегімен жүретін кем ақылмен тең. Біздің жағдайымыз да нақ осы күйге жеткен секілді. Өйткені өз тілімізді менсінбей, салт-дәстүрімізден

жирендік. Халқымыздың қолынан іс келмейді деп қарадық. Өзге тілді пір тұтып, марапаттап, басымызға көтердік. Қолынан іс келеді деп, бөгде елдің тірлігіне қызықтық.

Сөйтіп, сан ғасыр бойы елдігін сақтаған, маң даласына жау жуытпай, аrojданын жоғары ұстаған ата-бабалар ерлігіне нұсқан келтірдік. Оқу оқып, білім алып, сана-сезіміміз кемелденген сәтімізде көкірегімізге құрт ұялап, елдігімізге іріткі түсті, оқымыстылығымыз үдеп, білімдарлығымыздың асқаны соншалық, өз тілімізде ойымызды жеткізе алмай, өзге тілде шешенсіп сөйлеуге көштік.

Сөйтіп, тіліміз өз жерінде теңдік ала алмай, шетқақпайға ұшырады.

Міне, осылардың бәріне саралай қарап, шынымен-ақ, біз “халық” деген атаудың толыққанды мағынасына сәйкес келе алар ма екенбіз деп ойладымыз. Өйткені кейбір ұлт үстемдігін танытып, басқа ұлттарды жаншып, “ұлы” жетістіктерге жетіп жатқанда, біздің халық бар болғаны әділдігін сұрап, алаңға шыққан жастарын қорғай алмай, бүгежек қақты.

Алуан түрлі беделі бар үлкен мансап иелері алдыңғы қатар ағалар өмірді әлі жөндеп біле қоймаған, тек көзге бадырайып көрініп тұрған әділетсіздікке жаны шыдамай, албырттықпен, жастықпен “от басқан” ізбасар інілеріне қорған бола алмай, аузын бұған өгіздей қорғалақтық танытты. “Ер туғызбаған ел жетім” деген баба нақылы даналығын, міне, осында бір көрсетті. Кешегі от боп өткен Тұрар аға, Сәкендерден кейін бұл елдің маңдайына ер бітпегені белгілі болды. Себебі ертеңгі жалғасы – ізбасар ұрпағы оққа байланғанда көкірек тосып, қорған болар бір ер шықпаған соң одан не үміт, не қайыр!

Түрме, түрме. О, халқым менің, өмірде бір гүлі ашылмаған жас ұрпағың жазықсыздан-жазықсыз қапаста отыр. Қанаты қайырылған құстай жас жүрегі еркіндікті аңсап, жарық дүниеге мың ұмтылар. Кеудесін қақ жарып, мынау зорлықшыл әлемнен жарықтап, сонау тұңғыықты аспан әлемінде еркін құстай самғап ұшар күн туар ма екен, шіркін!

Дүниеде кінәсіз жазаланғаннан артық қорлық жоқ екен. Өзіңе өзің сыймай, жарылып кете жаздайсың. Не ұғар адам жоқ, не естір құлақ жоқ мына тас керең, мылқау дүниеде жандүниең өліктей сазарып, құлазып кетеді екен. Мен бұрын өмірін өлімге қиған адамдарға таң қалушы едім. Енді таңданбайтын болдым. Адам құны түкке татымайтын мына өзімшіл қатыбас заманда сенің өлімің шыбын шаққан ғұрлы болмайды екен.

Мен өлемін. Бұл – айқын. Тек менің жаным өмір сүреді.

Ол адамдар санасында, қорған болуға шамасы келмей қан жылағандардың көзінде, қолдан келе тұра қыңқ етпеген жалтақтар көкейінде тас болып кептеліп тұрады. Он екіде бір гүлі ашылмаған албырт жасты оққа байлап беріп, құрбандыққа шалған үлкен ағалар арына менің жаным аманат! Жәудіреген қос қарашығым өлілердің тұрағы – сонау тұңғиықтан менің аманатым көз жасымның ақысы ақталғанша бейкүнә, пәк көзқарасыммен бірге қиылып қарап тұратын болды. Елі үшін, ұлты үшін өктем күштің уысында ел басқарған ағалары үшін жан пидаға басын иген, еркек тоқты құрбандық ұлдарын халқымның ұмытпасына мен сенемін.

Аманғали Молдабаев

1995-жылдың сәуірі

МЕКТЕПКЕ ҚАЙРАТ ЕСІМІН БЕРГІЗУ БІР МІНДЕТ ЕДІ...

Қайрат қоры ашылғанымен, негізгі міндетіміз – қаһарман жерлестеріміздің есімін өзі оқыған мектепке және бір көшеге бергізу.

Осындай игі мақсаттарға қол жеткізу үшін, қор Басқарма мүшелері кеңінен кеңесе келе, 1991-жылы аудан орталығы Фурмановкада 8-мамырда өтетін жас ақындар айтысына Қайрат қорынан ақшалай сыйлықтар тағайындауды жөн деп таптық. Тұңғыш өткізілгендігіне қарамастан, кішігірім мерекеден кем емес дәрежеде, өте тартымды да қызғылықты аяқталған балғын өнерпаздар сайысында талантты жас ақындар: Абай орта мектебінің оқушысы Ғазиза Естаева мен Бірлік орталау мектебінің оқушысы Перизат Оспанқұлова-ларға 30 сомнан ақшалай сыйлықтар тапсырдық. Осындай қуанышты сәтте әйгілі Желтоқсан оқиғасының қаһарманы Қайрат Рысқұлбековке ескерткіш орнату, ақындар айтысы, түрлі спорттық жарыстар, т.б. игі шаралар өткізіп тұруға арнайы есепшот ашылғанын хабарладым. Көптеген көрермен шама-шарқынша өз үлестерін қоса білді. Ал осы ақындар айтысында Жамбылдан ат арылта келіп қатынасқан, облыстық Мәдениет бөлімінің сол кездегі меңгерушісі Әлібек Әмзеев мырза өз қалтасынан қаражат қосып қана қоймай, сол жылдың желтоқсанының 27-28-жұлдызы күндері ауданымызда Қайраттай Халық ұлының рухы құрметіне облысаралық ақындар айтысын ұйымдастыруға тікелей өзі мұрындық бола білді...

...Айтулы мерекеден бір-екі ай бұрын Бірлік орталау мектебінің ұстаздары және оқушыларымен ақылдаса келе, егер арамызда тірі жүргенде 1991-жылы 13-наурызда жасы 25-ке толатын Қайраттың туған күніне байланысты көпшілік жиынын өткізген болатынбыз. Оған “Желтоқсанның” жігіттері Нұрлықан Ескендіров пен Бек Сүлейменовтер қатынасып, өз ойларын ортаға салды. Біздің мақсат-мүдделеріміз бойынша, Қалдықан Ақмурзин бастаған шәкірттер айтулы білім ордасына жас боздақтың есімін бергізуді бастама ретінде көтерді. Бұл тек оқушылардың ғана емес, Раушан Асқанбаева, Ләззат Исақова, Тынышкүл Нүсіпбекова, Әсет Даниярова сияқты ұстаздардың да қолдауына ие болды.

Көп ұзамай мектептің мұғалімдер Кеңесі және Мойынқұм ауданының әдебиет пәні ұстаздарының бас қосқан мәслихатында Бірлік орталау мектебіне Қайрат Рысқұлбеков есімін бергізуді жақтап, Жоғарғы орындарға сұраныстар жібердік. Бұл туралы “Алматы ақшамы” және облыстық “Ақ жол” газеттері дер кезінде материалдар жариялады.

Бірақ ауданымыздағы бұрынғы Компартияның идеология басшылары: “Қайрат әлі заң жүзінде ақталған жоқ, оның есімін мектепке беруге болмайды”, -деп қарсылық көрсетті. Оның үстіне Киров орта мектебінің бұрынғы деректірі Иген Ақылбаевтың есімін орталау мектебіне бергіземіз деген қарсылас ағайындар тобы пайда болып, олар да едәуір кедергі келтірді. Оларды Алматыдан қолдаған зиялы ағаларымыздың да хаттары аудандық “Мойынқұм таңы” газетінде жарияланып жатты. Коминтерн ауылдық кеңесінде болып өткен жиында екі жақ ауыл ақсақалдармен кездесіп, пікірталасқа түсті. Бүгінде Қайраттың есімін халқымыз, оның ішінде ұлтжанды да ақжүрек азаматтар ту ретінде көкке көтере бастағанын аудандық “Қазақ тілі” қоғамы Басқармасы атынан сөз алған кісілер қаншама уәж айтып, түсіндіргенімізбен, қарсыластар тобы бой бермеді. Олар Қайраттың ата-анасына байланысты жұрт қалай ойлайды деген сенімсіздік білдірді. Ұстаздардың кейбірі бұл жолы жалтақтық танытты. Солардың ішінен Раушан Асанбаева мен Әсет Даниярова ғана бізге ашық қолдау көрсете білді. Ал бірліктегі ән-күй мектебінің деректірі Қалибек Шайжанов:

– Сіздер, неге Иген ағайды алдыға тарта бересіздер? Пионерская көшесі бұдан былай сол кісінің есімімен аталатын болды ғой, – деді ашынып. – Біз Қайратты болашақ ұрпақтарымызға, өз балаларымызға үлгі етуіміз қажет. Осындай айтыс-тартыспен керілдісіп жүре берсек, Қайрат-

тың есімін өзге мектептің бірі алып кетеді, – десе де, алқалы жиын дұрыс шешімге келе алмады.

Ара-тұра телефон арқылы астанадағы Мұхтар Шахановпен де хабарласып тұрғанбыз. Ол кісі де анық-қанығын білдіргісі келді ме әлде үлкен хабар ұйымдастыруды жоспарлады ма, көп кешікпей “Барыс” киностудиясының режиссері Қалыбай Әбенев, “Сана” газетінің сарашысы Д. Тәлібаев және Желтоқсан оқиғасына қатынасқан Құттыбек Аймаханов, т.б. жігіттер ауылға келді.

Әлі де жоғарыға жалтақтайтындар жетерліктей еді. Сонда да мектеп ұстаздарын және оқушыларды жинап, мектептің есімін Қайратқа бергізу жөніндегі пікірлерін бейнетаспаға жазып алды. Ауылдық кеңестің төрағасы Ермұрат Асанбаев, орынбасары Балтабек Таубалдиев, Ақсақал Қожағұл Толыбаев, С. Қожаназаров т. б. азаматтар жүректарды ойларын ортаға салды.

Кейіннен Қалдыбай Әбеневке жолыққанымда, қаржы тапшылығына орай сол түсірген бейнетаспалар бойынша үлкен деректі хабар етіп, жарыққа шығара алмағанына реніш білдірді.

Күзге қарай Бірліктегі “Ақсақалдар кеңесі” мүшелерінің отырыс-мәжілісінде Бірлік мектебіне Қайраттың есімін бергізу мәселелерін қайта қозғадым және оның ата-анасы тұрып жатқан Совхозная көшесін оның атымен өзгертуге ел болып ықпал етулерін өтіндім.

Бұрынғы жиындарға денсаулығына байланысты қатынаса алмай жүрген “Ақсақалдар кеңесінің” төрағасы Тасболат Іңкәрбеков:

– Біз ауылдың баласы болғандықтан, Қайратқа мән бермей, немқұрайдылық танытып жүрміз. Оның рухына бас иген жетісайлықтар атын саябаққа берсе, Жамбыл қаласының маңындағы Жамбыл қызылша совхозы да бір көшесін Қайраттың есімімен атапты. Біз болсақ, әлі де ары тарт-бері тартпен жүрміз. Енді ұятқа қалмайық десек, осы жиында оң шешім қабылдап, тиесілі орындарға қаулы жіберейік, – деген еді кесіп-пішіп.

Жиналысқа қатынасып отырған көпшілік осылайша сыйлы да беделді ақсақалдың айтқан бөтуәлі уәжінен аса алмай, бір ауыздан оңды шешім қабылдауға мәжбүр болды.

Мәкен Уақтегі

ҚАЙРАТ – ХАЛЫҚ БАТЫРЫ

Қара сөзде де, қара өлеңде де алдымызға жан салмаған халықпыз. Мұндай өнердің ұшқыны қанаты қайырылған қыршын жас Қайратта да бар екен. Тірліктен түңіліп, түрмеде жатса да жан сырын, ойы мен арманын ақ қағазға түсірген оның қалың дәптері мен хаттарын кісілігі бар қайырымды ішкі істер қызметкерлерінің бірі ата-анасына табыстапты. Төмендегі өлең осы дәптерден... Төрт аяғынан тік тұрған жыр демелік. Сөйтсе де бұл жыр уақыттың, ақиқаттың айнасы іспетті.

– Темір тор, жамбасыма тақымдайсың,
Өзіммен бірге туған жақындайсың.
Телміріп, темір торға қаматқанша,
Сүм дүние бұл жалғаннан неге алмайсың?
Ауылда жақсы екен ғой салған әнім,
Қу тағдыр татырды ғой түрме дәмін.
Қайдағы пәлеқорлар пәле жауып,
Жазықсыз қылмыскер боп кетті сәнім.
Тас төбе, төрт қабырға, темір төсек,
Ас берер ортасында жалғыз тесік.
Күніне ұстатары үш тілім нан,
Өлмейтұғын саған тиер осы нәсіп.

Мамыр, 1987-жыл.

1986-жылы желтоқсан оқиғасының жазықсыз құрбаны Қайрат Рысқұлбеков жоғарыдағы өлеңін “Түрме жыры” деп атапты. Иә, Қайрат түрме тауқыметін әбден-ақ тартты. Сол бір қиын оқиға оның анасы Дәметкен мен әкесі Ноғайбай және бауырлары Есентай, Талғат, Ришат, Алтай, Гүлнәр, Клара, Меруертке де оңай соққан жоқ. Шаңырақтарының шаттығы болған Қайраттың күні кеше Новотроицкідегі Шәкіров атындағы мектеп-интернатта тәрбиеленіп, Киров атындағы орта мектепті тәмәмдағаны, комсомол комитетінің хатшысы болғаны... бәрі зиялы ананың, абзал әкенің көз алдында... Тіпті, әскердегі соңғы айларда, яғни 1986-жылғы наурыз айында подполковник Хачатурян қол қойған алғыс хат та...

Қайратты қақпанға түсіріп, қолына кісен салу 1987-жылдың жаңа жыл қарсаңында Фурмановка селосында жүзеге асты. Ал Алматыда жүргізілген тергеу жұмыстары Дубаев секілді тергеушілердің шаш ал десе, бас алатындығын көрсетті. Қазақ топырағында қанат қаққан демократияны жүзеге асырушы, жариялылықтың жанашырлары Т. Тәшенов, Ж. Тайжұмаев, Е. Көпесбаев, Қ. Күзембаев сынды жастар-

дың бірі Қайрат та ауыр жаза арқалап кете барады. Соңғы тергеу анықтаулар бойынша телеорталықтың инженері Савицкийді өлтірген басқа біреулер, ащы шындықты айтсақ, ол өлімге өзі барған. Естуімше, марқұм Савицкий телеорталық маңында кезекші де болмаған деседі. “... Дүниедегі ең жаман нәрсе – күдік. Бұл шаққа дейін мен тыныстаған күндер мен кешкен тіршілік онша ұзақ емес. Бірақ күрделі, аумалы-төкпелі, бұралаңы мен шырғалаңы да бірқатар... Осынау нақақтан күйген үш айдың ішінде мен шерменде күдік дегеннің не екенін білгендей болдым. Тірі кісі үшін, әсіресе өзін жазықсыздан жазықты сезінуден жаман нәрсе жоқ”, – деп жазыпты өз күнделігінде Қ. Рысқұлбеков.

Қайраттың қайсарлығы, батырлығы, ең бастысы – әділеттің ақ жолын пір тұтқандығын әр басылымдар там-тұмдап жазып көрсеткенімен, дәл Жамбыл облысының “Ақжол” газетіндей ешкім жазбағаны басы ашық әңгіме. Осылайша еліне, ерліктің үлгісі етіп көрсетуге ол тұратын азамат еді. Қайрат Рысқұлбеков Қазақ ССР Қылмыстық істер кодексі 173– бабының бірінші тармағы бойынша ату жазасына кесілді. Іле-шала үкім 20 жылмен алмастырды. Сөйтіп, совет сотының кесапаты бір жастың өмірден ерте кетуіне түрткі болды:

– Қалдырып жаны мәңгі жас ұлынды,
Күпия шерттім осы жан сырымды.
Хош енді жолықпасақ, қайран ана,
Көзімнен ақжаулығың жасырынды.
Қайран анам, күзеткенің түгел ме?
Көктерек те жазықсыз екенімді біле ме?
Бейшаранды мазақ етіп жоқ әлде–
Сағандағы елің, жұртың күле ме?–

дейді Қайрат. Желтоқсан жаңғырықтары еске түскенде есімі тілге оралар қыршын жастың қайғысы – қасіретіміз. Енді оңдай сәт қайталанбаса екен деп тілейік. Алайда...

Жақында ғана жұмыр жерді дүр сілкіндірген оқиға Москвада демократия жеңісін қорғау жолында қаза болған Дмитрий Комарь, Илья Кричевский, Владимир Усовқа Совет Одағының батыры атағы беріліп, от басына ай сайын мың сом көлемінде зейнетақы тағайындалуы ойланарлық нәрсе.

Ата жұртымызда айқай сала егемендік, жариялылық жайлы дауыс көтерген жастар үні ұзақ жыл партияның берекесіз билігі нәтижесінде ескерусіз келді. Әйтпесе, қазақстандықтардың қаһармандық қарсыласуы москвалықтардан несі кем еді? Сол бір қиын қыстау күндері бізді қорғайтын әскерлер әкемізді таныта жаздады емес пе? Тегеуірңді қарсылыққа,

күшке қарсы азаматтар сол кезде табылғанына тәубе дейміз, қаза болғандарға тағзым етеміз. Сонымен бірге республика өкіметі басшыларынан “Қазақ Халық Батыры” атағын тағайындап, оның бірін Қайрат Рысқұлбековке беруді өтінеміз.

Жолдасбек Дуанбаев

РЫСҚҰЛБЕКОВ ЕСІМІН БЕРУ КЕРЕК

Жариялылыққа тұсау салған үш күн еліміздің дамуына мүлде жаңа өзгеріс әкелгенін сезіп жатырмыз. Балтық республикалары тәуелсіздігінің ресми түрде мойындалғанын, енді Орта Азия республикаларының шынайы егемендікке ұмтылғанын көріп әрі қызығатынымыз да рас. Біздің республикамыздың әлі де Одақ пен орталыққа жалтақтауы көш соңында қалып қойған момақан қозының тірлігіне ұқсайды. Ең болмаса Қазақ республикасы деп атымызды жариялай алмай отырғанымыз намысымызға тиеді-ақ.

Тағы бір айтпағым мынау еді: күні кеше ғана Россия ақ үйінің алдында мемлекеттік төңкерісті айыптап, жариялылықты қорғау кезінде құрбан болған үш жігітке Совет Одағының Батыры атағы берілгенін жақсы білеміз. Россия президентінің көрсеткен үлгісін әбден қолдауға болады.

Ал осыдан бес жыл бұрын Алматыда, яғни 1986-жылғы желтоқсанда елімізді тоқыраудың қалың ұйқысынан оянып, жариялылық деп алғаш үн қатқан қазақ жастарының ерлігін өз республикамыз үкіметінің дәл осылай бағалауын жұртшылық күтіп-ақ отыр. (“Еркіндікті аңсаған ерлерімізді есте ұстайық” “Алматы ақшамы”, № 206 (196)).

Солардың бірі – ұлты мен елінің намысы үшін бас имей өткен Қайрат Рысқұлбеков сынды асыл боздағымыздың есімін қастерлеу. Осы орайда қолға алатын игілікті іс – астанамыздың қақ ортасындағы Коммунистік проспектісіне Қайрат Рысқұлбековтің есімін беру.

Біріншіден, коммунистік деген сөздің қазір дабырайып айтылмайтынын көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың бәрі біледі. Коммунистік партияның да беделден жұрдай болып, тірлігін тоқтатқанының куәсі болдық емес пе? Ендеше, коммунистік атауының егеменді республика астанасының қақ ортасынан айқайлап тұруының реті жоқ.

Екіншіден, Коммунистік проспекті Қайрат сияқты асыл

ұлдарымыз ұрандап шығып, жариялылық пен демократияның туын тіккен Республика алаңына (сөз реті келгенде, бұл алаңды Азаттық алаңы деп атауды ұсынамыз) тіреледі.

Үшіншіден, өзінің аз ғана ғұмырында Қайрат оқуға түсер кезінде де, каникул уақытында да, ауылдан қайтқанша да екінші Алматы вокзалынан түсіп, осы Коммунистік проспекті арқылы өзі оқитын институтына талай рет жүргені анық. Желтоқсанның қанды күндерінде де жастар осы проспекті арқылы алаңға беттеді емес пе?

Олай болса, Коммунистік проспектіні Рысқұлбеков есімімен атауға ешкім дау айта алмас деп ойлаймын. Бұл ұсынысты “Алматы үй құрылысы комбинаты” жобалау-құрылыс бірлестігі “Қазақ тілі” ұйымының мүшелері түгел қолдап отыр. Біздің бірлестікте Рысқұлбеков оқыған Алматы сәулет-құрылыс институтын бітірген мамандар аз емес. Олардың бәрі осы институтқа да Рысқұлбеков есімін берсе артық болмас деген ұсынысты қолдайды. Осы айтылған ұсыныстарды астанамыздың барлық тұрғындары қолдайды деп сенеміз және Алматы қалалық Советінің оң шешімін күтеміз.

Сәдуақас Жұбатов

АТЫ ЖОҚ АУЫЛ НЕМЕСЕ МОЙЫНҚҰМ АУДАНЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫНА ҚАЙ АТАУ ЛАЙЫҚ!

Мойынқұм – тарихи өлке. Ол аты айтып тұрғандай, кеңірдектен құм, соғымды сары дала емес, Мойынқұм – ықылым заманнан бері халқымызға ырзық әкелген берекелі, бай алқап. Осы бай дала соңғы жылдары адамдарға тағы да талай тосын берекенің бетін ашты. Алтын, көмір кеніштері жұмыс істеп тұр. Мұнай, газ, металл көздері табылып жатыр. Құмды жер үшін аса қажет жерасты тұщы суының мол қоры табылып, ол игілікке асып келеді. Төменгі Шу бойының қатпар-қатпар тұзы бүкіл облыс пен Алматыны, одан қалса көршілес Қырғыз елін қамтамасыз етуге жетіп жатыр.

Негізгі өсімдігі сексеуіл болып келетін бұл алып дала ғасырлар бойы Мойынқұм деген атауды жеке-дара иеленіп келген еді. Қазір Мойынқұм атауымен түрлі мекемелер мен құрылымдарды атауға тым ұйырсектік байқалады. Осы арқылы Мойынқұмдай ұлы атаудың бағасын түсіріп алып жүрген сияқтымыз. Сөйтіп, алып Мойынқұм майдаланып, күн сайын бөлшектеніп барады.

Міне, бір жылдан астам уақыттан бері бір Мойынқұмның пайда болған сыңайы бар. Ол аудан орталығы – Фурманов ауылының жаңа атауы. Шыңдығында, бұл әлі даулы, толық заңдастырылмаған атау әрі көпшілік көңілінен шықпаған, халық қабылдамаған, сәтсіз таңдалып, шағын топ қана шешкен талғамсыз атау. Олай дейтініміз – Фурманов атауын өзгерту туралы аз айтылып, аз жазылған жоқ. Аудандық “Мойынқұм таңы” (көрдіңіз бе, тағы да Мойынқұм) және Жамбыл облыстық “Ақ жол” газеттері беттерінде бұл жөнінде айларға созылған, облыс жұртшылығы ат салысқан пікірталас болды. Біраз атаулар ұсынылды. Көпшілікке Шопан ата және Желтоқсан құрбаны Қайрат есімі лайықты көрінген. Әйтсе де, халық пікірімен санасу мақсатында өткізілген ауыл тұрғындары жиындарында бұл атаулар қолдау таппады. Олай болуы заңды да еді. Өйткені мұндай жиындарда ауылға “өздерінің” бір адамының атын беріп қалуға тырысқан топтар ортақ бір мәмілеге келе алмады. Және мұндай жиындар жариялы өтпеді, жиын болғандығы жайлы көпшілік соңынан газет хабарларынан ғана біліп отырды. Сөйтіп, ауыл атаулы талас күйінде қалды да, ондай жиындардың бірі Фурманов ауылдық кеңесін Наурыз ауылдық кеңесі деп өзгертумен ғана шектелді.

Мұндай айтыс-тартыстан жалыққан ономастика комиссиясы мәселені белден басып, өз бетінше шешім шығарды. Олардың ойлап тапқаны ауылды Мойынқұм деп атау болыпты. Кейін бұл шешім сол кездегі аудандық, облыстық Кеңестерде құпталғанмен, республика Жоғарғы кеңесінде қолдау таппады. Демек, ауылымыздың аты өзгерді деп айтуға құқымыз жоқ. Соған қарамастан мекемелер мен ұйымдар мөрлерін, маңдайша жазуларын Мойынқұм ауылы деп өзгертіп те алды.

“Соншама дау-дамай туғызбай-ақ, өзінің тарихи атауын бере салмайсыңдар ма?” – деушілер де табылды. Бүкіл ауыл болып, көнекөз қарияларды тыңдап, осы маңның тарихи атауын таба алмадық. Дәл қазіргі аудан орталығы маңын бұрын ит мұрыны өтпейтін қалың қамыс пен тоғай басып, арасында дала арланы мен жолбарысы жортып жүретін болғандықтан ба, ата-бабамыз қоныс етпепті. Төменіректегі және сәл жоғарырақтағы кей жерлердің атауы бар, ал дәл осы жер не қыста, не жазда ешкімге мекен болмаған. Тек сонау Қазан төңкерісінен кейін Ресейден жер аударылған бір топ мұжық, қаптаған аңы мен балығына қызығып, осы маңды тұрақ етіпті. Мекен ретінде Фурмановтың да тарихы сол тұстан басталды. Фурмановты осы күнге дейін тұрғы-

лықты қарттардың “Көләйіп” атайтыны бар. Бұл ағаш мекендеушілердің ауылды Гуляев деп атағандығынан. Сондықтан бұл маңның алғашқы атауы керек болса, онда – Гуляев. Бірақ айдаладан қаңғып келген бір мұжықтың атымен атауға намысымыз жібере қояр ма екен?

Осы жерде өз ойымызды да білдіре кеткенді жөн көріп отырмыз. Біздіңше, ауылға Қайрат есімін беру өте лайықты сияқты, Қайрат Мойынқұмның төл түлегінің есімі. Әрі қаһармандығымызға құрмет, әрі құлаққа жағымды естіледі. Бүкіл қазақ халқының намысын көтергенде, қабырғасы қайыспаған Қайраттың бір ауыл атын арқалауға шамасы жетпейді деп ешкім де айта алмас. Басқа жақтарда есімі құрметке бөленген Қайратқа біз – ауылдастары – соншалықты ықылас таныта алған жоқпыз. Танытсақ та, айтыс-тартыстан кейін, әліптің артын бағып, Қайраттың рухын мазалап, кешіктіріп барып, көңілсіз ғана ықылас білдіргендей боламыз. Олай болса, халық қабылдамаған, Жоғарғы Кеңесте бекімеген Мойынқұмның орнына Қайрат есімі сұранып-ақ тұрған жоқ па?!

Рахан Мумеев,

Қазақстан журналистер одағының мүшесі.

“Халық кеңесі” № 17-18 ақпан, 1995-жыл.

ҚАЙРАТ – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ТУЫ

Ойды ой қозғайды демекші, жуырда баспасөз беттерінен көкшетаулықтар А. Бегеев пен Т. Бейсенбаевтің Алматыдағы 1986– жылы әйгілі Желтоқсан оқиғасының жазықсыз құрбаны, жерлесіміз Қайрат Рысқұлбековке “Ұлттық батыр” атағын беру керек деген ұсыныс-пікірлері айтылған мақаласын оқып, қолыма қалам алып отырған жайым бар. Расы керек, бұл мақала кеудемде әбден шемен болып қатқан, бірақ сырт қа шығара алмай жүрген жайды дер кезінде қозғағандығымен құнды. Шынында, осы біз несіне жалтақтаймыз, қала берді кімнен қорқамыз? Құдайға шүкір, баяғыдай әр басқан ізімізді аңдып, сәл қия бассақ, “өз жолына салып жіберетін” орталықтың озбыр өктемдігі жоқ. Өз алдымызға тәуелсіздік алып, жер шарындағы барлық мемлекеттермен тең дәрежеде сөйлесе алатын жағдайға жеттік. Алайда әлі де болса қанға сіңген жалтақтығымыздан арыла алмай келеміз. Басқасын былай қойғанда, мынау орыс халқынан неге үйренбеске? Айтайын дегенім, өткен жылғы “Тамыз

төңкерісі” кезінде шейіт болған үш азаматтарына тіпті жер-лемей жатып-ақ “Батыр” атағын беріп жіберген жоқ па? Кәне кім сонда оларға: “Ау, бұларың қалай?” – деді.

Неге екенін қайдам, алыстағы көкшетаулық ағайындар біздің жерлесіміздің жоғын жоқтап жазған мақаласын оқып отырып, мен сондай ойға қалдым. Оның үстіне сол мақаланың авторларының бірі, еңбек ардагері Т. Бейсенбаевтың, Қайрат Рысқұлбековтің суретін көргендегі жүрегін жарып шыққан зарлы өлеңі сай-сүйегімді сырқыратты:

– Көзіңнен айналайын төңкерілген,
Көрікті қабағыңнан көмкерілген.
Жанарың алға ұмтылып, атылып тұр,
Сұмдарың өткеніндей өңменінен, –

деген жыр жолдары өлеңге қойылар барлық талапқа сай келмегенімен де, шырылдаған шындықты айтуымен, шынайылығымен құнды.

Ал сол Қайраттың көз жұмар алдында жазған мына бір өлең жолына зер салып байқасаңыз, көп жайды аңғармайсыз ба?

...Қайрат деген атым бар,
Қазақ деген затым бар.
“Еркек тоқты күрбандық”,
Атам – десең, атындар! –

деген жолдарының өзі-ақ оның адамыйлық болмысын ашып, халқы үшін қандай тозақтың оты болса да күйге бар екендігін біздерге де жеткізіп тұрған жоқ па?

Рас он екіде бір гүлі ашылмай жатып мерт болған Қайрат Рысқұлбековке халқының көрсетіп жатқан қошамет-құрметі, былайша қарасаң, аз емес те сияқты. Солай бола тұра осынау боздағымызды қастерлеуде олқы соғып жатқан жеріміз бар. Соның бірі – “Ұлттық батыр” атағын беру. “Өлі риза болмай, тірі байымайды” дегенді ұмытпайық.

Қанша Сәлімбаева,

Ленин атындағы совхоздың аға шопаны,
“Шу өңірі” газеті, 21-ақпан, 1992-ж.

СЕН БІЗДІҢ ЖҮРЕГІМІЗДЕСІҢ, ҚАЙРАТ...

Жуырда Шу мен Мойынкұм ауданы “Қазақ тілі” қоғамдарының ұйымдастыруымен ауданымыздың орталығындағы Сәдуа Шәкіров атындағы мектеп-интернат оқушыларының 1986-жылғы Желтоқсан оқиғасының құрбаны болған Қайрат Рысқұлбековтің әкесі Ноғайбай Рысқұлбековпен кездесуі болып өтті. Кездесу нақ осы мектепте өткізілді. Сөйтсек, оның да өзіндік себебі бар екен. Қайрат Рысқұлбеков 1973-1981-жылдары осы мектеп-интернатта жатып оқыпты. Тіпті Қайраттың өзінен кейінгі бірге туған бауырлары да осы білім ордасынан түлеп ұшқанын естігенімізде, кеудемізде мақтанш сезімінің кернегені де рас.

Кездесуді мектеп-интернаттың деректірі Әуесхан Садыров аша келіп, оқушылар үшін осындай тәрбиелік мәні зор жүздесу ұйымдастырып отырған “Қазақ тілі” қоғамының мүшелеріне, қадірлі қонақтарға алғыс айтты.

Бұдан кейінгі сөз кезегін алған Мойынкұм аудандық “Қазақ тілі” қоғамының жауапты хатшысы Мәкен Уақов Қайраттың қысқаша өмірбаянымен, Кеңес Армиясы қатарында әскери міндетін өтеп жүрген кезде сол әскери бөлімшенің ата-анасының атына келген хатпен жиналғандарды таныстыра келіп, былай деді:

– Әрі жерлесім, әрі бірге туған бауырымдай болып кеткен сүйікті Қайратымыздың ақтығын, кінәсіздігін, оның жазықсыз жаланың құрбаны болып отырғандығын айтып, аудандағы басшы азаматтардың талайының есігін тоздырдық. Сонда олардың ең болмаса біреуі сөзімізге құлақ асса, айналайын дейді екенсің ғой. Халқының қамынан гөрі қара бастарының қамын көбірек күйттеп кеткен, өзінің көлеңкесінен қорқатын сол әкімшіл-әміршіл аппараттың белсенділері: “Мәке, асықпаңыз, ақырын күтейік, кім біледі?”– деумен шығарып салып, жүйкемізді жұқартты. Сөйтіп жүргенде Шымкент облысындағы Жетісай қаласындағы саябаққа Қайраттың есімін бергенін ести сала әлгілердің алдына тағы бардым. Міне, тек осыдан кейін ғана сен қозғалғандай болды. Бірліктегі орталау мектеп Қайрат есімін иеленді. Енді аудан орталығы Фурмановка селосына Қайрат есімімен атауды сұрап, жоғарғы жаққа қатынас қағаз жібердік.

Сондай-ақ сөз алған Қайраттың ұстаздары, аға тәрбиеші Т. Ебеева, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.М. Поласкалина, қазақ тілі әдебиеті пәнінің мұғалімі Б. Қасымбековалар өз сөздерінде Қайраттың алғырлығы мен сабаққа

деген зеректігіне, ақын жандылығы мен мейірбандылығына тоқталса, 9 класс оқушысы, оқу озаты Бибінұр Садуақасова бүкіл оқушылар атынан жақсы оқитындықтарына, халқының мақтанышына айналған Қайрат оқыған мектеп атына кір келтірмейтіндіктеріне уәде берді.

– Ұлымның ауылға соңғы рет келгендегі бейнесі әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді, – деп, бастады өз жан тебіренісін Қайраттың әкесі Ноғайбай Рысқұлбеков. Сол жолы ол өзінің туып-өскен үйінің қасиетті қара табалдырығын соңғы рет аттап отырғанын білметті ғой. Халқыма, сол халқымның жарық жұлдызы, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов ініме алғыстан басқа айтарым жоқ. Ұлымның жазықсыздығын айтып, халқы төбесіне көтеріп жатыр. Сөйтіп, Қайрат бүгінде жалғыз менің ғана емес, халқының аяулы перзентіне айналды. Бұл біз үшін де мәртебе. Алайда жанымды қинайтын тағы бір жайтты айтпай кетпесем болмас. Ол – ұлымды халқы ақтап жатқанмен, әлі де заң жүзінде толық ақталмағандығы болып отыр. “Құдай-ау, ұлымның түбіне ақыры жетіп тындыңдар ғой, енді ең болмаса оны заң жүзінде ақтап берсеңдерші. Қайратым тым болмаса ана жақта тыныш ұйқтасын”, – деп, талай заң орындарының табалдырығын тоздырып, лауазымды адамдардың да алдынан өттім. Бәрінің де айтатыны бір-ақ сөз: “Әлі де анық-қанығына жетуіміз керек”. Міне, ақыры бәрінен түңілген соң Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа Қайрат ісінің қайта қаралуына тікелей жәрдем беруін өтініп хат жаздық. Ендігі бар үмітім сол президентімізде болып отыр. “Аққа құдай жақ” дегендей, мен ұлымның ақталатынына түбі сенемін.

Сол жерде өзгелерді қайдам, Қайраттың әкесінің сөзінен біздің төбе құйқамыз шымырлады. Неткен әділетсіздік десеңші!

Апыр-ау, біз қандай қоғамда өмір сүріп келгенбіз? Жетпіс жылдан астам уақыт біз дүние жүзіндегі ең әділ де, өркениетті елде өмір сүріп жүрміз деп, өзімізді алдап келіппіз ғой. Көзімізді ашқаннан “Адам адамға дос, жолдас, бауыр” деген жалған ұғымды жамыла жүріп, бір-бірімізге ор қазып, өзге өлмесе өмірем қалсын, өзім аман болайын деп, қарақан басымыздың қамын ғана күттеп кетіппіз. Мейірімнен жұрдай, тасбауыр қоғамда өмір сүріп келгенімізді енді ғана түсініп келгендейміз. Басқасын былай қойғанда, Қайратты жерлеуге әке-шешесін жібермей қойғанын, жіберу былай тұрсын, олардың атынан: “Біз қатты қайғыдамыз, бірақ жерлеуге бара алмаймыз”, – деп жалған жедел хат жібергенін қалай түсінеміз? Ең болмаса ұлын ақтық сапарында бір көру-

ге зар болған, ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген анасының жайын неге ойламадық?" Ұлымның түбіне жеткен қанішерлерді ақ сүтім атсын!" – дейді қара жамылғын әзіз ана бүгінде. Бұл сөзді де қайбір жетіскеннен айтады дейсің? Жаны күйзелгеннен айтады да.

Міне, бұл кездесуден біз осындай ой түйдік. Осы кездесуге қатысқан көпшілік бір ауыздан Қайрат оқыған мектеп-интернат орналасқан Бірінші май көшесін Қайрат Рысқұлбеков атына өзгерту туралы шешім қабылдап, тиісті орындардың алдына қоюға ұйғарым жасады. Оның жоғарғы жақтардан қолдау табарына да сенеміз.

... Неге екенін қайдам, әлі күнге дейін біздің санамыздан Қайраттың әкесіне жазған соңғы хатындағы: "Мен кінәлі емеспін, әкетай-ау, сенсеңіз!" – деген сөзі кетпеді...

Айгүл Қалыбаева,

аудандық "Қазақ тілі" қоғамы төрағасының
орынбасары, Қарсыбек Көпжасаров
"Шу өңірі" 16-желтоқсан, 1991-жыл.

СЕҢ ҚОЗҒАЛҒАН СОҢ...

Қайрат ауыр қылмыс жасады дегенге сенімсіздік білдіріп әрі сол кездегі мызғымай сірескен Коммунистік идеологияның құрсауынан қаймықпай, оның жазасын жеңілдету жайлы сұраныс жасап, 1987-жылы Мойынқұм аудандық мұғалімдердің тамыз мәслихатында үн көтерген оның бұрынғы ұстазы Сейіткерім Қожаназаров сол кезде-ақ, аудан мен облыстың жалтақ басшыларынан қаймықпай, жай-күйлері болмай, берекелері кетіп жүрген Қайраттың туыстарына көмектесе, Жоғары орындарға арыздар мен өтініштерін жазып берумен болды. Інісі Талғатты ертіп Алматыға барып, Республикалық радиодан сөйлеп қана қоймай, қажетті құжаттарын Қадыр Мырзалиевке тапсырды...

Кейін Кентауда, Жаңатаста өткен жиындарда да, Семейде Қайраттың зиратының басына құлпытас қойылғанда да оны заң жүзінде тезірек ақтап қана қоймай, қыршын өміріне қастандық жасаған қандыбалақ қанішерлерді жазалау мәселесін де көтерген еді.

Осыларды жан-жақты сараптай келгенде, Семейлік бауырлардың: "Қайраттың мәйітін қозғамаңыздар, қолымыздан келгенше оны аялап, күтеміз", – деген өтініштеріне

орай туыстары, ауыл ақсақалдары ақылдаса отырып, мынадай шешім қабылдаған едік:

– Біз Қайраттың денесін қозғамай, Семейде қалдырайық. Бірақ ауылда көпшілік болып ескерткіш орнатуымыз аса қажет. Ал егер де қоғамдық ұйымдар қозғау салып, Мұхтар Шаханов сияқты ел ағалары Қайраттың мәйітін Алматыға әкелеміз десе, қарсы емеспіз, -деген тоқтамға келдік. Бұл шешімдер жайлы пікірімізді М. Шахановқа және баспасөз орындарына, Президентіміз Н.Ә. Назарбаев пен Бас Прокурор Ж. Тұяқбаевтың атына 1991-жылы 24-қазанда өтініш хат жолдадық:

Қазақ ССР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жолдасқа Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы, Бірлік ауылы, Тоқсабаев көшесі 17-үйде тұратын азамат Рысқұлбеков Ноғайбайдан

ӨТІНІШ

ҚҰРМЕТТІ НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ!

Өзіңізге мәлім, 1986-жылы Желтоқсанда көптеген қазақтың қыз-жігіті жазықсыз жазаланып, сотталды. Солардың бірі-менің ұлым Қайрат Рысқұлбеков. Заң органдары оны әуелі ату жазасына кесіп, кейінірек 20 жылға ауыстырды.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі құрған комиссия өз қорытындысында: Көптеген қылмыстық істерді зерттеу барысында қылмыстық процессуалды заң талаптары өрескел бұзылғаны анықталды. Қайрат Рысқұлбеков ісінде де осы кемшіліктер бар, – деп тапқан еді. Сондай-ақ осы іспен арнайы танысқан юристрэкспорт, латвия адам құқы жөніндегі лигасының көмекшісі В. Богданов:

– Қайраттың ісі – қолдан құрастырылған жасанды іс, ол желтоқсан оқиғасынан өрбіген барлық істердің өзегі. Сондықтан да бұған ерекше мән берілген. Оның тірі қалуы жүздеген бейкүнә жастарға қарсы ұйымдастырылған қылмыстық процестердің шындығын ашуға себепкер болар еді, – дей келіп, Қайраттың қастандықпен қаза тапқанын жазады.

Иә, Қайраттың өзін өзі өлтіруі мүмкін емес. Қазір бұл істі қайта қарайтын уақыт жеткен сияқты. Кезінде баламның өміріне ара түспек түгіл, сүйегін іздеуге ешкімнің шамасы келмеді. Желтоқсан оқиғасын зерттеген комиссия қорытындысында: “Қ. Рысқұлбековтің ісі қайта қаралсын”, – деген еді. Бірақ бұл мәселе әлі күнге дейін әділ шешімін тап-

пай келеді. Рас, Қайратты халық құрметтеп, дәріптеп жатыр, оған ризамын. Сөйтсе де, оның заң жүзінде ақталмай жатуы көңілімдегі жазылмас жара секілді. Қазақ халқының сүйікті перзентіне айналған сол Қайраттың: “Мен кінәлі емеспін, әкетай-ау, сеніңіз”, – деп жазған ақырғы хатындағы сөздері, шырылдаған үні күндіз-түні маза бермейді.

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Сізден осынау мәселеге ерекше назар аударып, Қайраттың ісінің қайта қаралуына тікелей жәрдем беруіңізді өтінемін, бар үмітім өзіңізде.

Ноғайбай Рысқұлбеков. 24-қазан. 1991 жыл.

Кей азаматтардың наразылықтарына қарамастан, осы хатты Алматыға апарып тапсыруға қаржылай жәрдем бердік.

Көп ұзамай, мектепке де, Гагарин көшесіне де Қайраттың есімі беріліп, қуанышқа бөленген болатынбыз. Бірлік орталау мектебінің маңдайшасында Қайрат Рысқұлбековтің есімі жазылған тақтайша да ілінді...

Енді ара-тұра Ақсақалдар кеңесі жиынында немесе басқа да бас қосуларда болсын, Қайратқа қай жерге ескерткіш орнатсақ деген мәселе көтере бастадық.

Желтоқсан күндеріне 5 жыл толуына орай Семейдегі облыстық “Қазақ тілі” қоғамының жетекшілері мен Спорт комитетіндегі азаматтар Республикалық дәрежеде спорттық жарыстар мен ақындар айтысын өткізбекші болып, Қайраттың туыстары мен жерлестерін шақырған болатын.

Ұлағатты сапарға аттану алдында жолға қаражат алу үшін аудандық Мемлекеттік Банкте кезек күтіп отырғанмын. Сөзден-сөз шығып, Кеңескүл Хасенова атты кассир төтейіміз:

– 1987-жылдың басы болу керек, осы аудан орталығында бір мекемеде қызмет ететінмін, – деп, әңгіме бастады.

– Коммунистік партия бастауыш ұйымның жиналысы өткен еді. Жоғарыдан нұсқау болған болу керек, партком хатшысы бірлікті Қайрат Рысқұлбеков деген балаға арнап:

“Арақ ішетін, бұзық болатын, анаша тартушы еді” деген мазмұнда мінездемелі қаулы қабылдап, жоғарыға жіберуіміз қажет,” – деуі мұң екен, біз үн-түнсіз отырып қалдық. Тек арамызда отырған неміс ұлтының екі келіншегі:

– Біз ол баланы көрген жоқпыз ғой, оның не істегенін қайдан білеміз, қалайша қаралап мінездеме береміз, – дегенде ғана, есімізді жидық. Әйтпегенде, “жоғарыдай мінездеме” жазылып кететін бе еді.

Бірақ ол мекеме жібермегенімен, басқа ұйымдар мұндай науқанға бір кісідей ат салысқанын көп азамат айта баста-

ды. Және де, жоғарыға тиесілі қаралау орындарына сол қағаздардың дөп жеткендігіне Коммунар Табейдің “Қайсар рухты қазақ” атты кітабының 65-бетте жарияланған Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы Мұқашевтің қол қойған қаулысы айқын дәлел бола алады...

“Аққа әрқашанда құдай жақ” демекші, Республика Жоғарғы Соты Пленумының 1992-жылы 21-ақпандағы шешімімен Желтоқсан Қаһармандары: Қайрат Рысқұлбеков (марқұм), Түгелбай Тәшенов, Қайыргелді Күзембаев, Жамбыл Тайжұмаев т.б. толық ақталды. Сен қозғалғандай болды.

Қайраттың ақталу құрметіне әрі оның туған күніне байланысты 13-наурызда Бірлікте үлкен жиын ұйымдастырылды. Мұхтар Шаханов келе ме деген ниетпен аудан басшылары жұртшылықты көршілес ауылдардан да шақырып, орталық клубтың іші-сыртын толтырып, мерекеге жиналғандай құрмет көрсетті. Қор жұмысы жайлы айта келіп, мәжілісті басқарушы аудандық Кеңестің төрағасы Мұрат Сейдалиевтің жанталаса қарсыласқанына қарамастан, көпшіліктің қолдауымен екі жүзді, жағымпаз идеология басшыларының әрекеттерін ашына ауызға алып: “Олар неге Қайраттың туыстарынан, халықтан кешірім сұрап барып, оның рухына бағышталған шараларға араласпайды”, – дедім.

Жиын соңына таман мінбеге шыққан Ж. Орынбаев:

– Бізге жоғарыдан қысым болды, қасымызда МХК-нің адамдары жүрді, сондықтан да солай істеуге мәжбүр болдық, – деді...

...Ұмытпасам, желтоқсанның 19-20жұлдыздары. Ноғайбай аға екеуіміз Семейде Қайраттың рухына арналып өткізілген ақындар айтысынан қайтіп келе жатқанбыз.

Ұйқылы-ояу, тәтті қиялдарға беріліп, ой құшағында жатқанмын. Күн ұясына еңкейіп, ымырт жабылар шаққа жақындаған. Бір мезетте көз алдыма Қайрат елестеп, сұлбасы анық байқалғандай сезілді.

– Шіркін, ол Аллатағаланың құдіретімен тіріліп, КСРО-нің Президенті М.С. Горбачевпен бетпе-бет кездесе қалса, қалай болар екен?– деп ойлағаным мұң екен, жүрегім лүпіл қағып, орнымнан тұрып кеткенімді байқамадым.

Пойыздың селкіліне, Шымкенттік ақындардың шабытты айбарымен шырқаған жыр шумақтарына да мән бермей, қолыма қалам алдым. “Горбачевтің түсі” сонда жазылып еді.

ГОРБАЧЕВТИҢ ТҮСІ

Бірде Михаил өзінің ежелгі қарсыласы Борис Ельцинмен болған кикілжіңнен кейін үйіне шаршап келіп, тіпті Раисаның шәйіне де қарамастан жатып қалады:...

...Қызмет бабымен Кремілге кіре бергенде, тура алдынан орта бойлы, толықша келген, жасы 25-тердегі, көздерінен жалын ұшқындаған, қара торы жас жігіт қарама-қарсы қасқая тұра қалып, былай депті:

– Михаил Сергеевич, 1985-жылы үкімет билігін ала салысымен кімде-кім болмасын өз ойын ашық айтуға хұқылы, бәрін де бейбіт, демократиялық жолмен шешуге болады, жариялылық заманы туды деп жар салдыңыз да, көп ұзамай Қазақстанға қайдағы бір Колбин дегенді әкеліп, халықтың келісімінсіз таққа отырғыздыңыз. Осындай көзбояушылыққа, екіжүзділік саясатыңызға байланысты Алматыда мыңдаған жас бейбіт наразылық митінгісіне шығып еді, оларды құпия түрде, жазықсыздан-жазықсыз жәбірледіңіздер. Сөйтіп, біз сияқты он екіде бір гүлі ашылмаған жастарды озбыр күшпен аяусыз басып-жаншып, Брежнев алаңын қыпқызыл қанға бояттыңдар да, халқыма “ұлтшыл” деп кінә тақтыңдар. Бірақ бұларыңмен халықты үркіте алмадыңдар, біздің бастамамызбен Тбилисиде, Балтық елдерінде, тағы басқа жерлерде де ізгі ниеттегі демократиялық күштер бой көтерді. Олар да қатаң түрде жазаланғанмен, жер-жерлерде ел қамын жеген азаматтар жаңбырдан кейінгі қаптаған саңылауқұлақтай көбейе берді. Ақырында, “өгізге туған күн бұзауға туады” демекші, Мәскеуде тамыз оқиғасы бүрқ ете қалды. Бористің ықпалымен бе, әлде тағыңды аман сақтап қалған соң ба, мерт болып кеткен біздің ізбасарларымызға Совет Одағының Батыры атағын беріп жібердің.

Соңда Горбачев:

– Сен кімсің маған қарсы келетін?! Осы сөздерің үшін жауап бересің, – деп, ары қарай өтіп кетпекші болады. Бірақ жас жігіт одан сескенбей әрі жолын бөгеп:

– Мен қазақ халқының ұлы – Қайрат Рысқұлбековпін, – дейді. – Сендер мені қаралап, өлім жазасына кессендер де, өзімнің елім, жұртым ақтап, рухыма зор құрмет жасап жатыр. Керек болса Халық Батыры атандым. Менің қазіргі беделім дәл сендерден артық. Ал өзің болсаң, бар абыройдан жұрдай болып, енді-енді еңсесін көтеріп келе жатқан, тәуелсіз мемлекетке айнала бастаған тату бірліктегі Қазақстанымның ішіндегі халқыма іріткі салып, оларды ушықтыру ниетте астықты бес облысымызға ауыз сала бастадың. Қазақстанымды қайта қанға боямақ ойың ешқандай іске

аспайды. Сенің арам пиғалыңды қазірде бүкіл еліміз біледі. Енді тек, біз сияқты жазықсыздан-жазықсыз қыршын кеткен жастар мен азаматтардың төгілген қаны үшін халық алдында жауап беріп, қатаң жазалануың қалды... –дегенде Михаил шошып оянып, Раиса Михайловнаға: “Біз қайда жатырмыз осы?”–депті.

“Алматы ақшамы”, 2-сәуір, 1992-жыл

СЕМЕЙЛІК БАУЫРЛАРЫМЫЗДЫҢ ІЗГІ ІСІ

... 1986-жылғы Желтоқсан оқиғасының құрбаны жерлесіміз Қайрат Рысқұлбековтің денесі Семей қаласының маңына жерленген. Оның әкесі Ноғайбай екі рет Семейге барып, әрең дегенде баласының жатқан жерін тауып еді. Ол кейінгі жолыққанымызда: “Баламды дұрыстап жерлемеген де сияқты, басына үйілген топырағынан байқадым. Сонда облыстық “Қазақ тілі” қоғамы өкілдеріне де жолыққанмын. Олар осы күнге дейін жас боздақтың басына белгі орната алмай жүргенін айтып, кешірім сұрап еді”, –деген үлкен өкінішпен.

Осыдан біраз бұрын Шымкент облысындағы Кентау қаласына қарасты Хантағы қалашығындағы Чкалов көшесіне де Қайраттың есімі берілді. Қалалық “Қазақ тілі” қоғамы басқармасының төрағасы Ермек Оразымбетов сондағы “Жансая” шипажайына Қайраттың ата-анасы Ноғайбай мен Дәметкенді арнайы шақыртып, олар қыркүйектің басында сонда демалып әрі емделіп жатқан болатын... Ал қыркүйектің 20-жұлдызында біздің Бірлікке сонау Семейден хат келіпті. Онда былай делінген: “Құрметті Ноғайбай аға! “Еркек тоқты құрбандық” дегендей, халқымыздың тәуелсіздігі, егемендігі жолында өз өмірін қиған Қайраттың рухына құрмет көрсету ісі-қазақ азаматтарының игі борышы. Осындай ақ ниет жолында қыркүйектің 28-жұлдызында ескерткіш орнату рәсімі аталып өтіледі. Туыстары сіздерді соған байланысты шақырамыз. Қай күні неше адам шығатындарыңызды хабарласыңыздар. Жол шығыны мен жатар орындарыңыздың қаражатын өз мойнымызға аламыз.

Семей облыстық “Қазақ тілі” қоғамы басқармасының төрағасы Аман Тілеубайұлы”.

Содан дереу ауыл ақсақалдарымен ақылдасып, Ноғайбай мен Дәметкенге жеделхат жібердік. Ол кісілер келген соң

ағасы Есентай, әпкесі Гүлнәр, жеңгесі Айым және жерлестері атынан мен бірге ілесіп, жолға шықтым. “Көктерек” совхозының басшылары ақшалай қаражаттан көмек көрсетті. Араға бір түнеп, 27 қыркүйекте түсте Ташкент – Омбы пойызынан түскен бізді Аман Тілеубайұлы, доцент, филология ғылымының кандидаты Нәубет Қалиев, Семей теміржол бөлімшесіндегі “Қазақ тілі” қоғамының төрағасы Хамит Сыдықовтар қарсы алды. Содан кейін зират басына барып, өздерінің ізгі істерін көрсетті.

...Көгілдір мәрмәр тастан жасалған құлпытасқа Қайраттың суреті салыныпты да: “Рысқұлбеков Қайрат 13.03.1966ж. Әкімшілдік-әміршілдік жүйеге қарсы күрестің құрбаны, желтоқсан 1986”, –деп жазылыпты. Ал тақта таста:

– Қайрат деген атым бар,
Қазақ деген затым бар.
Еркек тоқты – құрбандық,
Атам десең, атыңдар!...–

деп жазылған. Бұларды оқығанда, көзімізге еріксіз жас келді... Тіпті, арнайы тапсырмамен шойын қоршау да істеліпті.

...Ауылдан шығарда телефонмен хабарласып, шақыртуымызға байланысты ертеңіне Әулиеата мешітінің діни қызметкері Шоқай ата Әлімқұлұлы мен Жамбыл облыстық “Азат” қозғалысының төрағасы Асқар Сырғабаев та түнгі самолетпен ұшып келіпті! Олармен қонақүйде табыстық. Бір айта кететін жай, қауырт жұмыстары басынан асып жатса да, бізді ағайынды Бәтташ, Хамит Сыдықұлылар, Аман Тілеубайұлы, Наубат Қалиев, Күлғайша Кәрібаева барлық ыластарымен кезектесе күтісіп, үнемі жанымыздан табылып жүрді!

Ертеңіне, яғни 28-қыркүйекте, түс ауа атақты Абыралы ауданына қарай шығатын жолда, Семейден атшаптырым жердегі мұсылман зиратына келіп едік, бірнеше мың адам жиналып тұр екен... Қаралы қауышуды Аман Тілеубайұлы ашып, осы игі бастаманы көтерушілердің бірі Наубат Қалиевке сөз берді. Ол тебірене сөйлеп: “Қайрат, егер сен қазір арамызда болғанда, қазақтың қасиетті ұлдары Олжас, Мұхтарлармен қатар жүрмесең де олардың соңдарынан атқосшы болып іселетін бе едің?..”-деді. Онан кейін әкесі Ноғайбай сөйлеп, жиналғандарға баласы туралы көп жайды айтып берді. Ал Әулиеатадан келген Шоқай ата:

– Мен осында шығарда, жұма намазға жиналған бір жа-

рым мың ақсақал: “Біздің атымыздан Қайрат атты баламызға бағыштап дұға оқы”, -деп тапсырып еді деп, үлкен ықыласпен жерлестерінің тапсырмасын орындады. Мұнан кейін “Семей-Невада” қозғалысының мүшесі Жаңыс Тұяқбаев жиналған жастарға арнап: “Қайраттан үлгі алыңдар, арақтан безіңдер, темекі шекпендер, сендер қазақ халқының болашағысыңдар!” – деген тілегін білдірсе, жергілікті ақын Тыныштықбек Әбдікәкімов боздақ жасқа арнаған ішінде мынандай жолдары бар “Шемен-шер” өлеңін оқып берді:

...Мен қайтейін, дүние, ішік, пұлды,
Көре алмаспын, айлы түн, қызық күнді.
Ұлт ұйқысын ұятпен бұзам деп ем,
Ұнжырғамның қылын тек үзіп тындым...

Жиында сонымен қатар облыс басшысының бірі, Семей облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары М. Шайжүнісов сөз алып, былай деді:

– 1986-жылғы желтоқсан оқиғасының жазықсыз құрбаны болып, қыршын кеткен Қайрат Рысқұлбековтің жоғары заң орындары әлі күнге дейін ақтаған жоқ, соған байланысты осы жиында оны түбегейлі ақтап, ата-анасынан, жерлестерінен кешірім сұрату қаулы қабылдасақ!

Сол сияқты, Семей педагогика институтының “Қазақ тілі” кафедрасының меңгерушісі Қиянат Шаяхметов сөйледі, ол осы институттың 1-курс студенті, облыстық ақындар айтысының жүлдегері Айнаш Сейсекенова өз өлеңін оқып беріп, институт атынан Қайраттың үлкейтіліп салынған суретін туыстарына сыйға табыс етті. Қаралы жиынды қорытындылай келе облыстық “Қазақ тілі” қоғамы басқармасы төрағасының орынбасары Бәттеш Сыдықұлы Ахмет Байтұрсыновтың өлеңін оқыды:

– Қазағым елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді оянып!

Мұнан кейін осы қаралы жиында қаулы қабылданып, ол бойынша Президентіміз Н. Назарбаевқа талап-тілек хат жіберілетін болды. Онда мынандай талаптар айтылған:

1. 1986-жылғы желтоқсанда Алматы қаласында момын

қазақтың жасқаншақ қызын арашалаймын деп, нақақтан жауапқа тартылып, Семей түрмесінде белгісіз себеппен қаза болған Қайрат Рысқұлбеков дереу ақталып, оның елі үшін жасаған ерлігі әділ бағалансын.

2. Қазақ елінің егемендігі рас болса, Қайратқа Қазақстанның Халық Батыры атағы берілсін.

3. 8 баланы ойдағыдай тәрбиелеген өнегелі отбасының ұйтқысы Қайраттың әке-шешесіне Қазақ республикасы тарапынан қамқорлық жасалып, құрмет көрсетілсін.

4. Қайраттың ажалына қатысы бар безбүйрек белсенділері күнәкер ретінде жауапқа тартылсын.

Жиынның соңында жас қыршынның бейітіне гүл шоқтарын қойған халық: “Колбин, Елемесов, Соломенцев, Камелиденов сияқтылар жауапқа тартылсын!”, “Желтоқсан оқиғасына қатысқандар түрмеден босатылсын!” деген ұрандармен қалаға шеру тартты. Сонан соң, асханада, қазақ халқының қадірлі ұлына арнайы ас берілді, Аста Семейдегі Әуезов атындағы көшенің атын өзгертіп, Қайрат Рысқұлбековтің есімінің берілгендігі жөнінде қаулы қабылданғаны жарияланды. Ал ұлы Әуезовке басқа көше берілген екен.

Семейлік бауырларымыздың мына ісі бүкіл елді қуанта-тын, сүйсіндіретін жағдай!

Мәкен Уақтегі

“Мойынқұм таңы” газеті,
10-қазан, 1991-жыл.

СЕН МӘҢГІ ТІРІСІҢ ҚАЙРАТ...

Кеншілер қаласының Мәдениет сарайына кіреберістегі үлкен полотно көпшіліктің назарын бірден өзіне тартады, Кен шебері, жергілікті суретші Мырзахан Сариевтің “Алматы. Желтоқсан оқиғасы” атты туындысына жақынырақ келіп, үңілген сайын өне бойымды бәймәлім аяздың озбыр суығы қарып өткендей болады. Алаңда өрімдей жігіттер мен қыздар...

Қару-жарақ ұстанған, шабаланған ит жетектеген жендеттердің жастары жаншып жәбірлеуі, айуандықпен қорлауы... бейнеленген. Бір шетте қып-қызыл өрт сөндіргіш машина бар екпінімен суды атқылап тұр. Енді бір жерде қос бұрымды қазақ қызын құлатып, тепкілеп, қолындағы қол

шоқпарымен әлдекім қанішерлікпен ұрғылауда... Жай қарап тұру мүмкін емес! Жаныңды жай тапқызбас, қанды қоздырар көрініс. Тарихымыздағы жазылмас жара, кетпес таңба ғой бұл!

– Айналайын жазықсыз жарықтарым-ай!

Суретке қарап кемсеңдей үн қатқан кейуана көз жасына ерік берді.

Иә, 1986-жылдың 17-18-желтоқсаны бүкіл ұлтымыздың жанын жаралап, жүрегіне ызғар шашып кетті. Қаншама отбасына үрей мен дүлей болып еніп, жас жігіттер мен қыздарды аяусыз жазаға тартып, қуғын-сүргінге ұшыратты. Түрмеге жапты, азаптады, кейбірінің кінәсін еріксіз “мойындатты”. Содан бері, міне, 5 жылға таяп қалыпты. Орталықтың қылбұрауын сезініп, қорқынышты күйге түскен кезеңді кім ұмыта қояды екен?! Колбиннің және соның соңынан ергендердің өктемшіл билігі қаншама жанның көл болған көз жасына айналмады? Қаншама қазақ жігіттері мен қыздарының жазықсыз аққан судай қаны үшін жауап бергендер бар ма? Колбин, Соломенцев, Ефимов, Қамалдиенов сияқтылар халықты күйзелтіп, сергелдеңге түсіргені үшін жауапқа тартылмай, қашанғы сайран сап жүре бермек?! Жазаланғандар теперіш көріп, түрлі мерзімге айдауға кесілгендер осы уақытқа дейін неге толық ақталмаған?! Үкімет комиссиясының желтоқсан оқиғасына байланысты шығарған қаулысының күші болмағаны ма? Қажет кезінде, озбырлық пен елдік, ездік пен намыс қатар келгенде қорқынышты ойламай, қарсы тұрғандарға тиісті құрмет неге көрсетілмейді? Мәскеудегі тамыз оқиғасына қатысқандардың барлығы марапатталып жатқанда, біздің Қайрат сынды ер жүрек азаматтарымызға “Қазақстан Халық Батыры” атағын неге бермеске?

Жиынға қатысқандар Колбин және оның жаңдайшаптарын батыл айыптады.

Жәнәбіл Дәрібаев, “Фараби” шағын кәсіпорынның деректірі:

– Қайрат Рысқұлбеков жазықсыз құрбан ғана емес, халық батыры. Мұны бүгін бүкіл ел мойындауда. Атақты желтоқсан кезінде алаңда мен де болдым. Адам төзгісіз айуандықты, қарындастарымызды көкпарша жәбірлегенді өз көзіммен көрдім. Адамның аузы бармас сұмдық бұл. Ерікті халық жасақшылары қатарына қосылмағаным үшін зауыттан қатал сөгіс те алғанмын. Қайраттың қаны – қаныпезер тергеушілерде, Қайраттың қаны – Колбиннің мойнында! Қаламызда Қайратқа арналған ескерткіш мәрмәр тақта ор-

натуымыз қажет. Сол үшін Қ. Рысқұлбековтің есеп-қорына біз “фарабиліктер” 500 сом ақша аударамыз.

Ардақ Орынбасарова, №12 мектеп оқушысы:

– Қаймықпаған, қайтпаған Қайрат ағам, сен мәңгі тірісің! Сенің отжүрек үніңе, қыздардың намысын қорғаған ерлігіңе, күнәсіз күйіп кеткен келбетіңе әрдайым бас иеміз. Соңғы бір өлеңіңде Қайрат ағамыз:

– Әкетай-ау, пайғамбардай жасың бар,
Туа бермес сіз секілді асылдар.
Қартайғанда жүрегінді жаралап,
Кесір болды-ау біз секілді масылдар.
Айналайын, ағалар мен жеңгелер,
Сіздерге бұл өмірде кім тең келер!
Сүмірейіп сот алдында отырған,
Бауырыңды енді кімдер есіркер.
Айналайын қарындасым, қарағым,
Қолда кісен мен айдауда барамын.
Қайғы келіп, азап тартқан ағанды,
Айтшы, жаным, қандай жанға баладың?–

деп, жазықсыз күйе жағылып, нақақтан-нақақ күйіп бара жатқанын айтқан екен. Өлмейтін артыңда сөзің мен ісің қалды, жан аға! Бұл бізге мұра, әрдайым үлгі-өнеге бола бермек.

Жөрехан Төреханов, №1 мектеп мұғалімі:

– Қайрат Рысқұлбеков! Бұл есім бүгін Қазақстанның қай түпкірінде болмасын белгілі. Бостандық үшін жап-жас өрімдей жігіт құрбан болды. Қайратты өлтірген – сот, заң орындары. Қайратты өлтірген Колбин, Қамалиденов, Айтмұхамбетовтер қашанға дейін жазаланбай жүре бермекші? “Әйел затын айуандықпен қорлап, көкпарша тұлалапай жасап жатқанын көре тұра, еркектік намысым шыдамай, бір милицияны ұрғаным рас. Бірақ кінәлі емеспін”, – деген екен соңғы бір хатында ол. Қайрат -еліміздің адал азаматы, өлмес перзенті. Сондықтан да оған “Қазақтың Халық Батыры” атағы міндетті түрде берілуі керек!

Қасымбек Дәрібаев, жергілікті ақын:

– Қасиетті жердің ұл-қыздары да қасиетті болуы керек. “Алып –анадан” демей ме? Қайраттың атын естіген жастар сорлы болуға тиісті емес!

Қайратқа арнап өлең жауған күн болды бұл. Жеңіс Берқараева өзі шығарған өлеңін домбырамен орындаса, “Кентау шұғыласы” газеті сарашысының орынбасары Базарбай Оспанов, суретші Мырзахан Сариев, “Қазақ тілі” қоғамы

қызметкері Меруерт Бегімбетовалар жыр жолдарын тебірене, толқи оқи түсті.

“Қайрат туралы ән” – мұнды әуенге толы тұңғыш ән тыңдаушыларына таныстырылды. Авторы №5-мектеп мұғалімі Төрехан Мәуленов, халыққа жеткізе орындаған әнші Лаура Ормолдаева.

Қайраттың ата-анасына залдан келген ауызша, жазбаша сұрақтар көпке дейін толас таппады. Оған Ноғайбай аға мен Дәметкен ана да орнықты, салмақты жауап қайтара білді.

– Қайраттың балалық шағы, өскен ортасы, мінезі туралы білгіміз келеді?– деп, сұрақ қойды №12 қазақ орта мектебінің бір топ оқушылары.

Оған Ноғайбай аға:

– Жалпы, Қайраттың атын шығаруда белсеңділік танытып жүрген Шымкент облысына ризамын. Әсіресе Кентау қаласының ыстық ықыласына, зор сүйіспеншілігіне қарап, Қайраттың туған жеріндей сезініп жүрмін. Негізі біздің туып-өскен, қазіргі мекен-жайымыз – Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы “Көктерек” совхозы. Мал маманымын. Зайыбым Дәметкен екеуміз 8 перцент көріп, тәрбиелеп өсірген едік. Қайрат үшінші баламыз. Үш ұлым үйленіп, екі қызым тұрмысқа шықты. Алты бірдей немере сүйіп отырмыз. Қайратымыз кішкентайынан елгезек, мейірімді болып өсті. “Мен сот, прокурор боламын”, -деп отырушы еді. Өзі суретке, көркем өнерге бейімді болды. Біз мал шаруашылығында болған соң, Қайратты мектеп-интернатта оқыттық. Сегізінші класты сонда бітірді. Мектепті өзіміздің Бірлік ауылымызда тәмамдады, –деп жауап берді.

Дәметкен ана:

– Бала кезінен сезімтал, ақкөңіл жан еді. Бауырмашылтын. Үлкеннің алдынан кесе көлденең өтпейтін. Әр келген сайын үйдегі 95-тегі әкемнің ағасына қарап, тырнағын алып, аяғын жуып беретін. Армияға дейін ауылда қой бақты. Малдың жайын да жақсы білетін.

– Мама, тірі болсам, алақанға салып аялап өтемін, – деуші еді еркелеп келіп. Қиыр шығыста азаматтық борышын абыройымен өтеді. Әскери бөлім командирі, подполковник Хачатурян мен оның саяси жұмыс жөніндегі орынбасары майор Дригододан бірнеше алғыс хат келді. 1986-жылы сол армиядан жоғарғы оқу орнына жолдама алып келіпті.

– Биыл бағымды сынап көрсем қайтеді? Тек жол қаржатын берсеңіз болды, – дегені.

– Биылша қоя тұр. Біздің қолымызда бол, – дедім мен.

Бір жағы сағынышымыз басылмай жатқандікі болса, бір жағы жағдай да онша емес еді.

– Не де болса, бағымнан көрейін, – деп кетіп еді. Алматы сәулет-құрылыс институтына оқуға түсті ғой.

Кейін қамауға алынған соң артынан барғанымызда:

– Мама, кешірімшіл едің ғой. Мама, кешір мені. Сізді тыңдап оқуға бармағанымда, мұндай жағдай болмайтын еді...

– Атыңды Қайрат деп қойып едім. Қайратты бол, жарығым. Тегін қоймаған екенмін.

Артынан кездесуге өзінен үлкен ағасы барғанда да:

– Ананың жөні бөлек. Ана табылмайды. Ананың қолындағы еңбегін ал. Жәрдем беріп тұр. Сендер қарауларың керек енді, – деп, өзін ойламай, қайта-қайта мені айтып, шырылдап жатыпты. Мейірімділігінің бір көрінісі маған арнап өлең жазып кетіпті. Онда:

– Мейірімді ақ жүзіне анамның,
Көңіл жүдеп, көз жасаурап қараймын.
Кешір, ана, кешірімшіл едің ғой,
Кемістігі көп-ау мына балаңның.
Алақаның ғажап еді-ау, анажан,
Ыстық еді-ау саусағың шаш тараған.
Сол қолыңды енді кімнен көре алам,
Сол мейірімді енді кімнен таба алам?!–

деген жолдары бар болатын, – деді тебіреніп.

Залдан:

– Балаңыздың бұрын ақынжанды екенін білетін бе едіңіз?– деп, кенші Аман Мұсаев сұрақ қойды.

Ноғайбай аға:

– Шынымды айтсам, ондай қабілеті бар екенін білдік қой. Әрбір өлеңдерін оқығаннан өзегіміз өртенеді... Қайраттың ақынжанды, өлеңге құштар екенін оқуға түсіп келгенде сезгенім бар. Алматы сәулет-құрылыс институтының студенті атанып, қуанышпен үйге оралған ол мамасын мойнынан құшақтай алып:

– Мама, мама, қараңыз,
Оқуға түсті балаңыз, –

деп бір-екі рет қайталап, өлеңдете жөнелді. Сөйтсек, ішкі жан дүниесі түрлі жыр жиһазына толы екен ғой...

Сұрақ: – Қайрат жөнінде кітап шығарыла ма? Не болмаса кино түсіріле ме? Жамбыл облысында оның есімімен ата-

латын көше бар ма? – деп сұрады Түркістан мемлекеттік университеті студенттері.

Ноғайбай аға: – Көрнекті мемлекет қайраткері, ақын Мұхтар Шаханов жалпы жазған жыр дәптерлерін, түрмедегі қолжазбаларын, үйге жазған хаттарын және т.б. құжаттарын кітап шығару үшін жинап алды. Белгілі журналист Комунар Табей де осы тақырыпты зерттеп жүргені мәлім. Келешекте публицистикалық очерктер жинағын жарыққа шығармақ.

Ал Жамбыл облысындағы жағдайға келсек, біздің Мойынқұм ауданында бір мектептің аты және екі көше Қайрат есімін иеленген. Облыстық “Ақ жол” газетінің қолдауымен Жамбыл қаласындағы комсомол саябағы Қайраттың атына көшуде. Сондай-ақ Қайрат жөнінде екі сағаттық деректі филім түсірілуде. Көркем филім де жоспарлануда. Әбу Қырқынбаев:

– Студент кезінде балаңыздың артынан барып, жағдайын біле алдыңыз ба? Ең соңғы рет қашан көрдіңіз?

Ноғайбай аға:

– Иә, бір рет жолым түсіп, Алматыдағы жатақханасында болғанмын. Төрт жігіт бірге тұрады екен. Жанындағылар да кішіпейіл жандар көрінеді. Сызу сызып жатыр екен. Көрші бөлмеде ауылдың қыз-жігіттері тұратын. Оларға да кіріп шықтым. Көршілердің бөлмесінде теледидар, магнитофон... бәрі бар, көңілді. Содан Қайратқа:

– Сендер неге несиеге теледидар алмайсыңдар? Хабар-ошардан хабардар болып тұрған жақсы ғой, – дедім.

– Ой, әке, оған әлі үлгереміз ғой. Қазіргі басты мақсат – тек сабақ оқу. Бірінші курс қиын ғой. Жаңағы сіз барып келгеніңіз жоғарғы курстар ғой, – деді. Бұл 1986-жылдың қазан айы болатын. Артынша екі ай өтпей жатып, атышулы желтоқсан оқиғасы дүңк ете қалды. Шұғыл Қайратпен хабарласып едік, аман-есендіктерін білдірді. Көңіліміз орнына түсті. Қайрат жаңа жыл қарсаңында үйге келіп, мәре-сәре боп қауышып, қуанып қалдық. Үй ішімізбен жаңа жылды қарсы алған соң, ол нағашысының үйіне кетті. Сол жақтан бірден Алматыға бармақшы болған. 1987-жылы 4-қаңтарда институттан асығыс хабар келді. Онда Қайратты қамауға алғандығы туралы жазыпты. Аңтарылып, төбемізден жай түскендей күй кештік. Абыржып Алматыға жеттім. Қалалық ішкі істер басқармасына барсам, ондағылар мән-жайды түсіндірген болып, біраз суреттерді көрсетті. Ішінде Қайрат жүр.

– Мына жігітті танысыз ба?

– Иә, бұл менің балам. Не істеп қойыпты?

– Жәй әшейін, бұзақылық қой. Әлі анықтау үстіндеміз. Сіз ауылыңызға қайта беріңіз, – деді милиция капитаны. Содан мойныма су құйылып, ауылға қайттым.

Сот құрамы туралы бізге хабарланбады да. Сот болатынын айтып, Қайраттың достары хабар берді. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының мүшесі Гровенников бұрын жалдаған адвокатымызды ауыстыруға мәжбүр етті. Ол кезде атын атап, түсін түстеуге де үрейленетінбіз. Латвия адам қорғау комиссиясынан Богданов кейін іспен танысқанда: “Неткен әділетсіздік! Қайшылықтар. Бәрі қолдан құрастырылған”, – деді.

Балама күзетші Савицкийді өлтірді деген айып тағылыпты. Куәлері 70-80 жастағы шал-кемпірлер. Олар 4-5 қабаттан қарап тұрыпты-мыс. Бұрын Қайраттың суретін оларға көрсетіп қойса керек.

– Мен тышқан мұрнын қанатқаным жоқ! Адамды өлтірді дегенге сенбеңіздер! – деп шырылдады балам.

Адвокаттың:

– Апақ-сапақ қараңғы түскен шақта сіздер Рысқұлбековті қалай дөп басып айтып тұрсыздар? – деген сұрағына әлгі куәсымақтар күмілжіп, жауап бере алмады.

Қайраттың: “Савицкийді ұрмақ түгілі, көргенім жоқ”, – дегеніне сот құрамы құлақ аспады.

– Алдын ала тергеу кезінде қылмысыңызды мойындадыңыз ғой. Енді неге танып тұрсыз? – деген сұрақ қойылды.

Қайрат төрағалық етуші сотқа қарап тұрып:

– Егер сіз менің орнымда болсаңыз, протоколға бір емес, бірнеше рет қол қойған болар едіңіз, – деп жауап берді.

Осыдан-ақ мен оны тергеушілердің әбден қинағанын, жасамаған қылмысын мойындатқызғанын айқын сездім. Ол сот әділдігіне сенді. Бірақ сот үмітін құлталқан етті. Амалсыздан балам ең ауыр жаза – ату жазасын алып кете барды. “Әке, “Аққа құдай жақ”. Мен ақталып қайтамын. Мына жалаға сенбеңіздер”, – деп жанары жасқа толы маған қарады сонда.

Кейіннен жоғарыдағы жаза 20 жыл бас бостандығынан айырумен алмастырылды. Соттан соң Алматы түрмесінде бір жылдай жатты ғой. Соңғы рет іздеп барғанымда ондағылар: “Балаңыз Свердловск бағытына кетті. Қорқпаңыз, балаңыз ақталып шығады”, – деп шығарып салды. Кейін Семей түрмесінен бір-ақ шыққанын білдік. 1988-жылдың 22-мамырында “асылып өлді” деген хабар жетті.

Дәметкен ана: “Баламыз өлген соң да МХК қыз-

меткерлері есігімді кешегі күнге дейін торуылдады. Қай жерде сүйегі жатқанын білмедім. Ең болмаса 5 күн бойы шерімді тарқатып, жылауға да мүмкіндік бермеді. Бәрін қойып, еш болмаса мүрдесін көрейін, Семейге барайын”, – дедім.

– Атып жібереді! – деді.

– Мейлі...

– Жоқ, сіз өліп қана қоймайсыз, өзге балаларыңызға кесірі тиеді...

Совхоз басшыларын МХК қызметкерлері әбден дайындаған ба, бізді ол жаққа жібергісі келмеді. Өзге балаларымызға кесірі тиеді деген соң, Семейге бара алмай қалдық. Амал не, жүрегіміз езіліп, қан жылағанымызбен, осылайша дәрменсіз күйде қалдық.

Қайта-қайта соттағы бейнесі көз алдымнан кетпейді.

– Қайрат Рысқұлбеков – ату жазасы... Осынау сөзді естігенде, селк ете қалдым. Біреуіне 14 жыл, біреуіне 15 жыл беріп жатқан соң, тағы да қайталап айтып, үкімін өзгертетін шығар деп тостым. Жоқ. Баламның қолына кісен салып, алып кетіп бара жатыр...

– Ма-ма! Жаламен кетіп бара жатырмын!

Құлындай шыңғырған дауысы өн бойымды қалшылдатып, құлағымда жаңғырып тұр...

Кейіннен артынан барғанымда:

– Бұл иттер не істемеді маған! Қазір дегенін істейді. Бірақ халқым бәрібір ақтайды. Маған істегенін соларға істейді. Мені соттаған иттерді аяусыз соттайды, – дегені көкірегімде әлі сайрап тұр.

Меруерт Бегімбетова:

– Семейдегі мүрдесіне бардыңыздар ма? Власенко деген баукеспемен жатты дейді ғой.

Ноғайбай аға:

– Қазақтың маңдайалды ақыны Мұхтар Шахановқа мың да бір рахмет. Ол болмағанда Желтоқсан оқиғасына байланысты қазан жабулы күйінде қала берер ме еді, кім білсін. Мұхтар да Семейге екі рет барып келді. Барынша қолқабыс беріп, жәрдем жасады ғой...

Ақыры шыдай алмай, биыл баламның сүйегін іздеп,

28-наурызда Семейге бардым. Қанша іздесем де, мүрдесін таба алмадым. Ешқайсысы да білмейтін болып шықты. Содан Алматыға келіп, Мұхтар Шахановтың атына, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне арыз жазып кеттім. Олар іздестіретіндіктерін, сөйтіп хабар беретіндіктерін айтып, Семей облыстық ішкі істер басқармасы бастығының орын-

басары Болысбаевтан: “Балаңыздың жатқан жерін таптық, келуіңізге болады”, – деген жеделхат келді. Тез жолға шықтым. 14– тамыз күні Семей облыстық прокуратурасына “Егеменді Қазақстан” газетінің тілшісі Нұри Мұфтаққа жолығып қалдым. Ол да баламның қабірін іздеп жүр екен. Бізбен бірге түрменің бұрынғы Фунт та жүрді. Соның арқасында Қайраттың Қабірін тауып, басына құран оқыттым. Ал Власенко туралы есіткем. 16 рет сотталған баукеспемен бірге жатқандықтан, оны да іздеуіме тура келді. Баламның жұмбақ өлімі туралы бір білсе, сол білетін шығар деп ойладым. Сондықтан “Қазақфилім” киностудиясы жанындағы “Барыс” шығармашылық бірлестігінің режиссері Қалдыбай Әбенев екеуіміз оны үйінен таптық. Ол өткен жылы желтоқсан айында босатылған екен:

– Мен Қайратқа ешқандай зәбір көрсеткен жоқпын, – деді ол баяу ғана. – Маған сеніңіз, қайта екеуіміз достасып кеттік. Бір өкінішім – Қайраттың соңғы хатына ие бола алмағаным. Ол екі параққа жазылған еді. Ол қайтыс болатын күні маған хат беріп, үйге салып жіберуімді өтіңді. Сөйтіп отырған кезде түрме қызметкерлері кіріп келді. Мен дереу бүктеп-бүктеп жұтып жібердім. Кейін сол хатты Кузнецов деген жолдасыма көрсеттім. Ол мені түрме қызметкерлері шақырып әкеткен кезде хатты өртеп жіберіпті. Одан кейін Власенко осы айтқандарын өз қолымен М. Шахановтың атына түсінік ретінде жазып берді.

Әмір Оралбаев:

– Қайраттың сүйегі туған жеріне әкелініп жерлене ме?

Ноғайбай аға:

– Ерте ме, кеш пе туған жерге алып бару – ойымызда. Мұхтар Шаханов қазір алып баруға келісім бермей отыр. Өйткені ол шетелден экспорт шақыртқан екен. Соның қорытындысын күтейік деді. Алла қаласа, ол күн де алыс емес.

Менің балам тірі екен. Ол өлмепті. Оны қай жерге барсақ та Қайраттың атын ауызға алып, құрметтеп жатқан ұл-қыздарынан байқадым. Қазақ жастарына Қайраттың жігерін, намысын берсін!

Кентаудағы Бұл күнді – Қайрат Рысқұлбековтің күні деп атаса да болғандай. Қала жұртшылығы тегіс құлақтанып үлгеріпті. Тұс-тұстан қарақұрым осындағы мешітке жиналды. Қайраттың аруағына бағыштап, құран оқылды. Артынша қалалық “Қазақ тілі” қоғамы арнайы мал сойып, демократиялық хас батырын еске түсіруге байланысты жиналған жамиятқа ас берді.

Кеншілер Мәдениет сарайындағы үлкен жиын төрт сағат-

қа дейін толас таппады. Арада бес жыл өтсе де, халық жүрегіндегі жара, қыл бұрау салған мұң жазыла қоймапты. Мектеп оқушысынан еңкейген қарияға дейін ашу мен ыза, кекке толы сөйлеп, бірінен соң бірі арнадан тасып, ақтарып жатты. Ойларын батыл айтатын, халықтық үнді қозғайтын жаңа бір саяси леп өсіп келе жатқандығын байқадық. Халық өздері үндеу тастап, Кентауда Қайрат Рысқұлбековке арнап, ескерткіш-тақта орнату қажет деп шешті. Артынша әрқайсысы өз мүмкіндігінше ақшаларын ортаға сала бастады.

Кешті жүргізіп отырған жап-жас жігіт әрі ұйымдастырушы қалалық “Қазақ тілі” қоғамы төрағасының орынбасары Әбу Қырқынбаев жиналған ақшаның нәтижесін хабарлады:

– Қайраттың ескерткіш– тақтасы үшін осы жиынға жиналғандардан екі мың сом ақша түсті. Енді кідірмей, іске кірісеміз.

Сол замат қалалық медицина бірлестігінің дәрігері Нармақан Жақаевтың бүгінгі жиналған көпшіліктің атынан “Қазақ ССР Президенті Н. Назарбаевқа хат жолдау туралы” ұсынысы бір ауыздан мақұлданды. Жәмиғатқа оқылып, таныстырылған хатқа барлық адам қол қойып шықты (Хат газетімізде жарияланып отыр).

Тәрде тұрған Қайраттың өжет бейнесі ерлікке шақырып тұрғандай. Ол барша қазақ жастарының аяулы тұлғасына айналып кетерін сол қаһарлы желтоқсан күндері ешкім білмек түгілі, ойына да алған жоқ. Ол азаматтық іс атқарды, намыспен аrojданы бір ұлтты таптауға көнген жоқ. Және көнбеген күйі күйіп, жап-жас шағында зұлымдыққа қарсы қасқырып тұрып, аққан жұлдыздай ағып өтті өмірден!

Иә, сен мәңгі тірісің, Қайрат!

Әкім Ысқақов

“Жас алаш”

24-қазан, 1991-жыл.

Кентауда жиналған көпшілік мынандай хат жолдады:

Қазақ ССР Президенті

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа.

Кентау қаласындағы “Қазақ тілі” қоғамы ұйымдастырған 20-қыркүйек 1991-жылы өткізілген жиынға қатысушылардан

ӨТІНІШ

1. 1986-жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғасы ешкімнің есінен шыға қойған жоқ. Демократиялық қозғалыстың тұңғыш қадамын жасағандарға әділдік қалпына келтіріліп, желтоқсанның заң жүзінде мәртебеге ие болуын сұраймыз:

2. Ел үшін еңіреп өткен боздақ, желтоқсан қаһарманы, марқұм Қайрат Рысқұлбековке “Қазақстанның Халық Батыры” атағы берілуін:

3. Желтоқсан оқиғасына қатысты марқұм болған жастардың ата-аналарына мемлекет қаржысынан тұрақты зейнетақы тағайындалуын өтінеміз.

ОРАЗЫМБЕТОВ Е.

ҚЫРҚЫНБАЕВ Ө.

ШАЙҚАНОВА М.

ЛЕБАЕВА Ж.

ҚАЛЫМБЕТОВА Г.

ТӨРЕХАНОВ Ж.

ОСПАНОВ Б...

(хатқа барлығы 500-ге жуық адам қол қойған).

ЕСКЕРТКІШ ҚАЛАЙ ТҰРҒЫЗЫЛДЫ?!

Қайрат заң жүзінде толықтай ақталған соң-ақ Коминтерн ауылдық Кеңесінің төрағасы Ермұрат Асанбаевтің тікелей жарлығымен “Правда” кинотеатры “Желтоқсан” кинотеатрына айналды...

Көктемнің басында Мойынқұм аудандық Кеңесі төрағасының орынбасары Жұмабек Орынбаевтың қабылдауында отырғанмын. Ол кісі қызмет бабымен өзін сынаған, не қарсы пікір айтқан азаматтармен ешнәрсе болмағандай бүкпесіз, ашық-жарқын сөйлесе беретін. Қайрат қоры жайлы және ескерткішті қалай тұрғызу туралы кеңесіп отыр едік, сұңғақ бойлы қара торы кісі кіріп келді.

– Мәке, міне, ескерткіш жасап беретін адамның өзі де келді, – деп, таныстыра бастады. Алматыдағы көркемсурет және театр институтының проректоры Байтұрсын Өмірбеков Мойынқұм ауданындағы еңбек ерлерінің мүсіндерін жасаған үлкен өнер иесі болып шықты.

Бәкең сөзге келмей-ақ:

– Қайраттай батыр ұлымызға ескерткіш орнату, оның бейнесін мүсіндеу кім-кімге болсын мәртебе. Тіпті баршамыздың парызымыз да міндетіміз. Егер біздің көмегіміз қажет болса, әрдайым дайынбыз, – деп, мекен-жайын айтып, қызмет телефонының нөмірін жазып берді.

10-15 күн өтер-өтпестен, Мойынқұм аудандық Кеңесінің төрағасы Мұрат Сейдалиев, орынбасары Жұмабек Орынбаев, Коминтерн ауылдық Кеңесінің төрағасы Ермұрат Асанбаев, Байтұрсын Өмірбеков және осы жолдардың авторы бәріміз бас қостық. Аудан басшылары Қайраттың басы мен иығын ғана сомдап, кішігірім мүсін орнатуды мақұлдаса, мен Одақтағы ескерткіштер жинағы кітабын көрсетіп, ақыры жасатқан соң, көлемді етіп, белуарына дейін қамтып, қатыгез соттағы қасқайып, қаймықпай тұрған суретіндей үлгіде жасатуды ұсындым.

Мүсінші Б. Өмірбеков пен М. Сейдалиев те менің ұсынысымды құптады. Ал ескерткішті Бірлік ауылының қай жеріне орнатуға орын іздегенімізде, Бәкең Желтоқсан кинотеатрының қарсысындағы нақ маңдай төріне орналастыруды лайық деп тапты. Жазылатын жазулар жайлы да пікірге тоқталғандай болдық. Ескерткішті нендей заттан жасату туралы мәселе қозғалғанда, мен гранитті қаладым, Байтұрсын Өмірбеков Құйма бетоннан, сыртын қоламен қаптауға болатынын түсіндірді. Бұл туралы біраз пікірталас болды. Сөйтіп, кейінгісіне келіскендей болдық.

...Көп кешікпей, аудандық мәдениет бөлімінің сол кездегі меңгерушісі Асылхан Шүңірековпен астанаға жол тарттық. Бөгенбай батыр мен Панфилов көшесінің қиылысындағы институтқа ат басын бұрып, көркем-театр институтының проректоры Болат Досжановпен көптен көріспеген туыстардай шұрқырай амандастық. Ескерткішті ойдағыдай жасау үшін олар Қайраттың алдынан да қырынан да түсірілген анық суреттері қажет екендігін ескертті. Туыстары берген сурет жарамсыз болды. Және де ондай суреттердің Жоғарғы заң орындарында сақталған тергеу құжаттарында болуы ықтимал екендігін айтты.

Басқа айламыз қалмағандықтан, Асылханның жеңіл көлігімен Мұхтар Шаханов ағамызды іздеуімізге тура келді...

Ол кісі біздің бастамамызды құптап қана қоймай, қол ұшын беруге де келісті.

“№317. 3-сәуір. 1992-жыл.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Төрағасы Т. Айтмұханбетов мырзаға

Маған бір топ азаматтар өтінішпен келді. Желтоқсан оқиғасының құрбаны Қайрат Рысқұлбековке еліне ескерткіш қою ниетімен жұмыс жүргізіліп жатыр екен. Бірақ, өкінішке орай “Үйіндегі сапасы төмен жалғыз фотосурет бойынша ұқсас образ жасау қиынға соғып тұр”, – дейді олар.

Сізден өтініш: Қайрат Рысқұлбековтің Сіздерде сақталған барлық фотосуреттерінің көшірмесін әзірлеп, осы хатты алып барған жігіттерге берсеңіздер.

Сәлеммен, Қазақстан Республикасының халық депутаты қолы М. Шаханов”

Бірақ Т. Айтмұханбетов мырза бізбен дәлізде кездесе тұра, қандай шаруамен келгенімізді білген соң:

– Іс-қағаздары бізде емес, Е. Сәрсенбаевқа жолығыңдар, – деп, бізден ат-тонын ала қашты. Республикалық Прокуратурадағы Сәрсенбаевты іздеп таба алмадық. Содан не керек, “Барыс” киностудиясының жігіттерінде, оңдылау суреттің болуы мүмкін шығар деп, кинорежиссер Қалдыбай Әбеновті іздедім. Қалдыбайда да Қайраттың жанынан түскен суреті жоқ болып шықты. Бірақ үлкейтілген әскери киімімен түскен суреті табылды...

Арасында мекемелер мен банктерге де кіріп, демеуші іздестіре бастадым. “Крамдс” банкісі басшысының қабылдау бөлмесінде отырғанымда, бір жігіт “Төле би” банкісінің деректірі, 1– топ мүгедегі Мамырбек Әбдірахмановпен таныстырды. Мамырбек Қайраттың суреті мен қатынас қағазын алып тұрып: “Ескерткіштің құнын қанша болса да мен көтеремін”, – деп уәде берді...

Ал Байтұрсын Өмірбеков пен Болат Досжановтар мүмкіндігінше қолда бар суреттермен ескерткішті бастай бермекші болды.

Қайрат Рысқұлбеков атындағы қор Басқармасының мүшелерімен кеңесіп әрі аудандық Кеңес төрағасының орынбасары Ж. Орынбаевпен ақылдасып, ескерткіш жасалынып біткенше Қайратқа арнап төсбелгілер мен шақыру билеттерін жасатсақ деген тоқтамаға келдік. Қайраттың рухын қолдап, игі бастамаларға ат салысқан азаматтарға айрықша қымбаттау металдан он шақты төсбелгілерді жасатуды жоспарладық. Ол белгілер ескерткіш ашылу салтанатында жоғарғыдай жандардың еңбектері атап өтіліп, үлкен құрметпен тапсырылатын болды. Осы мақсатпен әрі ескерткішті білу үшін А. Шүңірековпен тағы Алматы сапарына аттаңдым. Жұмабек Орынбаев пен аудан әкімінің орынбасары, Қ. Рысқұлбеков атындағы қор басқармасының

мүшесі, марқұм Қанат Өскенбаев (жол апатынан қайтыс болды) та барып, ескерткіштің жасалу барысымен танысты. Одан кейін Асылхан екеуіміз төс белгі жасататын мекеме іздей бастадық. Ұмытпасам, Сейфуллин даңғылы бойындағы сувенирлер фабрикасына барып, жетекшілеріне мәнжайды түсіндірдік. Қайраттың кім екендігін сұрай бастады. Әрине, білмейтін болса керек.

А. Шүңіреков байқамай, “Желтоқсан оқиғасына қатынасқан” деп қалғаны. Сол-ақ екен қабылдап отырған мырза:

– О, онда біз жасай алмаймыз, Миністрлер кабинетінің рұқсаты керек, – деп қайқайып шыға келгені.

Тауымыз шағылған екеуіміз жанашыр ағамыз Мұхтар Шахановқа келгенімізде:

– Мен оларға бәлен-түген деп айта алмаймын, менің атымды естіп қалса, одан сайын қитығып, қырсығып қалады, – деді ол кісі. – Одан да Мемлекеттік Жастар ісі жөніндегі Комитетінің төрағасы Иманғали Тасмағанбетовке жолығыңдар, сол жігіт көмектеседі.

Иманғали бөлім меңгерушісі Өтеген Келібаевті шақырып алып, Қайратқа арнайы төсбелгі жасататын мекеме тауып беруге көмектесуін тапсырды. Сол бойынша Александр Сәдуақасов атты суретшімен келісіп, оған төсбелгілердің бейне жобасын (эскизін) дайындаттық. Сачков Михаил Владимирович және Малчененко Николай Сергеевич деген жігіттермен 2000 дана төсбелгілерін жасатуға шартқа отырдым. Сұраған қаржыларын дер кезінде аударсақ та, бұл жігіттер төсбелгілерін уақтылы бастамай, жайбарақаттылыққа салынды.

Ескерткіш жасалып бітуге таянғанда ғана, айрықша он шақты және 500-ге жуық төсбелгілерін әрең бітіргіздік. Онда да бояулары оңды болмай, қайта бояттырдық. 300-дейі жарамсыз жасалынып, оларды қабылдаудан бас тарттық.

Алматыға барған сайын Мұхтар Шахановқа жолығып тұрдым. Әрине, екеуімізді де толғандырып жүрген – Қайрат өлімінің себеп-салдары. Власенконы арнайы алдыртып жеке сөйлескісі келгенін, бірақ қасындағы ішкі істер органдары қызметкерлері екеуін оңаша қалдырғысы келмегендерін ренішпен ауызға алды. “Оның біресе Қайратты мен өлтірдім”, – дей тұрып, кенеттен басқаша айтатынын, соның астарында құпиялы шикілік бар ма деген ойын жайып салды. Ескерткішті орнатқан соң, Семейге жол тартып, Қайраттың өлімінің құпиясын біледі-ау деген азаматтарды іздеуге көмектесетін ұлтжанды жігіттердің бар екендігін Мұхана айттым.

Кейіннен сол азаматтардың бірінің мекен-жайын жазып та беріп, М. Шахановқа Семейдегі Мұрат Қалматаевқа ма немесе басқадай сенімді деген біреуге тапсыруын өтіңдім...

Көп кешікпей, Ноғайбай аға екеуіміз астанаға келген сапарда Қайраттың тергеудегі суреттері табылып, Алматы ақшамының фототілшісі Жүніс Ерғалиді шақыртып, көбейттіріп алдық.

Ескерткіштің сұлбасы жасалынып болып қалған кезде, қор есебінен Қайраттың ата-анасы мен Меруертті (қарындасы) астанаға әкеліп, мүсіннің ұқсаңқырамаған жерлеріне өз қалауларынша түзетулерін жасаттырдық...

Мұның үстіне қор басқармасы мен аудандық “Қазақ тілі” қоғамы басшысы С. Қожаназаровтың атынан Көктерек кеңшарының деректірі Үмітқұл Бекбаев пен аудан басшыларына ауызша да, жазбаша да өтіне жүріп, Қайраттың туыстарына кеңшар есебінен қолайлы үй беруін сұрағанбыз...

Қайырымдылық пен парасаттылық көрсетіп, Үмітқұл мырза жаңа үйді мерзімінде пайдалануға берді. Қоныс тойы ескерткіш ашылу салтанатымен қатар болды. Қор басқармасы атынан Қайраттың үлкейтілген 2 суретін арнайы тапсырмамен жасаттырған едік. Бірін ата -анасына, ал екіншісін Қайрат Рысқұлбеков атындағы мектептегі мұражай бөлмесіне сыйладық.

ЕСКЕРТКІШ – ЕЛДІГІМІЗДІҢ БЕЛГІСІ

Бүкіл қазақ еліне жағылған қара күйе – ұлтшылдықты алып тастауға мұрындық болып қана қоймай, жазықсыздан жазықсыз жазаланған жастарымызды ақтап, олардың еркіндікке шығуларына ықпал еткен ақын Мұхтар Шахановты бүгінде бүкіл әлем біледі.

“...Жүрегінен намыс алауы лапылдаған осы жігіт тірі тұрғанда, сөз жоқ, өз халқының айбарлы ақыны, үлкен қоғам қайраткері болар еді”, – деп, өзегі өртеніп өкінішпен:

“Мүмкіндігім бола тұра,
Саған жәрдем бермесем,
Менің қолым кесілсін.
Көгершінге оқ атсақ,
Күншіл тоғай арасында
Ел сенімін жоғалтсақ.
Жазаласын бізді анамыз,
Жазаласын халқымыз...” –

деп, Қайратқа ескерткіш салыну сәті басталарда қажет суретін таппай өте қысылғанымызда, Мұхаң қыруар қоғамдық жұмыстары басынан асып жатса да, қол ұшын беруді ұмытпады.

Әкімшілдік-қатыгездік жүйенің қысымымен Қайратпен бірге нақақтан-нақақ жапа шегіп жазаланған, түрмеден босанып шыға салысымен осы “Бірлікке” келіп, өткен жылғы Наурыз мерекесінде Қайраттың қорын ашуға атсалысқан, бүгін Алматыда тұрып жатқан ініміз Қайыркелді Күзембаевты бәрі біле бермейді.

1987-жылдары өте жауапты қызметте жүрсе де, Қайрат камалып, қапаста жатқанда, кейін ол қайтыс болғанда інісі Талғатқа жәрдемдесіп, басшыларынан рұқсат әперіп қана қоймай, жол құжаттарын даярласа, қаражаттан да көмектесіп, қажетті қағаздарын Мұхтар Шахановқа апарып тапсыруға атсалысып, үндемей жүріп, ұлағатты істер тындырған жерлесіміз Мұсахан Бейімбетовтің еңбектерін де жұртшылық білуі тиіс.

Ал 1987-жылы тамыздағы аудандық мұғалімдердің құрылтай жиынында Қайраттың ауыр жазасын жеңілдету жайында ұсыныс жасап қана қоймай, үркек, жалтақ, екі жүзді лауазымды басшылардың қарсылығына қарамай, аудан көлеміне ғана емес, Қазақстан бойынша алғашқылардың бірі болып батылдық танытып, Қайраттың анасы Дәметкен мен әпкесі Гүлнарға сүйеу болып, Талғатпен бірге Алматыға барып құжаттарды Қадыр Мырзалиевке тапсырып, республикалық радиодан өз пікірін тайсалмай ашық айта білген Қайраттың бұрынғы ұстазы Бірліктік Сейіткерім Қожаназаров болатын.

Бүкіл Республика бойынша Қайрат бауырымыздың істерінің ақтығын, пәктігін көрегендікпен сезе де, түсіне де білген, тұңғыш рет Жетісай қалалық саябағына оның есімін бергізуге мұрындық болған, сол аудандық “Қазақ тілі” қоғамы басқармасының төрағасы Әлібек Мейірбекұлына Алланың мейірімді нұры жауа берсін!

Қасиетті Абай бабамыздың топырағынан мәңгілік орын тапқан жас боздақтың аруағына құрметпен, оның зиратының басына ескерткіш-құлпыгас орнаттырып, Қайрат Рысқұлбеков атындағы республикалық спорттық жарыстар, ақындар айтысын өткізуді ұйымдастыруға белсене атсалысқан Семей облыстық “Қазақ тілі” қоғамы басқармасының төрағасы Аман Тілеубайұлына Қайраттың жерлестерінің атынан ыстық алғыс сезімімізді білдіреміз.

Семейдегі Қайрат бауырымызға арналып өтіп жатқан

шараларға байланысты қонаққа барған туыстары мен жерлестеріне ата-бабаларымыздың дәстүрлі мейірбандығы мен қонақжайлығын танытқан әрі жас боздақтың өміріне қастандық жасаған жауыздарды анықтау жөнінде белсенділік танытып жүрген семейлік інішегіміз Мерей Көшкіновке ризашылығымызды білдіреміз.

Қайраттың есімін алғашқылардың қатарында Кентау қаласындағы Хантағы қалашығының Чкалов көшесіне бергізіп, оның ата-анасының денсаулықтарын жақсарту жолында да әрқашанда жомарттықпен шапағатты көмектерін ұсынып отырған Кентау қалалық “Қазақ тілі” қоғамы басқармасының төрағасы Ермек Оразымбетовті де айрықша атап өткеніміз орынды.

Қаһарман бауырымыздың рухын қастерлеу жөніндегі шараларды үзбей және оған халық батыры атағын беруді Республикада бастама етіп көтерген, Қайраттың туған жері Жамбыл облыстық “Ақ жол” газеті үн қоса алмай жатқанда әділетсіздікке қарсы көпшіліктің наразылықтарын ашық жариялаған “Алматы ақшамы” газетінің қызметкерлеріне Қайраттың жерлестерінің атынан рахмет!

40 жылға жуық халқымыз үшін қасіретке айналған Семей палигонын жабуға, Оралға жиналған арам пиғылдағы орыс-казактарының ойларын іске асырмай, оларды масқаралап қууға ат салысқан, өткен жылғы қыркүйектің 28-жұлдызында Семейдегі Қайраттың зиратына ескерткіш-құлпытас қойылғанда Әулиеата мешітінің атынан барып жас қыршынның әруағына бағыштап дұға оқыған, кеше ғана қасиетті Мекеге мінәжат етуге жүріп кеткен 70-ке жақындаған Шоқай ата Нәмәміллә мен халық игілігі үшін атқарылып жатқан осындай істердің ұйымдастырушысы, өз қаржысымен түн қатып, ұшақпен Шоқай ата екеуі Семейге ұшып барған Жамбыл облыстық “Азат” қозғалысының төрағасы, Қазақстан халық депутаты Асқар Сырғабаевқа да рахмет айтамыз!

Тарихи маңызы бар, Халық батыры, ауданымыздың мақтанышы Қайрат Рысқұлбековтің ескерткішінің тұрғызылуына атсалысқан аудан басшылары: Б. Қарашолақов, М. Сейдалиев, Қ. Өскенбаев, Ж. Орынбаевтарға, аудандық агроқұрылыс, ПМК-45, автожол, жабдықтау мекемелері және “Көктерек” агробірлестігі, автокәсіпорын, орман шаруашылығы, МХРСУ, Тұрмыс қажетін өтеу комбинаты қызметкерлері мен жұмысшыларына ыстық алғыс айта отыра, оларды әрдайым Қайраттың рухы қолдай берсін демекпіз.

Қ. Рысқұлбековтің бейнелі мүсінін көп тер төге сәтті туынды ретінде табысты аяқтаған Алматы көркемсурет және

театр институтының проректорлары Байтұрсын Өмірбеков пен Болат Сапарұлына зор алғыс айта келе алдағы уақыттарда да шығармашылық еңбектеріне шабытты жетістік тілейміз!

Аудандық “Мойынқұм таңы” газетінде 1990-жылы қарашада “Қанаты қайрылған Қайрат” атты мақала даярлаған бөлім меңгерушісі, тілші Әділ Алпысбаевқа да алғысымызды білдіреміз.

Келешекте Қайраттың рухын қастерлеу жөніндегі шаралар ұйымдастыратын ұйым Қ. Рысқұлбеков атындағы қор болып қалмақшы.

Қордың есепшотына қомақты үлес қоса отырып, қаржы аударған азаматтарға: “Құмөзек” агробірлестігі ұжымына; Жамбыл орта мектебіне, жабықтау мекемесі қызметкерлеріне; Жаңатас қалалық “Азат” қозғалысы мүшелеріне; бірліктік Н. Нұпбаевқа; “Ақбөпе” балабақшасы қызметкерлеріне; №16-кәсіптік-техникалық училищеге; “Көктерек” агробірлестігі мен автокәсіпорнына; Айдарлы, Жасұлан, Амангелді агробірлестіктеріне; Мерке ауданындағы Жамбыл колхозына; Сарыкемер аулына; Қордай ауданындағы “Алға” агробірлестігі мен 218-жол мекемесіне және Қайрат Рысқұлбеков ескерткішінің ашылу салтанатына арнап, қордың басқармасына мемлекеттік Ту тарту еткен Алматы көркем безендіру өндірісі комбинатының қызметкерлеріне, оның басшысы Төлеубек Төлеуұлы Мұқашевқа; өз қалталарынан қаржы аударған жамбылдық ақындар А. Қасымбекова мен М. Тазабековтерге қор басқармасы атынан алғыс айтамыз

Қайрат Рысқұлбеков атындағы қордың басқармасы.

“Алматы ақшамы” 14.09.92.

ҚАЙРАТ АУЫЛҒА ҚАЙТА ОРАЛДЫ

Ауылға жолға шығатын күні Алматы аспаны кенет тесіліп қалғандай, суық жаңбыр шелектеп құйып кетті.

Өкпек жел бойымды тітіркендіріп, сол бір желтоқсанның аязды күндерін еске салғандай еді. Жанармайдың жоқтығын сылтаулатты ма, әлде жолаушылардың аздау болғанынан ба, аудан орталығы Фурмановка селосына қатынайтын таңертеңгі автобус жүрмей, түс ауа бір-ақ шықты. Кеше ғана мамыражай ауа райының лезде бұзылуы автобустағы жүргіншілерді мазасыздандырса керек, әншейінде әр жерден ағытылып жүре беретін әңгіме де естілмейді. Мұндайда

өткен-кеткен еске түсіп, қиялға ерік бересің ғой. Өзіммен бірге жолсапарға шыққан газетіміздің фототілшісі Шахан ұйқыға бас қойды. Мен ертеңгі болатын салтанат туралы ойладым.

– Туып-өсіп, балалық шағым өткен Көктерек етене ыстық. Ес білген шағымнан әкемнің қызмет бабымен аудандағы бірнеше ауылдарда тұрып, әр түрлі мектептерде оқысам да, мен үшін осы ауылдың орны ерекше. Кезінде аудан орталығы болған Көктерек кейінірек Мойынқұм ауданы құрылғанда қатардағы совхоздардың біріне айналса да, сол өңірдегі мәдени, рухани, өнер кенішітін. Жайқалған жасыл желегі, түп-түзу көшелері, үлкен ауруханасы, бүкіл ауданға жалғыз перзентханасы бар, ауылдың дәл ортасында кинотеатр салынған Көктерек бізге кішігірім қала сияқты көрінетін. “Правда” деп аталатын сол кинотеатрдан “Чапаев”, “Біздің қадірлі дәрігер” секілді керемет филімдерді тамашалап, мәз болатынбыз.

Қырсыз басшылықтың салдарынан болар, соңғы он-он бес жылдан бері Көктерек тозып кеткен-ді. Жап-жасыл жапырақтарын көтере алмай тұратын қайың, үйеңкілері де, бойларын көкке қарап түзейтін теректер де сидиып, қурап, қаздай тізіліп аулаға көрік беретін кеңсе, емхана алдындағы шарбақтар да сынып, көшенің шаңы аспанға көтеріліп жататын.

Халық өз перзентін ешқашан ұмытпайды. Қайрат Рысқұлбековтің туған аулында ескерткіш орнатып, ас беру туралы әңгіме біраздан бері қозғалып жүрген-ді. Ауылдағы бел тұтар абзал азаматтардың арқасында ауданда Қайрат атындағы қор ашылған болатын. Әсіресе қор директоры Мәкен Уақовтің сіңірген еңбегі ерен. “Ақшамға” біздің ауданнан алғашқылардың бірі болып ауыл жаңалықтарын хабарлап, жанашырлық танытқан Мәкең маған жазған бір хатында: “Жерлесіміз Қайрат Рысқұлбековті жабылған жаладан ақтап алуымыз керек. Оның ерлігін барша әлем білуі тиіс. Әйтсе де аудан басшылары да, облыстық “Қазақ тілі” қоғамы да үнсіз отыр. Талай лауазымды есіктерді қағып едім, жанашырлық танытар емес”, – деген жолдарын оқығанда, туған ауданымыздың азаматтары бәрі жасық па еді деп намыстанғам да. Мәкен Уақовтың хабарлауымен нақақтан жала жабылып, ату жазасына бұйырылған ұлын іздестіруді бастаған Дәметкен жеңешем мен Қайрат туралы ел алдында дуалы сөз айтып, табан тоздырған ауыл азаматтары С. Қожаназаров, М. Бейімбетов, М. Уақов сынды жерлестерімнің адамгершілік парызын адал орындауының өзі неге тұрады?

Ал Қайрат заң тарапынан ақталмай жатып-ақ оның есімін көшеге, саябаққа бергізген Шымкент облысы, Жетісай аудандық “Қазақ тілі” қоғамының төрағасы Әлібек Мейірбекұлы, қыршын жасқа Семейде ас беріп, ақындар айтысын ұйымдастырған Аман Тілеубайұлы сияқты жандарды қалай құрметтемеске?

Ой құшағында отырып, Көктерекке жетіп қалғанымызды байқамаппын. Түн қоюлана бастаса да, ауылдың самала шамдары жарқырап, ертең үлкен мереке болатынын қуана хабарлағандай жымыңдап тұрды. Біз Қайрат туып-өскен үйге беттедік...

Ертеңінде ертемен ауыл орталығына келгенде көңілім алабұртып, көзімнің жасын тыя алмадым. Баяғы балалық шағымның Көктерегі көз алдымда жайнап жатты Ауылым қайта түрленіп, жасарып кеткендей. Сырлатып, әктеліп тазарған үйлер қонақтарын күтіп әзірленген сылқым келіншектердей. Көшелер де айнадай жарқырайды. Орталықтағы “Желтоқсан” деп аталған кинотеатрдың еңсесі биік. Дәл алдында батыр ініміздің ескерткіші тұр. Бар болғаны жиырма жасында ұлтының намысы, халқының болашағы үшін:

Қазақ деген атым бар.
Еркек тоқты – құрбандық,
Атам десең атыңдар!–

деп кеткен Қайраттың мына тас мүсіні тек көктеректіктердің ғана емес, барша аудан, облыс тұрғындарының ар-ұяты, кіршіксіз сезімі секілді.

Ескерткіштің салтанатты ашылуына арнайы келген Мұхтар Шахановты қарақұрым жиналған көпшілік ду қол шапалақтап, ерекше ілтисипатпен қарсы алды. Рысқұлбеков әулетіне берілген жаңа үйде қонақтарға қонақасы таратылған соң, Көктерек агробірлестігінің асханасында өз перзентіне деген қонақасы дастарқаны қайта жайылды. Қайраттың рухына бағышталып, құран оқылды.

Ескерткіштің салтанатты ашылуы құрметі Мұхтар Шахановқа берілді.

“...Жігеріңмен көктеп өтіп,
Ұлт мүддесін шекпен етіп,
Төбең бір сәт көкке жетіп.
Өз өлкеңе ескерткіш боп, оралдың ба, айдарлым?!”–

деп Көктеректің қасиетті топырағын басқанда туған Мұхаңның жыр жолдары төгілгенде, егілмеген пенде қалмады. Аудан әкімі Б. Қарашолақов, Қайраттың әкесі Н. Рысқұлбе-

ков, ауыл ардагері Д. Асанбаев, желтоқсандықтар Қ. Аймаханов, Т. Тәшенов тебірене сөз сөйледі.

Салтанатқа арнайы ат басын бұрған Алматыдағы “Төле би” акционерлік коммерциялық банкінің бас деректірі Мамырбек Әбдірахманов Қайрат Рысқұлбеков атындағы қорға 70 мың сом, Қайрат атындағы мектеп оқушыларына төленетін стипендияға 30 мың сом және Ноғайбай аға мен Дәметкен жеңешенің отбасына көмек ретінде 20 мың сом қаржыны тарту етті. “Төле би” банкісінің қайырылымдылық ісін Алматыдағы “Ализар” мен “Жомарт” кәсіпорынның мүдірі Оралжан Масатбаев та жалғастырып, қорға 10 мың сом қаржы аударды. Сонымен қатар Қайраттың болашақ мұражайына Бауыржан Момышұлының бейнесі салынған құмыраны сыйлады. Ырымшыл халықпыз ғой. Жақсы бастаманың жалғасы да берекелі болатынына, қордың болашағына аудан басшылары қамқор болатынына кәміл сендім. Өйткені оған батыр ініміздің ескерткішін орнатып, оның салтанатын өткізуге белсене ат салысқан М. Сейдалиев, Қ. Өскенбаев, Ж. Орынбаев секілді азаматтардың ісі куә.

Кіндік қаның тамған туған жер топырағы бар ғұмырыңа қуат беріп, желеп-жебеп отыратыны рас екен. Мұхаң айтпақшы, Алматыға Ноғайбайдың ұлы болып аттанып, бар қазақтың мақтаны боп оралған Қайрат туған ауылының қақ төрінен орын тепті. Адалдық пен аңғалдықтың, қайсарлық пен батырлықтың рухы болып, жүрегімізде мәңгі қалатын Қайраттың бейнесі бұдан былай бәріміздің көз алдымызда тұрады.

Раушан Имаш

“Алматы ақшамы” 30-қыркүйек, 1992-ж.

Мұхтар Шаханов

ОРАЛУ

(Қайрат Рысқұлбеков ескерткішін ашардағы сөз)

Дархандық пен кеңділіктің,
Арамдық пен пенделіктің,
Арасынан мәңгі итжығыс,
Түсіп жатқан осы алапат майданның,
Жігеріңмен көктеп өтіп,
Ұлт мүддесін шекпен етіп,
Төбең бір сәт көкке жетіп,
Өз өлкеңе ескерткіш боп оралдың ба, айдарлым?!
Жетекке алып саналы арман,

Бүршігінді жаңа жарған шағында,
Денең қалып сонау Семей түрмесінің маңында,
Рухыңмен туған өлке топырағын,
Қайта бастың кемелдеп.
Ара жігін ерлік пенен ездіктің,
Бір-ақ қадам екендігін дәлелдеп.
Қиын сәтте жалау еткен намысын,
Бағың жансын, қайсар ұлым,
Жанын қиған ары үшін.
Алматыға Ноғайбайдың перзенті боп аттанып,
Бар қазақтың мақтаны боп қайта оралған арысым!

ШЫРҚЫРАҒАН ШЫНДЫҚ БАР

“Желтоқсан жаңғырығы” спектакліне мен үлкен толқу үстінде бардым. Себебі республикада бірінші болып, осы күрделі тақырыпқа ден қойған Жамбыл театры Желтоқсан оқиғасын қалай шығарды екен, басты кейіпкер Қайраттың бейнесі қалай сомдалды екен деген күдікті ой мазалады.

Жоқ, Абай театрының бұл қойылымы өте жақсы, атап айтарлықтай дәрежеде шыққан екен! Артистердің, әсіресе режиссер Асқар Дүйсебаевтың көп тер төккені, ізденгені көрініп тұр. Спектакілдің музыкасы мен безендірілуі де көңілге жақсы әсер қалдырды.

Әсіресе Қайраттың рөлінде ойнаған Жүніс Әлімбековтің шеберлігіне риза болдық. Жас өнер иесі Желтоқсан оқиғасының басты Қаһарманының бейнесін шынайы түрде, шындық тұрғысында көрсете білді. Кеше ғана ортамызда, Мойынқұм топырағында ойнап-күліп жүрген боздағымызды дөп таныдық. Соңынан үлкен сенімде қалдық. Ол – Қайраттың нағыз халық ұлы болып қалғанына, атының-рухының өлмейтіндігіне сенім еді.

Аязбек Бекқожаев

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙРАТЫ

I. 1986. Желтоқсан. “Киров” орта мектебі

Горбачевтің қайта құруы жүріп жатқан. Жариялылық басталған. Партия диктатурасы күйретілді. Совет әскері Еуропадан шығарылмақ. Республикадағы коммунистік “құдай-

лар” құлатыла бастады. Мекемелер өз бастықтарын өз-дері сайласын дегенді шығардық. Демократия желі есті. Сол уақытта радиодан: “Алматыда 17-18-желтоқсанда қазақтың бұзақы жастары жанжал шығарыпты. Дүкендерді қиратыпты, тонапты... Мاستар... Нашақорлар,..” – деген хабар естідік.

Шетел радио-телехабарлары басқаша сөйледі. Қонаев түсіпті. Колбин келіпті.

Аукомның ұсынысымен кластан класқа кіріп, “ұлттар достығы” туралы әңгіме өткіздік.

Өз басым шәкірттеріме Илияс Есенберлиннің Көшпенділерін”, Жұбан Молдағалиевтің “Мен қазақпын” дастанын, Қадыр Мырзалиевтің “Жерұйығын”, Олжастың “АЗ и Я” кітабын, Ақселеудің “Күңгір-күңгір күмбездерін”, Мұхтар Мағауиннің “Алдаспан”, “Қобыз сарынын” оқуды ұсындым.

“Ұлтыңды сүйем десең, ұлыларыңды тыңда”, – дедім.

Алматыдан жолаушылар, студенттер келе бастады. Үлкен бір дүмпудің болғанын сезіне түстік.

“Қонаевты 17 минутта түсіріпті. Колбинді қойыпты.” Өзіміздің орысты неге тағайындамаған?” – депті жастар. “Қыздарды теуіпті”. “Қырып салыпты”, – деген сыбыс сөздер гуледі...

2.Гүлнар – Қайраттың әпкесі 1987-жыл. Жастарды жазалау

Гүлнар мектебімізде буфетте жұмыс істейтін. Қайраттың қамалғанын, түрмедегі хал-жағдайын Гүлнардың аузынан тыңдадық. Көбіне Қайрат: “Ештеңеге алаңдамаңдар, шашылмаңдар, ешқандай кінәм жоқ,” – деуден таймады.

Гүлнар мен Мақсат біздің үйдің жанынан пәтер алды. Гүлнардың шешесі – Дәметкеннің Сәнтай деген ағасы менің кластасым. Ал Мақсаттың шешесі – Наукашкүлмен 1-клас-тан 8-класқа дейін бірге оқығанбыз. Олар Әуезов көшесінің 2-үйінде, мен 1-үйінде қарсы есік тұрдық.

Гүлнар мен Мақсат екеуін балаларымыздай көріп, тату-тәтті өмір-тұрмысына сүйсініп, сәлемдескендеріне үгіле риза болар едім.

Гүлнар Қайраттың түрмеден келген хаттарын маған оқытып, жылап-жылап кететін. Тілім жеткенше жұбатып, ақыл-кеңес айтамын. Інісі үшін егілген әпкесінің дәрменсіз көз жасы мені де жылататын.

Жазында Қайрат Рысқұлбеков өлім жазасына кесілді дегенде есеңгіреп қалдық.

Дәметкенге кешірім сұрау арызын Алматы, Москваның дәулеріне жазып бердім. Олжастың қолына да бер дедім.

3. Қайратты арашалауым

1987-жыл, тамыз

Гүлнарға ініңе былай деп ақыл айтыңдар, “арыз жазсын”, “кінәлі тергеушілерді көрсетсін” деп кеңес берумен болдым.

Гүлнар әкелген бір хат маған қатты әсер етті. Қайрат торыққан: “Ататын болса, тезірек атса екен. Күндіз-түні әр тықырдан шошынамын. Мені әкетуге келе жатыр екен деп...” Гүлнар жылап-жылап кетті.

1987-жылдың тамыз мәслихатына жиналған бүкіл Мойынқұм ауданы ұстаздарының 300-400 өкілінің алдына шықтым. Қайраттың хаты қолымда.

Қайрат Рысқұлбеков – біздің түлегіміз. Өлім жазасына кесілді. Қазір түрмеде отыр. Тіпті кінәлі болған күнде біз оған ортақпыз. Өлім жазасын басқа жазаға ауыстыруды сұрап үкімет басына хат қабылдайық, – дедім.

Орыс-қазағы аралас 300-400 мұғалімнің біреуі қолдауға батылы бармады. 3-4 адам мені сынады. Мектеп деректірі менен ат-тонын ала қашты. Облыстық партия комитетінің өкілі менің сөзімді ақымақтарға арналған (расчитан на дураков) деп сызданды.

Мәслихат аяқталатын болды. Мінбеге, аудандық партия комитеті бірінші хатшысының рұқсат бермеуіне қарамай, қайта шықтым. “Менің ұсынысымды қолға салыңыз!” – деп талап еттім. Тұрып алдым.

Ауданның бірінші хатшысы қолға салмады. Залдағы мұғалімдер орысша-маған ұрса бастады. “Хватит!”, “Қойсайшы сөзді” – дейді шуласып. Қол шапалақтап менің даусымды өшірді. Мінбеден түстім.

Қолымда – Қайраттың хаты, көз алдымда – Гүлнардың жасқа толы көзі... Ең болмаса бір адам сөзімді сөйлемеді-ау деп күйіндім. Мажарлар, поляктар, немістер, американдар, түріктер, ағылшындар ара түсіп жатыпты. Мені аудан, облыс басшылары қара тізіміне ілді.

Бұл әлі 1987-жыл болатын.

4. 1988-жыл. Қайраттың қазасы. Дәметкен – шешесі

Гүлнармен нан дүкенінің алдында кездестім. Көңілді. “Аға Қайратты 15 жыл түрмеге ауыстырды. Тойлайық деп жатырмыз!” – дейді. Қуанғанымнан: “Құтты болсын!” – дей беріппін. Маужыраған мамыр айы.

Гүлнар үйге жылап кірді. Қолында телеграмма. Семей түрмесінің бастығы Кутько деген Қайрат Рысқұлбеков кенет қаза болды депті. Біреу мені алдап жіберіп, ту сыртымнан атқандай болды. Қол аяғым байланып, суға батқандаймын. Гүлнарға не айтқанымды білмеймін.

Кутьконың атына телеграмма салдым. Егер біреу майып етсе, қылмысты іс қозғауды талап еттім.

Дәметкенге көңіл айттым. Қайраттың денесін көрмей, өліміне сенбе дедім.

Дәметкенді Семейге жібермеді бастықсымақтар. Дауыс шығарып жылауына мүмкіндік бермеді. Қырқына қаратпай, тауға қуып жіберді (малға).

Дәметкеннің басына түскен сорды құдай ешкімнің пешенесіне жаза көрмесін: үлкен ұлы істі болдым, Қайратты өлтірді, Талғаты әскерге кетті... Күйеуі Ноғайбай түрмеге түсті... Төрт майда баласы қазіргі Төле би ауылында мектеп-интернатта оқитын.

Савицкидің жыртылған киімін оның әйелі арыз беріп: “Дәметкеннен өндірілсін”, – деген сот үкімін әкелді. Мен “төлеме” дедім. Сот төлеттірді. Дәметкен ақыл-есі кіресілі-шығасылы болып қалды ғой деп ойлаймын... Сорлы ананың басына қара түнек орнады.

5. Желтоқсан құрбандары 1989,1990 “Желтоқсан” қорғандары

Жұбан, Мұхтар, Олжас, Хасен қазақ жастарын қорғап тұра келді.

1989-жылы аудандық Кеңесте депутат болып сайландым. Өз тұғырнамада жер, ұран сөз, дәстүр, тіл және Қайрат мәселесін алдыма қойдым.

1990-жылы аудандық Кеңеске Қайратты ақтау мәселесін қойдым. Аудандық Кеңес өз шешімін Қазақ ССР Жоғарғы кеңесіне жіберді. Олардан: “Қайрат Рысқұлбековтің мәселесін СССР Жоғарғы Сотына ұсындық” – деген жауап келді.

Аудандық партия комитетіне Рахышева Нілзия бірінші хатшы болып келе салысымен идеология бөлімінің меңгерушісі Бейімбетов Мұсаханды шақырып алыпты.

– Қайрат Рысқұлбековтің артынан қуатын ешкім жоқ па?

– Қожаназаров Сейіткерім деген ағай Қайратқа араша түсіп жүр. Інісі Талғат Рысқұлбеков әскерден келді.

– Екеуінде бастықтарынан сұрап алып кел. Іссапарға деп, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіндегі комиссияға жібер! – депті Нілзия.

Мұсахан Бейімбетов мені аудан орталығына шақырды. Рахышеваның сөзін жеткізді. Мұхтар Шахановпен сөйлескенін айтты. Қайраттың түрмеде жазылған күнделігін берді. “Қадыр Мырзалиев творчествосын зерттеп жүрсіз, пікір айтыңыз”, – деді.

Алматыдағы комиссияға жіберді. Талғат қағаздарын Мұхтар Шахановқа бермек болды. Мен арыз бен Қайраттың хаттарын Қадыр Мырзалиев комиссиясына өткіздім. Қадыр: “Радиодан сөйле, қоғамдық Қайрат қорын құр”, – деп кеңес береді.

6. Қайрат туралы газет материалдары, қор 1990-1991 Ноғайбай – Қайраттың әкесі

Менің 1990-жылы жазған мақалам “Сана” газетіне 1991-жылы сәуірде, 2-санында, “Қайратты кім өлтірді?” деген атпен жарық көрді.

Қайраттың хаттары жарияланды.

“Мойынқұм таңы” газетінен Әділ Алпысбаев келді. Гүлнардың үйіне апардым. “Қанаты қайырылған Қайрат” атты газеттің бір бетін алған мақала жарияланды. Қайраттың хаттары шықты. Менің 1987-жылы мұғалімдердің мәслихатында шығып сөйлегенімді келтірді.

Желтоқсан туралы киноны бастаған Қалдыбай Әбенев келді. Режиссерға Қайрат Рысқұлбековтің класс жетекшісі Ажар Кененбаеваны шақыртып өз оқушысына берген мінездемесін әділ, батыл қорғауға кеңес бердім. Қайрат Рысқұлбеков қорын құру туралы ұсынысымды жарияладым. Менің бірінші орынбасарым Сейдалиев Мақсат – аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі еді. Екінші орынбасарым – Бекен Қадықов аудандық “Коммунизм таңы” (кейінірек “Мойынқұм таңы”) газетінің редакторы.

Бірлік аулындағы “Қазақ тілі” қоғамының бастауыш ұйым-

дарының төрағаларынан басқарма құрдым. Қайрат Рысқұлбеков қорын ауданда тіркеттім. Мөрін, банк есебін ашуға рұқсат әпердім. Қордың төрағасына “Қазақ тілі” қоғамының жауапты хатшысы Уақов Мәкенді ұсындым.

Қайрат Рысқұлбеков қорының жұмысына көмектесіп келемін сол 1991-жылдың наурызынан бері.

Қайраттың әкесі – Ноғайбайды “Қазақ тілі” қоғамының есепшісі қызметіне алдым. Ауданның бізден 300 км. жердегі “Ұланбел” совхозына дейін жолсапарға жіберіп, ауданға Қайраттың әкесін таныстырдым.

7. Мектепке Қайрат Рысқұлбеков атын бергізу

Бірліктегі сегізжылдық қазақ мектебіне Қайрат Рысқұлбеков атын беру туралы әңгіме көтердік. Сегізжылдық мектебімізге бір марқұмның атын ономастикалық комиссия арқылы теліп қойыпты. Енді Мойынқұм аудандық атқару комитетінің отырысында бекіткелі жатқанын естідім. Мен ол кезде депутатпын. Мәдениет және білім жөніндегі тұрақты комиссия төрағасының орынбасарымын. Отырысқа Әйтішев Әскербектің наразылығына қарамай кірдім. Мектепке ат беру туралы мәселені бірінші қоюды сұрадым.

Атқом мүшелерінің алдында Бірлік мектебіне олар дйттеген марқұмның атын беруге болмайтынын дәлелдедім. Ономастика комиссиясының шешімін тоқтатуға ықпал еттім.

Бірлік ауылының селолық кеңесінде жиын болды. Тағы да баяғы марқұмның жиендері мен балдыздары қаулы шығартпақ болып әрекет жасады. Мен Қайрат Рысқұлбековтің аты берілуге тиістігін қадап айттым. Қызыл кеңірдек болған баяғы айқай. “Қайраттың әке-шешесі ондай-мұндай” деушілер де табылды. Маған: “Сіз өлсеңіз, сізге де бір көше береміз”, – деді бір келіншек.

Бірлік мектебінің педагогикалық кеңесіне қатыстым. Ауданның қазақ тілі мұғалімдерінің араласуымен күн тәртібіне Қайрат атын мектепке беруді ұсындым. Қаулы қабылданды. Оқушылардың тізімін алып, класс-класқа кіріп, Уақов Мәкен қол қойғызды.

Мойынқұм аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Сейдалиев Мақсат қуаттады. Ономастикалық комиссия төрағасы Қадықов Бекен қолдады. Екеуі де “Қазақ тілі” қоғамы төрағасының, яғни менің орынбасарымтұғын.

Мектепке солай Қайрат атын бергізген едік.

8. Қайрат рухын құрметтеу

Қайратқа ас берілді. “Қазақ тілі” қағамының атынан мен, “Қайрат Рысқұлбеков қорының” атынан Мәкен Уақов екеуміз “Көктерек” совхозының деректіры Үмітқұл Бекбаевқа кірдік. Үмітқұл жылқы бергізді.

Қайраттың үйіне “Желтоқсан жұлдыздарына” арналған облысаралық ақындар айтысына бара жатқан бұлбұлдар бата жасай барды.

Бұл – 1992-жыл.

Бекбаев Үмітқұл Қайраттың әке-шешесіне арнайы үй салғызып берді. Дәметкенге үйінің қасындағы мейманханада жеңіл жұмыс берді. Қайрат атындағы сыйлыққа жылқы тікті.

Қайрат Рысқұлбеков мектебінің жанында тақта тас орнатуға Әлмұхан Исақов қордың төрағасы Мәкен Уақовқа көп көмектесті. Бірлік атындағы “Желтоқсан” кинотеатрының алдында Қайраттың ескерткішін орнатуға Мамырбек Әбдірахманов қаржы бөлді. Ашылуына Мұхтар Шаханов барды.

Коммунар Тәбей Қайраттың әкесін Семейге ертіп апарды. Қайраттың құнын төлетті. Кітап жазды.

Журналист Тұрысбек Сәукетаев “Еменнің иір бұтағы” деген Қайраттың өлеңі, хаттарынан кітап құрастырды. Ол кітапты мен “Қазақ тілі” қоғамы арқылы елге түгел таратып жібердім. Қайрат Рысқұлбеков қорының төрағасы Мәкен Уақовқа Қайрат туралы ел еңбегін, естеліктерін біріктіріп, кітап құрастыр деп ақыл бердім.

9. 1996-жыл. Қайрат Рысқұлбеков мектебі “Желтоқсан” кинотеатрының алдында Қайрат Рысқұлбеков ескерткіші

Желтоқсан (1986)уақиғаларына 10 жыл толды.

Горбачевтің қайта құруы. Тоталитаризм теңселді. Қазақ жастарының толқуы. Жазалау. Қудалау артта қалды.

Мемлекет егемендігі, Қазақстан дербестігі ақиқатқа айналды. Мемлекеттік әнұран, белгі, туымыз бар. Саяси қозғалыс нарыққа тірелді бүгін.

Он жыл өте шықты. Заман базарға ауыса бастады.

Соның арқасында 1996-жылдың 12-наурызында мынадай оқиға болды. Алматы. Сәулет-құрылыс академиясының залы. Төрде мен, Қазақстан жастар істері, спорт және ту-

ризм министрлігінің бөлім бастығы Әлімбекова Гүлнар Смадиқызы, академия ректораты, Қайраттың шешесі - Дәметкен, Қайрат қорының төрағасы – Мәкен Уақов отырмыз. Мәкен баяндамашы.

Қайраттың туғанына 30 жыл толды. Жиналыс кинорежиссер Қалдыбай Әбеновтың “Аллажар” киносынан үзінді көрсетумен басталды. Шу ауданынан арнайы келіп Аяз Бетбаев арнауын айтты. Қарсы алдында Қайраттың әпкесі Гүлнар отыр. Біресе жылайды, біресе елді тыңдайды...

Одан басқа желтоқсан зәбірін көрген Гүлнар Лепесбаева, Гүлнар Әбілқайырова да отыр. Желтоқсан қозғалысын басқарып жүрген Әлібек Мұзафаров, Гүлбаһрам Жүнісовалар және Қайратпен бірге сотталғандар, түрмеде бірге жатқандар қатынасты. “Азаттық” радиосының тілшісі – Батырхан Дәрімбетов келді. Қазақ телерадиосынан “Хабар” тілшісі Гүлжанар Қойшыбаева келіп таспаға түсірді.

Көз алдымнан алыстағы ауыл, Қайрат мектебі, Қайрат ескерткіші, түрмесі, мұғалімдер, маслихаты өтіп жатыр.

Қ А Й Р А Т – ж е л т о қ с а н құрбандарының бірі ғана.

Сейіткерім Қожаназаров.

ТОПЫРАҒЫҢ ТОРҚА БОЛСЫН, БАУЫРЫМ!

**Қайрат Рысқұлбековтің
рухымен сұхбат**

Қайрат, бүгін арамызда жоқсың, өзің дүниеден өткен 1988-жылдың 21-мамырынан бері ұшқан ұяң, ата-анаң ғана емес, сені білетін ағайын-жұрттың, дос-жарандарыңның арасыңда, жалпы исі қазақта қабырғасы қайыспаған адам кемде-кем, себебі, ежелден-ақ халқымызда жас өлімі, оның үстіне намыс жолында жазықсыз мерт кеткендер “зерде” деп аталатын қасиетті жылнаманың бір түкпірінде мықтап сақталады, ал ел жады тақта бетіндегі тез сүртіп тастай салатын жазу емес, қайта жылдар беделінде аршыла түседі, міне әйгілі желтоқсаннан кейін төрт жылдай уақыт өткенде ғана көп жайдың белгілі бола бастауы соның айқын дәлелі. Мұхтар Шаханов ағаң бастаған комиссия мүшелері қаншама қиындықтарды бастан кешіре отырып, түптің түбінде әділдіктің ақ туын желбіретті. Ал адам қақылары жөніндегі қоғамдық комитет бастаған көптеген ұйымдардың (оның ішінде ССРО-дағы Шығыс халықтары ассоциациясының

өкілдері де бар) Қазақ ССР-і, ССРО халық депутаттарына, Қазақстанның және еліміздің барлық еңбекшілеріне үндеуі жарияланды, онда желтоқсан оқиғасынан кейін пайда болған “Батыс” бейіті, фамилиялары да, нөмірі де жоқ 58 белгісіз мола туралы мәселе қозғады.

Міне, ел-жұрт қарап жатқан жоқ, сенің қаншама достарың босанып шықты, амал не, бауырым, солардың ортасында орның үңірейіп тұр, тас түскен жеріне ауыр, бәрінен де анаң Дәметкенге ауыр-ау, әкең Ноғайбай мен бауырларың Есентай, Гүлнара, Талғат, Гүлшат, Клара, Меруерт, Алтай да қаншама қиналғанмен, сыр бермей жүр.

– Кезінде жұрттың бәрі теріс айналып, қол ұшын берген жоқ еді, енді әркім-әркім сұрай бастады, қазақ телекөрсетуінен бір топ адам келіп кетті, бос әурешілік не керек, өлген балам тірілмейтін болғасын...

Анаң осы сөздерді айтып, жаулығының ұшымен көз жасын сығып алғанда, жүрегіміз шым ете түсті, басу айтқан болдық, фермадағы кіндік қаның тамған тоқал тамнан үйдегілер Бірлік селосының орталығына қоныс аударыпты. Ол да біреудікі екен, қабырғасы жарылып тұр.

Шәй үнсіз ішілді, сен далаға қазір ғана шығып, артынша суық хабарды енді естігендей, еңсеміз езіліп отыр, мұндайда сөз бастау азаптың азабы екен, бір жайларды сұрағың келеді, ал адамның енді қарақотырлана бастаған жарасын қайта тырналап, аузын ашып тастасаң, қиянаттың үлкені сол емес пе. Апыр-ау, біреудің көмескілене түскен қайғысын от көсегендей түрткілеп қайта тұтандыруға қандай қақым бар? Осындай толғаныста отырғанда жігер берген әкең болды.

– Қайраттың енді оралмасы анық, бізге қалғаны жас та болса, соның артын бағып, рухына адалдық көрсету. Жазықсыз боздақтың бойындағы кіршіксіз пәк сезім, бізге деген махаббаты өмірі сарқылмайды, күш-жігер береді, - деп бір тоқтады. Сонда ғана анаң ауыр күрсініп, пейіл бере бастады. Денсаулығы әлсіз, бір аяғын баса алмай жүр екен. Өмір бақи сиырдың төрт емшегіне жармасып жүріп, сегіз баланы тәрбиелеу оңай ма? Бәлкім, сонда буын-буынын суық шалған шығар, сенің қайғың – зіл батпан, ол қосылды, қиын ғой, қиын.

– Жарайды, онда...

Ауру ананың қоңыр үні дірілдей шықты.

– Қайрат жасынан алғыр, ынталы болды, тілалғыш, бауырмал, сезімтал еді, сурет салғанды жанындай жақсы көрді, Новотройцкідегі С. Шәкіров атындағы мектеп-интернатта тәрбиеленді, комсомол комитетінің секретары болды, кейін

Киров атындағы орта мектепті бітірді. Алматыдағы сурет училищесіне барып, еңбектері жоқ болған соң, құжаттарын өткізе алмады, бір жыл сиыр бақты, әскер қатарына шақырылды, командирлерінен үш рет алғыс хат келді. Соның бірі-мынау.

Алтын жалатқан жазуларды оқи бастадым, онда былай делініпті:

“Қымбатты Ноғайбай Рысқұлбекұлы мен Дәметкен Асанбайқызы!

№ 33635 – әскери бөлімшесінің командованиесі, партия және комсомол ұйымдары Сіздердің ұлдарыңыз, сержант Рысқұлбеков Қайрат Ноғайбайұлының ата-ана аманатын адал орындай отырып, өзін жақсы жағынан көрсеткенін хабарлаймыз. Ол жауынгерлік, саяси даярлықтың үздігі, әскери техниканы жетік меңгеріп алды. Ұлдарыңызды Советтік Отанды сүю, патриоттық рухта тәрбиелегендеріңіз үшін, Сіздерге алғыс айтамыз, денсаулықтарыңыз мықты, бақытты болуларыңызға тілектеспіз.

№33635-әскери бөлімшесінің командирі, подполковник Хачатурян.

Бөлімше командирінің саяси істер жөніндегі орынбасары, майор Пригода.

1986-жылдың 15-наурызы.”

– Қайрат әскерден оқуға жолдама алып, өзі архитектура-құрылыс, ал Талғат политехникалық институтқа түсті. “Мама, мама, қараңыз, студент болды балаңыз”, -деп әндетіп келіп тұр... Бетімнен сүйеді, еркелейді, айналып-толғанады. Ол бір бақытты шақ екен, әр баланың өз орны бар, ыстық еді, сөнгелі тұрған екен ғой, шырағым, сонда білсемші, әбден құшақтап мауқымды басар едім, қабарған көңілімді Қайрат сияқты кім көтерер енді, жабырқағанда жаныма жалау болар жан табылар, бірақ құлынымның сол арсалаңдай мойныма асылғаны көз алдымнан мәңгі кетпес. Бой жасады ма, қайдам.

1987-жылдың жаңа жылы алдында жайраңдап кіріп келді. Сонау Алматыдан торт, бір бөтелке аққайнар әкеліпті. Құтықтады. Фурмановқадағы жолдасының туған күнін тойлауға кетті. Аудан орталығында нағашысы Мәдібек тұрады. Сонда ұйықтап жатқанда жай киінген ұзын бойлы адам мен аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкері келіп: “Бір отырыста төбелеске қатысты, сұраймыз да жібереміз”, -деп алып кетіпті. Осы Көктеректің посында Өмірқұл деген кісі көріп қалыпты, қолында кісені бар екен. Сол қақпан сор қақпаны ашылмай кетті. Артынша Алматыға бардық. Ондағы санда-

луымыздың шеті де, шегі де болмады. МҚК-нің ерекше маңызды істер жөніндегі тергеушісі майор Дуваевтың тобы ішінде Қайрат та бар бірнеше қазақ жігіттерінің “қылмысын” аударып-төңкеріп, жоқты бардай, барды дардай ету үшін қитұрқы айла-шарғылар жасады. Нүкіс қаласынан Түгелбай Тәшенов, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданының “Пионер” совхозынан Жамбылбек Тайжұмаев, Алматы облысының Қаратал ауданынан Ертай Көпеспаев, Көкшетаудағы Степногорск қаласынан Қайыргелді Күзембаев бірге сотталды. Бізге заң орындары ресми түрде хабар бермеді де, Қайраттың достары салған жеделхаттың нәтижесінде ғана процеске кешігіп үлгердік.

Балама тағылған айып: телеорталықтың инженері Савицкийді таяқпен бастан үш рет ұрып өлтірген, милиция қызметкері Алмабековке қол жұмсаған. Ал куәлер кімдер дейсіздер ғой, В.В. Петрова, Л.Б. Бородина, А.К. Каюмов сияқтылар. Олардың бірі кабинет терезесінен, екіншісі есік саңлауларынан алаңға қарап тұрыпты-мыс, сонда көріпті-мыс. Мың сан адамның ішінен бетпе-бет келгенде ажырату қиын кезде, сонша жерден біреуді жазбай таныдым деу қисынға келмес...

Анаң тағы да толқып кетті, алдымызға сенің хаттарыңды, үлкен дәптеріңді қойды. Асықпай оқуға кірістік. Жүрек лүпілің бірде өлең, бірде мақал-мәтел, енді бірде толғау, ойтұжырым ретінде сезіліп жатыр. Әрине, оның бәрі төрт аяғынан тең тұрған әдеби дүниелер емес, бірақ өзіңнің жүзеге аспай адыра қалған асыл армандарың... Мұң-шерің... Әділетсіздікке қарсы лақылдата төккен ашу-ызаң екен. Енді соларға кезек берейік:

...Бұл дүниедегі ең зор бақыт – еркіндік екен ғой, кім білген. Адамның бостандықтағы бір күні қапастағы бар ғұмырдан әлдеқайда қымбат екенін енді білгендеймін. Осы түрмедегі біздің күнімізді адам түгіл итіңе бермесін.

...Арман құдың ба, алдыңа қара, артыңа алаң болма! Өмірдің өткелін іздеп таптың ба, жүрексіңбе, көзді жұм да қойып кет, белді шеш те, кешіп өт.

...Дүниедегі ең жаман нәрсе – күдік. Бұл шаққа дейін мен тыныстаған күндер мен кешкен тіршілік онша ұзақ емес. Бірақ күрделі, аумалы-төкпелі, бұралаңы мен шырғалаңы да

бірқатар... Осынау нақақтан күйген үш айдың ішінде мен шерменде күдік дегенің не екенін білгендей болдым. Тірі кісі үшін, әсіресе өзін жазықсыз жазықты сезінуден жаман нәрсе жоқ.

* * *

...Дүниеде құдайдың бергені де ештеңе емес, бергенін қайтып алғаны да ештеңе емес, бірақ берейін деп тұрып бермей қойғаны жаман екен. Өлгенше өмірі есіңнен кетпейді.

* * *

...Қорқу, сескену дегеніміз қорқақтық емес, ол – жүрек тебіренісі, өзін өзі шектеу сезімі – қорқақтық, ол – қиын жерден бас сауғалай шегіну, қашқақтау, алда тұрған асыл міндеттен өз қара басын жоғары ұстау.

* * *

...Адам махаббаты – аса жоғары адамгершілік мәдениеті. Махаббатына қарап оның қандай адам екені жайлы айна қатесіз тұжырым жасауға болады. Өйткені біздің қоғамымыздың келешегі, оның адамгершілік негіздері үшін жауапкершіліктің ең айқын көрінісі махаббаттан басталады.

* * *

...Неғұрлым адамның рухы шырқауда биік әрі берік болса, ол ешнәрсеге бой бермейді, ондай адамға өлім де бата алмайды.

* * *

..Ошақ – үйдің жүрегі, бұлақ – ауылдың жүрегі,
Ұстадан – біз, тұлпардан – із қалады.
Аң таппаған атынан,
Ата алмаған мылтығынан көреді.
Кішкентай ауыз үлкен сөзді де айтады,
Кішкентай оқ үлкен кемені де теседі.
Жаман табысқа, жақсы талапқа құмар.
Сөз ең мықты оғың – оны босқа жұмсама.
Аяғы лас төрге дейін былғайды,
Тілі лас көрге дейін былғайды.

Міне осылай кете береді. Дәптер қалың. Қайрат, жазуларың қандай сұлу еді, әріптерің маржаңдай тізіліп, ақ қағаз бетіне мәңгі өшпеу үшін түскендей. Иә, айтпақшы, сен суретші едің ғой... Табиғаттың сан тылсымын, адамның ізгі қасиеттерін көрсете білу үшін, соларды ең әуелі өзің жаныңмен сезінуің керек шығар. Алдымен өзің түсінбесең, жүрегіңнің ыстық қанымен, жаныңның жалынымен бедерлемесең, кім көз тоқтата қояр, кім қабылдар?

Түрменің сыз едені, тас қабырғасы арқаңа аяздай батып, табаныңнан өтіп, шекеңе шықылдай тиіп жатқанда, қолыңа қалам алып, ой толғауың нағыз ерлік. Үнжырғасы түсіп, өзінен өзі тозып кеткендер, тіпті ақыл-есін жоғалтып жатқандар аз да емес қой. Қайрат, сені алдағы мұрат сәулелеріне жетелеген тек адалдығың еді. Басыңа түскен зіл батпан қайғыңның өзін өлең тілмен өрнектеуге ниет етіпсің және оған “Түрме жыры” деген ат қойыпсың:

Темір тор жамбасыма тақымдайсың,
Өзіммен бірге туған жақындайсың.
Телміріп темір торға қаматқанша,
Сұм дүние, бұл жалғаннан неге алмайсың.
Ауылда жақсы екен ғой салған әнім,
Қу тағдыр таттырды ғой түрме дәмін.
Қайдағы пәлекорлар жала жауып,
Жазықсыз қылмыскер боп кетті сәнім.
Тас төбе, төрт қабырға, темір есік,
Ас берер ортасында жалғыз тесік.
Күніне ұзатары үш тілік нан,
Өлмейтін саған тиер осы несіп.

Мамыр, 1987-жыл.

Тағы ойда отырмын. Апыр-ау, осынау асыл сезімді азамат тұла бойы анасына, ел жұртына, Отанына деген сүйіспеншілікке тұнып тұрған, бұзылмаған-жарылмаған балаң жігіт адам өлтіруі мүмкін бе? Әрине, мүмкін емес... Бірақ сот үкімін қайда қоямыз...

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының сот мәжілісі залында 1987-жылдың 25-мамырынан 16-маусымына дейін республика Жоғарғы Сотының мүшесі Е.Л. Грабарниктің төрағалық етуі, Қазақ ССР Жоғарғы Сотының заседательдері А.Т. Түсіпбековтің, Л.Ф. Юсупованың, мемлекеттік айыптаушы – Қазақ ССР Прокуратурасының бөлім бастығы, юстицияның аға кеңесшісі Е.Д. Баймұхаметовтың қатысуымен сот процесі өтті.

Бұл процесс Қ. Рысқұлбековке: “1986-жылдың 18-желтоқсанында 11 сағаттан бастап Мир және Сәтпаев көшелерінің

қиылысында бейбастақтық жасады, Савицкийді өлтірді, Ведельді ауыр жаралады, ал “Қазақстан” қонақ үйі алдында милиция қызметкері А.А. Алмабековке қол жұмсады”, – деген көпе-көрнеу жала айып тағып, Қазақ ССР Қылмысты істер кодексі 173-бабының бірінші тармағы бойынша ең ауыр жаза ату жазасына кесті.

Қайрат, осы үкімнен кейін қандай күйде болдың? Ең ауыр жаза саған тиді. Түгелбай мен Жамбылбек 15 жылға, Қайыргелді – 14, ал Ертай төрт жылға кесілді. Ең азы Ертайдың еншісінде. ПГС-86 топтағы бірге оқыған, Тастақтан барып-келіп жүрген досыңның қиын сәтте сатып кетуі қатты түңілткенін де сезіп отырмын. Өйткені, үкімнің 12-бетінде жазылғандай, Ертай Көпесбаев сенен сағат 11 мен 12 арасында көз жазып қалдым немесе бірге болған жоқпын деген айғақ берген. Ал сен хаттарыңда және жауаптарыңда топтарыңның жазылмағанын қайта-қайта айтып жаттың, тағдырыңа жылдар батпанындай ауыр тиді-ау, бауырым... Қайтеміз, теріс пиғылды тергеуші, солақай сот, қараниет қаралаушы қиянатты көріп-біліп отырып, осы бір ауыз әділ пікірін айта алмаған заседатель, дәрменсіз қорғаушы... Солардың бәрі де өзіндей бір басы, екі көзі, екі қол, екі аяғы бар адамдай ғой, бірақ жүрегі, иманы жоқ болса, нетерсің! Қайрат, тағы өзің сөйлеші айналайын! Соттан соңғы көңіл күйіңді хатыңнан келтірілген мына үзінді дәл беретін сияқты:

...Дүниедегі ең сұмдық зұлымдықты сот алдында азамат сотынан көрдім. Әділетсіздікпен сот көрін септі, жас гүлге өлім септі, зұлымдықпен атып тұрды да, “ату жазасы” деп жас жүрекке найзаны сұқты, кетті. “Өспей жатып – өшу, жанбай жатып – сөнуге” деген осы да.

“Бақ түссе – маңдайымнан, тас түссе – талайымнан” көріп алдым, маған өлім қорқынышты емес, өйткені адалдығым одан биік тұр.

Сот үкімнен ешкім әділдік көрмегенімен, тіс жарып ойындағысын білдіре алмады, заман тарлығы солай етті, бауырым. Бірақ сол кездің өзінде кеудесін оққа төсеген жандай тайсалмай пікір айтқандар болды. Бірлік селосындағы Киров атындағы орта мектептің ұстазы Мойынқұм ауданының “Қазақ тілі” қоғамының төрағасы С. Қожаназаровтың мұғалімдердің 1987-жылғы конференциясында: “Біздің жерлесіміз, студент Қ. Рысқұлбековтің 1986-жылғы желтоқсан оқиғасына қатысқаны үшін өлім жазасына кесілгенін бәріміз де білеміз. Олай болса ССРО Жоғарғы Советіне үкімді жеңілдетуді сұрап осы конференция атынан хат жа-

зайық”, – деген ұсынысына залдағы мұғалімдердің үнсіз қалуы, президиумдағылардың қолдамауы жазушы Асқар Сүлейменовтің кезінде “Қазақ әдебиеті” газетінде “Шындық көп, ақиқат жалқы” (29.06.90-ж.) деген мақаласында жазғандай... “зорлық шабынғанда, қалыс қалу да күнәнің” кері емес пе? Немесе класс жетекшің Ажар Кененбаеваның сенің мінездемеңді әділ жазып, барлық жақсы қасиеттеріңді жасырмай-жаппай ашық көрсетуі, қанатымен су сепкен қарлығаштай басына түскен тауқыметті аз да болса жеңілдетуге күш салуы ерлік емей, немене?

Қайрат, кезінде шетел газеттерінің сенің тағдырың туралы шулай жазғаны енді ғана мәлім болып отыр. Мұхтар Шахановтың “Лениншіл жас” газетіне (1990-жылдың 29-қыркүйегі) берген интервьюінде аталып көрсетілгендей, 1987-жылдың шілдесінде Венгрияда 41 адамның қол қойып, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының төрағасы А. Громыконың атына жазған хаты жарияланады, одан саған кешірім жасау өтінілген еді.

“АФП” агенттігінің хабарлауы бойынша, Чехословакияда “Адам правосын қорғау жөніндегі “Хартер-77” тобының 77 лауазымды мүшелері, оның ішінде елдің сол кездегі сыртқы істер министрі Х.Хачек те қол қойған үндеу жарияланады. Польшада мұндай үндеу екі рет басылады. “Рейтер”, “АП” агенттіктерінің Варшавадан хабарлағанындай, 1987-жылдың маусымында “Бостандық және Бейбітшілік Одағы” Польшадағы совет елшілігі арқылы М. Горбачевке хат жолдап, онда саған берілген ауыр жаза түрімен келіспейтіндіктерін білдірген. Міне, көріп отырсың ба, қарағым, шет мемлекеттер араласып сауға сұрап жатқанда, біз тым-тырыс отырып-пыз, сенің ісің құпия күйінде жатты, әрине, бұл адамгершілік нормаларына еш сыймайды.

Қайрат ішіндегі бар құсанды ақтарып, дәптеріңе үңіле отырып, үмітіңді үзбей, әр таңды көз ілмей атқызғаныңды білдім, бәрін ұқыптылықпен қағаз бетіне түсіріпсің:

...Сотқа келгендер: Мамам, папам, Есентай, Ришат, Гүлнара, Мақсат, Сержан, Күнсұлу, Тоғжан, Толқын, Кәдірбек.

24.06.87–30.06.87-ж. С.М. Мұқашевқа кешірім хат жазылды.

01.07.87-ж. Үкім қағазын алдым.

08.07.87-ж. Қазақ ССР-і Сотының председателі Т.К. Аймұханбетовке, Қазақ ССР-і Прокуроры Г.Б. Елемесовке шағым-арыз.

10.01.87-ж. Мәдібек аға, мамам, Есентай жолығуға келді.

Қорытынды. Әке-шешем жоғарыға екі рет барған. Әділдікпен шешеміз, бір жақсылық болады деп уәде еткен. Бірақ әлі беймәлім.

* * *

Сенің соңғы хатың туралы сөз көп, жорамал да аз емес. Ресми орындар осы сәлеміңді бетке ұстап, өзіне өзі қол жұмсаған деген тұжырымды алға тартады. Қалай болғанда да, оны ашынып жазғаның ақиқат. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1988-жылғы 28-сәуірдегі пәрменімен саған кешірім жасалып, өлім жазасы 20жыл бас бостандығымен ауыстырылады. Бірақ бұл хабар сені қуанта алмады. Сол кездегі көңіл күйіңді былай білдірген едің, қарағым:

“Амансыңдар ма, ардақты асыл анашым, бауыр-ет бауырларым, қадірлі қарындастарым, ақпейіл жеңешем мен келінім және балдай тәтті қос бөбектерім!

Сендердің денсаулық, көңіл күй, тұрмыс-тіршіліктеріңді сұрап не қылайын, бәрібір маған оны естіп білуді сор маңдайыма қу тағдыр жазбайын деп отыр. Әйтеуір, бұ дүниеде де, о дүниеде де ақ-таза жүрегіммен бар тілейтінім – өздеріңнің әрқашанда аман-сау, ардақты адам болуларың. Ендігі өздерің де бәрін естіп-біліп, үлкен қуаныш үстінде боларсыңдар. Сонда да басынан аяғына дейін өз қолыммен өзім жазайын. Бар қайғы-қасірет, мұң-зар, бақытсыздық, қырық қырсық мен сорлы бейшара бейкүнәнің басына қашан, қалай, қай уақытта, не себепті, қандай арамза жолдармен келгені өзімнен басқа, сіздерге де белгілі болар деп ойлаймын. Сіздер, толық анығын білмесеңдер де, Талғат (бауыры – сар.) бәрін түгел біледі, мен оған бар сырымды түгел жасырмай жазғанмын. оның маған жазған жауабы, бауырлық ретінде берген уәде, серті:

“Аман-есен Отан алдындағы өз міндетімді лайықты абыроймен өтеп, туған үй, ошақ басына оралған соң, мейлі үш жыл өтсін, мейлі 30 жыл өтсін, бәрібір мен түбі ақиқатшындыққа бір жетемін. Тек қана адал жолмен жетемін”, – дегі жазған еді. Әрине, мен Талғатқа толық сенемін.

...Өздеріңізге әбден белгілі, яғни мен ...жазықсыздан-жазықсыз, адам тұрмақ тышқан мұрнын да қанатпай сорлағанымды, темір торға торланғанымды, одан қала берді түрменің көзіндей тесікке түйедей жала жабумен ақыры ату жазасын алғанымды.

Иә, мен сіздерден еш жасырмаймын, мен 18.12.86-жылы алаңға бардым.

... Тек қана ол жерге барған себебім, бар мақсатым,

біріншіден, ол жерде не болып, не істеп, не қойып жатқанын өз басым, өз көзіммен керу болды. Екіншіден, алаңда қазақтың уыздай жас қыздарын ұрып-соғып, өлтіріп жатыр дегенді елден естіген соң, өз басым қолымды жайып “күл болмасаң, бүл бол” деп отыруға еркектік ар намысым жетпеді. Ер қатарында ер қара боп, саны бар, сапасы жоқ боп, ербең-деп жүрген намыссыз еркек мен емеспін, құдайға шүкіршілік, кеудемде нағыз ерге лайық намыс баршылық. Оның үстіне, “қыздың жолы жіңішке” деген. Менің түсінігімше, әйел адамға ер адамдар тұрмақ аң екеш аңдардың-хайуандардың еркегі де ұрғашысына мүйіз, болмаса тұяқ көтермейді. Ал біз бәріміз де аң емес, адамзатты ұлы адамбыз... Міне, қысқаша айтқанда, осындай түсінікпен әйел затына ер болып, өз қол ұшымды беріп, көмектесуге, оларды арашалап, қорғау үшін барғаным рас. Сол жерде қолымнан келгенше бар көмегімді бергенім де рас. Ол үшін өлі күнге дейін еш өкінбеймін, керісінше үлкен мақтаныш тұтамын. Бірақ та бір құдай өзі куә, адам баласын өлтіргенім жоқ. Мұндай айуандық жасаудың өзі сормандай менің қолымнан келмейді. Ешуақытта, ешқашанда... Ал әйел затына айуандықпен қол көткеріп, шашынан тартып, көкпарша сүйрегені үшін, бір милицияны ұрып-соққаным рас. Ол адам күні бүгінге дейін аман-есен, зыр жүгіріп жүр. Өз қолыммен жасаған бір теріс қылық, бар қылмысым осы ғана. Ал маған “жығылғанға жұдырық” деп зұлымдықпен мойныма ілген “адам өлімі” менің ісім емес. Мұның бәрін ию-қиюын келістіріп көпе-көрнеу жала-жалғандықпен мен сорлының мойныма жүз қайтара орап ілген “ұялмайтын бес гектардай беттері мен талмайтын жақ берген” албасты атқан тергеушілер мен әбжылан жалақордың ісі. Мен өте-мөте жақсы білемін және сеземін.

...Иә, мен сорлылығымнан жазықсыздан-жазықсыз ату жазасын алдым. Өйткені, өзімнің кінәлі емес екендігімді, адалдығымды, қолымның қан емес екенін қанша зар еңіреп айтқаныммен, өзімді еш ақтай алмадым. Дүниеде адам баласының өз-өзін ақтауы өте-мөте қиын екені кеудесінде жаны барлардың бәріне жақсы белгілі. Сондықтан маған да бұл жағы өте қиын.

Міне, өздеріңіз естігендей, “ату жазасын” 20 жылға ауыстырды. Бұл, әрине, біреуге қуаныш, біреуге жұбаныш, ал біреуге азап, өз басым бұл үшін қуанғаным жоқ. Өйткені, асыл анашым! Түсініңізші, мен сорлының бұл тас зынданда жазықсыздан-жазықсыз еш отырғым келмейді. 11 ай ішінде қайғы-қасіреттен жүйке тамырым әбден жұқарды, әбден шаршадым. Сол себепті жазықсыздан-жазықсыз өз-өзімді

20 жыл бой қинағым келмейді. Және сіздерді де қинап, азаптағым келмейді. Менсіз де, асыл анашым-ай! Тағдырдың тауқыметін көп көрдіңіз ғой. Түсінген жанға сол да жеткілікті. Басыңызды 20 жыл бойы торлаған сізге қайғы-уайым болмайын, Ардақты анашым! Бар жеткен жерім осы.! Аяғыңызға жығылайын! Ақ сүтіңізді ақтай алмай көз жұмып бара жатқаным үшін, сорлы балаңызды кешірерсіз. Өтінемін! Бауырларым, сендер де кешіріңдер!.. Ерте ме, кеш пе, нағыз адам өлтіруші қылмыскерлер өлі-ақ табылады. Бұл ақиқат, жүрегім сезеді.

Менің өліміме, тек жалақорлар мен тергеуші, соттарды кінәлаңдар!

Соңғы рет қимастықпен беттеріңізден сарғайған сағынышпен сүйдім!!! Қош болыңдар! Қош бол, жарық дүние! Бар бақытымды “о дүниеден” табармын.

Сағынышты сәлеммен балаңыз Қайрат”.

Бұл хатты жазғаннан соң, өміріңмен қоштасуға дейінгі сәтің бізге беймәлім... Осы жерде Мұхтар Шахановтың интервьюіндегі пайымдауларында (“Лениншіл жас” 1990-жылдың 29-қыркүйегі) сүйенгенді жөн көрдік. Онда былай делінген:

“Мынадай фактілер көптеген сұрақтар туғызады. Рысқұлбеков бекітілген бақытын өзгертіп, Семей қаласы арқылы жөнелтіледі (ол Қарағанды арқылы Свердловскіге жөнелтілуі тиіс еді). №21 камераға Рысқұлбековтен бір түн бұрын ерекше режимдегі колониядан әкелінген қауіпті қылмыскер К. Власенко отырғызылады. Бұған дейін 6 рет сотталған, кісі өлтірген нашақордың Рысқұлбековпен бір камераға түсуі қалай? Оқиға болған жерді тергеуші емес, аудандық прокурорының көмекшісі тексерген. Тексеру протоколында сот сарапшысы Б. Шалағановтың қатысқаны көрсетілген. Бірақ оның қолы протоколға қойылмаған. Заңды бұза отырып, куәлікке Семей қалалық тергеу изоляторындағы сотталушылар тартылған. Олардың әкімшілікке тәуелді екені бесенеден белгілі. Протоколда өліктің жанынан Рысқұлбековтің қазақ тілінде жазылған өлер алдындағы хаты табылды деп жазылған. Алайда онда хаттың не басталу, не аяқталу тексі көрсетілмеген. Нәтижесінде, комиссия іске жоғарыдағы тігілген хаттың нақ өзінің оқиға болған жерден алынғанын ғана болжай алады. Власенконың айтуынша, Рысқұлбеков асылған жіп қапшықтың аузын буатын Власенконың жібі. Сол күні жіпті Власенко көрші камералармен байланыс жасау әдісіне қажет деп алған. Власенко моншадан кейін Қайраттың майкасы кір болғандықтан, өз майкасын берген. Оны

Рысқұлбеков тұзақ ретінде пайдаланған. Оның айтуынша, Рысқұлбековтің майкасы кір болған. Бірақ Рысқұлбековтің сөмкесінде екі таза майка болғаны анықталды.

Қ. Рысқұлбековтің түрмеде өзін өзі өлтіргені жөнінде алғашқы хабарды Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері оның ауылына жеткізіп, туған-туыстарына марқұмның денесін алып қайтуға рұқсат етпейді. Неліктен? Сөйтіп, туыстарының денені алып қайтуға бара алмайтындығы жөнінде жалған жедел хат ұйымдастырылып жіберіледі. Қ. Рысқұлбековтің денесі әлі күнге Семейде қалып отыр. Алдағы уақытта Комиссия бұл фактіні мұқият тексеруді қажет деп тапты. Міне, осы келтірілген деректер Қ. Рысқұлбеков өзін өзі өлтірген жоқ, бұл жорамал сот органдарының ым-жымын білдірмей жалған құрастыруы дегенді байқатады.

ССРО Прокуратурасы прокурорлық тобының мүшесі В.Г. Гаев өзінің қорытындысында былай деп жазады: "...істі тоқтату жөнінде қаулы (Рысқұлбековтің өліміне қатысты) асығыс болған және қайтып алынуға жатады. Онда изолятордың лауазымды қызметкерлерінің іс-әрекетінде қылмыстық құрамның болмағандығы ғана көрсетілген және Рысқұлбековтің өліміне басқа адамдардың, ең алдымен, онымен бір камерада болған сотталушы К. Власенконың қатыстылығы жеткіліксіз зерттелген. Алынған жауаптар үстірт, Власенконың берген жауаптары сенімсіз және оның шындығына күмән келтіріледі..

Иә, тағы да болжам, тағы да күдік... Кезінде өзің түрменің тас қабырғасынан ары үнің жетпей қанша қиналсаң, енді мәңгі тыныштық құшағына бөлендің, қазір артыңдағылар шындықты іздеп шырылдап жүр. Бірақ олар бостандықта, соның өзінде ақиқаттың ақ жібінің ұшына жету қиын-ау, қиын. Тоқта, тоқта... Сенің хаттарың, қалың дәптерің Мұса Жәлилдің "Моабит дәптері" сияқты қалай жетті бізге? Ол үшін түрменің бір қызметкерлеріне рахмет айтуымыз керек. Өмірде осындай жаны таза, адал адамдардың болғанына да шүкіршілік. Этаппен айдар алдында түрме дәлізінде: *"Елге сәлем айта барыңдар, денемде сау жер жоқ, инемен сұққылағанда шыбын жаным көзіме көрінді"*, -деп ышқына айқайлаған үнің Мойынқұм даласына жетті.

Мойынқұмнан желтоқсан оқиғасына қатысқан біраз жас бар екен, Қайрат. Олар – Манарбек Нұрбеков, Жанар Иманалиева, Бауыржан Әжібаев, Зәуре Момынқұлова, Ләззат Әйтімбетова, Райхан Таубазарова, Ләйлә Қожакелдиева, Гүлхан Қарадосова, Әуесбек Мұқашев, Нұрлан Дінәлиев,

Жанат Орынбаев, Нартай Көшікбаев. Біз бұл тізімді лауазымды қызметкерлерден алдық. Кезінде МҚК берген көрінеді, не үшін екені түсінікті ғой.

Міне, көрдің бе, сонау Алматыда бір ауданның өзінен Брежнев алаңына қанша бала тоқайласқансыңдар. Сендерді бұл жолға итермелеген әлеуметтік әділетсіздікке төзбеушілік, туған халқыңның ар-намысы еді. Бойларыңа ананың ақ сүтімен енген табиғи адалдық темір күрек пен сойыл ұстаған, мұздай темір құрсанған әскерге, арсылдаған қасқыр иттерге құр қол шығудан жүрексіндірмеді. Ана демекші, екі хатыңның бірі сол кісіге арналыпты, мен де мақаламды өмірдегі ең қадірлі пір тұтқан адамың жайлы өзің жазған өлең жолдарымен аяқтағанды жөн көрдім:

... Қалдырып жаны мәңгі жас ұлыңды,
Құпия шерттім осы жан сырымды.
Хош енді жолықпасаң қайран ана,
Көзімнен ақ жаулығың жасырынды.
Қайран анам, күзеткенің түгел ме?
Көктеректе жазықсыз екенімді біле ме?
Бейшаранды мазақ етіп жоқ әлде
Саған дағы елің, жұртың күле ме?

Жоқ, Қайрат, тыныш ұйқта, елің, жұртың жазықсыз екеніңді біледі. Өзің ортамызда жоқ болсаң да, есіміңді ақтап, еске мәңгі қалдыру әрекетінде жүр.

Бұған сен, Қайрат, тыныш ұйқтай бер, бауырым.

Қыстаубай Байтуов.

ҚАЙРАТТЫ ӨЛТІРГЕНДЕР КІМДЕР?!

– Алла-ай, өзің бір сәтсіздік үшін ғана туған адам екенсің, -деп қалды досым маған сенімсіздікпен қарап. Бар болмысымен күйзеле айтты.

Бұл не дегені? Сонда не, ол сенбегені ме, менің ақ екендігіме? Менің жаладан, нақақтан күйген жаралы жүрегіме де қарамағаны ма? Егілген жанымды сезбегені ме? Егізімнің сыңарыңдай көретін досымның да мен туралы бар ұғымы осы болғаны ма?

Қайрат Рысқұлбековтің қойын дәптерінен

1991-жылы Желтоқсан оқиғасына 5 жыл толуына байланысты, Семей қаласында желтоқсанның 13-18-жұлдыздарында Қайрат Рысқұлбеков атындағы спорттық жарыстар, ақындар айтысы асқан ұйымшылдықпен, ынтымақтастықпен өтіп жатқан еді.

Осындай құрметті шараларға Қайраттың әкесі Ноғайбай аға екеуіміз арнайы шақырумен барып, Қайрат қоры атынан жүлделерімізге ерекше шат көңілмен тапсырған болатынбыз.

Спорттық жарыстар аяқталып, ақындар айтысына кезек келгенде “Халық кеңесінің” 1991-жылғы 1-желтоқсандағы санына қуанышты хабар жарияланды. Сөйтіп...

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығы бойынша, 1986-жылы Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы кезінде жазықсыз қылмыстық және әкімшілік жазаға ұшырағандар түгелдей ақталды.

2. Президентіміздің жарлығымен 17-желтоқсан – Қазақстан Республикасының демократиялық жаңғыру күні деп жарияланды.

3. Республиканың Бас Прокуроры Ж. Тұяқбеков Қайрат Рысқұлбековтің ісіне байланысты наразылық келтірді – делінген онда. Бұл ақындарға айрықша шабытты жігер қосып, айтыстың көрігін қыздыра түскен еді!

Мағыналы да ұлағатты өткізілген ауқымды шаралар аяқталып, Нәкең екеуіміз “Ертіс” қоноқ үйінде Серік Жұматов бастаған семейлік ақындармен қоштасар сәтте, бізге кейіннен келіп қосылған Дәулет деген жігіт:

– Қайрат таңға жуық қайтыс болып бізді шақыртқанда, суретке түсірген болатынмын. Сонда Қайрат төсекте аяғын бауырына ала қырынан жатқан еді. Мойнында анық емес, болар-болмас із байқалған, – деді.

Қоштасарда: “Біз сенімді адамдарға хабар береміз, пленкасын дайындап қой” – деген өтінішімді айтып аттаңдық. Ол тек Серік арқылы ғана байланыса алатындығын ескертті. Алматыға жақындағанда Ноғайбай ағамен ақылдаса отыра, біреуіміз Дәулеттің хабарын Мұхтар Шахановқа жеткізуді, сенімді біреу арқылы сол суреттің пленкасын алдыртып, тергеу істеріне бақылауды өзінің ғана қолға алуын сұрайық деген шешімге келдік. Нәкең қалатын болды.

Алматыға қызмет бабымен барған сайын, реті келгенде Мұхаңмен жолығып тұрдым. Және де Семейдегі сол пленканы сенімді біреуге алдырту жайында да қозғау салып,

кімдер көмектесетінін анықтап, жазбаша түрде де қатынас хат бердім.

Бір барғанымда, Бас Прокурордың наразылығы бойынша Қайраттың өліміне байланысты тергеу басталып, іс қозғалғанын айтып М. Шаханов көңілмді бір демеп тастады. Қайраттың туыстары да хабарласып тұрды.

Астанада жасалынып жатқан ескерткішті білу ниетінде барғанымда, жоғарыдағы жайларды анықтау үшін, Мұхаңның қабылдауына тағы да кіруіме тура келді. 2-3 кісі отыр екен, “Сәл күте тұр, қазір тергеушіміз келеді,” – деді.

Көп ұзамай-ақ екі жігіт кіріп келді. Мұхтар Шаханов байыппен олармен танысқан соң, тергеу жұмыстарын сұрай бастап еді, тергеуші Ерсайын Сәрсенбаев өзінің жалғыз екендігін, әлі шындап кірісе алмай жатқанын мойындады.

Бұрын барып жүргенімде байқамаппын, Мұхаңның бұлқан-талқан ашуланғанын көрсеңіз.

“Тергеу басталғалы 6 ай өтті, Семейге неге бармайсың, сондағы Сәкежановқа жолықпайсың ба? Әлде Жоғарыдан саған “ақыл” айтып, басқа ойлармен бұрмалап жүр ме? Қалайша осы күнге дейін түк бітірмей жүрсің?” – деп қатты қатты айтқандары әлі күнге дейін есімнен кетпейді.

Ерсайын мен жанындағы жігіт себептерін түсіндіре ақталғансып жатты... Бәрібір тергеу жұмыстары созылып, көмескілене берді. Алматыға барған сайын Сәрсенбаевты іздеймін, бірақ таба алмаймын.

Бір күні жолыққанымда, Мұхаң Власенконы алдыртқанын, жанындағы ішкі істер бөлімінің екі қызметкері қасынан кетпей қойғанын, сондықтан да дұрыстап сөйлесе алмағанын қынжыла айтты. Бір сөзінде Власенко: “Қайратты өлтірген мен”, – дейді де, артынан “жоқ олай емес” деп, есалаңның сөзін сөйлейді. Не болса да бәленің бәрін Власенко біледі, әккі қылмыскер әдейі бұлталаққа салып отыр. Заң органдарының адамдары оның есі ауысқан, жарымес етіп көрсетеді деп, ақ жүрегімен ақтарылды...

Анда-санда Семейдегі жігіттермен телефон арқылы хабарласып, тұрдым. Олар да пленка үшін Алматыдан арнайы баратын адамды күтіп жүргенін айтты. Содан, Қайраттың ескерткішінің ашылуы салтанатында семейліктер келетін болып, Мұхаңмен оларды жеке жолықтыруға келіскенбіз. Бірақ ескерткіштің дәл қай күні жасалынып бітетіні, салтанатты рәсімнің қашан аталынып өтетіні анықталмай, тек бір апта қалғанда ғана белгілі болды. Семейлік бапкер-палуан Мерей Көшкінов Мойынқұм ауылының күйеу баласы болатын. Қарындасымыз Райханекеуі қалада тұрғандарына қара-

мастан, бізді әрдайым мейірімді қонақжайлықпен қарсы алып, жомарттылық танытатын. 1993-жылдың көктеміне салым, Жамбыл қаласындағы Республикалық дәрежеде өткен самбо күресі жарысында шәкірттерін алып келген Мерей қайтар жолда Мойынқұмға аялдағанын пайдаланып, екеуіміз түні бойы кеңесіп, Семейге бірге бару тоқтамына келдік.

Телефонмен Жамбылдағы С. Абасовпен және М. Шахановпен хабарласып, 9-наурызда Алматыда бас қоспақшы болдық. Белгілі тележурналис С. Абасов келе алмай, Мұхаңның қабылдауына Мерей екеуіміз кірдік.

Мерей, Мұхандар тарапынан хабарды күте-күте шаршағандарын, пленканы табамын деген жігіттер кім көрінгенге ондай дүниені бере салмайтынын айтты. М. Шаханов қолынан келген көмегін аямайтынын, Қайраттың өлімінің құпиясын ашуға көмектесе, қандай да болмасын бәле-жаладан қорғайтындығына дейін ескертті. Және де Семейдегі аса қажетті деген азаматтарға жолыққанымда, маған өз көмектерін жатсынбай ұсынсын деген ниетпен Мұхаң:

“Қайрат Рысқұлбеков атындағы қордың төрағасы Мәкен Уақов қазір Қ. Рысқұлбековке байланысты мәлімет, дерек жинаумен шұғылданып жүр, сондықтан осы жігітке қол ұшын берулеріңізді өтінемін!” – деген ресми хат жазып, мөрлеп берді.

Семейге келісімен Мерей екеуіміз Дәулетті іздестіре бастадық. Оны білем деген бір жан болсайшы. Ақсуаттық ақын Серік Жұмановқа звондап, қалаға келіп, Дәулетті тауып беруін өтіндік. Оның өзі де: “Менсіз таба алмайсыңдар, тапқанның өзінде, онымен тіл табыса қоюларың қиын, қызметін басқа жерге ауыстырыпты. Бензин таба алсақ, 2-3 күнде барып қаламын, күтіңдер”, – деді.

Қайраттың өліміне қатысты сарапшылар актісінде аты-жөні тұрса да, қолын қоймаған Болат Шалағановты іздеп таба алмадым. Оның да қызмет орны ауысып кетіпті. Облыстық прокуратураның тергеушісі Сыззбек Сәкежановты тауып, сапарымның мән-жайы, жас боздақтың өлімінің құпиясы толғандырып, сонау Жамбыл облысынан, айғақты деректер алып кету үшін келгенімді білдіргенімде, менде біршама деректер болуы керек, 2-3 күнде тауып беремін деген уәдемен шығарып салды.

13-наурыз Қайраттың туған күні болғандықтан, облыстық Радионың тілшісі Сайра Нүсіпбекова, телерадио компаниясының қызметкері Тілеген Ахметовпен бірге Қор Басқармасының атқарған жұмыстарын айтып, тағайындалған Қайрат сыйлығы туралы арнайы хабар ұйымдастырдық.

Айтқан мерзімінде Сызбек Сәкежанов деректерін тауып бере алмай: “Мұхтар Шахановтың өзі шақыртсын, Ол кісіге айтатын ауызша мағлұматтарым бар”, – деді.

Ақсуатпен қайта хабарластық, Енді шығамын деп, күткізіп отырған Серік Жұматовтың әкесі аяқ астынан ауырып, ауыр халде ауруханаға түсіпті. Сонымен он шақты күн жоғалтсам да, Серікке жолығып кетейін деп автобуспен Ақсуатқа келдім.

Әкесінің жанында аялдап қалған Серік кешірім сұрай отыра, соңыра Дәулетті іздестіріп тауып, маған хабар бермекші болып уәде етті. Бірақ аудан басшыларына да ескертіп қоюымды өтінді. Аудан әкімінің қызмет бабымен жол жүріп кетуіне орай, орынбасары Бақыт Қойшыбекованың қабылдауында болдым. Жұмысымен танысқан соң, Наурыз мерекесі өтісімен, С. Жұматовтың Семейге барып келуіне жан-жақты жағдай жасайтындықтарына сендіріп, менімен жылы қоштасты.

...Шілде айының соңына таман ақсуаттық ақын Серік Жұматовтың азаматтық көмегінің арқасында, көптен іздеген адамымыз Дәулет Әубәкіровты таптым. Ол бірақ Қайраттың суретінің пленкасын таба алмады. Дәулет шатастырып, бір орыс жігітінің өліп жатқандағы суретінің нұсқасын сақтап жүріпті. Д. Әубәкіров 1991 жылы Семейдегі жолыққандағы “Қайрат төсекте бүк түсіп жатқан болатын, мойнында болар-болмас дақ болған еді”, – деген сөздерін тағы қайталады. Бірақ Дәулеттің тигізген шарапаты – Болат Шалағановты тауып беруге көмектесті. Болат басқа жұмыста жүрсе де қашқақтамай, айтқан уәдесінде тұрып, түрмедегі Қайраттың жатқан №21-камерасына бізбен бірге кіріп, болған, көрген сәттерін Семей облыстық теледидарының тілшісі Тілеген Ахметовтың сұрақтары бойынша айтып берді. Болаттың айтуы бойынша да, Қайрат бүк түсіп, тізелерін бауырына алып жатқан. “Мойнында болар-болмас дақ бар болатын. Жарақат белгілері жоқ. Адам жоғарыда асылмай-ақ, жерде отырып-ақ буынып өле береді. Менің түсінігімше, Қайрат дем жетпей, тұншығып өлген сияқты”, – деді де, – “сарапшылар Актісіне қол қоймаса да бола береді”, – деді. Камера қабырғаларының ені 2-2,5 метр шамасында, 3 метрдей биіктіктегі тор көзге жіп пен іш көйлек (ол да Власенконікі), байлап, солай байлаулы тұрыпты, “өзін өзі” асқан Қайрат қалайша тізесін бүгіп тұра алады?! “Саяси қылмыскер” ретінде асылып қалған адамды неге жан-жақты тексеріп, оны суретке түсіріп барып, сонан соң ғана жерге жатқызбаған?... Осыдан 5-6 жыл бұрын бізбен қанаттас

үйлерде бір жас жігіт асылып қалған еді. Ауылды жер болса да, таңертең көрген туыстары мен көршілері 60 шақырым қашықтықтағы аудан орталығынан сарапшы-тексерушілер келіп тексерулерін бітіргенше, түс ауғанша күтті.

Қазақстанның бір қиырындағы түрмеден әдейілей алдырып, Қайратпен бір камераға орналастырылған қандыбалақ Власенко оны “асылып” тұрған жерінен шешіп алып, қолдан демалдырып жатыпты-мыс деген жедеулі дәлелдер дайындалыпты. “Саяси қылмыскер” Қайраттың өзін жеке дара неге жатқызбаған?! Содан санаулы күндер бұрын кейіннен болсын ақталып шығатындығына сенімі мол Қайраттың ату жазасын 20 жылға өзгерткенін естігенде, секіре қуанған азаматтың көп ұзамай-ақ өзін өлімге қиюы да қиқынсыз, тіптен мүмкін емес... Ашығын айтпаса да, Болаттың берген жауаптарына қарағанда, Власенко Қайраттың таңғы тәтті ұйқысын пайдаланып, оны тамағынан қылғындырған. Анық ақиқат, сірә, солай-ау...

Қайраттың хатынан үзінді деректеріне зер салсақ: “Алматыдан сағынышты сәлем!!!”

Сәлемет-саусыңдар ма? Гүлнар-Мақсат! Аса бағалы ден-саулықтарың қалай, жақсы ма? Жұмыс, күнделікті жұмыс жағдайларың ше? Ата-мекен, ауылда не жаңалық бар екен? Күн қабағы жазылды ма? Жоқ, әлі долы қаһарын төгіп тұр ма? Құдағилардың халі қалай? Тоғанбай – Күміс, құда-құдағилардың дені сау ма? Тұмаулан құлан-таза айықты ма?” – дей, жездесі мен әкпесінен ет-жақын бауырларының хал-жағдайларын жан-жақты сұрай келе, қатал үкім - ату жазасына жоғарыдан кешірім жасалуын, жұмсартылуын аңсай:

“...Өзіме келсем, ден-саулық өз орнында, кем-кетігі әзірше білінбейді. Өткенде сол жақ тісімді жұлдыртқанмын, ауырып маза бермеген соң. Көңіл күйі, өзің білесің, искусственный, қолдан жасаудамыз. Әрине, өзіміз үшін, өз-өзімізді алдағандай. Тамақ жағы тәуір. Киім жағын жазып не керек, бәрі бір ешқайда шығып жатқан жоқпыз. Ай сайын 10 сом ақшаға көмпит, печенье, пряник, сары май я болмаса маргарин сатып алып, қажетімізге жаратып тұрамыз. Күн сайын газет (Казахстанская правда), орысша әдеби кітаптар беріп тұрады, Әуелі соны оқуға настроение жоқ. Іс жағына келсек, тым-тырыс, тыныштығы тура моладағыдай. Қалған бар тағдыр-өміріміз бір құдай мен Андрей Андреевичтің (Громыконы айтам) қолында.

Сол өздері бір шешімін табар. “Третий-лишний”, -деген, біз лишнийміз. Араласа алмаймыз. Михаил Сергеевич биылғы жыл “Дракон” жылы болса да, “Гуманный закон” жылы болады деп, уәдесін берген еді, өткенде бір сөз сөйлегенде, кім біледі, не боларын. Әйтеуір, кеудемде жалғыз үміт, қалғанның бәрі баяғыда-ақ кеудеден де, көз алдынан да балбұл ұшып, келмеске кеткен. Осымен қалам басын қысқартайын. Қу тағдыр қауышуға жазсын! Басын қатты, аяғын тәтті қыла гөрсін!! Үзбей хат жазып тұрыңдар! Өткен және келе жатқан көктемнің алғашқы мерекесімен құттықтаймын!

Денсаулықтарың мықты, өмірлерің бақытты болсын!

Бәріңе менен салют!

Сағынышты сәлеммен қанаты қайырылған Қайрат.

24.02.1988-жыл.”

Қайраттың осы хатынан-ақ өзіне берілген ату жазасының жеңілдетілуін күтіп жүргені, ал одан кейін өзінің ақтығының арқасында бірте-бірте ақталып шығатындығынан үміттене жүргені сезіліп тұр емес пе?! Ал шалғайдағы Мойынқұм ауданындағы Қайраттың ата-анасының атынан МХК-ің жаңдайшаптары не себептен ауылдың шолақ белсеңділері арқылы: “Біздің баруға жағдайымыз жоқ, жерлей беріңдер”, -деген жеделхат жібертеді!!! Бұның өзі қылмысқа жатпай ма?!

...Мен Семей облыстық Жастар одағы жетекшілері Қайрат Мейрашев, Рахат Алтайұлылардың көмегімен сол қанды камерада және зират басындағы қозғалған пікірлері қоса түсірген бейнетаспаның көшірмесіне едәуір қаржы аударып, жаздырып ала қайтып едім. Ол жолы Алматыға тоқтап, Коммунар Табейді ертіп, “Таңшолпанға барып, (теледидарда сондай редакция болған-туын.), Кенжебай Ерсайынның көмегімен бейнетаспаны түгелдей дерлік көрсеттім:

– О, Болат Шалағановты тауыпсыз ғой, берген жауаптарына қарағанда, бір құпиялы сыр жатқан сияқты, – деді Коммунар.

Ауылға келген соң, Жамбылдағы тележурналис Серік Абасовқа бардым: “Қазір жарыққа шығара алмаймыз, ертеректеу, кейінірек келіңіз”, -деді ол.

Қайраттың өлімінің құпиясын халық білсін, әрі желтоқсан оқиғасы күндеріне орай, хабар ете ұйымдастыруға бола ма деп, 1993 жылы қарашаның басында Коммунар Табей мырзаға қайтып әкеліп, бейнетаспадағыларды жарыққа шығаруға көмектесуін өтіндім. Ол уәде етті. Бірақ шығаруға батылы жетпеді ме әлде басқадай себебі болды ма, жоспар тағы да жүзеге аспады. Содан не керек, бейнетаспаны

Төле би қорының деректірі Оралжан Масатбаевтың көмегімен 3-4 айдан соң, көктемге қарай, әрең алдырдым... Қайрат 1988-жылы 21-мамырда қайтыс болып еді. Ең болмағанда сол қаралы күннің 6 жылдығына байланысты жарыққа шығара алсақ, сол хабар бойынша Бас Прокурор Ж. Тұяқбаева өтініш білдіріп, жас боздақтың өліміне кінәлілерді анықтауға, жазалатуға ықпал етсек деген ой келді маған.

Бұрын да Қайрат сыйлығы және басқа да игі шараларға орай үзбей хабар беріп, жәрдемдесіп жүрген “Таңшолпанның” бас редакторы Имаш Жұбайға телефонмен хабарласып, жоғарғы жайттарды айтып едім, бірден келісті. Сонымен, 1994-жылы сәуірдің басында Мойынқұмнан ат сабылта Алматыға келіп, Желтоқсан қоғамдық комитетінің төрағасы Аманжол Нәлібаевпен келісе отыра, екеуіміз “Таңшолпанда” болып, Қайраттың өліміне байланысты өз пікірлерімізді білдірдік. 40-45минуттік хабарды Қуат Қаһарман дайындап, 21-мамырға жақындағанда теледидар арқылы көрсететін болып келісілді, Имаштың өзіне табыстап, хабар көрсетіліп болған соң, бейнетаспаны қайтарып беруге уәдесін алған болатынмын. Анда-санда телефон арқылы хабарласып тұрғаныммен, олар хабарды көрсете алмады. “Онда өзім барып, бейнетаспаны алып кетемін”: деп едім, И. Жұбай: “Мейлі”, –деп жауап қайтарды. Содан бері әлденеше рет әуре болдым. Мынадай қымбатшылықта 400 шақырымдағы Алматыға келіп-кету оңай шаруа емес. Имаш Жұбайдай азаматтың әуре-сарсаңға түсіруі ұят-ақ болды. Бейнетаспа жоғалды...

Бір жолы Алматыдан: “Қайраттың өліміне байланысты материалдық шығындарыңызды қайтаруға төлеу өтемі туралы мәселе 1993-жылы шілденің 20-сында Жоғары сотта қаралды. Келіңіз”, –деп, анасы Дәметкен Асанбаеваны шақырған ресми қағаз келді. Жан-жақты ақылдаса келе, Семей сапарының да жақындауына орай мен де ілесіп баратын болдым. Мұхтар Шаханов болса шет елде, Коммунар Табейді тауып, мән-жайды түсіндірдім. Ертеңіне Алматы теледидары мен “Таңшолпандағы” жігіттерге де хабар беріп, оларды да сот процесіне де шақырттым.

Басталған күні өзім де қатынасып, мынадай қиыншылық кезеңдерде Қайраттың туыстарының тұрмыс жағдайларының нашар екендігін, аса қажетті жағдайда қор басқармасы есебінен де көмектер беріліп келгендіктерін, сондықтан да оларға мемлекет тарапынан жеңілдікті жәрдемдер деген тілек айттым. Осы пікірімді бірер жылдай бұрын Алматы теле-

дидарынан ғалым-жазушы Сәрсенбі Дәуітпен кеңінен берілген сұхбат әңгімеде де білдірген едім. Онда Қайраттың ғана емес, Ербол, Ләззат, Сәбира сынды жас боздақтардың туыстарына да мемлекет тарапынан жеңілдіктер берілуі жөн де орынды деп атап өттік.

Жоғарғы Сот мүшелері тағы да керекті құжаттар дайындап, бір күннен кейін келіңіздер деді. Мен болсам, ақсуаттық ақын Серік Жұматовпен уәделесіп қойған болатынмын, оған 1-2 күнде жеделдете жетуім керек. Әрі Семейдегі жігіттерге хабарласып, Қайраттың өлімі жайлы деректер алып қайтуым керек еді. Қайраттың анасы және Коммунармен ақылдасып едім, маған: “Семейге жүре бер, сотта өзіміз бір амал табамыз”, – деді. Кетер кезде, Коммунар:

– Деректер табылып қалса, қайтарда соғып кетіңіз, – деген.

Уәде бойынша, қайтар жолда соқтым, бейнетаспаны көрсеттім. Коммунар Табей Қайратқа құн есебінде 31 миллион сом ақша берілетін болды деді. Оның өзі көп әуре–сарсаңмен 62 мың теңгеге әрең дегенде туыстарының қолына тиді!.. Сөйтіп, бүгінде есімі төрткүл дүниеге жайылған, Халық ұлы атанған Қайрат бар болғаны 62-ақ мың теңгеге бағаланды.

Республикалық басылымдар жалтақтық танытып жатқанда, Халықаралық “Азаттық” радиосына, оның қызметкері Едіге Мұхтарұлына мың да бір рахмет, 1995-жылы 12-ақпанда Қайраттың өлімі жайлы толық хабар ұйымдастырылған еді. Бұл хабар салымсыз суға кетіп, жан баспаған аралда жападан-жалғыз қалғандай халде жүрген біздерге едәуір күш-жігер мен қайрат қосқандай әсер етті. Көп ұзамай Қайрат атындағы мектептің ұстаздарымен кеңесе, пікірлесе келе бұрынғы Жоғарғы Кеңестің төрағасы Ә. Кекілбаевқа, Президент Н. Назарбаевқа, “Жас Алаш” газетіне, теле-радио корпорациясының Президенті Ә. Көпішевке және “Азаттық” радиосына Үндеу хат жаздық:

Біз, Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектептің ұстаздары Бірлік ауылындағы білім ордасының қасіретті желтоқсан оқиғасының Бас қаһарманы Қайраттың есімімен аталғанын үлкен мақтаныш тұтамыз.

Еліміздің жер-жерлерінде бойында қазақтың ұлтжанды қаны бұлқынған ер-азаматтары халқымыздың тәуелсіздігін ту ете армандай құрбан болған жас боздақтың рухын құрметтей көптеген ұлағатты істер атқаруда. Кіндік қаны тамған Бірлік ауылында Қайраттай қайсар қыршынның ескерткіші бой көтеріп, мектебіне белгі тас орнатып т.б. істер ұйымдастырылды.

Болашақ ұрпақтарымызды имандылық пен инабаттылыққа тәрбиелеу мақсаттарында оған арнап жақында мұражай ашылмақшы.

Қор басқармасы тарапынан жинақ кітап шығарылмақшы... Әйтсе де, кезінде жазықсыз жазаланған Қайраттың Семей түрмесінде құпия өліммен көз жұмғанына 1995-жылы 21-мамырда 7 жыл толады.

“Аққа құдай жақ” дегендей, еш қылмысы, тіптен еш кінәсі болмаған Қайраттың заң жүзінде толықтай ақталғанына 4-ші жыл (1992 жылы 21-ақпанда толықтай ақталды) аяқ басып отыр.

Бірақ оның өміріне қастандық жасаған қандыбалақ қанішер жауыздар әлі күнге дейін анықталып, жазаланған жоқ.

Бұрынғы баспасөз беттерінде жарияланғандай: “Қайрат өзіне өзі қол жұмсап асылып өлген”, – деген уәжсымақтарының да шындыққа жанаспайтыны анық.

Қайрат Рысқұлбеков атындағы қор Басқармасының төрағасы Мәкен Уақовтың айтуынша, Семейге әдейілей әлденеше рет барып, 1988-жылы 21-мамырда таңға жуық түрмеде қайтыс болған Қайратты ең алғаш көрген сарапшылармен жүздесе, пікірлесе келе, оның өміріне қастандық жасалынған деген тоқтамға келгенін білдік.

Ал, керісінше, кей үлкен лауазым иелерінің араласуымен болу керек Қайраттың анасының қараңғылығын пайдаланып, оған Халық Батырының “құнын” төлегенсіп, жылы жауып қойғылары бар. Сонда үлкен саяси тұлғаға, қайраткерге айналған Қайраттың құны бар болғаны 62-мың теңге болғаны ма?! Осы жайлардан хабардар болған басқа ұлт өкілдері не ойлайды? Өз Батырын, оның әруағын ақшаға сатып, рухын қорлап жатыр демей ме?! Керек болса, осы Қайрат атындағы мектепте білім алып жатқан шәкірттердің өздері де жоғарғыдай сұрақтарды қойса, не деп жауап қайтарамыз?!

Осындай бүкіл халықтық намысты аяқ асты етпей, жоғары ұстайық десек, мына жайттарды ескеруіміз ауадай қажет.

Егер тәуелсіз мемлекетке айналғанымыз рас болса:

1. Қайраттың өміріне қастандық жасаған кінәлілер дереу анықталып, жазалансын.

2. Қайрат Рысқұлбековке Халық Қаһарманы атағы тездете беріліп, мектебі мен оның туыстарына Мемлекет атынан қамқорлы көмектер тұрақты түрде жасалынатын болсын.

3. Мойынқұм ауданының орталығы бұрынғы Фурманов, қазіргі Мойынқұм ауылына Қайраттың есімі берілсін.

4. Қайрат Рысқұлбеков атындағы мұражайға Мемлекет

тарапынан арнайы мәртебе (статус) беріліп, ерекше қам-қорлыққа алынсын.

1. БАЙЫЗОВА Г. Б.
2. ҚЫДЫРОВ К. У.
3. МЕЙІРҚҰЛОВА С. С.
4. ІҢҚӘРБЕКОВА Р. А.
5. ҰЛМАХАНОВ Ж.
6. ОРЫНБАЕВА М.

7. БОЗШАЛОВА А. Т.
8. ТОЛЫБАЕВ Б. К.
9. ДАВЫДОВ А.
10. АРАЗОВА А.
11. АСАНОВ Ф. Б.
12. ГУБЧАК ТАНЯ...

Үндеу хатқа барлығы 127 кісінің – ұстаздар мен жоғарғы класс оқушыларының – қолдары қойылған.

Саясат Бейісбай 1995-жылы 22-мамырда “Азаттық” радиосы арқылы осы Үндеу хатты толықтай 2 мәрте қайталаттырып, халыққа таратты. Қалғандары жариялаған да жоқ, жауап та бермеді. Тек, телефонмен хабарласқанымызда Президенттік аппараттың Мемлекеттік Награда бөлімінен 1995-жылы 18-мамырда Қайратқа Халық Қаһарманы атағын, Мойынқұм ауылына да есімін бергізуге қалай қарайтындықтарын білу үшін әрі олардан қолдау күте Жамбыл облысының әкімшілігіне 6903 қатынас хат жібердік. Олар Мойынқұм Ауданы әкімшілігіне жіберілуі мүмкін деген соң, маусымның 20-ларында аудан әкімінің орынбасары Елжан Оспановқа хабарлассам, ондай хат келген жоқ деді...

Ал: “Қайраттың өміріне қастандық жасағандарды анықтап жазалату мақсаттарында, сіздердің хаттарыңыздың бір данасын Бас Прокуратураға жібердік”, – деген хабар естіп, көңілім жайланғандай болды...

Қазір қарап отырып, қайран қаламын. Шындық пен әділдік орныққан мемлекеттер бар ма екен? Әй, қайдам? Мүмкін, бар да шығар. Осыдан жарты ғасыр бұрын халқымыздың бетке ұстар азаматтары Т. Рысқұлов, С. Сейфуллин, Б. Майлин, С. Қожанов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, т.б. “халық жаулары” болып ұсталып, бәрі дерлік құрбан болып кеткен жоқ па?! Менің түсінігімше, бәрін де тұтқындап, көздерін жойғызған мәртебелі Сталин мен Голощекиндердің тікелей өздері емес, шындығын айтсақ, оның таяғы жалпыға тиеді. Бірін бірі көре алмаған көпшілікке тиеді. Сонда олар кімдер?..

1986-жылғы Желтоқсан дүрбелеңінен кейін де қаншама “елім” деп еңіреген, “халқым” деп қабырғасы қайысқан ер-азаматтарымыз қуғын-сүргінге ұшыраған жоқ па?! Ал олардың әрқайсысының атын атап, түсін түстеп ұстатып, қаматқандар кімдер? Горбачев пе әлде Колбин бе?! Жоқ, олар емес, бірақ солардың жандайшаптары – өзіміздің қара көз

қазақтарымыз. Қайраттың да жазықсыз жазаланып, қыршын өмірін қиып кеткені тікелей солардың кесірінен.

Қолмен құрастырылған өтірік жалалармен небәрі 5-6-ақ айда “сотталып”, ату жазасын алған Қайраттың жазасы “20 жылға түсіріліп, кешірім” жасалғанымен, жарты жыл өтер-өтпестен-ақ, сол екі жүзді жарамсақтарымыз оның өміріне қастандық жасап тынды. Оған негізгі кінәлі жан К.Л. Влащенко емес, өйткені ол тек қана орындаушы еді. Оны өлтіруге үлес қосқандар жанына 4-5 рет сотталған қанішер бұзықты әдейілеп қаматқандар... Қайратқа қастандық жасалынғаннан кейін де оның туыстарын Семейге жібертпеуге әрекеттеніп қана қоймай, ол қамала салысымен сүттен ақ, судан таза Қайратты қаралап: “арақ ішетін, наша тартатын, бұзық болатын”, – деген мінездемелерді Жоғарыға жіберуге жанталасқандар... Ал сол қыршын боздақ Қайрат заң жүзінде толықтай ақталғанына 4 жылға таяса да, қайтыс болғанына 7 жылдан асса да, қанды балақ қанішерлер анықталып жазаланған жоқ. Оған кім кінәлі?! Тағы да белгілі.

Қазір уақыт өзгерді. Заман басқа. Бірақ кім-кім де кешегі ісіне ойлануға, жауап беруге тиісті ғой. Осы арада мына бір дүниелермен (түсінік жазбаны айтам) оқырманның танысқаны артық болмас:

Көктерек кеңшарының жүргізушісі Зада Әбілқасымов: – Қайраттың әкесі Ноғайбаймен ағайынбыз. Ұлы жүзден Үйсін, Үйсіннен Бәйдібек, Бәйдібектен Жарықшақ, Жарықшақтан Дулат, Дулаттан Шымыр, Шымырдан Бекболат, Бекболаттан Бестерек бөлінеді. Ал Бестеректен Байсақал және Құлбай тарайды. Ноғайбай – Байсақалдан да, мен – Құлбайданмын. 1986-жылдары Қайраттың әпкесі мен жездесі Мақсатпен көршілес тұрдық. Сол жылдың 31-желтоқсанында кешкісін Қайрат біздің үйге келді. Өте асығыс екен.

– Жеңеше, ақша тауып берші, тезірек Фурмановқаға баруым керек еді, – деп, әйелім Тұрсынқұлден аздап қаражат алды. Дәл сол күні кешкі сағат 9-дарда сиыр бағатын ағайынымыз Зейнолла Билібаев келіп:

– Бізді Фурмановқаға құдалыққа апарып келші, – деп жата кеп жабысты. Жаңа жылда бала-шағамның жаныңда болғанға не жетсін, барғым келмесе де, үйден шықпай жалынып болмай, кештеу қайттық. Шаршап, автобусты жүргізуге шамам келмей, Көктерекке 20 шақырымдай жетіңкіремей тоқтап, көз іліндіріп алуға мәжбүр болдым... Таңғы 3-4-терде біреулер оятып жіберді. Жан-жағым толы қызыл-жағалылар. Өлгілер құжаттарымды тексергенсіп: “Қайрат Рысқұлбековті көрдің бе?” – деп сұрады. Кеше кешкісін Фур-

мановкаға кетпекші болып жүргенін айттым, одан кейінгісін білмеймін дедім...

Көп ұзамай іштерінде Бірлік ауылының участкелік инспекторы Серікжан Мұсаев бар, 3-4 милиционер үйімізге келіп, Қайраттың суретін сұрады. Армияда жеке және бір баламен түскен екі суреті бар еді, 2-3 күнде әкеліп береміз деп алып кетті...

Содан Қайратты ұстап, Алматыға алып кетіпті деген хабарды бір-ақ естідік. Анасы Дәметкен бізге келіп, Алматыға барып, Қайраттың жағдайын біліп қайтуға қаражат сұрап еді, бірден бердік. Екі-үш күннен кейін Дәметкен: “Қайрат адам өлтіріпті, енді атылатын болды ғой”, –деп жылап-еңіреп келді. Жолына тағы ақша бердік, жұбату айттық, ақыл-кеңесімізді сездірдік.

11.12.1994-ж.

Бұрынғы учаскелік инспектор Серікжан Мұсабаевтан: Қайратты тұтқындау-тапсырмасын қалай атқардыңыздар?–деп сұрадым.

– Мен ешнәрсе білмеймін, онда “Аманкелді” совхозында болатынымын, – деп жауап қайтарды ол.

Мүмкін солай да шығар. Бірақ Серікжан шындықтан жалтарса, өзінің азаматтық ары алдында жауабын бере жатар...

Коминтерн ауылдық Кеңесінің бұрынғы төрағасы Ермұрат Асанбаев:

– Қайрат қайтыс болған соң, МХК-ның 2 қызметкері келіп, ұмытпасам, біреуінің фамилиясы Ерімпашов болу керек, аты есімде жоқ, Көктерек совхозының директоры Аманқұл Дүйсебаевтың кабинетінде партком хатшысы Сайлау Өсербаев бар, бас қосып кеңестік.

Қауіпсіздік органының адамдары: “Қайраттың туыстарының арасынан естияр, жөн-жосыққа келетіндей түсінігі бар азамат табыла ма?”– дегенде, біз оның туған нағашысы марқұм Мәлібек Асанбаевты (кейіннен ауыр науқастан қайтыс болды) айттық. Менің өзім ол кісімен 8-9 жылдай қызметтес болған едім. Мәкең де қайғылы қазаға орай, әйелімен бірге Бірлікке келген екен. Қайраттың нағашысы деректірдің қабылдау бөлмесіне кіргенде, С. Өсербаев екеуіміз сыртқа шығып кеттік. Біраз уақыт өткен соң, далаға шыққан Мәлібектен не жағдай болды деп сұрасам: “Сабыр сақтаңдар, жол ұзақ, Семейге қалай барасыңдар, Қайраттың қай жерде жатқанын анық білмейсіңдер, таба аласыңдар ма, оның үстінде араларыңда жол білетін ешкім жоқ”, –дегенді айтты. Деректір А. Дүйсебаев, партком С. Өсербаев үшеуіміз Қайраттың туыстарына барып, көңіл айта, анасы

Дәметкенге жоғарыдағы пікірлерді білдірдік. Ол жылап-сықтап, қайғыра отырып, дәрменсіздігін сездірді. Ал Мәлібек Асанбаев болса: “Семейге жіберетін хабарды өздерің білерсіңдер”, – деген соң, совхоздағы комсомол ұйымының хатшысы Мұрат Бегілдаевқа (Бекділдаев емес) жедел хат жіберуге тапсырма бердік...

Өздеріңіз білесіздер, осы Бірлікте мейлі орыс ұлтынан, мейлі қазақ ұлтынан, мейлі неміс т.б. ұлттардан болсын, кімде-кім қайтыс болмасын, жақындарына барып, көңіл айту міндетті парызымыз. Қазір де солай. Осы себептен де, Қайраттың туыстарына ешқандай қысымшылық, не қудалау жасаған жоқпыз...

Бірақ Қайраттың әкесі Ноғайбай Рысқұлбековті Қайрат қайтыс болғанда да, кейіннен де көпке дейін көрген жоқпын. Марқұм ол кездерде жазасын өтеп жүрген болу керек, ауылда емес еді. Ал Жоғарыға Қайрат жайындағы нашар мінездемені ауылдық Кеңестің атынан жіберген жоқпыз, ол айдан-анық та шыным.


30. 12. 1994-ж.

Қайраттың інісі Талғат Рысқұлбеков

1989 жылы мамырда әскер қатарынан оралысымен, Алматыда 1986-жылғы Желтоқсан оқиғасымен сотталғандарды “қайта қарайтын комиссия” құрылды деген соң, Алматыға келдім. Ағам Қайрат Рысқұлбековтің ісін қайта қарауды өтініп, Жоғарғы советтің жанынан құрылған комиссияға арызымды тапсырдым (біраз құжаттармен бірге). Қанағаттанарлық жауап болмаған соң, Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты Т. Айтмұханбетовке кірдім. Қасымда Желтоқсан оқиғасымен сотталғандар: Құдайбергенов Расылхан, Аймаханов Құттымбеттер бар еді. Айтмұханбетовке арызымды бермек болғанымда, сенің ағаң дұрыс сотталған деп, қуып шықты...

1990-жылы болу керек, айы есімде жоқ, қыста Н. Назарбаев АХБК-нің мәдениет үйінде кездесу өткізеді деген соң, сонда бардым. Н. Назарбаев пен Е. Асанбаев сахнаның ортасында отыр екен. Халық жиналып, сөз сөйлеушілер тізімге жазылып жатыр. Мен де барып, сөйлеушілер тізіміне жазылмақшы болғанымда, жазбай қойды. Сөйлеушілер көп екен.

Асанәлі Әшімов және біраз адамдар сөйлеген соң, бір қария өз пікірін білдіріп жатты. Мен бір кісінің нұсқауымен сахнаның екінші жағынан, біраз адамдардың ұстағанына



НА СНИМКАХ:

⊗ На скамье подсудимых [слева направо] Е. Көпесбаев, Т. Ташенов, Ж. Тайжумаев, Қ. Рысқұлбеков, К. Күзембаев];

⊗ Во время вынесения приговора.

Фото Ю. БЕНКЕРА.
[KazTAI]

Сот үкімін естірткен кез. Солдан оңға қарай:
Е. Көпесбаев, Т. Ташенов, Ж. Тайжумаев, Қ. Рысқұлбеков, К. Күзембаев



1986 жыл, 18-желтоқсан. Алматы көшесіндегі бейбіт қозғалыс



Желтоқсан күндері. Шептен алаңға өте алмаған жұрт



Қайрат әкесі мен бауырларының қасында

қарамай сахнаға шығып кеттім. Микрофонға қарай кетіп бара жатыр едім, Н. Назарбаев дауыстап шақырып алып, менің неге тәртіп бұзып, мінбеге бара жатқанымды сұрады. Ағам Қайрат Рысқұлбеков жаламен сотталғанын, істі қайта қарауды, біраз жерлерге жазып, дұрыс жауап ала алмағанымды айттым да:

– Енді халықтың алдында сізден сұрайтыным, ағамның ісін қайта қарауды Жоғарғы сотқа тапсырсаңыз екен! – дедім.

– Інішек, бұл менің ойымда көптен жүр еді, қазір мінбеге шықпай-ақ қой, “служебный вход” арқылы шығып, машинаның қасында күт. Асықпай, кең отырып сөйлесейік, – деді.

... Мен сыртқа шығып, Назарбаевтың машинасын сұрасырып таба алмадым, қалай кеткенін білмей қалдым...

... Осындай-осындай себептермен мәселе әлі анық-қанық шешілмей келеді.

Мәкен Уақтегі

ЕҢ ЖОҒАРҒЫ ЖАЗА

Желтоқсан оқиғасына байланысты қазақ халқының екі қаһарман ұлы өлім жазасына кесілді.

Қайрат Рысқұлбеков – ең жоғарғы жаза – өлім жазасы – атуға – Қазақ КСР-і Жоғарғы Сотының қылмысты істер жөніндегі коллегиясының төрағасы Е. Грабарниктің 16-маусым. /1987-ж./ күнгі үкімімен бұйырылды.

Қазақ халқының қаһарманына жалған кінәлармен шығарылған бұл үкім халық заседательдері А. Түсіпбекова, мен Л. Юсуповалардың, мемлекеттік айыптаушы Е. Баймұхамбетовтың, қоғамдық айыптаушылар Ж. Жұмабаев, М. Толысбаева, А. Оразовтардың қолдауларымен шығарылды.

Кейіннен Қайрат Рысқұлбеков Семей қаласындағы түрменің №21– камерасында Л.К. Власенко дейтін рецидивистің қолынан өлтірілді. Қайрат Рысқұлбеков сынды батыл да өткір, ержүрек ұлдарымыздың еліміздің егемендікке жетуі мен тоталитарлық жүйенің күйреуінде алатын орны ерекше. Ол менің студентім, шәкіртім еді.

Мұхай Жұмаханов.

“Егемен Қазақстан”,
12-желтоқсан, 1996-ж.

ҚАЙРАТ АТЫНДАҒЫ СЫЙЛЫҚ

Қайрат Рысқұлбеков атындағы қор басқармасының да алдындағы бөгеттер алынып, бірте-бірте көптеген игі шараларды ұйымдастыра бастадық. Қайраттың қамшының сабындай қысқа да келте, өнегелі де өнерлі ғұмыры жас жеткіншектерге насихаттап, тәрбие беру мақсатында мұражай ашу, жас ақындар айтысына, спорттық жарыстарға жүлделер белгілеу т.б. жұмыстарды үзбей жалғастырып отыру міндеттерін негізге алған едік.

Анда-санда аудан орталығына жолым болып қалғанда ыңғайына қарай, Жұмабек Орынбаевқа жолығып отырамын. Жұмекең ашық-жарқын мінезімен ақыл-кеңес айтудан жалықпайтын. Ол кісі бірде, біздің ауданымыздағы бірден-бір оқу орны – Мойынқұм ауылында кәсіптік-техникалық училище бар екендігін, сондағы оқушылар мен ұстаздар ұжымы да Қайрат қорына қаражат аударғанын ескерте отырып, оларды да ұмытпай, қор басқармасы тарапынан бір сыйлық белгілесендер, деген еді.

Ал, Қайраттың ұстазы әрі оның алғашқы қорғаушысы болған Сейіткерім Қожаназаров:

– Қайрат оқыған Алматыдағы сәулет-құрылыс институтының ең озат студентіне ғана Қ.Рысқұлбеков атындағы сыйлық тағайындап, жылына бір мәрте берілетіндей атасақ, – деген ойын сездірді.

Ал, белгілі құсбегі, қор басқармасының мүшесі – Жапар Сатылғанов:

– Бүгінде Қайраттың есімін Республика жұртшылығынан шалғай шетелдіктер де құрмет тұтады. Сондықтан да, қоғамдық жұмыстарда көзге түскен, ұлтжандылық танытқан, болмаса қаракөз қыздарымызды қараниеттілерден құтқаруда ерлік көрсеткен 30 жастан аспаған қазақ жасына ғана Қайрат атындағы сыйлықты, тіптен Халықаралық дәрежеде беруіміз қажет, – деді. Алматыға барған бір сапарымда Мұхтар Шахановқа жолығып, жоғарыдағы пікірлерді сездіргенімде, ол кісі Ж. Сатылғановтың ұсынысын мақұлдады. Ал, жасына қарап шектеудің қажеті жоқ шығар деді.

1992 жылдың желтоқсан айының 2-інші, 1993 жылы қаңтардың 4-інші жұлдызында болып өткен Басқарма мүшелерінің бас қосқан жиынында Қайрат атындағы сыйлық жайлы ұсыныстарды жан-жақты талқылай келіп, оның шартын толыққанды сыйлық ретінде республикалық бұқаралық-ақпарат құралдарының көмегімен қалың жұртшылыққа жариялатуды жөн деп таптық. Сөйтіп, оның тексі ке-

зінде “Алматы ақшамы” газетінде жарияланып, “Таңшолпан” телебағдарламасы арқылы берілді.

Дегенмен, мәселе одан да айқын болу үшін жиналыс хаттамасына жүгінейік:

17-қараша 1993 жыл. Бірлік ауылы.

Қайрат Рысқұлбеков атындағы қор басқармасы мүшелерінің жиналысы болып өтті. Оған 8 адам қатысты.

Күн тәртібінде

1. Қайрат Рысқұлбеков атындағы сыйлықтың иегерін анықтау.

2 1993 жылы 11-желтоқсанда Алматыда өткізілген “Желтоқсан жұлдызы” атты сауық кешіне баратын мүшелерді белгілеу.

1 – мәселемен М. Уақтегі:

– “Қазақ Әдебиеті” газеті мен Жастар ісі жөніндегі Мемлекеттік комитеттің ұйымдастыруымен Алматыда 11-желтоқсанда “Желтоқсан жұлдызы” атты әдеби-өнер кеші өтпекші. К. Табеймен ақылдасып келдім. Оралжан Масатаев төс белгілері мен сый куәліктерін және 100 данадай значектарды өз қаражаттарына жасатты. Сол сыйлыққа арнап, арғымақты Көктерек агробірлестігінің Бас деректірі Үмітқұл Бекбаев, ал, ер-тұрманды мойынқұмдық Үәйділде Мансуров мырзалар береді. Енді, Басқарма тағайындаған Қайрат атындағы сыйлықты кімге тапсыратынымызды шешіп, сол салтанатты кеште оны лайықты иесіне зор құрметпен ата-сақ. Бұрынғы ұстазы С. Қожаназаров 1987 жылы тамызда-ақ, Республикамыз бойынша Қайраттың жазасын жеңілдету туралы алғашқы болып бастама көтерген еді. Сондай-ақ, М. Шаханов, К. Табей, С. Әбдірахманов, О. Сүлейменов, Сары Әулие, Ә. Алпысбаев тұңғыш рет, 1990 жылы 18-қыркүйекте “Қанаты қайырылған Қайрат” атты мақаланы жарыққа шығарған азаматтар мен омбылық Алтынай Жүнісова қарындасымыздың есімі Басқарма атына ұсыныс ретінде түсті. Жиналыста Ж. Сатылғанов, Н. Нұпбай, С. Қошанова, Қ. Өскенбаев, С. Қожаназаров, Л. Исақова сөз сөйледі.

Қаралған мәселелер бойынша Қайрат Рысқұлбеков атындағы қор Басқармасының жиналысы мынадай қаулы етеді:

1. Қайрат Рысқұлбеков атындағы сыйлық – қазақ жастарының арасында ең озық та өнегелі қасиеттерімен ерекшеленген Омбыдағы Мәдени Орталығының деректірі Алтынай Жүнісоваға тапсырылсын.

2. Әдеби-өнер кешіне қор басқармасының атынан М. Уақтегі, Н. Нұнбай, жағдайы келіссе, С. Қожаназарова жіберілсін.

Жиналыс төрағасы:	қолы	М. УАҚТЕГІ.
хатшысы:	қолы	К. ҚОШАНОВА.

Алтынайға сыйлық қалай берілді?

Желтоқсанның 2-жұлдызында Омбыдағы Алтынай Жүнісоваға Қайрат атындағы – Тұсау кесер сыйлығымен марапатталу рәсіміне қатынасу үшін Алматыға тездете жетуін өтіне жеделхат жібердік.

1993 жылы 11-желтоқсанда Алматыдағы Орталық концерт залында өтетін “Желтоқсан жұлдыздары” кешінен бірер күн бұрын халқымызға танымал ақын-сазгер-термеші Аяз Бетпаевпен бірге келдім. Аякең сол кештің беташарына Қайратқа арнаған жыр-толғауын шығарған еді. Алтынай үлгере ме, үлгере алмай ма күдігімен жеткен болатынмын. Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік Комитетте Шәріп Омаровқа жолығып, сыйлық жөнінде ақылдасып отырғанымда, Шәкең Алтынайдың келгенін біреулерден естігенін айтып еді, жүрегім орнына түсе, қуанып қалдым.

Түс қайта, Омбылық қарындасымыз сол Комитетке келгенде, аманжайын айтып түсіндірдік.

Шынында да Алтынай қияң шеттегі Омбыда жүрсе де қазақ елінің мәртебесі үшін талай игі істер атқарыпты. Мешіт, мектеп ашуға тікелей ат салысқан...

Бұрынырақта баспасөз бетінен “Алматыда бір Алтынай табылмады ма?” айдарымен мақала оқығанымды, соны анықтау ниетінде, Омбыдағы қазақ жастарының арасындағы келеңсіз кикілжіңдерді қалай жалғыз өзі шырылдай жүре, бітімге келтіргенін білгім келіп еді:

– Иә, аға, ондай жағдайлардың болғаны рас. Маған жанапшырлар хабар жеткізеді. Қазақ жастарының екі тобы бір-бірдерімен тіл табыса алмай, уақыт пен кездесетін жерді белгідей “қызыл майданға” шықпақшы болып жатыр екен. Сәл ертелеу қимылдап оларға жетісімен:

– “Бұларың ұят емес пе, біз жат жұрттамыз ғой. Әні, қазақтар бірін-бірі ұрып, өлтіріп жатыр деген мазағымен басқа ұлт өкілдері күлмей ме?!” деп, өздеріне бірқатар реніштерімді айтып алып, бірте-бірте ашулары тарқаған соң қарама-қарсы топтардың басшыларын бір-бірімен қол алыстырып, сағаттарына дейін айырбастап, татула-

сып кетулеріне көмектескенім рас еді – деп, ақ жүрегінен ақтарылды.

Алтынай ана тілімізде таза сөйлеп қана қоймай, инабатты да тәрбиелі жас екендігін анық танытты...

“Желтоқсан жұлдыздары” кешінің соңына таянғанда бізге де кезек тиді. Жиналған көпшілікке Алтынайды таныстыра келе, өзім-сый куәлігін, танымал әнші, әкімшілік қызметкері Асылхан Шүңіреков әр-тұрманмен “конверттегі арғымақты”, сыйлықтың бас демеушісі Оралжан Масатбаев мырза салтанатты қошаметпен төс белгісін тапсырдық...

Көптеген қайраткерлер мен қоғамдық ұйымдар өкілдері және “Егемен Қазақстан”, “Азия”, “Шалқар” газеттері де Қайрат Рысқұлбеков сыйлығының жүлдегері – Алтынайдай аяулы қарындасымызды қолдап, құптап оның ер-азаматтарға үлгі боларлықтай ересен еңбектерін орынды бағалай алды.

Әрине, жақсыға жадырап, үрдісті еткен, жақсы-ақ. Осы ретте астанадағы өткен әлгі кештен кейін алған хатымызды да айта кетуге лайық дер едім.

“Омбыдан ыстық сәлем” – деп басталыпты

Жамбыл облысының бұрынғы аты естуімше Әулие-ата болу керек. Арғы ата-бабаларымыз сол жақты Сыр бойын қоныс еткен деуші еді көне көз қарттарымыз. Ата-жұртымыз деп есептейміз біз.

– Астанамыз Алматыда “Қазағым” деп, қанын төккен Қайрат Рысқұлбеков атындағы бірінші Сыйлықты біздің “Мөлдір” – Мәдениет Орталығының директоры, аяулы қызымыз Алтынай Жүнісоваға берген екенсіздер. Алтынай жас та болса бастай болып, елімізге қызмет етіп жүрген бетке ұстар азаматтарымыздың бірі. Сіздер де солай бағалаған екенсіздер. Атажұрттан ажырап қалған ағайынды бауырға басқандай болдыңыздар.

Бұл құрметті біз Омбы еліне көрсетілген ықылас деп түсінеміз. Сол үшін Әулие-Ата азаматтарына Егеменді еліміз Қазақстанның ел басқарушыларына Омбы елінің алғысын айтамыз!...

Сәлеммен, Амангелді Жүсіпұлы. Ақын. Омбы қаласы”.

Міне, бұл біздің Қайраттың аруағын аунатып, жалпақ жұртқа жариялап өткізген айтулы бір шарамыз еді.

ҚАЙРАТТЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ

ҒҰМЫРЛЫ БОЛҒАЙ ЖЫРЛАРЫҢ!

Иә, бүгін де Жамбыл облысының Мойынқұм ауданында дүниеге келіп, балалық балдәурені өзіміз “тоқырау жылдары” деп айдарланған кезде дөп келген Қайратты кім білмейді?! Азаматтық борышын табиғаты қатал Сібірдің Амур өлкесінде өткерген ер мінез жігіт өзінің кім екендігін Алаңға шыққан алғашқы күннен бастап-ақ танытып еді. Әйтсе де “ерді кебенек ішінде таны” деген, қазақ ауылында туып өскен, аталы сөзін, киелі қасиетін жан әлеміне ана сүтімен там-тұмдап дарытқан қайсар ұланның қай-қайсымыз да аңғарып үлгермеген ерекшелігі жалған интернационалистердің торлы қапасында бүр жарған екен. Бауырмал Қайрат, батыр Қайрат тас дуалдың ішінде азаматтық үнін естіртіп, ақын жүрегімен сыр тиегін ағытыпты. Міне, осы жерде татардың әйгілі ақыны Мұса Жәлілдің күдер үзген жанынан сезім селі боп өрілген өлең жолдары ойға оралады. “Маобит дәптерінен” деген батыр Мұсаның мәңгілік мұрасындағы жырлардың әрі де, нәрі де туған халқына, кіндік қаны тамған киелі топыраққа, Отанына адалдығы емес пе! Жауларын жек көре отырып, ол осылайша жырласа, Қайрат та өмірінің ақырғы сәтінде сондай сезімнен арылмаған. Кішкене кезінен ең әділетті қоғам деп, иманындай ұғынған социалистік жүйенің барынша осал, бүркемеленген көрбан күшінің торына тұтылған ол көресесін қанша көрсе де, шыңдықтың бір шығарына сенді. Қиянаттың қыл көпірінде тұрып, адамдардың әр түрлі болатынын зерделеді. Оның еңсесін езіп, темірдей төзіміне залалын тигізген де айналаға тағылы көзбен қарап, тек қана ойсыз орындаушылық пиғылда таңын аттырып, күнін батыратын пенделердің іс-әрекеті еді. “Еркек тоқты – құрбандық” деп, өзін қасиетті халқы қазағының атынан қаратүнек өлімге қиғанмен, Савицкийдің тағдырына ешқандай қатысы жоқтығын жан алғыштардың алдында мың сан мәрте қайталаудан бір танбады. Алматының

төрінде шікірейген “төрелерге”, Мәскеудегі маңғаз дәкейлерге жалықпай жазумен болды. Алайда дүние тас керең еді. Сонымен, өзіміз әлемдегі ең әділетті деп табанын жерге тигізбей марапаттайтын сотымыз “сценарий бойынша” ақыры үкімін шығарды. “Огни Алатау” газеттерімен шектелмей, шет елге сапар шекті. Әділетсіз жазаның ауырлығы сондай, халқымыз қан жылады, жұмыр жердің түпкір-түпкіріндегі зиялы қауымның жүйкесіне жүк түсті, ет-жүрегі езілді. Өкінішке орай, бұл туралы біз ештеңе білмейтін едік. Халқымыздың қалаулы ұлы, ақын Мұхтар Шаханов бастаған “Желтоқсан” комиссиясы жүргізген жүйелі жұмыстың нәтижесінде ғана көп құпияның қаптарлы “қарны ақтарылды”. Мәселен, 1987-жылдың шілдесінде Венгрияда 41 адамның қолы қойылып, ССРО Жоғарғы Советінің Төрағасы А. Громьконың атына жазылған хаты жарияланыпты. Ол хатта Қайратқа кешірім жасау өтілінген екен. “АФП” агентінің хабарлауы бойынша, Чехословакияда “Адам хұқын қорғау жөніндегі “Хартер-77” тобының 77 лауазымды мүшесі, оның ішінде сол кездегі сыртқы істер министрлігі Х.Хачек қол қойған Үндеу екі рет жарияланды. Сондай-ақ мұндай үндеу Польшада да қатарынан екі мәрте жарияланыпты. “Рейтер”, “АП” агентінің Варшавадан хабарлағанындай, 1987-жылдың маусымында “Бостандық және Бейбітшілік одағы” Польшадағы Совет елшілігі арқылы М.С. Горбачевке хат жолдап, онда Қ. Рысқұлбековке қолданылған ауыр жаза түрімен келіспейтіндіктерін білдірген. Міне, осылайша жазықсыз жігіттің ауыр тағдырына шет мемлекеттер араласып, ақ сүтін берген анасы бастаған қазақ қауымы, әділетсіз жазаның шын сырын сезінген ниеттес бауырларымыздың сауға сұрауы арқасында ғана “жақсылық” жасалды. Сөйтіп, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1988-жылғы 28-сәуірдегі Указымен өлім жазасы жиырма жыл бас бостандығынан айырумен ауыстырылды. Әділетсіздіктің сеңі сөгілгенімен, кінәсізден-кінәсіз жиырма жыл өмірін қапаста өткізу ары да, жаны да таза азамат үшін соншалықты қуанатын жағдай емес еді...

Ал Қайраттың өзін өзі өлтіргендігі туралы мәселеге келетін болсақ, оның сыры тереңде жатыр. Олай дейтініміз, ол Қарағанды арқылы Свердлов облысының түрмесіне жеткізілудің орнына Семейге тап болып, сонау қанқұйлы отызыншы жылдары қазақ зиялылары азап шеккен қасіретті түрменің №21-камерасына аса қауіпті қылмыскер Власенкомен қатар отырғызылуы кездейсоқ емес. Мұны ССРО Прокуратурасы прокурорлық тобының мүшесі В.Г. Гаевтің: “Істі

тоқтату жөніндегі қаулы асығыс болған және қайтып алынуға жатады... Рысқұлбековтің өліміне басқа адамдардың, ең алдымен сотталушы Власенконың қатыстылығы жеткіліксіз зерттелген. Алынған жауаптар үстірт, Власенконың берген жауаптары сенімсіз және күмәнді...” – деуі осы ойымызды растай түседі.

Иә, араға аз ба, көп пе, уақыт ізін салар. Сонда “қазақ ұлтшылдығының” жоққа шығарылып, “интернационалистердің” санасына тарих сәулесі түскендей тамаша күн туар. Есігінен енген келімсектерге төрін ұсынып, төбесін ойдыра жаздаған шектен тыс кеңпейіл, қайран халқымыз Қайраттай батыр ұлын өз тұғырына қондырар. Ол тұғырдың тұрағы биік. Солай екендігін жауапкершілік заманда көзсіз ерлігі, көсем сөзімен дараланып, ел зердесіне ұялаған аталарымыздың ортамызға қайта оралуы, күні кеше ғана Ахмет пен Міржақып, Мағжан мен Шәкәрім, Жүсіпбек сынды аяулыларымызбен айрылмастай табысуымыз айқындады. Бүгінде қайталанбас бір туар ағаларымызбен қатар Қайрат есімі де аталып, қасиетті орындарға қойылуда. Тар қапаста отырып жазған хаттары мен жекеленген жырлары газет-журналдарда жарияланды. Ел үшін еткен еңбегі, сол еңбектің, ерліктің иесі – азаматты бағалау осы болса керек. Міне, осы орайда Қайраттың қаламынан туған өлеңдердің топтастырылып, көпшілік оқырмандарға ұсынылуының өзі орайлы іс болды. Өрине, жинақтағы өлеңдердің бәрі шынайы шеберліктің жемісі, мінсіз жырлар деп асыра айтудан аулақпыз. Десе де, қай-қайсысының да тумысынан ақынжанды халқымыздың табиғатына тән кеңдікті, өрлікті, қайталанбас болмысты ашып беретін, сол арқылы Қайрат Рысқұлбековтің өзін танытатын өлең өрімдері екені даусыз.

... Қайғылы тағдыры әлем жұртын елеңдеткен Қайрат не бары жиырма жыл өмір сүрді. Енді соның жан даусын, жүрек соғысын жеткізген жырларына мәңгілік ғұмыр тілейміз!

ТАЛҒАТ АЙТБАЙҰЛЫ

КЕШІРІМ БЕРУ ТУРАЛЫ СҰРАНЫС

(Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі
Президиумының төрағасы С. Мұқашевқа)

Жас болсам да, тұзым көп татып көрген,
Заң жағынан білімім болмаса да.
Іздеп келем өлгенше “шындықты” өрден.
Алайда ең үлкен жалғыздықты,
Сот залында “азамат соттан” көргем.
Білгіңіз келсе, мұны да айтып берем.

Азамат сот осылай көрін септі,
Көрін септі, жас гүлге өлім септі.
Жалғандықпен жаза алып, жанға батты,
“Шындықты” таптап, сот кетіп бара жатты.

Жас баланы ер тағдыр өкпелепті,
Жалғандықпен заманым шетке тепті!
Жала жауып, жалған көрсетуші,
Куәлер мерейі көкке жетті.

Қайта құру – әділдіктің орнауы кеп,
Жатып атар жалғандықтың болмауы деп.
Жалғандыққа қарсы шығып “адалдық”,
Шындықты шешетін де уақыт жетті!

Сеніңіз мен “шындықты” айтып бердім,
Болған істі болғандай жазып бердім.
Шындықпен, адалдықпен, әділдікпен,
Көңіл бөліп шешеді-ау деп, сізге сендім.

Біріншіден, туған анам алдында,
Екіншіден, Отан ана алдында,
Үшіншіден, Сіздің де алдыңызда,
Анамның ақ сүтімен ант етемін!

Сеніңіз, рухыңыздан өтінемін,
Жоқ еді ешбір адам өлтіргенім.
Сенсеңіз, қолдан келмес кісі өлтіру,
Сонда да, өлтірді деп жаламен келтіруде.

Егер де, жалғандыққа жол берсеңіз,
Дұрыс шешілген деп, сот үкіміне көнсеңіз,
Мен дағы ақталып не қылайын,
Шапшаңыз да мейліңіз атсаңыз да,
Мінеки, жазықсыз басым дайын!

Жел кірді көңіліме жиырма бірде,
Айдады ерікке қоймай сол несібе.
Желпілдеп желдім екен мен несіне?
Түседі адасқаным, енді есіме...

АҚТЫҚ СӨЗ

Елбең-елбең жүгірген,
Ебелек отқа семірген.
Арғымақ мінген жаратып,
Ақ сауыт киген темірден
Алатаудай бабалар,
Аруағыңмен жебей көр!

Ұлы Ленин бабамыз
Қатарға тең деп тартқан соң,
Компартия басқарып,
Достық отын жаққан соң,
Аға дедік орысты,
Әділдігі жаққан соң.

Ал енді қазір неткен күн,
Орыстан ынсап кеткен күн.
Тізе қатты батқан соң,
Шыдамастан ақыры,
Қарғыс атқан алаңда,
Қарғыс атқыр туған күн.

Қаймана қазақ қамы үшін,
Қарусыз шықтық Алаңға.
Алыстан әскер алдырып,
Қырып салды-ау табанда.

Сөйлесең даусың жетпейтін,
Кез болдық мына заманға.
Шовинизм еді ғой,
Басты себеп жанжалға.

Екі жүзің қырылып,
Екі жүзің ұрылып,
Екі жүзің сотталып,
Жоқтаусыз кетіп барасың,

Қатарым жусап қалғанда,
Қыршынымнан қиылып,
Солармен бірге өлсемші-ай!
Артта қалған ата-анам,
Арулап қолдан көмсеңші-ай!

Тұтқынға түстім жаутандай,
Жоламай ешкім қасыма.
Бара қалсаң сәлем айт,
Елдегі құрбы-досыма.

“Ақтық сөзің не?” – деген,
Бүгін қойды сот сұрақ.
Айтайын оны халқыма,
Жоқ пиғыл менде жасымақ.

Қорлай да беріп қайтадан,
Титыққа орыс жетпесін.
Туған жердің намысы,
Бөтен қолда кетпесін.

Салт-санадан айрылып,
Арақтан ұрпақ азбасын.
Ел көркейтер азамат,
Қызғаныштан тозбасын.
Абай туған жерінде
Бомбасын атом жармасын.
Құлпытасты қиратып,
Өлігіңді қазбасын.
Өз ұлтыңның басшысын,
Орнынан сүйреп алмасын.
Үміт еткен Мәскеуден,
Қарадай көңілі қалмасын,
Ленин салған сара жол,
Қолдаушысыз болмасын.

Барлық ұлтпен тең болып,
Ешкімнен көңілің қалмасын.
Ендігі жерде басыңнан,
Бірлік пен бақ таймасын.

Осы айтылған ақтық сөз,
Туың болсын әрдайым.
Мойныма алып жаланы,
Мен болайын құрбаның.

Бас-аяғы сол болсын,
Басыңа түскен қатердің,
Ақтық сөзді енді мен
Сотқа бір айтайын:

Күнәдән таза басым бар,
Жиырма бірде жасым бар.
Қасқалдақтай қаным бар,
Бозторғайдай жаным бар,
Алам десең, алыңдар!

Қайрат деген атым бар,
Қазақ деген затым бар.
“Еркек тоқты – құрбандық”
Атам десең атыңдар!..

Мен не өтермін, не өтермін,
Мен келмеске кетермін.
Көрмеген қош бол таңдарым,
Көре алмай мен өтермін.

Хош аман бол артымда,
Ағайын, туған-азамат!
Артымда қалған ата-анам,
Ел-жұртым саған аманат!

КЕЗДЕСЕМІЗ ӨЛІ ДЕ

Жалалы боп, қатты батты жаныма,
Жазалаушы қағаз алдым қолыма.
Жігіттер-ай, айтып-айтпай не керек,
Жазған екен маңдайыма, сорыма.

Біріншіден, мен анамды сағындым!..
Екіншіден, бұл құдайға не қылдым?!
Бостандықта еркін жүрген жан едім,
Енді, міне, абақтыға жабылдым.

Өкетай-ау, пайғамбардай жасың бар,
Туа бермес сіз секілді асылдар.
Қартайғанда жүрегіңді жаралап,
Кесір болды-ау біз секілді масылдар.

Айналайын ағалар мен жеңгелер,
Бұл өмірде сіздерге кім тең келер?
Сүмірейіп сот алдында стырған,
Бауырыңды енді кімдер ескерер.

Өздеріңе аман-саулық тілеймін,
Өздеріңмен бірге болсын тілегім.
Өздеріңе тіл қата алмай, достарым,
Қайғы-мұңлы өмірімді бастадым.

Айналайын қарындасым, қарағым,
Қолда кісен, мен айдауда барамын.
Қайғы шегіп, азап тартқан ағаңды,
Айтшы, жаным, қандай жанға баладың?..

Айналайын, інішегім, құлыным,
Сені ойласам, үзіледі жұлыным.
Сенің ерке, ақ жүзіңді көре алмай,
Кетіп барам, мен айдауға, құлыным.

Қош болыңдар, ағайын-туыс бәрің де,
Қош болыңдар, жасыңыз да, кәрің де.
Қараңғылық баста тұрмас қашаңда,
Бостандықта кездесерміз әлі де...

ҚАЙРАН ШЕШЕМ!

Қайран шешем,
Кешірімшіл едің ғой, бәрін кешір,
Басыңа қайғы әкелген, балаңның кәрін кешір!
Ақ сүтіңді абыроймен ақтай алмай,
Кетіп барам,
Өкінемін, соны кешір!

Қайран шешем!
Ауыр саған, түсінемін бәрін де,
Ішкенің ірің, жегенің желім бүгінде,
Жақсы-ақ болар, ана, мені түсінсең,
Сүйіктің ем, жеңіблдете алсам қайғы-жүгіңді!

Илан мені, бұрыныдай мен десең,
Өзіңді ойлап, сағат сайын мен де өсем.
Үмітім көп, шыбын жаным қалса егер,
Бөлісемін арманыңды да өзіңменен, өлмесем.

Қайран шешем!
Барыңды бер, жанға сал!
Керегі не жұмбақ жүрек, жанбасам?!
Жүрер едім, жалауың боп жан қалса,
Мен өзіңмен болашақта жалғасам!

Бақыттан көз жаза қоймай, іздеңдер!
Енді қалған аз-ақ айдан іздеңдер!
Қараңғыда көзге түссін көлеңкем,
Бір жарқ еткен найзағайдан іздеңдер!

Сазым осы, сор десең де, бақ десең,
Бұдан артық тілек менде жоқ, шешем!?
Таман болды. Табысқанша тарықпа,
Қайран шешем! Қайран менің ақ шешем!

Дүние күңгірт, бара ма нарқы қалмай,
Білмеймін, келер күннің шарты қандай?
Тар бөлмеде жатырмын, тар төсекте,
Денемді өз қызуым шарпығандай.

Қайран шешем,
Күт мені неғылсаң да,
Сарқылмай мен де күтем сағынсам да,
Арман жоқ алыстағы күмбезімді,
Алдыңнан бұлғандатса сағым сонда.

АНАМА

Мейірімді ақ жүзіне анамның,
Көңіл жүдеп, көз жасаурап қараймын.
Кешір ана, кешірімшіл едің ғой.
Кемістігі көп-ау мына балаңның.

Көп перзенттен үміт күткенің де мен едім,
Жаратқаннан маған саулық тіледің.
Көз алдында жүрсе балаң, көңілді ең,
Алыс кетсем, уайыммен жүдедің.

Еркелеттің өте ерке болдым ба,
Қарамаушы ем ой-қырына жолдың да.
Ақыл қонбай, тіл алмаған кезім көп,
Сонда да сен маған кінә қойдың ба?

Қалай ғана ұқпағанмын жаныңды,
Сыңдырдым-ау, бәлкім талай сағыңды.
Бейнетіңді зейнетпенен қайтармай,
Ойламаппын мен бабыңды табуды.

Кейін білдім, кеш ұғындым, өкінем,
Өкінем де, басымды иіп өтінем.
Кешір, ана, кешірімшіл едің ғой,
Қолыңнан тым ерте ұзап кетіп ем.

Өмірдегі орның мүлдем бөтен ғой,
Оны айтуға жетер ме сөз, жетер ме ой.
Қалмас деуші ем көрсетпеген рахатым,
Бәрі әшейін, ниет қана екен ғой.

Алақаның ғажап еді-ау, анажан,
Ыстық еді-ау саусағың шаш тараған.
Сол қолыңды енді кімнен көре алам,
Сол мейірімді енді кімнен таба алам!..

БАУЫРЫМ АЛТАЙ!

Қайраттың ең кенже, сүйікті інішегі 7 жасар Алтайдың мек-
теп табалдырығын аттауына байланысты құттықтай отырып
жолдаған сағынышты шумақтары...

Құттықтаймын! Шын жүрек қыр гүлімен,
Алғашқы қоңыраудың сыңғырымен,
Қарсы алар ұстазың да күлімдеп кеп,
Жыр сыйлап жіберемін бұл күні мен.

Құтты болсын қадамың, қарақтарым,
Тіл сындырып, ойыңды сабақтағын.
Сәтті болсын танысар әріппенен,
Ақтарған әліппенің парақтарын.

Нұр жаусын талғамыңа, талабыңа,
Тәтті болсын әр басқан қадамың да.
Қиналмай жетуіңе тілектеспін,
Мақсатыңа, аңсаған ой-арманыңа.

Өсірген ата-анаңның қуанышы,
Әділетті, ақ жүрек адам болшы.

Бола бер оқуда озат, үздік алды,
Сүйіктісі, баршаның мақтанышы.

Өзінді ал, бауырым, құттықтаушы,
Ағаңның ақ тілегін қабыл алшы.
Сәбилік жүрегіңді жасытпа тек,
Құлыным, мені жоқтап жыламашы!..

Сәлеммен ағаң Қайрат. Тамыз. 1987-жыл.

СОЛ ҮШІН КЕЗЕДІ ӘРКІМ ҚЫЛЫШТАРЫН...

1986-жылғы желтоқсан оқиғасы әр қазақ ұл-қызының санасында, жүрегінде өзінің арнайы орнын алған. Мен сол жылы 11 жаста едім. Есейген сайын желтоқсан оқиғасы қалай, не себептен болды, т.б. сауалдарға жауап іздеп, терең білгім келді. Газет-журнал материалдарын жинадым. Алматыға келіп, оқып жүрген кезімде көп деректі материалдар, мақалалар оқыдым. Көптеген сұрақтарға толық болмаса да, жауап алдым деп ойлаймын. Әрине, ақиқат жолы қашанда ауыр. 11 жыл өтсе де, желтоқсан оқиғасы әлі де көп ойлантады, толғантады.

Желтоқсан оқиғасына қатысып, ең ауыр жазаға кесілген Қайрат Рысқұлбеков жерлесім болып келеді. Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Бірлік ауылы. Қайрат ағамыз – Халық қаһарманы атаңды. Бұл, әрине, үлкен мақтаныш, жастарға үлгі. 22 жыл ғұмыр шеккен Қайрат, соңғы күндеріне дейін “менің ақтығым-өлімнен биік” деп, ерлік ісін, азаматтық асқақ даңқын мәңгі өлмес хаттарын, өлеңдерін қалдырды.

Төменде Қайрат Рысқұлбековтің Жасұлан құрбысына /менің туған әпкем болып келеді/ түрмеден жазған хаттарынан үзінді және осы күнге дейін жарық көрмеген өлеңдерін ұсынып отырмыз.

Айгүл Арғымбекова.

... Сәлем бердік, гүлім менің Жасұлан!!!
Хатыңды алдым қымбатты құрбым Жасұлан!
Шыңдық достық сағынышқа таңдаған.
Деп жазыпсың сенің қайғың – біздің қайғы,
Үмітің үзбе, берік болғын, ешқашанда жасыман!

Құрбым менің, айтсаң болды бір ауыз сөзің ғой.
Мұндай кезде керегі де көңіл мен төзім ғой.
Шынымды айтсам, “гүлім менің” дегім келед өзіңді,
Себебі, жаралы жанға қуаныш әкелген өзің ғой.
Хатыңды алып жан-тәніммен қуанғаным,
Қуаныштан, жүзім жасқа бұлағаным.
Аз да болса көңілім шат, жүзімде күлкі ойнады,
Оны айтасың, ұйықтап жатып күлімдей оянғамын.

... Получил я от тебя теплую весточку, за что я от всей души благодарен. Я очень и очень рад, что меня ты(хотя бы одна душа) не забыла. За теплые слова и за те переживания, которые ты несешь вместе со мной.

...Совершенно верно написал Сакен аға в своей книге, что все друзья, которых ты считаешь самыми близкими, испытываются лишь в трудный час. Если мне честно признаться, то очень и очень стыдно за своих друзей -предателей. Мне лучше было бы иметь откровенного врага вдали, чем иметь коварного друга вблизи...

...Письмо – это в данное время, мое последнее удовольствие. Как получишь письмо, передай Ей, пожалуйста, от меня большой пламенный салем. Ведь она потеряла ключ, который подобрала из среди сотни ключей (может больше ста), и не успев подержать их в руках, потеряла.

...Айтпақшы, өзім жайлы бір-екі ауыз сөз. Әйтпесе, байқайсың ба, сорлы жүрек, жаратылысына қарамай махаббат жолында шырмауықтай шырмалап кетіп барады. Өзіме келсем, денсаулық баяғы сол бостандықтағыдай, ауру-сырқаттан аулақпын. Тамақ тоқ, көйлек көк, көңіл күй жаз, қайғы көп.

Жалғыз бөлме, жалғыз есік, төрт қабырға,
Мен де жалғыз, жатырмын үйді сағына.
Қап-қара түн білемін таңым шырақ,
Өмір жайлы ойлардан ағын қарап.
Тар бөлмеде тұншығып, талмаусырап.
Мен жатырмын, жүрегім, жаным жылап.
Мұң жалайды, көңілді, мұң жалайды.
Жанарымнан ақ сүңгі сырғанайды.
Сүйген жардың жабырқау жанарындай
Тереземнің тұсынан түн қарайды.

...Да, цветочек мой Жасұлан! Вот с таким путем рано, слишком рано я повстречался с горем и бедой. Последние ли они в моей жизни, самое ли большое?! Я думаю, что рано или поздно, истина найдет свою дарогу. От правды никому не убежать. В конце концов, пусть я останусь таким же страдающим искусственным убийцем, каким они меня сделали. Если веришь, Жасуланка, мне ни капли, ни грамма не страшна их смертная казнь. Лишь, только очень и очень обидно мне умереть ни за что! Пусть меня расстреливают, но, все равно, их победа – не победа. Потому что, моя правота – выше смерти!

...Хочу лишь только сказать “До свидания”.

До скорой встречи!

с/у. Кайрат.

Басқа түскен қайғынды, ешбір адам жан салып
бөліспейді,
Дос боп жүрсің, сен күнде, көріс мейлі.
Күйзелтетін сен ғана егілетін, тек сен тартар
азап қой ол іштегі.

Мүсіркесіп кетеді, іші қайран,
Қайғы уынан өртен сен, өл, іш мейлі.
Ешкім сонда ол ұлға қолын созып
Мен ішем деп жартысын бөліспейді.
Жақын болсын, не қимас туысқаның
Қаумалайды, болса егер тыныш халің.
Әшейінде шай ішіп, сыр шерткенінде
Ақтарылып, аңқылдап ұғыс бәрін.
Жазатайым қасірет шеккенінде,
Бәрінің де байқайсың жылысқанын.
Көрмейсің сен олардың басындағы
Азайтуға азапты тырысқанын.
Ақыл айтып кетеді – дана бәрі
Данышпансып қарайды, саған әрі:
“Неғыласың осынша қайғы шегіп,
Ұмыт болып, – дейді, – ертең қалады әлі”.
Жұбатуға мұндайда,
Күйзелгеннен бір мезгіл күш көресің.
Ол да алдамшы – бәрін сен істетесің.
Қайдан сезсін, өксісін өзіндей боп
Қайғы өзінің басына түспегесін.
Сайқал тағдыр, мазағың азақ десең,
Мұхиттағы жаңқадай шыр айналдыр,
Мен бәрібір көнбеймін, азап кешем!

* * *

/өзіңе арналады/

Жанымды шырмап менің бұлыңғыр мұң,
Қайғыдан аласұрдым, сүріндім мың.
Еш пенде шыдамастай қылығымен,
Қу тағдыр мені өмірден түңілдірді.
Азабын тартуменен күншіл күннің
Шаттанар сәттерде де аз күлдім.
Опасыздарға деген ыза-кегім
Тыншытпай түні бойы күрсіндірді.
Мен жұртқа ұнасам деп тырыспадым
Ойсызбен мүмкін емес ұғыспағым.
Шындықты көлгірсімей көзіне айттым,
Сол үшін кезеді әркім қылыштарын.
Мен болсам ызаландым барлығына,
Жұрт маған қимай ма деп таңды мына.
Күрсінсем күлімдейді кейбіреулер
Тек сен ғана ортақтастың, зар-мұңыма.
Әйтеуір, сен мені ұмытпадың.
Шынында арналса да басқаға әнім!
Ешкімнен ештеңе күтпеймін, тек
Достардың, екі парақ хатына зәру жанмын.

* * *

Мен онымен қай кезде көрісемін?
Қашан? Қашан? Айтшы сен соны, сенім?
Мен қашанғы жатамын аласұрып,
Жүрегімді, миымды таң асырып,
Тарта берем жалғанның мұңды азабын.
Тағдыр қашан қояды бұл мазағын?
Көрмей, құшпай қашанғы сенделемін.
Естілсейші сен жақтан бір ғажап үн.
Қашанғы енді қыңсыған ұлу дайын,
Қашанғы іште жатады ұлып қайғым?
Қашан, қашан ұшады сағымдай боп
Жүрегіме ілінген құлыптай мұң?
Мен қашанғы ішімнен шыңғырамын
Қашан, қашан басылар бұл құмарым.
Ей, адамдар, айтсаңшы біреуің кеп,
Қашан менің жүрек, жаным?
Неге осы мен өзгеден басқарақпын.
Неге мен жастайымнан – жасқа баттым?
Басқалардай неге мен жүрмеді екем,

Қай азапты көрмей-ақ ешбір мүлдем?
Неге ғана ит өмір сүргенімше,
Сәби бала жасымда өлмеді екем?
Басым дал-дал, білмеймін
Немен, қалай тынарын бұл күндерім.
Білмеймін, қашан келерін
Арайланып ақ таң атқан күндерім?!
Қашан қуам көңілдің бұлтын, желін,
Қашан басам, білмеймін жанымдағы
Мизам күнгі найзағай күркілдерін...
Жанар – найза, ішім – от, қол дәрменсіз,
Жауға алдырған батырдай жұртын, жерін.
Жауыздықпен арпалысып, оны жеңіп,
Саған жетіп құлауым мүмкін менің.
Күтсең егер, сүйікті үміткерім!
/Өзің түсінесің ғой кім екенін/

Балауыздай жүректі тасқа балап,
Кетті достар жауыздықпен жауға тастап
Бәрің кештің ұға алмай жан сырымды,
Жылап қалды, дариға-ай, досың Қайрат.
Мәңгі сенген өзім деген достарым,
Жалғандықпен жазалаушы соттарым
Қуып тықты абақтыға аямай.
Жігіттіктің тартар кезде көкпарын,
Сот залында азамат сотқа сендім,
Әділдікпен шешеді дей үміттендім.
Ал ол болса жауыздық-зұлымдықпен
Таптап өтті, бар шындықты аяғымен,
Міне, осылай азамат Сот кәрін септі
Кәрін септі, жас жүрекке елім септі.
Ал жалақор сұр жылан куәлердің,
Әрине, мерейлері көкке жетті.
Өтіп жатыр күндерім
Қуанышсыз, қайғылы-мұңлы менің
Сезім өлген, қалды тек құр сүлдерім
Күзгі жауын секілді сүйекке өтер
Білер ме ешкім жаныма мұң сіңгенін.
Естілер ме біреуге күрсінгенім?!
Алау сезім мендегі.
Толқын жеген желкендей ескіргелі,
Таң атпайды, күнім де кешкірмейді.

Сұрғылт тартқан мынау кең дүниеде
Түсінбейтін секілді ешкім мені,
Елестейді мүсіндей кескіндері.
О, мен қаншама мұңды кештім,
Сонда менің жаныма келді ме ешкім?!
Мен досыңмын дейтіндер тамашалап
Қарап тұрды, дүлеймен мен күрестім.
Есеңгіреп қалдым мен сол достардан
Қол ұшын берсе де, сірә, енді сергімеспін.
Мен жатырмын аласұрып,
Секілдімін шөлдегі дара шыбық.
Тілеулес жан, жазғырма, жазалама
Наласын ұқ, жүректің жарасын ұқ.
Көңілі жүдеу адамдар кекшілдеу ғой,
Ақыл айта көрмеңдер данасынып.
Кейбіреу күндеседі,
Біреулері балайды гүлге мені
Біреулері ұғынбай жан сырымды
Өсек-аяңды өрнектеп желдей еседі.
Түсініксіз, әрине, оларға /айыптаман/
Жүректің де меңдегі мұң кешері.
Білмейді құлап оңбай
Жатқанымды тар қапаста сынаққа бай.
Білмейді олар жылаған сәттерімді,
Келсе еді деп үмітім жырақтамай.
... Мен тілеймін, достарым, қатал тағдыр,
Сендерді менше ешқашан жылатпағай.

* * *

Дау-дамайға, кіргізбестен тартысқа
Қарауылды қоя білді әр тұсқа.
Байқап тұрсам, бұл өмірден көретұғын
Қызығым да секілді бір сәл қысқа.
Қайтем, қатал тағдырға жүгіндім мен,
Аңғалдарды жылатқан, түңілдірген.
Әлі өзімді қимаймын кінәлауға
Өмір шығар мені де сүріндірген.
Жығылған екенмін бір-ақ рет
Өкініштен өртеңді, жыла, жүрек.
Әр қадамды мысықша аңдамайтын,
Айыптаңдар, қайтемін, кінәлі деп.
Өкпелендер бұлалау қылығыма,
Қондырмаңдар талпынған тұғырыма,

Бұның бәрі түк емес, ал өзімнің
Өкінішім жетеді ғұмырыма.
Кінәм бар деп ақиқат қорғанбасым,
Жас жүрек жаралайды, жала жапқасын.
Бұл жаладан ақталу да қиын шығар,
Бұл жалғанда адал жан жоқ болғасын.
Мені әлі де біраз уақыт азаптар,
Азаптауға шебер ғой бұл адамдар.
Аласармай кетуі мүмкін бірақта,
Менше күліп, дәл менше жылағандар.
...Жаралы жүрек осылай жыр жазады,
Арманы мол жүректің аз ба айтары.
Ал түсінген, түсінетін құрбысына
Кеудеде тұнып жатқан мұңды айтады.
Қоштасудың мұңдысы-ай, кездесуді
Табиғат жазғай тағы...

ҚАЙРАТТЫҢ АМАНАТ ХАТЫ

(соңғы хаты. “Егемен Қазақстан” 08.03.98)

Құрметті қаракөз қарындастар мен жылы жүзді жеңгейлер!

Шын жүрек, ақ көңіліммен,
Алғашқы көктемнің күлімдеген
Құттықтаймын, 8-март мерекесі,
Халықаралық әйелдер күніменен!

Қ-шы: қайын ж/е ағаларың!
Жәрдем берер жағаларың!
Қыздар үшін тар қапасқа
Келіп түскен тұлпарларың

*Қайрат Рысқұлбеков
Ноғайбайұлы*

13.03.1966-ж.
ст. 60,65,173-1
срок – ату жазасы!
08.03.1988-ж.
Бывший ст-т ААСИ г. А-Ата
Сын Моюнкума Джамб. обл.

Бұл 1986-жылғы Желтоқсан оқиғасында жазықсыз жала-лы болып, қыршынынан қиылған боздағымыз Қайрат Рысқұлбековтің өзі қолымен жазған соңғы хаты еді.

Ал осы хат біздің қолымызға қалай тиді, енді соған тоқ-тала кетелік.

Кезінде Қазақстан Журналистер одағында қызмет істеген Балта Исаев деген ағамыз, өз айтуы бойынша, “Бекежановтің ісі” бойынша жала жабылып, түрмеге түседі. Едәуір жасқа келіп қалған адам болған соң, түрме басшы-лары оны абақтыға жатқандарға тамақ тасып, құйып беруші ретінде пайдаланған екен. Алайда, қасындағы бақылаушы-лар зіркілдеп, алақандай көзі бар темір есіктің ар жағында-ғылармен еш тілге келтірмейтін көрінеді. Көк сорпанды үнсіз құйып беруді ғана білесің дейді ол. Осылайша табақ үлестіріп жүрген кезінде ол жеке камерада отырған Қайрат Рысқұлбековті де көреді. Бірақ онымен де еш тілге келе ал-майды. Дегенмен, Балта ағамыз ұсынған табақты алуға ұмсынған Қайрат бақылаушылардың көзін ала беріп, табақ-тың түп жағынан шиыршықталған тілдей қағазды оның қолы-на қыстыра салады. Бұл кісі әрине, ешнәрсе сездірмей кете барады. Оңаша шыққан соң қараса, Қайраттың бүгін өздеріңізге ұсынып отырған хаты екен. Қайрат бұл хатты сол кезде Желтоқсан оқиғасына орай түрмеде жатқан қыз-келіншектерге арнап жазған сияқты. Қайрат боздақ, өзі ату жазасын алып отырса да, қамкөңіл әйел қауымының бір сәт көңілін аулағысы келген екен-ау.

Балта ағамыздың айтуына қарағанда, көршілес үй Жел-тоқсан оқиғасына қатысқан қыз-келіншектерді қамаған түрме көрінеді. Бірақ оларға мықты күзет қойылғандықтан, шулаған үні естіліп жатса да әйелдермен жалғасуға мүмкіндік болмайды. Алайда, ол бұл хатты да көздің қарашығындай аман сақтауға тырысады. Түрмеден түрме ауыстырған кезінде де жанынан тастамайды. Ақыр аяғында Бекежанов-тың ісі де аяқталып, араға біраз жыл салғаннан кейін ол кісі отбасына, Алматыға оралады. Үй-ішімен кездесіп, көңіл демдеген соң ол бірде мені арнайы іздеп келген екен.

– Жұмагүл, сен қазақ әйелдерінің жай-күйін зерттеп, жазып жүрген қыздарымыздың бірісің ғой. Мына қағаз Қайраттың аманаты еді. Кезінде оны қыз-келіншектердің қолына тапсыра алмадым. Дегенмен, “Ештен кеш жақсы” деген емес пе? енді осы хатты өз қолыңа тапсырайын, – деген еді ол.

Содан бері де біршама уақыт өтіпті. Бұл хат жайлы біреу біліп, біреу білмейтін де шығар. Соңдықтан да сын сағатын-

да азаматтық рухын жоғалтпаған, бір ауыз сөзімен болса да өзгенің көңіліне демеу болғысы келген хас батырдың соңғы аманатын сіздерге жеткізуді жөн көріп отырмыз.


Осы арада тағы да бір айта кететін жәйт: Қайраттың өмірінің соңғы күндеріне дейін жасымай, тағдыр талайын қасқайып қарсы алғанын байқау қиын емес сияқты. Бұл сөзімізге оның өз сәлемін Кенесары жайлы кітаптың соңғы бетіне жазуы да толық дәлел бола алады. Демек, ол соңғы демі біткенше осынау халқы үшін басын бәйгеге тіккен Кенесары атасымен іштей сырласумен болған сияқты. Кім білсін, бәлкім көп кешікпей Кенесары бабасының жолын құшатынын өзі де сезген шығар...

*Жұмагүл
Қуанышбекқызы*

ЖЫРЛАЙМЫЗ СЕНИ ЖЕЛТОҚСАН, ӘНІМІЗ СЕНСІҢ, ЕР ҚАЙРАТ!

ТҮРМЕДЕН ХАТ

Асықпай, терең оймен.



Жа - ла - лы боп, жа - ра түс - ті жа - ны - ма,



жа - за - лау-шы қа-ғаз ал - дым қо - лы - ма.




Жі - гіт - тер-ау, ай - тып, айт-пай не ке - рек,




Жаз-ған е-кен маң-да - йы-ма, оу, со - ры - -



ма. Жі-гіт - тер-ау, ай-тып, айт-пай не ке - рек,




Жаз-ған е - кен маң-да - йы-ма, оу, со - ры -



ма, со - ры - ма. // - де, ә - лі



де. О - о - о - оу, ар - ман - ай... О - о -



оу, жал-ған - ай, жал-ған - ай!

ТҮРМЕДЕН ХАТ

Өлеңі – Қайрат Рысқұлбековтікі

Әні – Хасен Қожа – Ахметтікі

Жалалы боп, жара түсті жаныма,
Жазалаушы қағаз алдым қолыма.
Жігіттер-ай, айтып-айтпай не керек,
Жазған екен маңдайыма, сорыма.

Біріншіден, мен анамды сағындым!...
Екіншіден, бұл құдайға не қылдым!?
Бостандықта еркін жүрген жан едім,
Енді, міне, абақтыға жабылдым.

Айналайын, қарындасым, қарағым,
Қолда кісен, мен айдауда барамын.
Қайғы шегіп, азап тартқан ағаңды
Айтшы, қалқам, қандай жанға баладың?

Қош болыңдар, ағайындар бәрің де,
Қош болыңдар, жасыңыз да, кәрің де.
Қараңғылық баста тұрмас қашанда,
Бостандықта кездесерміз әлі де...

Мұхтар Шаханов

ТӨРТ ЖЫЛ КЕШІККЕН ШЫНДЫҚ немесе бұрынғы Брежнев, қазіргі Республика алаңында оқылған өлең

Әр дәуірдің еркіне сай нарқы өзгерген алтынның,
Айналайын алтын әнім, жас өркені халқымның.
Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарқ ұрдың,
Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.
Кеудеңде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның,
Айналайын, айналайын, жас өркені халқымның!

Ерте айтылды, сондықтан да келте айтылды бұл әнің,
Уақытыңның талабына деп келсе де ұраның,
Уақытыңның әділетсіз соққысынан құладың.
“Нашақор” деп, “маскүнем” деп айыпталдың, ұланым,

Саған жапқан сол жаланы естіп үнсіз тұрғанша,
Керең болып қалмады екен неге менің құлағым.
Айналайын, айналайын, жас қайратым, қыраным!

Темір қолдар қуатты еді, алқымыңды қаусырған,
Намысыңды жықпай өттің нәубет, дүлей маусымнан.
Жасып қалған шақтарымда жігер алдым бойыма,
Түрме торын жарып шыққан сенің қайсар даусыңнан.

Жә, не деген нүктесі көп, бүкпесі көп өмір ең...
Төрт жыл өтті шыңдық күліп шыққанынша көгінен.
Оқ бойы озып тұрыпсың-ау сол аумалы кезде-ақ,
Пышаққа сап бола алмайтын әкімдердің көбінен.

Өсер ұлдың қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула, Желтоқсанның мұзға жаққан алауы.
Өздеріңдей өр намысты жас өркені бар елдің,
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы!

Ақын, филология ғылымдарының кандидаты **Асқар Егеу-баев** “Желтоқсан” поэмасына 1986-жыл оқиғалары, бірқатар адамдардың әдеби бейнелері арқау болған. Мына шумақтар халықтың аяулы ұлы Қайрат Рысқұлбековтің монологі бар тұсынан үзінді.

АҚТЫҚ СӨЗ

Еркек тоқты – құрбандық,
Қиын, көке, бір жанды...
Өртенді өзек, күл қалды,
Өртенбеген кім қалды?!

Ақтығыма кім нанды?
Ақ көңілде кір қалды!
Алдым ашық-атса да,
Ауызға алдым иманды.

Саясатта жоқ сөзім,
Саяқтықты көкседім.
Сылаң қақпан жан үшін,
Сірін сүртіп өкшенің.

Кешір, апа, кешіргін,
Кесепаты кесірдің.
Көк семсер ем суарған,
Кеспей жатып кетілдім.

Ақпын, апа, ақ едім,
Ақ біткенге жақ едім.
Аруларға аға едім,
Ағаға алтын тақ едім!

Ел алдыңда бала едім,
Ерке едім, шала едім...
Ер намысы дегенде,
Есе бермес нар едім!

Айныма, апа, құсыңнан,
Алақаның ұшырған.
Ақ сүтіндей ақ ұлың,
Абақтыда қысылған.

Қош бол, бауыр, білгейсің...
Қайғыны өттен тілгейсің...
Қайратты алып ойыңа,
Қайраттанып жүргейсің!

Құлын-тайдай тебіскен,
Қош, бауырлар, сеніскен!
Қалды бір тай өрісте,..
Құйрық-жалы келіскен...

Қош, замандас көріскен,
Қызық күнді бөліскен.
Қайрат деген жаман тай,
Қайтпай қалды өрістен.

Бауыржан Үсенов

Алматыға жолым түсіп бара қалсам, мен міндетті түрде Республика алаңына соғамын. Алаңға кіре бергенде денем түршігіп, төбе құйқам шымырлап кетеді. Есіме марғау дүниені дүр сілкіндірген қасіретті де қасиетті Желтоқсан оқиғасы түседі, мұздақ алаңның үстіне жығылып, атой сал-

ған демократияның алғашқы қарлығаштарының ішінде қанға боялса да, қайтпай тұрып алған қыз-жігіттердің ішінде мен де, сен де бар едің, Қайрат. Бірақ бір-бірімізді танымайтынбыз.

ҮЗЕҢГІ ДОС ЖЫРЫ

(Поэмадан үзінді)

Дүр сілкінді қойдан да қоңыр аймақ,
Бағы жана ма?
Қала ма соры қайнап,
Ұран жазып, қып-қызыл ту көтеріп,
Біз де келдік алаңға “Елім-айлап”
Билік – халық,
Кім бүгін ұтылады?
Бас пен құлақ, көз, мұрын бүтін әлі.
Сойылы бар сақшылар жұртқа қарап,
Қоян көрген тазыдай жұтынады.
Жауды алаңға тілектің нәсері кеп,
Шешеннен соң сөйледі шешен үдеп.
“Демократияны бұғаудан босатыңдар,
Әр халыққа – өзінің көсемі” – деп.

– Сүймейтұғын бодық қой күймей ғұмыр,
Көлеңкеміз. Күннен тимейді нұр.
Колбин деген кім екен? Қайдан келген?
– Уа, сыртымыздан қашанғы билейді бұл.
Бұл дегенің деп біреу, -шамданады,
ККП–да беделдің қалмағаны.
– Тілің құрып барады білесің бе?
Ескерусіз дін жатыр сүресіңде.

Қақпақ қойып ауызға, көзді байлап,
Мұрша бермей қойды ғой тіресуге.
Санаспайды, әй, бұлар тегі ешкіммен,
Жариялылық дегенің елес білем.

– Жиырма жыл қаңғырдым пәтер алмай,
Жазығым бар бұл менің, әке, қандай?
– Ойбай, көке, айта түс бетің дұрыс,
Алматыда жойылсын жетім бұрыш.

Өгей қозы біз болдық енемізге,
Келімсектер шықты ғой төбемізге.

Көп адамның бір босап қалды-ау іші,
Іске аспады алдау мен арбау ісі.
Брежнев алаңы күңіреніп,
Шықты осылай халықтың жан дауысы.

Міне, осындай айқайдан құлақ тұнды,
Көзге жас ап аналар жылап тұрды.
Жылдар бойы жоғалтқан еселерін,
Үкіметтен халайық сұрап тұрды.

– Ақиқат жоқ, маңайың толған аңыз,
Жүр екенбіз тұманды жолда нағыз.
Мінбе жақтан дөкейлер күркірейді:
– Тараңдар, әйтпесе, күш қолданамыз!

Сақшылар тұр сап түзеп теректердей,
Құқы бар ма өздерін бөлектердей.
– “Айтақ” шықты, кенеттен шапшыды олар,
Қарғы бауын сыпырған төбеттердей.

Тәртіп қорғау санаға екті нені?
Өз халқыңа ойпырмай, кекті ме еді?
Азаматты сойылмен қанға бояп,
Шаштан сүйреп қыздарды тепкіледі.

Түсті табан астына қолдан байрақ,
Сенім бізді әкепті сорға айдап.
– Бұл сұмдықты көргенше, тірі жүрмей,
Өлген жақсы, – депсің сен сонда, Қайрат.

Аспан тұрды төбеде нала құсып,
Сақшылар жүр бөрідей ала түсіп.
Жасырмаймыз, жазықсыз аруларға,
Араласып кеттік біз ара түсіп.

Бар болғаны сол еді “қылмысымыз”,
Савицкийді көрген жоқ бір кісіміз.
Кейін соның қазасы таңылғанда,
Аң-таң болып, қан жылап тұрды ішіміз.

Түрме жұтты біздерді – қара мекен,
Әділетсіз бұл қоғам талақ екен.
Демократияны жамылған КГБ-ңыз,
Қолдан жасап шындықты алады екен.

Темір құрсау біздерді бүргені шын,
Мұң шағады қапаста кімге құсың.
Ақ – қараңды тексерер түрме деген,
Концлагерь болды ғой біздер үшін.

Нәсер бұлты жетпеді көшіп қырдан,
Шыбық өлді кеудеде өсіп тұрған.
Шындық деген жоқ екен сотыңда да,
“Атуға” деп міз бақпай кесік қылған.

Біреу қорғап, дүние-ай, жақ ашпады,
Қайрат, сені осылай аластады.
Құрбандыққа күні бұрын белгіленген,
Артық адам сен болдың Алаштағы.

Ақтық сөзің арманды хатта қалды,
Көріп жүрміз қиып ап сақтағанды,
Қайрат, Қайрат,
Сен мені естимісің,
Есін жиған халқымыз –
“Зэк” Ұрпағын,
Лагерьде шірітпей, ақтап алды.

Не азапты, бауырым көтермедік,
Соны жырлап өмірім өтер менің.
Камераңа қанішер салмағанда,
Бізбен бірге ақталып кетер ме едің.

Зайда Елғондинова

ҚАЙРАТ РЫСҚҰЛБЕКОВКЕ
(анасының жоқтауы)

“Бөрілі байрақ ту алған”
Жау көрсе жағы суланған.
Дос көрсе, жаны қуланған.
Далада көші шұблаған.
Арғы атаң сенің кім еді,
Арманда өткен боздағым.
Алатау ма еді қонысың,
Қаратау ма еді қонысың?!
Опат болдың сол үшін!
Арқа ма еді қонысың,

Атырау ма еді қонысың?!
Опат болдың сол үшін!
Махамбет пен Исатай,
Бата берген батыр ма ең?!
Бес қаруын асынған
Тайсалмадың нөпірден.
Қабанбай мен Бөгенбай,
Бата берген батыр ма ең?!
Көк темірін құрсанған,
Тайсалмадың нөпірден.
Кенесары, Наурызбай,
Бата берген батыр ма ең?!
Жеті басты аждаһа
Тайсалмадың нөпірден.
Шапырашты Наурызбай
Найза берген батыр ма ең?!
Аузы түкті албасты,
Тайсалмадың нөпірден.
Райымбек, Сыпатай
Сыйынғаның мықты ма?!
Ресейдің көк туын,
Күллі аруақ жықты ма?!
Қайран да қайран, қайран ер!
“Бөрілі Байрақ ту алған”
Құлдықтан жүзі қуарған.
Қарны тойса, жұбанған.
Әкімдерді келімсек
Құдайындай құп алған.
Ар-намыс пен сезімнен,
Жұрдай болып езілген.
Асыранды төбеттей,
Еркіндіктен дәметпей,
Бас көтермей бұғынып,
Көлеңкеге тығылып,
Бастық көрсе алдына
Бес намазға жығылып.
Даласын да таптатқан,
Анасын да таптатқан.
Баласын да таптатқан
Ұлан-байтақ жеріне,
Бөтен жұртты қаптатқан.
Ана тілін аздырған.
Бар асылын тоздырған.
Жүрегі бар ақынын,

Намысы бар батырын,
О дүниеге оздырған.
Бас көтеріп батыл дем
Ала алмаған ешқашан.
Қорыққанынан әркімнен,
Қорашсынған қандасын,
Қайырып асыл алмасын.
Жетпіс жыл басқан маңдайға,
Бодандықтың таңбасын.
Қорашсынған қандасын,
Сындырып асыл намысын.
Жетпіс жыл басқан маңдайға,
Қасіреттің таңбасын.
Бергі атаң сенің кім еді,
Арманда өткен боздағым.
Қылышынан қан тамып,
Ақтығыңа ант алып,
Ақ патшаның ізімен,
Ақ алмастың жүзімен.
Біріктіріп еліңді,
Қоңыр қойдай қайтарып,
Жүңдей түтіп еріңді
Аш бөрідей тойтарып,
Есіктен кіріп төрге озған,
Ұрпағына көр қазған.
Келініңді тұл еткен,
Ұлынды қоныс құл еткен,
Бесігіңді бос еткен,
Келешегіңді кесе өткен.
Қызыңның ар-ұятын,
Құртқан залым есеппен.
Ақсақал таппай ауылдан,
Бірлік кетіп бауырдан.
Беттен алып келінің,
Төбесін бермей төрінің.
Азаматын аздырған,
Қатын озып, хан болған,
Еркек азып ез болған.
Қазақ деген халқыңыз,
Тар заманға кез болған.
Тарихым жоқ, тегім жоқ,
Ашуым пәс кегім көп.
Көн терідей иленіп,
Дүбәрә, мәңгүрт күйге еніп.

Құлдық қысып құрсаулап,
Жарамыздан қан саулап.
Кірпігімді қаға алмай,
Тұйықтан жол таба алмай,
Жан беріп, жан алысып,
Империямен алысып,
Тістеніп жағым қарысып,
Көкіректе ант өліп,
Қос жанарға қан толып,
Тұрған шақта алмастай,
Жарқ еттің-ау, қарағым.
Қара аспандай күркіреп,
Ақ жауындай сіркіреп.
Наурыздан соң шығатын,
Жауқазындай дүркіреп.
Бірі болат, бірі алмас,
“Ләббай”, – деп, тұра алмас.
Бостандық деп кілең жас,
Қанды алаңға барғанда,
Сезімінді сыпырып,
Сен де бардың қапылып,
Жүрегі жомарт, жаны шер,
Намысты жасқа қаруын
Сілтегенде қанішер,
Қалқан болған қарағым!
Нәзігіңді жұлмалап,
Жүңдей түтіп жатқанда,
Бұрымынан бұйдаалап,
Шегедей жерге қаққанда,
Ақша бетін кескілеп,
Жатырына тепкілеп.
Соққысын қарша боратып,
Қасқыр итке талатып,
Ару қызды ай маңдай,
Тірі тұлып қып сойғанда,
Ара түскен қарағым!
Намысыңды көкпар ғып,
Арманыңды шоқпар ғып,
Адам емес қояндай,
Аулағанда аямай,
Қасыңдағы серігің,
Қанға бөгіп жатқанда,
Қорған болған қарағым!
Өзіндей елдің баласы,

Нансоғар боп жатқанда,
Қызық-думан жас ғұмыр,
Қансонар боп жатқанда,
Қара түнек қапасты,
Қақ айырған қарағым!
Жаламенен айдалып,
Ажалға басы байланып,
Тұтқын болған қарағым!
Оу, қыршында-қыршын, қыршыным,
Жас бұтағым, бүршігім,
Бауыршындай бусанып,
Айналаңа шу салып,
Бес жасыңда қылықты ең,
Жас қырандай таранып,
Жан-жағыңа қаранып,
Он жасыңда білікті ең,
Ақылың теңіз телегей,
Сындарлы сұлу жебедей,
Сымдай бойың тартылып,
Қиялың көкке шарқ ұрып,
Он бесінде түлдедің.
Бойың асып басқадан,
Ойың асып басқадан,
Батырға біткен тұрпатың,
Ерекшелеп өзгеден,
Қиырды шалып көзбенен,
Қиынды алып сөзбенен.
Арғымақтай алқыңдың.
Жас қырандай талпыңдың.
Жігіт болдың ойға бай,
Ғұмырыңды сұм тағдыр.
Шоп-шолақ қып қойғаны-ай.
Қорланғанға қорған боп,
Ерте кеткен қарағым!
Балғын тәнін қара жер,
Еркелеткен қарағым!
Қыс түскеңде ағарып,
Қар жамылған қарағым!
Күз түскеңде қарайып,
Зар жамылған қарағым!
Жаз шыққанда томпайып,
Шытқа оранған қарағым!
Көктем туса көгеріп,
Бұлтқа оранған қарағым!

Сен аңсаған аппақ таң,
Атар ма екен қарағым?
Қабырғаңа қара жер,
Бата ма екен қарағым?
Оу, он сегізде еңіреп,
Елін сүйген қарағым!
Кебенек кимей қайтейін,
Кебін киген қарағым!
Әу, бұлдырда-бұлдыр, бұлдыр күн,
Бұлдырайды құрғыр күн,
Іздейді сені бір жұртың.
Жоқтайды сені бір жұртың.
Жоқтайды сені бір жұртың,
Оу, асқарда-асқар тау ма екен,
Гүлстан жасыл бау ма екен.
Кебін киіп кетпесең,
Дауысташы, ау, көкем!
Атағың кетіп аспанға,
Халқың іздеп жатқанда,
Қайтейін, Қайрат тәубе етем!
Шынымен балам сенбесең,
Басың көтер әу көкем!
Жер бесікті тербетем,
Риза бол әй көкем!
Тәубе, тәубе, тәубе етем!
Опа тапқан өлімнен,
Ақыреттен қарағым!
Өлеріңде тайсалмай,
Батыл өткен қарағым!
Елім, елім, елім деп,
Ар намысты сақтаған.
Бұйырғанда өлімге,
Кірпігін де қақпаған.
Батыр бабаң Бауыржан
Қолдады ма қарағым!
Желтоқсанның шыдадың,
Толғағына, қарағым.
Арман, арман, арман көп,
Айтылар теңеу қалған жоқ.
Қысқа ғұмыр сүрсең де,
Таң қалдырған қарағым!
Қазағыңды Қайрат деп,
Тамсандырған қарағым!
Алатауға абиыр,

Алып берген қарағым!
Ерлік жолын халқыңа
Салып берген қарағым!
Ой, желпін де көңіл, желпінгін,
Анасымын мен кімнің?
Күйреуік дер ел кейін,
Уайымдай бермейін.
Туар ма туар еркін күн,
Желілеп алда тұр үміт.
Таныттың, балам, ірілік,
Қазағың, Қайрат, ел болар,
Алты алаш басы бірігіп,
Қайтейін, балам, ғаріп боп.
Басымды сүйер халық боп,
Мамық болсын қара жер,
Жатқан жерің жарық боп
Бақұл бол, бақұл, әй көкем,
Тәубе, тәубе, тәубе етем!

Нұрғазы Баймұқашұлы

ЕСІМІҢ ЕЛ ЕСІНДЕ

Кебенек кимей, бауырым,
Кебін киіп жөнелдің.
Қарсы алдың апат дауылын,
Намысын қорғап сен елдің.
Ер сыналар нар күнде,
Көтердің туын ерліктің.
Бергің келмей әркімге,
Намысын қолдан елдіктің.
Алапат күшпен өрт жүрек,
Бекініп шықтың қаймықпай.
Батырға жалғыз серт керек,
Орындап шығар айнытпай.
Ақтық сөзің, жан інім,
Халқыңа жетті асқақтап.
Дарқанды дала тауының,
Шыңына шықты әп сәтте-ақ.
Кеткен соң өзің, бауырым,
Қасиетті ісің жалғасты.
Серпідік түнек дауылын,

Ербеңдей қашты албасты,
Ұшқыннан жалын лаулатып,
Ұмтылды халқың арманға.
Ғарышқа самғап заулатып,
Еркіндік тілеп бар жанға.
Сен аңсаған елдіктің,
Жолымен жүріп келеміз.
Үлгісін көрдік ерліктің,
Шегінбес кері кемеміз.
Бізбен бірге ақталып кетер ме едің!

Шайқады ғой біздерді шайтан арба,
Оның бәрін жеткізіп айта алам ба?
Түсіп кетсе есіме,
Қаным қайнап,
Атып шыққым келеді қайта Алаңға.

Қ. РЫСҚҰЛБЕКОВТІҢ СОТҚА АЙТҚАНЫ.

Қымбатты оқырман!

Мен бұл өлеңді Қайратты әділетсіз жазалаған жеңдет сотқа арнап жазып отырмын. Мен бұл өлеңімді “елім” деп соққан әр азаматтың жүрек дүрсілін тыңдап жазып отырмын. Өйткені бұл сөзді жалғыз Қайрат емес, дәл осындай жағдайға түскен азамат айтады деп білемін.

Аманғали Молдабаев.

Сот өтті. Үкім шықты.
Қиылды қыршын жас өмір.
Отырған топқа тайсалмай қарап,
Жас Қайрат былай тіл қатты:

– Ей, қаскүнем залымдар!
Сөзіме құлақ салыңдар!
Бәрің мені икемдап,
Өмірімді алыңдар.

Бірақ одан қайтпас ер,
Көңілім тұнып жатқан шер.
Халқымның бөліп даралай,
Қасқырша талап жатқан жер.

Қан жауып, көзім қанталап,
Қанішер болған адам – жат.
Қапысыз тыңда сөзімді,
Жаныңда жүрсін әр сағат.

Көкейден кетпес арман бар,
Өлмейді ұлы адамдар.
“Қызыл жебе” өлді деп,
Дақпырт қылған надандар.
“Қызыл жебе” ол тірі
Кеудесінде жалын бар.
Ұрпағынан қуат ап
Күннен-күнге жалыңдар.

Менде де бар сол жалын,
Жанған оттай қоздаған.
“Тұрар өлді” дегеннің
Сұм сөзінен тозбаған.

Көкейімде жоқ шала,
Жапсын мейлі көп жала.
Елім үшін күйініп,
“Ұлтшыл” болсам не шара?

Отанын кім сүймейді,
“Елім” деп кім күймейді.
Отаным деп туған ер,
Ез боп жерде жүрмейді.

Ұрпақ өмір жалғайды,
Ұрпағы бар тозбайды.
Батыр болып туған ер,
Өз отанын қорғайды.

Менде дағы сол тілек,
Көкейімді тескілеп.
Елім дейді тынбастан,
Өлтір мейлі кескілеп.

Көзімде от жанады,
Құлашым кең қағады.
Сұм әзәзіл сұстанып,
Тісін қайрап бағады.

Тілім бірақ қатпайды,
Сөзін әсте сатпайды.
Қолым байлау болса да,
Еркін тілім қақсайды.

Тіпті өліп кетсем мен,
Жалғау болар деп сенем.
Менің жасыл ұрпағым,
Қызыл жебе өркені.

Өмірәлі Қайырбеков

Белгілі Желтоқсан оқиғасы иісі қазақты бей-жай қалдырмағаны аян. Сол оқиғаға мен де өзімнің шама-шарқыма қарай, өзімді толғандырған жайлар бойынша толғау шығарып, үлесімді қостым деп есептеймін. Сондықтан да ауданда өткен термешілердің облыстық байқауында ынталандыру сыйлығына ие болдым.

Даусымды естимісің, жан анам,
Қиналамын ақтала алмай жаладан.
Қаралауда адам қанын төктің деп,
Тышқан мұрнын қанатпаған балаңа.
Дауысымды естимісің, жан анам.

Қара көзді қазақ қызын шыңғыртып,
Ұрып-соғып, гүлімізді жүр құртып.
Осындайда қайнамаса намысың,
Бауырлар-ау, өйтіп көрген күн құрсын,
Осындайда қайнамаса намысың.

Ойлағам жоқ жасаймын деп батырлық,
Намыспенен надаңдарға атылдым.
Ұлтым орыс болмаған соң қайтейін,
Тар Қапаста тас төсеніп жатырмын.
Ұлтым орыс болмаған соң қайтейін.

Даусымды естимісің, жан әке,
Өзің айтқан шындық деген көнекей.
Жаламенен жабырқау боп жатқанда,
Үміт, сенім ол да адамға нәр екен.
Дауысымды естимісің, жан әке.

Адалдықтан аттамаған балаң ем,
Бүгежектеп сорлы болып жүргенше,
Найзағайдай жалт етуді қалап ем.
Елдің бәрін дәл өзімдей санап ем.

Емес пе екен ұлттығымның өшкені,
Басқа емес, қазақ ағам жазалап,
Ату деген ауыр жаза кескені
Емес пе екен ұлттығымның өшкені?!

Не кінәм бар жазалы деп тапқандай,
Не кінәм бар кешірімсіз атқандай.
Бар жазығым ара түсіп, алыстым,
Қазақ қызын шырылдатып жатқанда.
Жүрсін дедім ұлттық намыс тапталмай.

Қош аман бол, аға-іні, қарындас,
Болашағым қою тұман қалыңдап.
Адал жаным бұл өмірден түңілді,
Қайратыңның соңғы хатын алыңдар.
Қош аман бол, аға-іні, қарындас.

Аларсыңдар соңғы жазған хатымды,
Қаламаймын түрмеде ұзақ жатуды.
Мүсіркепті шені үлкен ағалар,
Жиырма жылға ауыстырып атуды.
Қаламаймын түрмеде ұзақ жатуды.

Хош аман бол, аялаған анашым,
Бұл хатымды мен өлген соң аларсың.
Кешіре гөр албырт асау балаңды,
Ақ сүтіңді ақтамадым қарашы.
Қош аман бол, аялаған анашым!..

Жақатай Бекоразұлы Ноғаев

АНА ЗАРЫ

(Ө Н І Б А Р)

Қаңғып келген шүрегей, көлдің суын бүлдірдің,
Бұлай болып кетерін күні бұрын кім білді.
Тұнып тұрған көл еді, бейбіт жатқан ел еді.
Желтоқсанның дауылы қара бұлтты төндірді.

Сол дауылға ілесіп Қайратым да кетті ме?!
Жанып тұрған от еді, сол түбіне жетті ме?!
Қол-аяғын кісендеп оқудағы баламды,
Жала жауып жан алғыш түрмесіне жапты ма?!

Жанын қинап түрмеде, жалғыз оқпен атты ма?!
“Қыл бұрауды” салғанда, “Анашым!”–деп жатты ма?
Қос өкпесін өзгілеп, ұрып-соғып тепкілеп,
Қайратымды жеңдеттер тұзақ салып асты ма?!

Кім біледі, Аллам-ау, не болғанын баламның,
Жауап берер жан бар ма өліміне панамның!..
Елжіреген жүрегім қан жылайды бүгінде,
Қатарлары Қайраттың келмей кетіп жүре ме?!

Күліп келіп тұрады, күнде балам түсіме,
Көнем дағы қайтейін жаратқанның ісіне.
Желтоқсанның дауылы бүкіл елді шарпыды,
Ел бүлдірген, “Шүрегей”, қарғыс айтам өзіңе!..

Жұмаш Кененбаев

ЗОБАЛАҢ

(Поэмадан үзінді)

... Құлағымда тұншыққандай көмескі үн,
Жүрмін әлі қыр соңында елестің.
Біраз жылдар өтсе дағы арада,
Сол суретті ұмыта алар емеспін.

Лаулап жанып, өртке оранған ой арман,
Күнді көріп қызыл қанға боялған.
“Құтқарыңдар, қазақ қызын!”–деп жатып,
Мен түсімнен талай шошып ояңам.

Ел басына түскен солай ЗОБАЛАҢ,
Қайран елім! Сен қашанда аман бол!
Қыршын кеткен қарындастың дауысы,
Естілгендей “Батыстағы моладан”...

Айналайын қарындасым, қайдасың?
(Сұрағыма білем жауап алмасым).
Қорғамаған кешір момын халқыңды,
Жырмен жазам ғұмырыңның жалғасын.

Көрдiң, халқым, не құқайын ғайбаттың,
Иығыма түсті ауыры салмақтың,
Соңғы сөзі құлағыма жеткендей,
РЫСҚҰЛБЕКОВ ҚАЙРАТТЫҢ!..

Шаханов боп шыңдық қайта естілді,
Төгілген қан жібермейді ешкімді!
Желтоқсанның зобалаңы жасаған,
Ақиқатты халқым, әттең, кеш білді!..

Болатбек Әбішев

БАТЫР ҚАЙРАТ **(ө н і б а р)**

Қазағымның ұлдары мен қыздары,
Арпалысты желтоқсанда ызғарлы.
Әділдіктің жолын қуған жастардың,
Батыр Қайрат намыстарын шыңдады.

Қ а й ы р м а с ы :
Батыр Қайрат мақтаным,
Көңілімді баспа, мұң.
Тағы да бұлт торламай,
Ашық болсын аспаным.

“Елім!” – деген сөзің қалды артыңда,
Сол үшін де болып кетті-ау жан пида,
Арамызда жүре береді ән-сағым,
Қайрат! – деген, баяғыдай қалпыңда.

Қ а й ы р м а с ы :
Тірі болсаң, жарқырап-ақ өтер ең,
Болмас еді-ау жүгің жеңіл көтерер.
Рухың сенің әлі дағы дем беріп,
Болашақты талай белге жетелер.

Қ а й ы р м а с ы :

ЖЕБЕ БОЛДЫҢ ДЕР КЕЗІНДЕ ТАРТЫЛҒАН

Жігерің ғой қиған ерте қыршыннан,
Азаматсың ен даламда бір туған.
Тірі болсаң мекен салып алар ең,
Жан баспаған шырқау биік бір құздан.
Бауыржандай атақ алдың әзірге,
Дуалы ауыз, бала мінез халқымнан.
Халқымның ардақ тұтар құлагері,
Көтерілді сеніменен ел беделі.
Бір кірпіш боп сен келіп қаланған соң,
Егеменді ел аталды қазақ жері.
Халқы үшін 21- де жан қиған,
Жебе болдың дер кезінде тартылған.
Сенің арқаң төбемізде шалқиды ән,
Бұл Желтоқсан – қазақ үшін той-думан!

Бақытбек Жолдыбаев

ЖЕЛТОҚСАН

Қанды қырғын – қалған іс,
Бейне теңіз сең соққан.
Жарқылдайды ар-намыс,
Алматы. Аяз. Желтоқсан!

Дүрсілдейді жүректер,
Сесі күшті қарудың.
Жүзіне мұң түнетті,
Үлбіреген арудың!

Арманы алда, сенім көп,
Оранды отқа үміттер.
Мұрты жаңа тебіндеп,
Келе жатты жігіттер!

Жүрегінен қан жылап,
Улады дерт ұлыны.
Ақ махаббат сан құлап,
Қырқылды ерте бұрымы!

Жасамай ездiк босқа айбат,
Намысымен от шайнап.
Халық үшiн бас байлап,
Жанып та кеттi жас Қайрат!

Қанды қырғын от өрген,
Жарқылдады ақыл-ой.
Бәрiн соның көтерген,
Бiздiң халық батыр ғой!

Тампылбай Молдақұлов

ҚАЙРАТТЫҢ РУХЫНА

Қалтырап дене мұздады,
Таттың да “тордан” тұз дәмдi.
Сезбедi жастық ызғарды,
Табанды жалаң мұз қарды.

Кеудеде қаяу мұң қалды,
Өмiрде баяу iз қалды.
Жүрегiм шаншып сыздады,
Жаныңа жайсыз мұң артып.

Шамаң да қалмай шыдар түк,
Қинаған шақта талықсып.
Жанарың, бәлкiм, мұнартып,
Жаласы көп өмiрден.

Жазықсыз кеткен мың артық,
Дедiң бе үмiт өшкендей,
Жүрегiң бiрақ сескенбей,
Кеудеге сыймай шақ тұрды.

Қабырғаң кеттi қайысып,
Ыза-кек жанын лақтырды.
Бiлмеймiн кiмдер жек көрдi,
Бiлмеймiн кiмдер жақтырды.

Тұманды күндер түнердi,
Күмәндi жандар өте көп,
Желкелеп сенi жiбердi.
Қиястау өмiр не керек.

Түсірсе елің түсінер,
Ұлым деп өткен еркелеп.
Әйтседе ашу қайнап кек,
Жазықсыз жала шайнатты от.

Қазаққа қайсар айбат боп,
Мәңгілік қалдың Қайрат боп.

Берік Бай

РУХЫ БИІК ЕР ҚАЙРАТ

Биік болып аярлықтан, арамдықтан,
Сенімменен алғы күнге аттадың.
Ел-жұртқа сырынды, жырынды ұққан,
Махаббатты мәңгілікке сақтадың.
Арманыңды алып шығып алаңға,
Шындық жолын тайсалмай-ақ бастадың.
Ұлт мүддесі сынақ алып санаңда,
Өшпейтұғын алау отты тастадың.
Көрінетін ту-у алыстан, асқарым,
Қыз-қызғалдақ – гүлімізді жақтадың,
Ойлапсың-ау тек бақытын басқаның,
Рухың сенің өлмейді еш, мақтаным!

Арсен Саттаров

АДАЛСЫҢ АРДАҒЫМ

Қыршын кеткен өмірден,
Арылмай қайғы-мұңнан.
“Желтоқсан” құрбаны боп,
Шет қалған қайырымнан.
Қайратсың– қанаты қайырылған...
Боздағысың бозаң тартқан даламның,
Асылысың, ардағысың анаңның,
Болашаққа сенің арың ақтығың
Паш етумен барармын...

АҚЫЛЫҢ АСТЫ ЖАСЫҢНАН...

Жас балапан Қайратжан,
Сүйегің сенің болаттан.
Мойынқұмның ауданы
Бірлік ауыл шегінде
Дүниеге сені келтіріп,
Өзгеше етті жаратқан.
Жас балапан Қайратжан,
21 жасыңда қиындық түсті басыңа.
Жұмылғанда жанарың,
Жан ашитын мұсылман.
Болмады-ау досың қасыңда.
Ерекше туған Қайратжан,
Маңдайың сенің құндыздай.
Қос жанарың жұлдыздай.
Қараңғы жерде жатсаң да
Көз алдында шам жанып,
Көкірегінде таң атып,
Мұңың менен зарыңды
Басшыларға шағым ғып,
Қырық шілтен Ғайбынан
Жар болар ма екен деп,
Кеудеңде барын жинатқан.
Жас кеткен балам Қайратжан,
21-ге жетпей кеттің балапан.
Жетемін деп шырағым,
Алам деп білім қаладан
Алланың ісі осылай.
Дегеніңе жеткізбей,
Қинаумен жетті-ау ажалың.
Ақ ниетің жаладан,
Қараңғы жерде жатсаң да,
Туысың мен достарға,
Қоштасып жаттың қаламмен.
Жас жеткіншек Қайратжан,
Білімді болдың басынан,
Ақылың асты жасыңнан.
Даңқыңды елің көтерді,
Жас кеткен балам Қайратжан,
О дүниеде, шырағым,
Орның болсын жаннаттан

Соның үшін, жас Қайрат
Сүйеді ғой халқымыз.
Соның үшін көтерілді даңқыңыз
Көңіл айтам, әкесі мен анасы
Қайғырмашы, Ноғайбай мен Дәметжан!

Қамысбек Дәрібаев

ЕЛ ЕРІНЕ ЕСКЕРТКІШ

Кірер есік – тас қамал құлыпталып,
Қойғанын қай тағдырдың кіріптар ғып.
Таңсық емес таршылық,
Өжеттікпен
Көтермесек еңсеңді рухтанып,
Өмір тәтті дегенмен уылжыған,
Шақса сорды қайнатар улы жылан,
Жақсылықтан жылынған жүрегінді,
Ақпандатқан тосын жай суындырар.
Тұр орныңнан, жамиғат,
Сот келеді!
Үрей билеп өзекке от енеді.
Қазылықтың үкімі оқылғанда,
Соғып өтті найзағай-тоқ денені!
Нәмәрт әкім қамшысы осқылаған,
Шақта ел-жұрт абыржып, босқындаған.
Құрбаңдыққа шалынып қайсар Қайрат,
Қас күлімдеп, қайғыма дос жылаған.
Ей, азамат, әлемге аян атың,
Келді кезің сергитін, оянатын!
Аянатын нең қалды?
Туған елдің
Болсаң игі тірегі таянатын!

ЖАН АЙҚАЙЫ

...Кез болғандай өмірдің шатағына,
Күмән болған таңымның атары да.
Тұман болған желтоқсан оқиғасы,
Өмір бойы жаныңа батады да.
Көрсен сонда бір елдің жылағанын,
Қайсар ұлын “құдайдан” сұрағанын.
Қабыл алмай тілегі қасірет боп,
Қайғы жұтып, қан жұтып құлағанын.
Көрсен сонда, бір елдің егілгенін,
Көз жасының көл болып төгілгенін.
Шыдай алмай қайғыға қара жердің,
Қыртыстары қақырап сөгілгенін...
Жанға батып, өмірдің сор болғаны
Туған елдің намысы қор болғаны,
Қайсар ұлым жазықсыз құрбан болған.
Қайғының да еңдеше зор болғаны.
Жанға батып, жігіттің бор болғаны,
Қарындастың жазықсыз қор болғаны.
Құрбан болған, жазықсыз сорлар үшін,
Қайраттың да, еңдеше зор болғаны!

Күллі әлемге Қайрат боп,
Тарап кеткен атағы.
Желтоқсанның жарасы,
Мәңгі жанға батады.
Батыр болған Тұрардай,
Бауыржандай атағы.
Қайраты жоқ халықтың,
Таңы қалай атады?!
Желтоқсанда соққан жел,
Қайратты еске сала ма?
Қайраты жоқ халықтың
Болашағы бола ма?!
Қазағыма Қайрат боп,
Туса екен ұлдарым,
Қалың елге байрақ боп!

ҚАЙРАТТЫҢ РУХЫНА ТАҒЫМ

Бауырым, қазақ!
Дүбірлетер іс-ойы ғасырларды,
Кеш танымыз біз неге асылдарды?
Ту көтерер, ел бастар Ерің қайда,
Саламыз ба тағы да “Елім-айға”?
Келер ұрпақ сұраса не айтамыз,
“Бабаларым мұра еткен жерім қайда?”

Шүкір еттік, “Шүкір!” – деп бұға бердік,
Тағдырымның салғаны шығар дедік.
Тұяқ серпер, тебісер кезің бар ма.
Бауырыңа батқанда бұғар келіп?
Қалайша тар етеміз кеңімізді?
Қарындасты қайтеміз, Елімізді?!
Қызғыштай қорып өткен Қабанбайлар,
Қазаққа белгізбейік жерімізді.

Қозғал, қазақ!
Уақыт жетті түзетер ошағыңды!
Беліңді бу, көрсетпе осалыңды!
Рысқұлбеков секілді қыршын кеткен,
Ерлерді ойлап ашынып, қосам үнді.

Қайраттың көңілі – сәуле, көзі – ашық,
21-де зарлатты қайран жастық!?
Қасқырлар да қорғаған бөлтірігін
Қайратыңа жасадың өзің қастық.

Келесі кім? Кімдерді табасыңдар?
Кімдердің басына әлек саласыңдар.
Қазағым деп, елім деп еңіреген,
Қай Қайратты түнекке жабасыңдар?

Ойлан, қазақ!
Таптамасаң қызғалдақ солар ма еді?
Арасына тасқындар толар ма еді.
Туады тағы Қайрат, қадірлейік,
Еліңе солар тұтқа болар енді!

ШЕМЕН ШЕР

Боздақ Рысқұлбеков Қайратқа

Өмір ойнап, қызылы өткір қанда,
Өскен ұл ем, өлеңдей хақ тұрғанда.
Аңқау қазақ аңсаған Азаттығым,
Абақтыңа не таптың лақтырғанда?!

Аян енген әлемдік арманына –
– Әлі сенбей жатырмын ел барына.
Аштық пенен қастықтан мың қырылып,
Мәңгілігім мәңгүрт боп қалғаны ма?!

Қорқақтайсың сен де енді, қоңыр аға,
Қоңыр тірлік...
Көншір ме көңіл оған?
Мосы ілінген мойныңа,
Мөрлі маңдай – момындығың
сор болды-ау маңыраған!
Бұрымы аман әлі де Көздер үшін,
Жұлыны аман аруақты Сөздер үшін,
мына өмірдің өгейлік өзгерісін,
мансаптардан тыс жүріп, сезген ішім...
Тажал-сынақ тербетіп бесігімді,
Өң мен түске өзге елдің сесі кірді.
Қайраны жоқ қара ұлға
Қария – Тіл
Қайталайсың несіне есіміңді?
Тәубә жоққа бұл заман тізе берген,
Тәуекелі бір ұлдың місе ме елге?...
Абай болшы, ей азамат,
Сен де бір күн,
қыли Заңның қолына түсе көрме!
Мыстан сөзбен күмпитсе мықыр мақтан,
Жүзің күйер жүректен!
Түкірме отқа!
Теңізіңді құрғатқан теріс ойлар,
Тегіңнің де терісін сыпырмақ па?!
Мен қайтейін, дүние – ішік, пұлды,
Көре алмаспын, ойлы түн, қызық күнді.
Ұлт ұйқысын ұятпен бұзам деп ем,
Ұнжырғамның қылын тек үзіп тыңдым!..

Ұрандарға үйтілген Ырық ісін,
Ұстам көрген, ағайын, тірімісің?
Бүгінгі жат, Ой, тіліңді құртып болып,
Ертең әлі тепкілер түрің үшін!
Ырыс көрген ырымын, ақылды анам,
Молдасымен бабамның мақұлданам
Тым құрмаса, арқама жатсын батып,
Ағайлардан азған бұл тақыр Далам!
Парық бөтен,
әйтпесе, халық бөтен?..
Қайғы бар ма мендегі зарыққа тең?!
Ожданымды қалдырып өз еліме
Обалымды о дүниеге алып кетем...

Аманғазы Кәріпжанов

ЖЕЛТОҚСАН ЖАРАСЫ

Кезіп жүріп Алатаудың жыңғылын,
Жылағам жоқ,
Жырын айттым жыңдының,
Шарасыздан шашылды да шыңдығым,
Тасқынға емес, тасқа барып сүңгідім.
Желтоқсанда мұздап едім, мені ешкім,
Жылытпайды
Мен де бір жібір емеспін.
Ар жағынан Ажал деген белестің,
Булықты үні сол бір ару-елестің.
Астан-кестен бұлттардан өрт өріліп,
Жел қайықтан жалп етіп желкен үміт,
Толқындарға жоғалды көмкеріліп.
Шыңырауға құлады,
Намысыңмен,
тіреп қойған аспаның төңкеріліп.

ҰҒЫМ

...Егізімнің сыңарындай көретін досымның да мен туралы бар ұғымы осы болғаны ма?

Қ. Рысқұлбековтің қойын дәптерінен.

Ұғым деген – уақыттың түр-түсі,
Біздің сарбаз санамыздың қырқысы,
Қасіреттің қанға батқан қыртысы,
Жарамсақтың жарасымды күлкісі.

Ұғым деген – ұғынуға құштарлық,
Ізгілік пен ізденіске іштарлық,
Перде шығар арамызға ұстарлық.
Бәлкім, ұғым – мыстандық.

Ұғым – барлық қоғам үшін ертегі,
Желге сенсе желқайықтың желкені,
Жеткізе алсаң мәңгүрттікке дерт емі,
Ұғым – елдің ертеңі.
Ұғым деген– бойламасаң, бетсіздік,
Елім үшін еркіндікке епсіздік...
Ұғымсызды кінәлауың мүмкін ғой,
Өйткені ұғым – шексіздік.

ҚАЙРАТ КІМ?

– Қ. Рысқұлбеков деген кім соншалықты дүрліктіргендей? Ерлік жасаған Төлеген емес, Мәншүк емес...

(Даукес жігіттің сөзі)

Өмірден қыршын кеткен ақын Бауыржан Үсеновтің жауабы:

– Сәулесі жоқ қай шындық шырақ құрлы?
Селк етті де сұсына ол шындап күлді,
Сабыр және сәттілік сұрап тұрды
Шыдап бағып намыстың күрегімен,
Жарамсақтың бықсыған жүрегінен,
Зұлымдықты суырып сындырды да,
Сосын өзін (шындық боп шыңғырды да)
Табағына тарихты лақтырды.
Мәңгүрт дәуір мызғымас мәңгіріп те...

Қарсы атылып қабағын қанды үмітке,
Шоқ жұтты да шытынап шытырманнан,
Сіңіп кетті ол жарқ етіп мәңгілікке
Қарашықтан үзіліп қасқыр азу,
Ала түсті тарихтың жағасынан.

Әділетпен әрленсе әр құбылаң,
Қасиеттің өзгерсе нарқы бұдан.
Сенің елді бәрібір сүймегенің,
Шыңдық атты шыңға бас имегенің.
Күндеп болып тіріні, күйгелегім,
Аруақтың жармасып алқымынан,
Құдіретті құрдымға сүйреледің.
Құзар шыңнан мұз емес, мұң құлады...
Саған таңсық – кім түзу, кім кінәлі.
Мақтанар ем қазақтың сұңғылалы,
Болса егер Қайраттай мың қыраны!
Қара түнді қапсыра құшақтады ол,
Жарқылынан жасынның сынды дағы.

Маралтай Ыбыраев

ҮЗІЛГЕН ГҮЛДІҢ УІЛІ

“Дұшпаннан көрген қорлығым,

Сары су болды жүректе!...”

(Ақтанберді)

Қайран сана татымыз, қапастыққа жол сапты,
Қара орманға қамап ұстап,
шығармай талай балта қол шапты.
Енді келіп жіпке тізіп жатырмыз
шашып алған моншақты.
Белден басып ұят деген арды да,
құдайды да аттандырып келмеске,
Жас балаға ертеқан секілді,
сендіреді-ау сенбеске.
Сәл тайқысаң, қара шойын қара күш
көндіреді көнбеске.
Қысқан кезде алқымынан айырмен,
шоқпар болдың ыңғайлы.
Мойнымнан шоршып кеткен моншағым,
сезесің бе мұндайды.
Түбі терең теректерің, белгілі шірімесе, сынбайды...

Сұқ саусағын созып маған күн сайын
ақылгөйлер ымдайды,
Бәсекелес дүниенің білтесін,
басамын деп отқа күйдің сан рет.
Бұзар болсаң шұбар жылан ордасын,
ойланып ал, сабыр ет.
Оларды да ұғу керек пенде ғой,
айтпауы үшін нағылет.
Көзге түскен шыбынға ұқсап қайтесің –
Рахмет!
Кімге керек түсінбейтін мегежін,
Қусам ба екен... әлде күте тұрам ба?
Сана сорлы мезі болып кетті ғой,
қайдағы бір бәтуасыз ұранға.
Көзімді алмай қос жұлдызға қараймын,
ұйтқып соққан бораңда,
Ал әлі де аш бөрілер ұлып жүр,
менің майлы қорамда.
Ағып кетті қос көзімнің біреуі,
не көрмеді дейсің мынау маңдайым!
Өгейлікпен қарап бәле қылды ғой,
Өз тіліме тандайым.
...Олар отыр қасып қойып қотырын,
түк білмеген жаңдайын.
Ең арғысы бесіктегі сәбиді
әлдилердей жалғандықтың әнімен.
Не боп кеттің, не боп кеттің дүние-ай,
Жетер енді, барлығын да қақ бөлем!
Қанша қайрап шапса дағы бұдан соң
кесе алмайды мойнымды ақберен.
Айта-айта талып кетті-ау жақ деген,
Қайран заман көшін түзеп барады,
Қандай соқпақ тапты екен?

АҒАЙЫННАН АЙНАЛДЫМ

Елге еркіндік сұрап еді жайып қолды,
Уысына у болып айып толды.
Аз-ақ сәтте ол жұртына нұрын шашып,
Көшпелі алтын секілді ғайып болды.
Шөп шықпайды қураған тақыр жерге,
Қанмен келер ар-намыс ақылды ерге.
Бақыт деген, сірә да, осы шығар.
Еніп кетсе елі үшін батыр жерге.
Қоңдырмайды тұғырға ел жай, ұлдарын,
(Ер мен ез арасында айырма мың),
Ағайыннан айналдым қастерлеген,
Қапы кеткен Қайраттың қайың жанын.

Аяз Бетбаев

**Әнші-ақын, сазгер, Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген мәдениет қызметкері**

КӨК БАЙРАҚ МӘҢГІ БАҚИ ЖЕЛБІРЕСІН

Келтоқсан жұлдыздыры” кешінде айтылған толғау

Қазағым өзін-өзі жігерлейді,
Ешкімге жаманшылық тілемейді.
Қан қылған желтоқсанда қарақшылар,
Халық қарғысы оларды жібермейді!
Төзбеген қиянат пен қаталдыққа,
Қайраткер еліне жүр аттанып та,
Қаймықпай Желтоқсанды жария еткен,
Ризамыз батыр ақын Шахановқа!

Әлі де бостандық деп атар таңдар,
Ұшқынын бар әлемге апарғандар,
Қайрат, Ләззат, Ербол мен Сәбиралар,
Осылар – Желтоқсанда қаһармандар!
Халықтың қабырғасы сөгілмесін,
Аналар ұлын жоқтап егілмесін.
Алладан ақ ниетпен тілейік біз,
Жазықсыз жанның қаны төгілмесін!

Қазағым мөлдір судай тазалансын,
Есіне Қайрат сынды қазаны алсын.
Ел болып, халық болып қолға алайық,
Сол кезде кінәлілер жазалансын!
Ызғары желтоқсанның етті емес пе,
Ер Қайрат шейіт болып кетті емес пе,
Ағайын, ағайынды ұстап беріп,
Түбіңе алауыздық жетті емес пе!

Осындай еркіндікті ел тілесін,
Бақыт құсы бағымызға еркін келсін.
Ал, енді Тәуелсіздік құтты болып,
Көк байрақ мәңгі-бақи желбіресін!

Намысты от-жалынға шыңдайық біз,
Қайраттың ерлігіне ылайықпыз
Жеті жыл толған екен Желтоқсанға,
Әумин, қабыл болсын құдайымыз!

СӨЗ СОҢЫ

Бұл фәниден шындық іздей шырқырай, қайтпас сапарға аттанған Қайрат сынды боздақтың рухын қастерлеу жолында ақ жүрек азаматтардың көмегімен шама-шарқымызша игі шара атқардық па деп ойлаймын.

Сонда да Қайраттың аруағы толық риза болуы үшін, оның өміріне қастандық жасалуына ат салысқан қанішерлер анықталып, жазалануы аса қажет еді. Сөйтсек қана Желтоқсан оқиғасының құпиялы да, астарлы беттері ашыла түсіп, халқымыздың намысын, биік қасиеттерін шырқау жоғарыға көтерген болар ма едік?!

Бірақ та кейбір екіжүзді де мансапқұмар “мырзалар мен қайраткерлердің” тек өздерінің жеке мақсат-мүдделерін ғана көздеп, қандай әрекеттерге болмасын баратындығы едәуір тосқауыл келтіруде. Сол секілді олар жас боздаққа Халық Қаһарманы атағын бергіздіруге де қарама-қарсы ықпал еткені ақиқат.

Жоғарғыдай кертартпалық әрекеттерден кейін Мұхтар Шаханов: “Өкінішке орай, Желтоқсан шыңдығы үшін болған “шайқастар” біздің әлі де үлкен ұлттық мүдденің төңірегінде бір кісідей тізе қосып, қауымдық ортақ мінез көрсете алмайтынымызды дәлелдеді. Әсіресе, аға буын өкілдері ара-

сыңда ел мүддесінен өз мансабын жоғары қоятын, сөзі мен ісінің арасында елеулі айырмашылық жүретін, әрі онысын керемет шеберлікпен жұрттан жасыра білетін адамдардың көптігі мені қайран қалдырды. Егер біз замана саясаты тудырған осы жалтақ, қорғаншақ мінездің тамырына балта шаппасақ, елдігімізге сын”, – деп, ашына айтқан еді. Қайрат Рысқұлбеков атындағы қор Басқармасының жұмысы да дәл осындай ауыртпалықтарға, кереғар түсінбеушіліктерге толы болды.

Дегенмен, көңілге қуаныш ұялататын сәттердің де көп болғанын айта кету абзал. Соның бірі – Хасен Оралтай ағамен жүздесуім.

1995-жылдың ақпанында астанаға жолым түскенде, Алла-Тағала оң қабақ танытты ма, шет жұртта жүрсе де, елім-жерім, халқым-жұртым деп қабырғасы қайысып, бар ауыртпалықтары мен қуаныштарын бірге бөлісе жүрген үлкен қайраткер, ғалым, жазушы Хасен Оралтайға жолығудың сәті түсті...

1988-жылы Хасекең “Ж. Қазақбаласы” деген лақап атпен Стамбул қаласында 1986-жылғы 17-18-желтоқсандағы Қазақстан оқиғалары туралы “Биік Түрік елі басылымдары” деген кітапты жарыққа шығарды. Шығарма басқа тілдерге де аударылып, Алматыдан бастау алған тәуелсіздікке жол ашқан сол бір қасиетті оқиға мен оның қаһармандарын әлемге танытуда көп үлес қосты. Міне, сол ағамыз:

– Алматыдағы Желтоқсан оқиғасының қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтің есімін тек қазақстандықтар ғана емес, шет елдіктер де құрмет тұтады. Кезінде оның жазасын жеңілдетіп, өмірін сақтап қалу мақсатында бірқатар дамыған елдердің зиялы қауым өкілдері сол кездегі Совет Одағының басшыларына өтінішті талап-тілектерін жолдаған жоқ па еді?!.. Біз де оның ауыр тағдырына, қайғылы қазаға ұшырағанына көп қайғырдық. Қ. Рысқұлбековтей халықтың қаһарман ұлы болып өссін деп, немереме Қайраттың есімін бердім, – деп лебізін білдіргенде, ерекше тебіреніп едім.

Иә, Халық Қаһарманы Қайрат жайлы әлі талай ән-жырлар, прозалық, драмалық шығармалар дүниеге келер. Сондықтан да бұл жинақ соңғы жинақ болып қалмас, тарихи-әдеби мұралардың бастауына ғана айналар деген үміттемін.

Құрастырушы әрі жауапты шығарушы М. Уақтегі.

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	3
Құрастырушыдан.Х. Қожа-Ахмет қажы. Әлемдік саясатты өзгерткен көтеріліс	4

Қайраттың қысқа ғұмырнамасы

<i>М. Уақтегі.</i> Қайрат өскен ауылда	17
1) Қайрат кім еді	–
2) Қайрат Рысқұлбеков атындағы қор қалай құрылды	25
<i>Қ. Аймаханов.</i> Ылғи сені іздеп жүргем	28
<i>Шындығымның</i> шырылдаған шынжыры	32
<i>А. Молдабаев.</i> Менің жаным аманат.	36
<i>М. Уақтегі.</i> Мектепке Қайрат есімін бергізу бір міндет еді.	39
<i>Ж. Дуабаев.</i> Қайрат – халық батыры	42
<i>С. Жұбатов.</i> Рысқұлбеков есімін беру керек.	44
<i>Р. Мумеев.</i> Аты жоқ ауыл	45
<i>Қ. Сәлімбаева.</i> Қайрат тәуелсіздігіміздің туы.	47
<i>А. Қалыбаева.</i> Сен біздің жүрегіміздесің.	49
<i>М. Уақтегі.</i> Сең қозғалған соң	51
Горбачевтің түсі	55
Семейлік бауырларымыздың ізгі ісі.	56
<i>Ә. Ысқақов.</i> Сен мәңгі тірісің, Қайрат	55
<i>М. Уақтегі.</i> Қ. Рысқұлбеков атындағы қордың басқармасы.	59
Ескерткіш қалай тұрғызылды?	69
Ескерткіш –еліміздің белгісі	73
<i>Р. Имаш.</i> Қайрат аулына қайта оралды	76
<i>М. Шаханов.</i> Оралу	79
<i>А. Бекқожаев.</i> Шырқыраған шындық бар	80
<i>С. Қожаназаров.</i> Қазақтың Қайраты	–
<i>Қ. Байтуов.</i> Топырағың торқа болсын, бауырым!.	87
<i>М. Уақтегі.</i> Қайратты өлтірген кімдер?	99

М. Жұмаханов. Ең жоғарғы жаза	113
М. Уақтегі. Қайрат атындағы сыйлық	114

Қайраттың өлеңдері:

Т. Айтбайұлы. Ғұмырлы болғай жырларың	118
Кешірім беру туралы сұраныс	121
Ақтық сөз	122
Кездесеміз әлі де	124
Қайран шешем	125
Анама	126
Бауырым Алтай	127
А. Арғымбекова. Сол үшін кезеді әркім қылыштарын.	128
“Сәлем бердік, гүлім менің Жасұлан”	-
“Получил я от тебя теплую весточку”.	-
“Жалғыз бөлме, жалғыз есік, төрт қабырға”.	-
“Басқа түскен қайғынды”	130
“Өзіңе арналады”.	-
“Мен онымен қай кезде көрісемін?”.	131
“Балауыздай жүректі тасқа балап”.	132
“Дау-дамайға, кіргізбестен тартысқа”.	133
Ж. Қуанышбекқызы. Қайраттың аманат хаты	134

Жырлаймыз сені, Желтоқсан

Х. Қожа Ахмет. Түрмеден хат. Ән	138
М. Шаханов. Төрт жыл кешіккен шындық	-
А. Елеубаев. Ақтық сөз.	139
Б. Үсенов. Үзеңгі дос жыры (поэма)	141
З. Елғондинова. Қайрат Рысқұлбековке	143
Н. Баймұқашұлы. Есімің ел есінде.	149
А. Молдабаев. Қ. Рысқұлбековтің соңғы айтқаны	150
Ө. Қайырбеков. “Дауысымды естимісің, жан анам...”	152
Ж. Ноғаев. Ана зары.	153
Ж. Кененбаев. Зобалаң.	154
Б. Әбішев. Батыр Қайрат	155
Т. Тілепалдиев. Жебе болдық, дер кезінде тартылған...	156
Б. Жолдыбаев. Желтоқсан	-
Т. Молдақұлов. Қайраттың рухына	157
Б. Бай. Рухы биік ер Қайрат.	158
А. Саттаров. Адалсың, ардағым	-
Ү. Жақыпбаева. Ақылың асты жасыңнан	159
Қ. Дәрібаев. Ел еріне ескерткіш	160
Б. Нұртайұлы. Жан айқабы	161

Ө. Нұрмағанбетов. Қайраттың рухына тағзым.	162
Әбдікәкімов. Шемен шер	163
А. Кәріпжанов. Желтоқсан жарасы	164
Ұғым	165
Қайрат кім?.	–
М. Ыбыраев. Үзілген гүлдің уілі	166
М. Тазабеков. Ағайыннан айналдым	168
А. Бетбаев. Көк байрақ мәңгі бақи желбіресін	–
М. Уақтегі. Сөз соңы	169

Ер намысы – ел намысы
Халық қаһарманы Қайрат
Рысқұлбеков жайындағы жинақ


Сарашысы –
НҮРЖЕКЕЕВА С.
Суретшісі –
НҮРМҰХАНБЕТОВ Н.
КӨРКЕМДЕУШІ САРАШЫСЫ –
ТІЛЕНШИЕВ А.
ТЕХНИКАЛЫҚ САРАШЫСЫ –
ВИНОКУРОВА Р.
КОМПЬЮТЕРМЕН ТЕРГЕН –
ҚОШАМЕТОВА А.

ИБ № 5065

Теруге 13.10.98 ж. жіберілді Басуға 30.11.98 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108 1/32 . Қағазы офсет. Офсеттік басылыс. Қаріп түрі "Гельветика". Шартты бояу көлемі 9,66. Шартты баспа табағы 9,24+0,21. Есептік басылу табағы 9,02. Ұзын саны 3000 дана. Тапсырыс 2390 Келісімді баға.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министірлігінің Жауапкершілігі шектеулі "Жалын баспасы" серіктестігі, 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық келісім министірлігінің Республикалық "Кітап" өндірістік бірлестігі, 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.





ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА: ИССЛЕДОВАНИЯ, ДОКУМЕНТЫ

